

Қазақстан Республикасы Ғылым және  
жоғары білім министрлігі

**К.Сарышова, Г.Сырлыбаева**

**ЭМОЦИЯНЫ БЕЙНЕЛЕЙТІН  
ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР СӨЗДІГІ**



2024

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2я2  
С 22

Баспаға Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің  
Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған  
(№1 хаттама. 06.09.2024.)

**Пікір жазғандар:**

Филология ғылымдарының докторы, Қорқыт Ата атындағы  
Қызылорда университетінің профессоры Жеңіс Сәдуақасұлы;

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, «Илиястану» ғылыми-  
практикалық орталығының меңгерушісі, филология ғылымдарының  
докторы, профессор Муратбек Мубырақханович Имангазинов.

Сарышова К., Сырлыбаева Г.

**Эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер сөздігі**

Қызылорда: «Тұмар» баспасы, 2024. – 228 бет.

ISBN 978-601-229-884-0

Сөздікке адамның сан алуан эмоциялық күйін дөп басып  
ерекше образдылықпен жеткізуде таптырмайтын көркемдік құрал –  
эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер енгізілген. Әрбір тұрақты  
тіркестің фразеологиялық мағынасы түсіндіріліп, мысалдармен  
дәйектелген және мағыналық реңктері мен варианттары жан-жақты  
көрсетілген.

Сөздік жоғары оқу орындарының оқытушыларына, PhD докто-  
ранттарына, магистранттар мен студенттерге, тіл мен әдебиет пәні-  
нің мұғалімдеріне, жалпы тіл өнерін бағалайтын барша қауымға  
арналады.

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2я2

ISBN 978-601-229-884-0

© Сарышова К., Сырлыбаева Г., 2024 ж.

## АЛҒЫ СӨЗ

Тіл білімінде эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдерді зерттеудің өзіндік қиындықтары мен проблемалары бар. Олардың негізгілері: эмоция мен сезім, көңіл, көңіл-күй сияқты ұғымдардың ара-жігінің ашылмауы; эмоционалды лексиканың құрамына, оны жіктеуге қатысты бірауыздан мойындалған ғылыми тұжырымның жоқтығы; эмоцияны бейнелейтін және білдіретін тіл мәселесі; эмоционалдылық пен экспрессивтілік мәселесіне байланысты қарама-қайшылық, эмоционалдылық пен оған жуық экспрессивтілік, қарқындылық, образдылық, бағалаушылық сияқты категориялардың байланысы т.б. Әрине, ғылыми еңбектерде бұл мәселелердің қай-қайсысына қатысты ғалымдар көзқарасының бар екендігі, аталған мәселелер туралы жасалған тұжырымдардың да аз емес екендігі белгілі. Соған қарамастан әлі де дискуссияның жалғасып келе жатқандығы, эмоцияның лингвистикалық теориясының өзекті екендігін көрсетеді.

Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, адам эмоциясы – өте күрделі процесс. Мысалы: *қуану, күлу, торығу, шошыну, қынжылу, риза болу, көңілдену, өкіну, қанағаттану, тұңілу, ыза болу, тіксіну, өштесу, долдану – ашулану, ренжу - өкпелеу, ұнатпау, кектену, жақтырмау, мақтану, қобалжу, толқу, тебірену, ұнату, көңілінен шығу, қайғыру, уайымдау, жылау – еңіреу, қорқу – шошу, үрейлену, жабырқау, мұңаю, абыржу, налу, ызалану – күйіну, менсінбеу, қызғану, рахаттану, күйіну, жақтырмау, тыжырыну* т.б.

Адамның осындай сан алуан эмоциялық күйін дөп басып ерекше образдылықпен жеткізуде таптырмайтын тілдік көркемдік құрал фразеологизмдер болып табылады.

Эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдердің ерекшеліктерін айтпас бұрын эмоция дегеніміз не, оның сезімнен қандай айырмашылығы бар деген мәселелерге тоқталып кетейік. Адам

өзінің бойын билеген сезімнен біраз уақыт арыла алмайды. Ал эмоция сезімнен туады, ол – сезім күйінің қысқаша айқын көрінісі, сондықтан да оны қысқа мерзімді психикалық процесс деп айтуға мүмкіндік бар. Эмоция жалт етіп көрініп, тез жойылатын бір сәттік сезім бөлшегі, ал сезім осы эмоциялардың жиі қайталануынан пайда болатын күрделі процесс. Адам біреуді ұнатпаса, әр мезет тыжырынып, жиырылып жүреді де, осы күй бірте-бірте жек көру сезіміне ұласады.

Эмоцияның сезімнен тағы бір ерекшелігі – адам оны өзіне бағындыра алады, ал сезімдермен мұндай еркіндік жасау қиын. Сезімді адам өзіне керек уақытта тудырып, сақтап отыру мүмкіндігі жоқ, ал эмоцияны тежеуге болады.

Қазіргі заманғы ғылым мәдениет пен адам факторының тілде ерекше көрініс табатын элементтерінің бірі деп эмоцияны атайды. Психологтар эмоцияны жеке тұлғаның ядросы деп тұжырымдайды. Тілді жасаушы да, қолданушы да адам. Ол өзінің қоршаған ортамен, нәрселермен, басқа адамдармен әр түрлі қарым-қатынаста бола жүріп көптеген эмоцияларды, яғни “ішкі толқулар мен сезімдерді” басынан өткереді. Психологтар адамда бес жүзден аса эмоция болады деп есептейді.

Олай болса, адам және оның эмоциясы, бір жағынан, объективті болмыстың бір бөлшегі болып табылады, ал екінші жағынан, адам белсенді бейнелеуші субъект ретінде, тіл бейнелеудің құралы ретінде, адам эмоциясы бейнелеуші болмыстың бір формасы ретінде әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыруға қатысады.

Е.М.Вольф «тілді эмоцияны сипаттайтын тіл және эмоцияны білдіретін тіл» деп бөліп қолдануды ұсынады. Бұл пікірмен санаспауға болмайды, өйткені лексикалық бірліктер эмоцияны білдіру үшін қолданылса, фразеологизмдер көбіне, оның ішіне одағайлар мен алғыс, қарғыс мәнді фразеологизмдерді қоспағанда, эмоцияны сипаттау үшін қолданылады. Мысал келтіріп көрейік:

- *Қандай тамылжыған көктем! Мынау керемет қой!* деген сөйлемдерде адам өзінің эмоциясын лексикалық бірліктер арқылы білдіріп тұрса, *аузынан ақ ит кіріп, қара (көк) ит шығу, жаны мұрнының ұшына келу, кеудесіне нан пісу, мұрнын шүйіру, көзіне көк шыбын үймелету, қас-қабағына қарау, Сырдың суы сирағынан келмеу, шыбын жаны көзіне көріну, жүзіктің көзінен өткендей, шық бермес Шығайбай т.б.* фразеологизмдерде эмоция сипатталып тұр. Олай болса, эмоционалды фразеологизмдерде көп жағдайда бейнелеу, сипаттау басым. Бұл – эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдердің басты ерекшеліктерінің бірі.

Психологтар, эмоциялық толғаныс бір ұлтқа ғана тән, екінші бір ұлт ондай толғанысты басынан өткермеуі мүмкін деген түсініктен аулақ бола тұра, барлық тілде эмоциялар сөздігі бірдей емес екенін атап көрсетеді. Яғни эмоциялардың өзі универсалды болады да, эмоционалды лексиканың типтік құрылысы ұлттық ерекшеліктеріне қарай әр тілде әр түрлі. Мәселен “ұят болу, ұялу” деген жай ғана ұғымды қазақ фразеологизмдері ғана нағыз күрделі процесс деңгейіне дейін көтере алады. *Өлім болды, өлмегенге қара жер, өлген артық, өлген жері осы болды, тірідей өлу* деген фразеологиялық тұлғаларда қазақ ұлтының ұятты өлімнен де күшті деп санайтын табиғи қалпы байқалады. Аталмыш мағынадағы фразеологизмдер тізімін *тірідей масқара болу, тірідей жерге кіру/ жерге кіргендей болу/ жерге кіріп кете жаздау, жерге қарау, жер шұқу, жердің үстімен келіп, астымен қайту, қара жерге қарату, кірерге жер/ тесік таппау* күйінде жалғастыруға болады.

Эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдерді зерттеудің негізгі мәселелерін осылай баяндай отырып, олардың басты ерекшеліктерін төмендегіше тұжырымдауға болады:

– фразеологизмдердің барлығы эмоцияны бейнелейді деген ойдан аулақ болу үшін жеке тұрғанда ешқандай эмоциялық мағынасы жоқ фразеологизмдердің контекст ішінде эмоциялық

реңкке ие бола алатыны ескеріліп, оларды эмоциялық мәнді және эмоциялық реңкті деп бөліп, эмоционалды фразеологизмдер қатарына контекстен тыс тұрған жағдайда да өз бойынан эмоциялық мағына табылатын фразеологизмдер жатқызылады;

– эмоционалды компонент тілдік мағынаға енеді дей келе, фразеологизмнің мағыналық құрылымының фразеологиялық мағына және қосымша реңктен тұратыны, коннотацияның эмоционалды, экспрессивтік және бағалағыштық ақпаратты білдіретіні ескеріліп, эмоционалды фразеологизмдердің мағынасы коннотациялық мағына қатарына қосылады;

– фразеологизмдердің эмоционалды бояуы олардың құрамындағы сөздердің мағыналық жағынан әдеттегіден тыс, яғни тілдік нормадан тыс тіркесуі арқылы пайда болады;

– эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер мағынасында бағалауыштық компоненттің бар екенін және олардың функционалды табиғатының әр түрлі болып келетінін мақұлдауға болады, бірақ бағалау мағынасындағы фразеологизмдерді эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдердің негізгі критерийі ретінде қабылдауға болмайды;

– экспрессивтілік пен эмоционалды бір-біріне ұқсас тілдік категориялар болғанымен қызметтері әр түрлі. Эмоционалды сөздер – сезім, көңіл-күй, әсерге байланысты сөздер де, экспрессивті сөздер – бейнелі, әрлі, көркемдеуіш сөздер. Сонымен бірге экспрессивті сөздер мағынасы жағынан әрі эмоционалды да, дегенмен экспрессия сөзге үнемі эмоционалды мәнді үстей бермейді.

Бұлайтылғандар – эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдерге деген ғылыми көзқарастар. Ал ойды айшықтап жеткізудің құралы болып табылатын фразеологизмдердің бүгінгі таңдағы қолданылу аясы қандай, тіл иелерінің қарым-қатынас дискурсында фразеологизмдер өз деңгейінде ұғынықты қолданылып жүр ме деген сұрақтар мен Instagram іске қосылған және алғашқы iPad-тың тұсаукесері болған жылдары дүниеге келген, еңбектеуден бұрын гаджетке қол созған, электронды

құрылғыларға деген бейімділігі басым альфа ұрпақ үшін өн бойы ұлттық ақпаратқа толы фразеологизмдер мүлде қажетсіз бірлік болып қалмай ма деген қауіп осындай сөздік құрастыруға итермеледі.

Егер біздің әрқайсымыз өзіміздің тіліміздің шұрайлы тұсын еркін меңгеріп, семантикасын терең ұғына алсақ, сөздік қорымызда осындай тілдік бірліктерді ұдайы қолданып жүрсек, тілдік қолданысқа төнген қауіптің сейілері сөзсіз. Олай болса, тілді қолдану барысындағы тіл иесінің әдеби тілді қаншалықты меңгергендігінің куәсі – осы фразеологизмдер.

Түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тіл білімінде алғаш рет 11 мыңға жуық фразеологиялық тіркесті қамтитын «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» 1977 жылы академик Исмет Кеңесбаевтың авторлығымен жарық көрген болатын. Қазір сол сөздіктің санаулы нұсқасы кітапхана сөрелерінен табылып қалады. 1988 жылы 2300 фразеологиялық тіркесті қамтитын “Қазақша-орысша фразеологиялық сөздік”, 2002 жылы Г.Смағұлованың “Мағыналас фразеологизмдер сөздігі” баспа бетін көрсе, 2020 жылы 1700 астам фразеологиялық бірлікті қамтыған «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» оқырман қолына тиген еді. Біз құрастырып отырған сөздіктің көлемі шағын. Сөздікте мыңға жуық фразеологизмнің мағынасына түсініктеме беріліп, үш мыңға жуық мысал арқылы қолданылу орайы көрсетіледі. Мысалдар негізінен қазақ қаламгерлерінің туындыларынан, газет-журнал беттерінен, түрлі дискурстағы қолданыстардан және ғаламтордағы [adebiportal.kz](http://adebiportal.kz); [kazneb.kz](http://kazneb.kz) сайттарынан алынды.

Әрбір фразеологизмнің мағынасына түсініктеме беріліп, қолданылу реті көрсетілген. Сөздікте төмендегідей шартты белгілер қойылады.

❖ – фразеологизм және оның түсінігін беруде қойылған шартты белгі.

○ – фразеологизм мәнін түсіндіру мақсатында көркем шығармадан алынған мысалдарға қойылған шартты белгі.

Сөздіктің негізгі материалдарын жоғары оқу орындарында қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы, мәтін лингвистикасы, психология пәндерінде және қазақ тілі тереңдете оқытылатын мектептерде практикалық сабақ барысында қолдануға болады. Сөздік жоғары оқу орындарының оқытушыларына, PhD докторанттарына, магистранттар мен студенттерге, тіл мен әдебиет пәнінің мұғалімдеріне, жалпы тіл өнерін бағалайтын барша қауымға арналады.

- А -

❖ **АҒЫЛ-ТЕГІЛ ЕҢІРЕУ//ЕГІЛУ** – қатты еңіреп жылады.

○ *Мұқанның іні-бауыр, қарындасы, аға жеңгелері мен ет жақын – аталас туыстары, әсіресе немерелерінің шырылдаған дауыстары шыққан кезде, әркім-ақ өз жанын қоярға жер таппай **ағыл-тегіл еңіреп**, егіле берді (К. Оразалин).*

○ *Мына ауыр халді көріп өзінің осындай жалбыр тонды жетімдігі есіне түскен жалшы жігіт **ағыл-тегіл еңіреген** ана мен балаға қосыла жылады (С. Досанов).*

○ *Көзінің жасы бұршақтаған Эмма кемпірдің **ағыл-тегіл егілгені** де есте (Ж.Елшібек).*

❖ **АДЫРА (АДЫРАМ) ҚАЛ; АДЫРА (ӘДІРЕ, ӘДІРЕМ) ҚАЛҒЫР (ҚАРҒЫС)** – жек көру.

○ *Содан отбасы бұзылып, адалдық **адыра** қалады (Ә.Нұршамайқов).*

○ ***Адыра қал.** Келін ұстау оңай болып па? Атымның сыры өзіме мәлім — ертең - ақ ол бейбақты балаңнан айырып үйден қуып шықпасаң, менің атымды өзге қой (С.Жүнісов).*

○ ***Әдірем қалғыр**, менен ала алмай жүрген өшің бар ма еді. Қарашы, ей, құлқын сәріден жасап кеткен бейбастығын. - Кемпір шала бүлінді. (М.Сыздықов).*

❖ **АЖАРЫ СЫНУ/СОЛУ** – мұнайды, көңілі жабырқады.

○ *Және «жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай» дегенде түсі сынған жасыл шөп пен **ажары сынған** жастар көз алдына қатар келеді, аса бір нәзік жанама теңеу боп келеді (Т.Әлімқұлов).*

○ *Ертең көзіңіз ісіп, **ажарыңыз солып**, ішіңізге от тигенін көргім келмейді (С.Ордашева).*

○ *Кербаланың жүрегіне тұңғыш нәзік сезім ұялатқан арудан ажары солып, тәні салқын тартты (Т.Жұртбай).*

❖ **АЖУА ЕТУ (ҚЫЛУ)** – мазақ етті, келеке қылды.

○ *Ажуа етіп Асанбай алдына аяққа басқан жоқ па?! «Қап сенің қорлығың - ай !! - дейді тістеніп (М.Абдрахманов).*

○ *Қорқақ сорлының үрейленгені соншалық, оның өңі бұзылып құп-қу болып кетті, у кемпір мұны байқамай қалмады. Ол оны аз-маз ажуа етіп те алды («Қысқы ертегі»).*

○ *Өзінің есек дәмесін, дәмегей, арсыз көңілін, текке сарылған есіл жүрегін әжуә қылды (Б.Қойшыбаев).*

❖ **АЗА БОЙЫ ҚАЗА БОЛУ** – азар да безер болды, жаны түршікті.

○ *«Ота керек» дегенді естігенде аза бойым қаза болды (С.Досжан).*

○ *Шөл қысып, басы шытынап, қақ айырылып кете жаздап таң атқанша азапқа түскенін ойласа аза бойы қаза болады (Б.Мұқай).*

○ *Оның бер жағында біздің көз алдымызда орыс офицері Петр мен неміс қызы Эмма екеуінің жанбай жатып өшкен ұлы махаббаты аза бойымызды қаза қылды (Ш. ЕлеуKENOVA).*

○ *Құралай жанындай жақсы көретін аяулы әпкесінің төсек тартып жатып қалғанын естіп, аза бойы қаза болды (Б. Шаханов).*

❖ **АЗА (АЗАЛЫ) БОЛУ** – қайғырды, қасірет шекті, жапа шекті, өлімнің артын күтіп, аза тұтты.

○ *Оның құлағына шалынғалы азалы болды (У.Қалижанов).*

○ *Жолдасының о дүниелік болғанын естіген қария уайым шегіп, азалы болды («Жұлдыз»).*

❖ **АЗАБЫН ТАРТУ** – өзгенің қасіретін шекті, ауыртпалығын көтерді, қайғысын арқалады.

○ *Іші құсаға толып, жас жүрегі жаншылып, бұл күнге шейін көрмеген **азабын тартты** (М.Әуезов).*

○ *Дивизияда, Алматыда Ермахан тағдыры жөнінде сөз болып, оны ірілі-ұсақты комиссияға салған кезде де мұның алған жарақаты мен **тартқан азабын** бәлендей денсаулығына зардабын тигізе қоймаған жеңіл-желпі зақым сияқты көрсетуге күш салып бақты (Ж.Нұсқабайұлы).*

❖ **АЗАП КӨРУ (ТАРТУ, ШЕГУ)** – жаны қиналды, бейнет көрді, әуре етті.

○ ***Азап көрсе** біреу көріп жатыр, таяқ жесе тағы біреу жейді (Ж.Нұсқабайұлы).*

○ *Менің де жалаң қылыш кездерім болған, содан **азап шектім** (Т.Әбдік).*

○ *Бәлен ай өлі мен тірінің, өлім мен өмірдің арасында жатып, **азап шеккен** де мен (Ж.Нұсқабайұлы).*

❖ **АЗАР ДА БЕЗЕР БОЛУ** – жаны түршікті

○ *«Бұдан былай қойды жаяу-ақ бағайын. Атқа мінбеймін» - деп **азар да безер** болғаны тегін емес (Ж. Елшібек).*

○ *Осы сырттан сөйлегендеріңді қойсаңдаршы, Зибаш естіп қойса, шаңдарыңды қағар, - деп екі қыздың жағымсыз әңгімесіне тойтарыс беріп, Күнсая **азар да безер болған** (Н.Бектемірова).*

○ *Мен **азар да безер болып** жеңгемізді ерткенім жоқ, ағамыз да қаржының тапшылығын ойлап, оның барғанына онша ықыласты болған жоқ еді (Ә.Сатыбалдиев).*

❖ **АЗА ТАРТУ (ШЕГУ)** – өлімге қатты уайым жеді, күйіне қайғырды.

○ ***Жаза сол барлық дұшпан аза тартты.***

*Тек жалғыз Ангрэн би қайран батыр,*

*Халқы үшін абайсызда қаза тапты (З.Рүстемов).*

○ *Қарағым-ай, тіпті бір үлкен **аза шеккен** кісі құсамай тұра тұршы (М.Әуезов).*

❖ **АЙБАР (АЙБАТ) КӨРСЕТУ (ҚЫЛДЫ, ШАШТЫ, ШЕКТІ)** – қорқытты, қыр көрсетті.

○ *Қаздың сарғыш пластмасса тәріздес тұмсықтарына айбат шеге ысылдаған кезде көзі түсіп кетіп еді, сұсты әрі сүйкімсіз көрінді (Қ.Кенжеғалиқызы).*

○ *Күтпеген жерде пайда болып, алдында мылтық кезеніп, айбар көрсетіп тұрған Қанипа осы бір жан төзгісіз қиынқыстау сәтте өз ұғымындағы жан алғыш әзірейілдей көрінді (С.Омаров).*

○ *Ең құрыса доң айбат қып бір сөз айтпадың (Б.Нұржекеев).*

❖ **АЙДАҒАРДАЙ ЫСҚЫРУ/АҚЫРУ** – қаһарланды, кәрін төкті.

○ *Айдағардай ысқырды,*

*Ен қалмақты тықсырды («Батырлар жыры»).*

○ *«Батырдың тұқымы» бар ашуын жиып, айдағарша ақырып келіп, қалыңдығын қайын жұртынан тартып әкетті (З.Қабдолов).*

❖ **АЙҚАЙ КӨТЕРУ (ШЫҒАРУ, САЛУ)** – шу шығарды, айқайлады.

○ *«Суға кеткен тал қармайды» демекші, манадан бері есек қылып мініп келе жатқан серігіне айқай салды (Ж.Нұсқабайұлы).*

○ *Боқмаш атай айқай шығарды. Қараңдар, бұны түге! Бұл партия саясатына қарсы емес пе? (Қ.Тоқмырзин).*

❖ **АЙЫЗЫ ҚАНУ** – көңілі жай тапты, құмары тарқады, құлақ құрышы қанды, рақаттанды.

○ *Жұрттың көпшілігі қабағын кіржите қабылдап, шошына қараған нарықтық экономиканың ішін кептіре жамандаудан, тіліміз жеткенше қарғап-сілеуден ендігі айызымыз қанатын да кез болды (Қ.Кенжеғалиқызы).*

○ *Бәтима өзгенің қызғанышына айызы қанатындай, қыр көрсете, аяғын кербез басып, дәл төрге кесірлене отырды (Т.Әбдік).*

○ *Өзінде жеткілікті мал бола тұра, елікті сойып жесе, қазақтың айызы қанады (С.Ордашева).*

❖ **АЙЫЛЫН ЖИМАУ (ЖИЯ ҚОЙМАУ)** – сескенбеді, жасқанбады, қымсынбады.

○ *Сондықтан да әлгілер мұны біреу біліп қояр-ау, естіп қояр ау деп айылын жимады (Ж.Нұсқабайұлы).*

○ *Бұған Вотинцев те айылын жия қоймады (Ж.Арыстанов).*

○ *Арашаға әкесі түссе де айылын жимау жағына шыққан шатақшыл тобырды бәтуаға шақыруға ешкімнің белсенбеуі де содан (М.Қаниев).*

❖ **АҚ САЙТАНЫ (ЖЫНЫ) ҰСТАУ** – ашу-ызасы келді, арқасы қозды.

○ *Сәл дауыс көтерсе, қалшылдап - дірілдеп ақ сайтаны ұстап шыға келетін қосағы дігірлеп келіп қалмай тұрғанда үлгеруге жанын салды (Д.Досжанов).*

○ *Ақ сайтаны ұстап жатса да әйелін көргенде ашуы су сепкендей басыла қалатын -ды (Н.Келімбетов).*

❖ **АҚ ТҮЙЕНІҢ ҚАРНЫ ЖАРЫЛУ** – үлкен қуаныш.

○ *Біздің ауылда болып ақ түйенің қарны жарылып жатыр (Т.Әлімқұлов).*

○ *Бүгін біздің үйде ақ түйенің қарны жарылып жатыр («Жұлдыз»).*

○ *Ақ түйенің қарны жарылып, солдат Дәрібеков Ізтілеу аман - есен оралды (С.Сматаев).*

❖ **АЛА КӨЗІМЕН АТУ (ҚАРАУ)** – іштей жек көріп, түксие қарады.

○ *Жарассақ несі бар екен!? Жетісе қалғанын шіркіннің! – деп Алтын Бүкірді ала көзімен атып, зекіп-зекіп тастады (Қ. Ысқақ).*

○ *Ұзын тұра тарамыс жігіт Ыбырай, қолына кірпіш ұстаған күйі, бақшырайып, анаған ала көзімен бір қарады (М.Жұмағаұлов).*

○ *Бала – періште!- деді ол қарқылдап күлген жалбыр қасқа ала көзімет ата қарап (Б.Мұқай).*

❖ **АЛА КӨҢІЛ** – арман ниет, күдік.

○ *Көп болып ала көңіл жүргеннен, аз болып таза көңіл жүрген әлдеқайда артық деп отыр (А.Азиев).*

○ *Райымбектің қайын ағасының үй іші бұларды қалай да бүгін келуі керек еді, неге кешікті деп ала көңіл боп, сарылып күтіп отыр екен (Р.Ниязбеков).*

❖ **АЛАҚАНЫНА САЛУ** – аялады, жақсы көрді.

○ *Аяған «жалғанда теңі жоқ жарын» алақанына салып аялады, бір рет те көңілін қалдырған жоқ (Б.Мұқай)*

○ *Әрине шешелерімен тұрып жатқан соң сыйлар, сонда да өз әйелінің балаларын алақанына салып, аялап тұрса (Б.Мадимова).*

○ *Келіншегінің саусақтарын алақанына салып аялап сипалай берді (Т.Иманбеков).*

❖ **АЛАС ҰРУ** – қатты толқыды, тынышсызданды, жүрегі тулады.

○ *Мелке барып жүруіме рұқсат етсе, апам құдды бір нәрсені сұңғыла түйсігімен сезіп қойғандай алас ұрды (С.Досжан).*

○ *Бәрі кеш, мен басынан өз қалауымша бақытты қолдан жасап аламын деп қанша жылдар бойы алас ұрдым (Н.Бектемірова).*

○ *Күн кеісем де, жалғанмен жарасымды, Пәк көңілім ауыл деп алас ұрды... (Ж.Салқынбек).*

❖ **АЛҚЫМЫНА (ТАМАҒЫНА) АШУ ТЫҒЫЛУ** – көмейіне тірелді, ызаға, ашуға булықты.

○ *Ашуы алқымына тығылып, қан түленген Мақпоз енді жаңа әлгінде балтасы түскен тұсқа қарай кілт бұрылып жүре берді (М.Сқақбаев).*

○ *Ашуы алқымына тығылып, жүрегін баса, сұрланып отырып қалады. Бұлай кете бермес, - дейді Ораз - Мұхамед Жаһанишаны жұбатып (М.Мағауин).*

❖ **АЛПЫС ЕКІ ТАМЫРЫ БОСАУ (ИДІ, ҚАҢСЫДЫ)** – елжіреп, мейірі түсті.

○ *Алпыс екі тамыры иіп, буын-буыны босап, ес түссіз жатқандай күй кешіп, қалғып кетті («Жұлдыз»).*

○ *Алпыс екі тамыры түгел балқып, иіп бара жатқандай (К.Сегізбаев).*

❖ **АҢСАРЫ АУДЫ** – көңілі ауды; ықыласы түсті, ынтық, ынтызар болды, құштар болды.

○ *Анда-санда аңсары ауып кете ме, әлде ескі әдет пе, өрістен қайтқан қасқа сиыр сол иесіз қораның алдында жатып қалатын көрінеді (С.Жүнісов).*

○ *Кенет балақай маған бұрылды да, бетін ұстап күлімсіреді, аңсарым ауып, қарай бердім (С.Ордашева).*

○ *Шүмектеген нөсердің астында қалғандай және соны аңсары ауа көптен тосқандай екі-ұдай сезімге бөленген (М.Қожахметова).*

❖ **АҢ-ТАҢ БОЛУ /ТАҢ БОЛУ/ АҢЫРАП (АҢЫРҚАП) ҚАЛУ** – дағдарды, дал болды; таңғалып қалды.

○ *Ол жалпы отағасының бүгінгі мырзалығына, мынау көрші-қолаңын шақырып, ақыл салған зерделігіне, үлкендерін «жәкелеп», кішілерін «әкелеп» отырған жайдары, жайсаңдығына... сонан соң, бұлар келген бетте қыңыр сөйлеп, оқу іздегендерін мысқылдағанына – бәріне, демде аунап түсер*

жайдың бұлты сияқты болмасына жіп таға алмай, **аң-таң болып** отырған (К.Сегізбайұлы).

○ Аяған мен Әсем **аң-таң болып** бір-біріне қарасты (Б.Мұқай).

○ Бүткіл болмысын буып тастаған шектен шыққан ұстамдылығына өзіне де **таң болып**, дір-дір етіп жатқан жігіттің жанында бейнебір жеңімпаздай сезінді (М.Қожахметова).

#### ❖ АПШЫСЫН АЛУ (ҚУЫРДЫ, ТАРЫЛТТЫ)

– берекесін кетірді; қатты састырды; жан алқымға алып тықсырды, қысты.

○ Жол **апшысын қуырған** жеңіл мәшине қалыпты әуенінен жаңылып, әлсін-әлсін «мөңкіп» қояды (Ж. Елшібек).

○ Аракідіріс болған жоқ, кешкі апақ-сапақта бөлмеге тықылдаған ақ сары әйел кіріп келіп, жұрттың **апшысын қуырып**, апалаң-топалаңын шығарды (Қ. Ысқақ).

○ Көрші ойнаймыз, аяқтарыңды тарта отырыңдар, - деп босаға жақтан бастап, жоғары өрмелеп, жастардың **апшысын қуыра** жөнелді (С.Жүнісов).

#### ❖ АРҚАСЫ МҰЗДАП ҚОЯ БЕРУ/ТУ СЫРТЫ МҰЗДАП ҚОЯ БЕРУ/ЖҮРЕГІ МҰЗДАП ҚОЯ БЕРУ –

сескенді; бойы шымырлап, түршігіп кетті.

○ Арбизан аша мүйіздің түбінен дырылдатып кескенде, мүйізім жоқ менің төбе құйқам шымырлап кетті, **арқам мұздап сала берді** (О.Бөкей).

○ Әбілқайырдың **ту сырты мұздап қоя береді** (Ә.Кекілбаев).

○ Көк белдің басындағы ақ шатырға хан орданың орнына мінезсіз қатындай көк талақтанып алған қатқыл дөңке қаздай тізіле қонған қара нөпір еру қолды көргенде қалмақ елшісінің **жүрегі мұздап қоя берген** (Ә.Кекілбаев).

❖ **АРҚАСЫНА АЯЗДАЙ БАТУ** – қиналды.

○ «Неміс-фашист басқыншылары» деген жиіркене, қастана айтылатын сөздер ақиқат сөз болса да **арқамызға аяздай батады** (Ш. Елеукенова).

○ Әсіресе, қазақтардың бір мың бір жүз он бесінші жылы Семізкел жанында орыс-татар жасағын түп-түгел қырып кеткелі тобыл әкімдерінің **арқасына аяздай батайын** деді (Ә.Кекілбаев).

❖ **АРУАҒЫ (АРҚАСЫ) ҚОЗУ/ АРУАҒЫ (ЖЫНЫ) ҰСТАУ** – жыны келді, ашу шақырып, жанжал шығарды.

○ Асанның **арқасы қозды** (М.Қаниев).

○ Нартайдың **арқасы қозы** елеуіреп кетті (Қ.Жұмаділов).

○ Он шақты жылдан бері ұмытылған, ұмытылған емес-ау, мұны тастап кеткен **аруағы қайта қозып**, денесі қалшылдап тоңып, қан қысымы артып, көз алдында қайдағы бір қызылды-жасылды елестер үймеледі кеп (Д.Досжан).

❖ **АРУАҚТАНЫП КЕТУ** – шабыты келді, қозды, күдіреттене түсті.

○ Тұғырында ерігіп отқан қырандай, **аруақтанып кетті** (Ғ.Мүсірепов).

○ Мұны көргенге Еламан ертеден бері жеген таяғын ұмытып, **аруақтанып кетті** (Ә.Нұрпейісов).

○ Бәйеттің газеттен екенін, оны арнайы жазуға келе жатқанын білгенде таза **аруақтанып кетті** (Р.Тоқтаров).

❖ **АРАСЫ СУЫП КЕТУ** – ренжісті.

○ Алайда, әйелдері бейбақ кейбір ағайынды жігіттердің дұрдараз болып, **арасы суып кететіні** әр жерде-ақ байқалып жүр (Б.Тоғысбаев).

○ Джефф Хэммонд Кросбилердің көршісі болғанымен, соңғы кездерде бұлардың **арасы суып кеткен-ді**, бірін-бірі көрмегеніне әлденеше апта өткен (М.Мағауин).

❖ **АС БАТПАУ** – уайымдады, тамақ сіңіре алмады.

○ *Шешелері бұған біресе қымыз, біресе тоңазыған ет, біресе шай ұсынып тықпалай берсе де, баланың бойына **ас батпады** (М.Әуезов).*

○ *Данилоға да бір кесек ет пен майлы сорпа тиген. Бірақ **ас батпады** (М.Мағауин).*

○ *Сонсоң, киіз үйде жападан-жалғыз шошайып отырып, шай ішті. Бірақ бойына **ас батпады** (Т.Рахымжанов).*

❖ **АТ КЕКІЛІН (ҚҰЙРЫҒЫН) КЕСІСУ (КЕСТІ, ҮЗДІ, КЕСЕ АЙЫРЫЛЫСТЫ)** – кетісті, араздасты; мүлде безді.

○ *Айтысып, дәлел келтіргеннен пайда жоқ, қайта сыңайына қарағанда, қыздың да тілегені сондай бір **ат құйрығын кесетін** айтыс секілді (Т.Әбдік).*

○ *«Біржолата **ат кекілін кестім**, енді оны ұмыттым» деген қорытынды жасаған, ол қызға пәлендей де көңілі де жоқ (Б.Мұқай).*

○ *Онымен мүлдем **ат құйрығын үзіп** тынды (Ж.Солтиева).*

❖ **АУЗЫ-МҰРНЫ ҚИСАЙМАУ** – бет-аузы бүлк етпей, ұялмай, шімірікпей.

○ *Немене, сенбей отырсың ба, маған **аузы-мұрны қисаймай**, Ақықтың өзі айтты (М.Иманжанов).*

○ *Аудандық бөлім берілген осы есепті **аузы-мұрны қисаймай-ақ** қабылдайтын көрінеді (Қ.Жаркенов).*

○ *Сырт қараған адам менің туған жерімде шаңырақ көтеріп отырған колхозды шағын, етек-жеңі келте шаруашылық деуі мүмкін **аузы-мұрны қисаймай** (Ә.Бісқабаев).*

❖ **АУЗЫНАН СУЫ (СІЛЕКЕЙІ) АҒУ (ШҰБЫРУ)** – таң қалды, таңырқады, құмартты, қызықты.

○ *Патша балықты айтып тамсанып, **ауызының суы құритын** талай адамды кездестірді осы өмірінде (Б.Мұқай).*

○ *Кабинада **аузынан сілекейі шұбырып** бала ұйықтап жатыр (Ш.Күмісбаев).*

○ *Шауыпкел аузынан суы құрып жүретін жарымес (Ж.Ташенов).*

○ *Ал сол уәдесінде тұрып, шақпайын десе – желкесінен суга батып көсем созылған ұзын мойнына қызығып, аузынан сілекейі шұбырып, өліп кете жаздап келеді (Р.Ниязбеков).*

❖ **АУЗЫН АШЫП КӨЗІН ЖҰМУ / АУЗЫН (АУЫЗ) АШЫП ҚАЛУ** – таңдану, таңырқау.

○ *Неменеге жүгіремін, бриллиант алтын жүзігім, төс қалтамда, мінеки, - деді Сатыпалды бұдан жиырма жыл бұрын Зәуреш лақтырып кеткен жүзікті шығарғанда әйелдің таңғалғанынан аузы ашылып қалған еді (Н.Бектемірова).*

○ *Қос қолының саусақтарын бүге-бүге есебінен жаңыла берген Саят аузы аңқиып: - Қандай көп! (Ж. Елшібек).*

○ *Терезеге жақындап келіп, бұғып тұрып, ішке көз тастады, Хадиша ортада, қызық әңгіме кірісіп кеткен сыңайлы, балалар аузын ашып, тапжылмай отыр (Б.Мұқай).*

❖ **АУЗЫНЫҢ СУЫ ҚҰРУ** – құмарланды, ынтықты, өте қызықты.

○ *Ауымыздың суын құрытпай, біреуіңіз шырқап жібермейсіздер ме, - деп түйді Инга тілегін (Ш.Елеуенова).*

○ *Қайдан ғана қаңғып туылғанын кім білсін, әдемілігі көрші-қолаңның аузының суын құртатын гажап еді-ай жарықтық (О.Бөкей).*

❖ **АУЫЗ ЖАЛАСУ** – әкей-үкей болды, бірін-бірі жақтады, ымы- жымы бір сырлас.

○ *Жақия ағасы екеуі ауыз жаласып, талайдың обалына қалып жүр зой, әкри... (Б.Мұқай).*

○ *Ал сен байлардың құйыршықтарымен ауыз жаласып, оларды оқытасың, партия совет кадрларының сыртынан өсек айтасың, үкіметке қарсы үгіт таратасың (Т.Әбдік).*

❖ **АРЫСТАНДАЙ АҚЫРУ** – ашу қысып, күніренді, күйзелді.

○ *Арыстандай ақырған асау бәйбіше мынандай мүскін немені табанына салып таптап кетпегеніне шүкір (Ә.Кекілбаев).*

○ *Мойылды бұлақ жағасындағы Бестөбеде, көктемнің көксоқта күнінде бірінші рет қой жайып отырған бала Дихан күнімде, жайған қойыма шаппақ болған қасқырды арыстандай ақырған дауыс қашырғаннан бастар едім (Д.Әбілов).*

❖ **АШУ БИЛЕУ (БУДЫ, ҚЫСТЫ КЕРНЕДІ, ШАҚЫРДЫ) /АШУЫ КЕЛУ** – ызалана қаны қайнай, ызалы ренішпен бұлқынды, булықты; долданды, қаһарға мінді, буырқанды - бұрсанды.

○ *Ашу шақырып бірдеме десе, Ақаннан бұрынғыдан да ащырақ таяқ жеп қалуы ықтимал (С.Жүнісов).*

○ *Тұла бойын долы ашу билегені сонша, жұдырықтары өз-өзінен түйіліп, жағы қарысып тістеніп алды (М.Сқабаев).*

○ *Жұманның бір ашуы қысты да Шоң ауылына барды (Қ.Шойқынбектегі).*

❖ **АШУҒА МІНУ (БУЛЫҚТЫ, ТЫҒЫЛДЫ)** – қатты қаһарланды, бұлан- талан болып, кәріне мінді.

○ *Осы кезде Сүйіндік шын ашуға мінгендей көзі шатынап: - Әй, Ерман, дедім,- деді екілене...(Т.Әбдік).*

○ *Ашуға булыққан Аяған қалшылдап, біраз уақытқа дейін өзіне-өзі келе алмайды (Б.Мұқай).*

○ *Математиктің бәрі интеллигент болуы керек пе? Анау тосылып қалды да ашуға булықты (Қ.Түменбай).*

○ *Сарайға жеткен соң да көп уақытқа дейін әлдеқандай бір тымырсық ашуға булығып, өзіне-өзі келе алмады (Ә.Кекілбаев).*

❖ **АШУ-ЖАНЖАЛ ШЫҒАРУ (ҚЫЛУ)** – бүлік салды, шатақтық жасады.

○ Бағана сары уайымшыл, гөйгөйшіл апасына, жоқ жерден **ашу-жанжал шығарып**, өзінің отбасында жақындарының көзінше қол тигізген Бақберген кәнтужға өкпелеп ашу үстінде үйден шығып кетті (Д.Досжанов).

○ Аяқ астынан **ашу-жанжал шығарған** кіші ұлының бұл әрекетіне анасы таң қалды («Жұлдыз»).

❖ **АШУ ҮСТІНДЕ** – ашулану кезінде.

○ Сол түні Жақыптың қаладағы танысының үйіне қонғанын, не бірден **ашу үстінде** қырға тартқанын ешкім білмеді (С.Досжан).

○ **Ашу үстінде**, не де болса, барын айтып қалмақ ниетте болатын (М.Әуезов).

○ **Ашу үстінде** әлгілерді айтып салмағанына қуанды (А.Айтбаев).

❖ **АШУ-ЫЗА КЕРНЕУ** – ашуланды, ашулы күйінішке түсті.

○ Әбден ашкөзденіп алған жабайы аңдай түгі сыртқа теуіп, алдында бір уыс боп бүріскен қыздың жек көрген сыңайын байқаған сайын бойын **ашу -ыза кернеп** бара жатты (М.Қожахметова).

○ Алла пәле-жалаңнан сақтай гәр!- деген кемпірінің әбігеріне баласының күлкісі келсе, шалын **ашу кернеп**, қабағына бұлт үйіріле бастады (Қ.Түменбай).

❖ **АШУЫН БАСУ** – ашуланғанын қойды, кәрін басты.

○ Бәрі жабылып жүріп әйтеуір әрең дегенде Қадырбектің **ашуын басты** (З.Мұсаұлы).

○ **Ашуы басылған** Бәйтенге Қаратайдың әлгі сөзі үлкен бір жаңалық болып көрінді (Т.Әбдік).

○ Өзен жаққа барып тағзы да бет-аузын жуып, **ашуын басты** (Б.Тоғысбаев).

❖ **АШЫ ЗАР** – ауыр қайғы, уайым, мұң.

○ *Ұлдай жанын жегідей жеп келе жатқан ащы зарын айғайлап айғақтауға айдалада жалғыз қалса да, дауысы жетпей іштен құсаланып келеді (М.Қожахметова).*

○ *Ащы зар, ауыр шері айғайлатты.*

○ *«Құлагер» айтқан сайын қайғы ойлатты (І.Жансүгіров).*

❖ **АШЫ ТЕРІ ТӨГІЛУ (ШЫҚТЫ)** – қатты қиналды; қатты қиналып, әрекет етті.

○ *Оқыс қимылдан ащы тері шыққан Талабай күрегін Рамазановқа беріп жатып: Кезек минометшілердікі, - деп маңдай терін алақанының қырымен сыпыра сүртіп, жерге отыра кетті (Ә.Набиев).*

○ *Ащы тері шыққан атты аяңдатып суытпасаң, буын-буынына сары су байланады (А.Смаилов).*

❖ **АЮДАЙ АҚЫРУ** – айқай салды; үстемдік жүргізді, ырқына көндірді; ашу шақырды.

○ *Бірақ қарсы алдындағы аюдай ақырып, ағаш орындықты шиқ-шиқ қозғап әрең отырған адамның сөзге тоқтар түрі жоқ (Қ.Түменбай).*

○ *Қапан сойылын ұршықша үйіріп, аюдай ақырды... (М.Қаниев).*

○ *Өшіріңдер үндеріңді! – деді Шегебай әйелдер жаққа аюдай ақырып (Б.Тілегенов).*

❖ **АЯНЫШ БІЛДІРУ** – мүсіркеді, есіркеді, жаны ашыды.

○ *Ауылдан аттап шықпаған кішкентайлар үшін бәрі қызық, тіпті қоян көрмеген ересектер де келіп-кетіп, қайтар жолда адам қолындағы хайуанға аяныш білдіріп қайтады (Қ.Түменбай).*

○ *Жанарды қыз бала зой деп, өзінше оған іштей аяныш білдірді, әрі кішкентайсынын, жұмсақ мінез көрсетті (А.Байтанаев).*

○ Ол: «Әй, ана жексұрын «Үкі» мына байғұсқа обал қылды-ау» - деп **аяныш білдірді** (З.Мұсаұлы).

❖ **АЯҒЫНА БАС ҰРУ (ИЮ), АЯҒЫНА ЖЫҒЫЛУ** – жалынды, жалбарынды.

○ *Жаздым, жаңылдым деп жалынып-жалбарынып, аяғына жығылудан басқа амалым қалмады* (Б.Мұқай).

○ *Жауап берудің орнына Мадыл жалп етіп Әбіл бидің аяғына бас ұрды:* - Айналайын би, - деп егіліп кетті ол (Т.Қасымбеков).

○ *Жәмеш соның бәрінен аяғына бас ұрып келіп тұрған уақытта қашады* (М.Әуезов).

- Ә -

❖ **ӘБИГЕРГЕ ТҮСУ / ӘБИГЕР БОЛУ** – асып-састы, берекесі кетті, қуаты қашты.

○ *Ауыл ешкісі желдеп кетіп жұртты әбігерге түсірген күзден бері әркім өз қорасындағы азғантай жандығын көзден таса етпей бағатын болды* (К.Кенжеғалиқызы).

○ *Қара ала кавказдатқан алақандай-алақандай қалың қапсырмасы жарқырап, Сұлтанмұратпен күңкілдесіп, әбігер боп жүр* (С.Жүнісов).

○ *Бұлар жабындыдан шыға келгенде, самсаған сары қолды көргендей иттер үріп, бала-шаға жылап, қатындар жылап әбігерге түсті* (Б.Алдамжаров).

○ *Біржаққа аттанатын адамша көр-жерін жинастырып, өредегі кеуіп қалған құртын қапқа салып, ескі-құсқы салынған қапшықтарын босатып, әбігерге түсті* (Т.Әбдік).

❖ **ӘБИГЕР ШЕГУ** – әуре сарсаңға түсті, әуре болды.

○ *1865 жылдың жазы. Көкшетау қаласы үлкен әбігер шекті* (С.Сматаев).

○ *Бұл жолы Алмас та көзін алып қашып, әбігер шегіп, төменшіктеген жоқ (Б.Мұқай).*

○ *Көші-қон үлкендерге әбігер шектіргенмен, балаларға мейрам болды (Т.Ахтанов).*

❖ **ӘЙЕЛ (ҚАТЫНЫ) ҰЛ (БАЛА) ТАПҚАНДАЙ ҚУАНУ** – өте қатты қуанды, мәз болды.

○ *Әйелі ұл тапқандай даурығып, мына Делқұлы төбемізді тесе ме, қайтеді - ей, ә, - деді (М.Сүндетов)*

○ *Әйелі ұл тапқандай қатты қуанған. Қуанғаны соншама «Бәсе - бәсе, ақылың енді ғана кіре бастаған екен. Баяғыдан осылай жасау керек еді», - деп, аға жылқышылық атағын өзіне қайтарған (О.Бөкей).*

○ *Сарқыз әйелі ұл тапқандай қуанып, алақанын ысқылап - ысқылап жіберді (Б.Тлегенов).*

❖ **ӘЛЕК БОЛУ (САЛУ)** – бүлік салды, жанжал-шатақ шығарды, әбігерге түсірді.

○ *Әрқайсысы өз ойымен әлек боп түндігі жабулы тастай қараңғы киіз үй ішінде ұйықтай алмай жатқан (С.Жүнісов).*

○ *Қуанышыма қобалжу араласып, жүрегім лүпілдеп өз ойыммен әлек болып отырғанда Қасымбектің келгенін білмей де қалыппын (Т.Ахтанов).*

○ *Айтқаны бола қалмаған соң кенже ұлы әлек салып шу шығарды («Жұлдыз»).*

❖ **ӘЛЕК - ШӘЛЕГІ ШЫҒУ** – әуреге түсті.

○ *Танауына қар кірсе, пырс-пырс етіп әлек-шәлегі шығады (М.Қабанбай).*

○ *Ингажаным шошып түсік түсіріп алмаса жарады деп, екі өкпемнен қысыламын ба, тынысым тарылғандай болам ба, әлек-шәлегім шықты (Ш.Елеуқенова).*

❖ **ӘКЕСІН ТАНЫТУ** – балағаттады, ұрысты.

- *Келмей көрсінші осыдан, әкесін танытып сотқа беремін (Б.Мұқай).*
- *Табады да, әкесін танытып милиция шақыртады («Әңгімелер»).*
- *Осының бәрін жазса қайтеді? Ертең-ақ тексеру келіп, әкесін танытып, орнынан алып тастар еді (Т.Әлпейісов).*

❖ **ӘҢГІР ТАЯҚ ОЙНАТУ** – ұрысты.

- *Қазақтың тарихын он бесінші ғасырдан ары жылжытуға тырысып көрші, басыңа **әңгір таяқ орнатсын** (Б.Мұқай).*
- *Жігіттердің айтуынша, жұрттың басына **әңгір таяқ ойнатып**, қынадай қырып бара жатқан – Шихалдайдың шабарманы Ысқақ деседі (Қ.Жұмаділов).*
- *Осы жаққа көшерде, тез жинала қоймадыңдар деп басымызға **әңгір таяқ орнатып** та үлгерген ол жүгермектерің! - деп Мұңлыбике де Зәліпәні қоштап күңірене үн қатты (Б.Аққожаев).*

- Б -

❖ **БАЙЫЗ ТАППАУ** – мазасызданды.

- *Бірақ **байыз тауып** отыра алмады, әлдебіреу жетіп келіп, қапшығын тартып алатындай көрініп, орнынан тағы да атып тұрды (Т.Әбдік).*
- *Әр нәрсені бір ойлап, қу жаны **байыз таппады**, кейінгі уақытта сәл нәрсеге бола үрей шақырып, өз жанын өзі қинайтын әдет жабысқан (Б.Мұқай).*
- *Қаққан қазықша былқ етпей, қақиып отыратын жігітті **байыз таптырмай** әуреге сап қойғаны үшін Нәзік рахаттанып, миығынан күлді (М.Қожахметова).*

❖ **БАР БОЛҒЫР** – жеңіл-желпі, зілсіз жеку, кею.

- *Әлікәләм, **бар болғыр** ұлым! Сапарың сәтті болсын. Жеңешем үйде ме? (М.Қожахметова).*

○ **Бар болғыр**, айтқан уәдеңде тұра алмайтыныңды білсем баяғыда бұл жұмыстан қуып жіберер едім («Жұлдыз»).

❖ **БАРМАҒЫН ШАЙНАУ** – өкінді, аса қатты қынжылды.

○ Оған қоса менің кегім осының бәрі орындалғанда емес, ол тек маған жасаған қысастығы үшін **бармағын шайнап**, өкінгенде ғана қайтатынын сеземін (Т.Әбдіков).

○ Біткен істің соңына келіп **бармағын шайнады**, өкінді. (С.Жүнісов).

○ Тұла бойын тер жауып, күйініштен **бармағын шайнап**, қимыл-қыбырсыз жатады (Б.Мұқай).

❖ **БАС АРАЗДЫҚ** – өзара келіспеушілік, қырғи қабақтық, өшпенділік.

○ Біраздан бері үзілмей келе жатқан **бас араздық** пен бақталастық сыры осы өңірдің үлкен-кішісіне түгелдей аян болса (О.Сәрсенбай).

○ Ағайын арасында өкпе арту, **бас араздық** аз кездеспейді (Ү.Шойбеков).

○ Екеуінің арасында бұрыннан келе жатқан **бас араздық**... былайша айтқанда, ұрыс-керіс болды ма? (З.Шақенов).

❖ **БАС АСАУЛАНУ** – бұлқынды, ырқына көнгісі келмеді.

○ **Басы асау** қу шұнақ қыз жетіп келген, Бейқам ұл қайтпек енді саспағанда (Ә.Көшімов).

○ – Қөпеке, Алышбайдың құлағына қолыңызды апарыңыз, ол кісінің **басы асау** еді,- деп бір күліп алады (А.Бейсенғалиева).

❖ **БАС АУЫРТУ** – ығырын шығарды, мезі етті.

○ Институт кәсіподақ ұйымының төрағасына тапсырма берген шығар, ендеше уайымдап, болар болмасқа **бас ауыртудың қажеті жоқ** (Б.Мұқай).

○ Бас басқарма басшылары оның қылмысы былай да белгілі, бәрін білеміз, тергеп, **бас ауыртып** жатпайық деп мәмілеге келген секілді (Д.Досжан).

○ *Әкем – жаратылысынан біртоға, жуас, соғыстан алған көнтөжнiлiгi тағы бар, артық ауысқа бас ауыртып жатпайтын көнбiс жан (Н.Қапалбекұлы).*

❖ **БАС ЖАРЫП, КӨЗ ШЫҒАРЫП БАРАДЫ** – ешкімді тындамай, өз дегенін істеді, тентектік жасады.

○ *Тiрлiк пен дүние шiркін бас жарып, көз шығару емес екен (С.Сматаев).*

○ *Соңғыларының ішiнен бас жарып, көзi шығарылғандары да болған (Қ.Кемеңгерұлы).*

❖ **БАСЫ ӘҢКІ-ТӘҢКІ БОЛУ** – не істерін білмей дал боп абыржыды, дағдарып әрі - сәрі болды; қатты састы.

○ *Сарыбайдың басы әңкі-тәңкі боп, көзін жұмды да қайта ашты (Т.Қасымбеков).*

○ *Кіресілі-шығасылы далбаса ойлармен әуреленіп, басы әңкі-тәңкі болды (С.Омаров).*

○ *Осындай қым-қуыт, оймен басы әңкі- тәңкі болған Илһәм кешкі асты апыл-ғұпыл ишті де, отырған орнынан жұртың бәрінен бұрын түрегелді (И.Салахов).*

❖ **БАСЫНА ҚАЙҒЫ САЛУ (УАЙЫМ ТҮСТІ)** – зор азап, ауыртпалыққа килікті.

○ *Басына қайғы салды,- деп,*

*Қараспан таудың сағасын*

*Адыра талқан қылды,- деп*

*Жалғыз ұлы жауда жүр («Қобыланды батыр» жыры).*

○ *Көңілім басылып, басыма уайым түсіп жалғыздықтың күнін кеше бастадым (У.Қыдырханов).*

❖ **БАСЫНА ҚАРА ЖАМЫЛУ** – аза тұтып, үстіне қара киді.

○ *Есіктен басына қара жамылған Алексейге ұқсаған бір әйел көрінді (А.Жақсыбаев).*

○ **Басына қара жамылған** кемпірі есік алдында қол бұлғап тұр екен (Т.Әлпейісов).

○ Ауыл төріндегі ақ боз үйден **басына қара жамылған** біреу шықты (І.Есенберлин).

❖ **БАСЫН ТАУҒА ДА, ТАСҚА ДА СОҒУ (ҰРУ)** – ойға да, қырға да жүгірді, әлекке түсті, әуре-сарсаң болды.

○ Өзінің лап етіп жанып, өрттей лаулаған қысқа өмірінде ақын талай-талай кезеңді белестерден өтті; **басын тауға да ұрды, тасқа да соқты**, тыным таппай болмыс шындығын іздеп шарқ ұрды («Қазақ әдебиетінің тарихы»).

○ Жүзі құбыла, сөзі құран Шұғамның, Бір Шұға үшін жанды құрбан қыламын, - деп **басын тауға да ұрды, тасқа да соқты**, ешбір айла таппай, зарлап қалды да барды (З.Қабдолов).

○ Бармақ тістеп, **басыңды тауға да, тасқа да ұрғаннан** келер-кетер ештеңе де жоқ (Ә.Ақпанбет).

❖ **БАСЫН ШАЙҚАУ** – қайран қалды, таңғалды.

○ Қызық екен. Рас айтасың ба? – Саят **басын шайқап**, таңдайын тақылдатты (Ж. Елшібек).

○ Сарбаз екі тізесін тоқпақтап, күңірене **басын шайқады** (Б.Имангазина).

○ Өкіл Байдаулеттің шалалығына реніш білдіріп, «болмас, болмас» дегендей, шарасыз түрмен көзін жұмып, **басын шайқады** (Т.Әбдік).

❖ **БАУЫР БАСУ** – жақын тарту, жүрегі елжіреу.

○ Кішкентай бала десе емешегі езіліп тұратын профессорға үшеуі тез арада **бауыр басып** алды, ол кісінің Бибіге деген көңілі көл-көсір (Б.Мұқай).

○ Байқасам, **бауыр басып**, жақсы көріп кетіпін (С.Ордашева).

○ Қазір үйреніп, **бауыр басып** қалған сияқтымын (Д.Исабеков).

- ❖ **БАУЫРЫ ЕЛЖІРЕУ/ БАЛҚУ** – мейірленді, елжіреді.
  - Кейуананың **бауыры елжіреп**, буындары босады, тарамыс дене қорғасындай балқыды (С.Омаров).
  - Әлде Тұрарбекті өзімсінгені ме екен, **бауыры елжіреп кетті** (Қ.Найманбаев).
  - Есіне шал түсті де **бауыры елжіреп кетті** (Б.Мұқай).

- ❖ **БЕЙІЛІ ҚАШУ (КЕТТІ, ТАРЫЛДЫ)** – көңілі тарылды, іштарлық етті, сараңдығы ұстады.
  - Бір аялдамадан мінген әлдеқандай танысымен шүйіркелесіп сөйлесуге **бейілі кетіп** еді (Н.Ақышев).
  - Осы әліне өзінің **бейілі кетпей**, біреудің жөніне жүрген емес (Т.Нұрмағамбетов).

- ❖ **БЕЛ(-ІН) БЕРМЕУ** – қажымады, ырқына жығылмады, сыр білдірмеді.
  - Осыныша ақ көз бейнет, қиын шаруаға **белін бермей**, мүжіліп кетпей, туған жердің азынаған желі мен жер бауырлап сусыған беймаза құмынан безіп жоғалмай, қарсы тұрып қайрат қылып жүрген Аяпбердінің тіршілігі –ерлік (Д.Досжан).
  - Сол үнге желге бетін берсе де, **белін бермей** сидам тұрған сексеуілдің уілі қосылып, Барханнан басқа ешкім ұға алмайтын, әлдебір әнді шырқағандай (О.Бөкей).

- ❖ **БЕРЕКЕСІ КЕТУ (ҰШТЫ, ҚАШТЫ) / БЕРЕКЕ ҚАЛМАУ** – әбігер болды, абдырады, асып - састы; құты қашты.
  - Ауруханаға жатты деген аты гана, үш ботасын ойлап **берекесі қашады**, қашан болсын уақытынан бұрын шығып кетеді (Б.Мұқай).
  - Сондықтан онсыз да **берекесі қашып**, пұшайман жеп отырған шопан байқұстың үйінде ашу шақырып, талдау жасап жатуды орынсыз тапты (Д.Исабеков).

○ Бірақ бейіл-берекемен қолына бермеген алғашқы мол ақшам мен кеткенде **берекесі ұшып**, төр алдында шашылып қала берген, балам (Т.Әлпейісов).

❖ **БЕТКЕ БАСУ (САЛЫҚ ЕТТІ)** – айыбын алдына көлденең тартты, айыбын айтып ұялтты, табалады.

○ Рас, кешегі кердең қаққан кеуде жоқ, жалғыз ұлдың араққа салынып, әр жерде қаңғырып жүргені **бетке салық**, көзге шіркеу (М.Қожахметова).

○ Қылмысын ешкім **бетіне басқан** жоқ, жалғыз шешесі гана болмаса, басқалардан жан адам жылы ұшыраған жоқ (С.Мұқанов).

○ Со бір қылығын **бетіне салық** қылар орай келіп тұрса да, көпті көргендігін көрсетті (Ә.Сараев).

❖ **БЕТКЕ (БЕТИНЕ) ТҮКІРУ** – масқара етті, жиіркене безінді.

○ Бір болыстың **бетіне түкірді**, бір болысты атып өлтірді (Ш.Мұртаза).

○ Аузына қан құйылған Тоқаш қарсы алдында тұрған Кәдірқұлдың **бетіне былш түкірді** (Б.Тоғысбаев).

○ Бірте-бірте көрге үйренгендей, Жақыптың құлағы бұларды естуде, **бетке түкіріп**, қол жұмсап, көзге шұқығанға көніп алды (А.Жүнісұлы).

❖ **БЕТКЕ ШІРКЕУ БОЛУ (КЕЛТІРУ)** – абыройсыз етті, жамандыққа апарды; ұятсыз ісімен табаға қалдырды.

○ Балзия содан кейін, кәмпеске тұсында табы бөлек байдың қызы атанып, шыққан тегі **бетіне шіркеу болды** (С.Жүнісов).

○ Бұрын бірді-екілі жамандап қойғаны **бетіне шіркеу болып** бірден мақтап кете алмай «түзеліп келе жатыр... тәп-тәуір жігіт болып кете ме деп тұрмын...» (Т.Нұрмағамбетов).

❖ **БЕТ МОНШАҒЫ ТӨГІЛУ (ҮЗІЛУ)** – ұялды, батылы бармады, кісіге тіктеп қарауға жүзі шыдамады.

○ *Сенің-ақ бет моншағың үзіледі де тұрады екен (Т.Әбдік).*

○ *Момын Алмас адам танымастай өзгеріп кеткен сияқты, күні кеше қалбалақтап, кісінің бетіне тура қарай алмай бет моншағы төгіліп, қысылып тұрушы еді (Б.Мұқай).*

❖ **БЕТИ БҮЛК (БЫЛШ, ШЫЛШ) ЕТПЕУ / БЕТИ ШІМІРІКПЕУ** – ұялмады, бедірейіп тұрды, арсызданды.

○ *Көргенімді даусым дірілдей жеткізгенімде беті бүлк етпей, сағыз шайнап тұрды (Н.Бектемірова).*

○ *Мойныңа алып, кешірім сұрай салғанда оңай құтылатын едің. Өзің кінәлісің, - дейтін беті шімірікпей (Б.Мұқай).*

○ *Енді міне ес біліп, ер жеткенде беті былш етпей өзі айтып тұр (О.Бөкей).*

❖ **БЕТИ ДУ ЕТЕ ТҮСУ** – қатты қысылды, қызарды, қаны бетіне ойнап шыға келді; ұялды.

○ *Маңдайыма ыстық алақанның табы тиді. Алтынның алақаны зой. Міне шашымды сипай бастады. Бетім ду етіп жанып кетті (Қ. Ысқақ).*

○ *Аяқ астынан пайда болған батылдығына қайран қалған Аяған екі беті ду ете түсті (Б.Мұқай).*

○ – *Жоқ...қойғанмын. Менің бетім ду ете түсті (Қ.Қазиев).*

○ *Қаңтарбаев пен Елемесовты есіне алды қалақай шаққандай екі беті ду ете түсті (Б.Мұқай).*

❖ **БЕТИ ЖОҚ** – арсыз, ұятсыз, ардан кешкен.

○ *Оның дауысы күмілжіп, мүләймси шықты, тіпті елге қарауға беті жоқ (И.Салахов).*

○ *Саид ағай, қазір сізге қарауға бетім де жоқ менде, жерге кіріп кетердей болып отырмын (И.Салахов).*

❖ **БЕТИ ЖҰМСАРУ** – ашуы қайтты.

○ *Аяз беті жұмсарып, абайлатпай ақырын шымшып алып, тіл тістегендей тымырая қалатын қылықты қыздай, сылаң сұлудай көк әлемі мөлдіреп тұр (А.Мейірбеков).*

○ *Бір ай бұрын Ақбала оған кісі жұмсап: «Әжемнің бетін жұмсартып берсін», - деп сөз салды (Ә. Нұрпейісов).*

○ *Жақанның беті жұмсарып, бері қарағанына мен одан бетер қуанышты едім (Б.Соқпақбаев).*

❖ **БЕТІ КҮЮ** – ұятты болып, бетке қарай алмады.

○ *Беті күйген күні әйел баласына жоламауға ант ішеді (Б.Мұқаев).*

○ *Ал өзі болса беті күйген адамдай, сол оқиғадан бері үйіне бара алмай жүр (У.Қалижанов).*

○ *Мына сөздерден беті күйген отағасы оған ләм-мим деп қарсы сөйлей алмады (Т.Рахымжанов).*

❖ **БЕТІ ҚАЙТУ** – көңілі қалды, тауы шағылды, қарқыны басылды.

○ *Бірақ айқай-шудан аздап беті қайтқан (Т.Әбдік).*

○ *Табиғатты бір сыбап алды қайыңнан беті қайтқан келіншек (А.Жүнісов).*

○ *Сарысылаңның қаракер, мылқау ағынына бата алмай, қайыңның діңгегін тесіп өте алмай беті қайтқан сұр ауа, қыстан қайтқан балдай болып қойыла берді (А.Сүлейменов).*

○ *Бұрынғыдай емес, Бужыңханың да беті қайтып қалған секілді. (Қ.Жұмаділов).*

❖ **БЕТІ ҚАТТЫ** – қаһары күшті, екпіні қатты, ашу – ызасы көп.

○ *Омбыдан келген орыстардың беті қатты еді (Қ.Жойқынбеков).*

○ *Шынында, мына сорлы тілмаш дәл соның өзі сияқты. Бірақ сөздің беті қатты. Күлер жер емес (М.Әуезов).*

❖ **БЕТІНІҢ АРЫН БЕС ТӨГУ/БЕС САУДАЛАУ/ БЕЛГЕ БУУ** – ұялтты, ұятқа қалдырды.

○ *Мен білсем – байғұс бала **бетінің арын бес төгіп**, қол ұшын сұрау ниетінде (Ү.Уайдин).*

○ *Бірді-бірге шағыстырып, табыстырып, **бетінің арын бес саудалап** жүрген жандар бұл (Д.Досжан).*

○ ***Бетінің арын белге буып**, дереу екі жүз мың әскермен келе жатқан Әмір Темірмен соғысуға күрт дайындалған (І.Есенберлин).*

❖ **БЕТІНЕН БАСУ** – ұялды, қысылды.

○ *Бұны көргенде Қайырғалида тіпті ес қалмады. Жүзі алденеден от боп жанып, **бетін басқан** күйі үйден ата жөнелмек боп отырғанда кенет құлағының түбінен қарқылдап күлген Нағыметтің дауысын естіп, біржолата шегініп қалды (Р.Ниязбеков).*

○ *Қалкен алақандарымен **бетін басып** төмен қарап үнсіз отырып қалған (Қ.Зейноллаұлы).*

❖ **БЕТІНЕН ОТЫ ШЫҒУ** – қызарды, қатты қысылды, ұялды.

○ *Қурнос Иванның **бетінен оты шықты**. Бұл қазақты күшпен ала алмасын біліп, аудың арқалығын қоя берді (Ә. Нұрпейісов).*

○ ***Бетінен оты шыққан** қара торы жігіт домбыра тартты, бұндай жердегі әдет бойынша ауылдың алты ауызын айтты да, домбыраны қасындағы жігітке берді (С.Досанов).*

○ *Бәрін түсінген омарташы **бетінен оты шығып** қатты қысылды (З Жәкенов).*

❖ **БЕТІНЕ ҚАН ЖҮГІРУ** – қуанды, риза болды.

○ *Кенет жұқа ерніндегі күлкі нұры тез өшіп, ақша **бетіне** лып етіп **қан жүгірді** (Т.Ахтанов ).*

○ *Шалдың маңдайы жіпсіп, **бетіне қан жүгірді** (Б.Мұқай),*

○ *Байболсын атасы сорпаны рахаттана ұрттаған сайын бетіндегі өрмекшінің торындай ұсақ әжімдері жазылып, екі бетіне қан жүгіргеніне Сана қуана қарайды (Б.Имангазина).*

❖ **БЕТИНЕ КҮЙЕ ЖАҒУ** – ел алдында маскара етті, абыройын төгіп, беделін түсірді.

○ *Мысалы, қазақтар әйелді өзгизге теріс мінгізіп, бетіне күйе жағып, үстіне құрым жауып ауылды айналдырады екен (М.Жұмабаев).*

○ *Баяғы тәкәппар сұлудың орнында шашын күзеп, бетіне аламаштап күйе жаққан, сұлулығынан жұрдай болған Ақбет қалған (Х.Елебекова).*

❖ **БЕТИНЕ (ЖҮЗИНЕ) ШІРКЕУ БОЛУ (САЛДЫ, ТҮСТІ, ЕТТІ)** – ұятты болды, арлы болды, ерсі болды, айыбын бетіне айтты.

○ *Бетіне шіркеу болып жұрт алдында төмен қаратпай, ағынға қарсы жүзетін білімі тегеурінділер жебеп, желеп кетеді (Қ.Жаркенов).*

○ *Тек «Сарықамыстан» емес, Бүйен-Ақсу өңірінен банды шығыпты деген лақап рулы елге жайылып, аудан басшыларының бетіне шіркеу болды (Ж.Бұхарбаев).*

○ *Кезіндегі Нұрланның істеген қателігі мұның да бетіне шіркеу болып, Ақжарқынның алдында өзін де кінәлі санайтын (М.Абдрахманов).*

❖ **БЕТИН (ЖҮЗИН, ҚАБАҒЫН) КІРБІҢ ШАЛУ** – жүзінде көңілсіздік білінді.

○ *Жүзін мұң шалды, қабағына кірбің тұрды. Сайлаубек анасының өткен белестерін көңіл елегінен өткізіп отырғанын түсінді, өз анасын жаңа қырынан байқағандай болды (Ж.Еділбаев).*

○ *Қабағын кірбің шалды, бірақ сәл жымығандай болып мұның бірін де сездіргісі келмеді (Т.Қасымбеков).*

○ *Розаның қабағын сәл кірбің шалды, Ұлтуғанның сұрағына бірден жауап бере қоймады (Л.Курманаева).*

❖ **БЕТІН ЖЫРТУ** – ойбайлады, жылады, зарлады.

○ *«Тұр, оян, мені көміп кет, алдыға салып кет!» деп, шашын жайып, бетін жыртып жылаған, жалғызынан айырылып, ақылынан алжасқан анаға бәріміздің де жанымыз ашиды (М.Мағауин).*

○ *Бетін жыртықан жесірлердің зар үні үдей берді (М.Қуанышбаев).*

❖ **БЕТІНІҢ ҚАНЫ ҚАШУ** – сұрланды; жүдеді, толықсыды, қорықты.

○ *Бетінің қаны қашып, оңған бөздей болып кеткен жүзінен тіршіліктің нышаны білінбейді, шалқасынан түсіп, қимыл-қыбырсыз жатқан (Б.Мұқай).*

○ *Бетінің қаны қашып қуарып кетіпті... (А.Қалдыбаев).*

○ *Бетінің қаны қашып, өңі құп-қу болып отырады да қояды (А.Алтай).*

❖ **БЕТІ ШІМІРІКПЕУ** – ешнәрседен ұялмады, ұялу, қымсыну, намыстану дегенді білмеді.

○ *Бір ағаштан биыл алманы өте аз алдым, сенің балаларыңның кесірінен, - деді шал беті шімірікпестен (Б.Мұқай).*

○ *Қандай ғана ұятсыз жазды екен мұны?! Қалай ғана дәті барды екен?! Беті қалай шімірікпеді екен?! (Ө.Қанахин).*

○ *Мемлекетінен бес сомды жырып алуға беті шімірікпеген адам, кез келгенде оның мүддесін табанға баспайды деп кім айта алар. (М.Иманжанов).*

❖ **БЕТІ ШЫДАМАУ** – жүзі тайды, бетіне тіктеп қарай алмады, ар-ұяты бармады, ұялды.

○ *Ананың беті шыдамады. Айналып жүре берді. Тінәлі қолындағы шиті мылтығымен басынан асырып бір атып жіберді... (Т.Ерғалиев).*

○ *Әлде бас корпусың арғы жағындағы қорамен шығып кетті ме? Мүмкін, маған көрінуге беті шыдамаған шығар (З.Қабдоллов).*

○ *Бірақ ол жолы бұрылуға беті құрғыр шыдамаған. Не деп бармақпын оларға? (Қ.Жұмаділов).*

❖ **БИДАЙША ҚУЫРУ** – ашуланды, екі аяғын бір етікке тықты.

○ *Осы сәт түпкі бөлмеден Дәуір шыққан әрине әйелдің Сымбатты **бидайша қуырып** бара жатқанын естіп шықты (М.Абдрахманов).*

○ ***Бидайша қуырды** ма өзіңді? Қуырғанда не істеуші еді? Оныша ұрысқан да жоқ (М.Гумеров).*

❖ **БОЗ ІНГЕНДЕЙ БОЗДАУ (ЗАРЛАУ, ЕҢІРЕУ)** – зар иледі, егіл-тегіл жылады.

○ ***Боз інгендей** боздап, қайғының тұғырында сол ана қалады (М.Иманжанов).*

○ ***Боз інгендей боздап, зарлап** ыңылдайды да отырады. Оған Рома қосылады. Екеуі бірдей зарлағанда жер-дүние күңіреніп, алай түлей дауыс соғады (Ж.Сатаев).*

○ ***Боз інгендей** тағы да өзенді өрлі-қырлы кезіп боздап жүр (А.Жүнісов).*

❖ **БОР БОП (БОРДАЙ) ЕГІЛУ** – қатты өксіп жылады, көңілі босады.

○ *Одан әрі сөйлей алмай сықсыңдап жылап көз жасы алдында отырған немересінің басына тамды, оны көріп Хансұлу да **бордай езілді** (С.Елубай).*

○ *Әсем ондай емес, болар болмасқа бола **бордай тозып, шаршап** жүреді (Б.Мұқай).*

○ Басынан құс ұшырмай аялап жүрген балапанының табанымен шоқ басып алғандай шырқырап тұрғанын көргенде жаны ашып, **бордай егілді** (М.Абдрахманов).

❖ **БОТАДАЙ БОЗДАУ (БОЗДАП ЖЫЛАДЫ) /БОДА-БОДА ЖЫЛАУ**– еңіреді, ағыл-тегіл көзінің жасын бұлады.

○ Енесін іздеген **ботадай боздап**, аһ ұрған қарлығынқы, тарғыл даусы құлағымның түбінде ызылдап тұрғандай (Ж. Елшібек).

○ Жаны шырқыраған қаршадай қыз шырылдап келіп, демігіп жатқан анасын құшақтап, **ботадай боздап** қоя беретін (Б.Мұқай).

○ Ертеңіне шетелден көкке көтерілген алып әуе ұшағымен **бода-бода болып жылаған** Салима әкесі мен анасын жерлеуге шұғыл ұшып келе жатты (Н.Бектемірова).

○ Екі гашиқ **ботадай боздап**, Күшік ауылының берекесін басына тепкендей қылады (Ә.Сараев).

❖ **БӨРКІН АСПАНҒА (КӨККЕ) ЛАҚТЫРУ** – қатты қуанды.

○ Ексең орасың. Жарылқандық та қалдық, - деп **бөркін аспанға лақтырып**, есі шыға қуанғаны бар еді-ау (Ш.Күмісбаев).

○ Ысмайыл анау Жымпитыдағы сияқты **бөркін аспанға лақтырып** қуанған, жаға жыртып төс қағып өңештеген қошемет күтіп еді (Ә.Сараев).

○ Италия жұрты **бөркін аспанға лақтырып**, айдарынан жел есіп, әлемдегі ең мықты біз деп миығынан қарап тұрған (С.Байжанов).

❖ **БУЫНА ЖЫҒЫЛУ/ БУЫНА МАС БОЛУ (ПІСУ)** – бақ-дәрежесіне мәз болды; атағына мастанды; құр даурықты.

○ Жеңістің **буына мас болып**, басы айналып тұрған Сергейдің түсі қашып, жылайтын адамдай кемсеңдеді (Б.Мұқай).

○ Керейдің Уаң ханынан: бұрын өткен наймандардың аға буыны осы атақтың буына ертерек мас болған (С.Ақатаев).

○ Тірліктің, саулықтың балдан тәтті дәміне елітіп, байлықтың барлықтың буына мас болып шаба беріпті, шаба беріпті (М.Есламғалиев).

○ Енді ауылы алыстай бастаған жастықтың буына мас кезде «қымызды кім ішпеген, қызды кім сүймеген» (Ш.Мұртаза).

❖ **БҰЛАН-ТАЛАН БОЛУ / БҰЛАН-ТАЛАНЫ ШЫҒУ (ЕТУ) / БҰЛҚАН-ТАЛҚАН БОЛУ** – 1. тас-талқан, астаң-кестең болды; 2. қатты ашуланды.

○ Бұрқ етіп бұлан-талан шықты шатақ («Жұлдыз»).

○ Бұлқан-талқан ашуланған ұл есікті тарс жауып, үйден шыға жөнелген (К.Сегізбайұлы).

○ Шал бұлқан-талқан болып ашуланып жүр (Б.Мұқай).

○ Дәмеліге келіп болған жайды айтып едім, ол бұлқан-талқан болып ашуланды (С.Досжан).

❖ **БҮЛІК САЛУ (ШЫҚТЫ)** – жанжал шығарып, лаң салды, шырық бұзды; жанжал туды, ұрыс-керіске айналды.

○ Банды болып, мына көршілес елдердегідей басмашы болып, тау кезіп, бүлік салып жүр ма екен (С.Жүнісов).

○ Жағдай ауыр, жан-жақтағы орманда бандылар бүлік салып жүр, - деді аудандық партия комитетінің секретары Афанасьев (И.Салахов).

○ Күш көлігімнің майына зиян келтірдің деп, Мадаңзы бүлік шығарды (Ж.Ахмади).

❖ **БІР ҚЫЗАРЫП, БІР БОЗАРУ** – қатты қысылу не ызаланудан бетіне қан тебу, қаны қашу сияқты іштей өзгеріс.

○ Ойпырмай, осы мал базарлағандай шіреніп, сондай қулықтың не керегі бар, - деді Гүлшаһраның жүзі бір қуарып, бір қызарды (С.Жүнісов).

○ *Қаңғырған бес кедей үшін әкесінің неліктен қолқ ете қалғанына әлде осылардың алдында жығып бергеніне ашуланғандай көк жейделі жігіт бір қызарды, бір сазарды* (К. Сегізбайұлы).

- Г -

❖ **ГҮЛДЕЙ СОЛДЫ/СОЛҒАН ГҮЛДЕЙ** – жан азабын шекті, сары уайымға салынды.

○ *Алтыншаш кілт тоқтады, гүлдей солған жүзіне қан жүгірді* (С.Омаров).

○ *Қыз суық ұрған гүлдей солған, әдемі балғын жүзі мен жаудыраған көзіндегі барлық қуанышты мейірімсіз біреу тонап кеткендей* («Жұлдыз»).

○ *Екі бетінің қызылы арылмайтын көрікті келіншек оң оңай күзде гүлдей солып қуарып шыға келді* (Р.Тоқтаров).

- Ғ -

❖ **ҒАШЫҚ БОЛУ** – ынтықты, құмартты, сүйді.

○ *Әй, шынында да, сері ағам түгілі осы Ұрқияға өзім ғашық боп барамын* (С.Жүнісов).

○ *Ғашық болдым со бір кезге есімде жоқ қай күні, деді әр сөзін салмақтап* (Т.Әбдік).

○ *Асылханның құлағына аузын тақап, сыбырлай сөйледі, - Жаңағы балаға өлердей ғашық болып жүр едім* (Б.Мұқай).

○ *Иә, адам адамға шын ғашық болады, бірін-бірі аңсап зар илейді* (Ұ.Доспанбетов).

❖ **ҒАШЫҚ ОТЫНА ЖАНДЫРДЫ (КҮЙДІРДІ, ӨРТЕДІ)** – біреуді сүйгеннен күйіп жанды, дертті болды.

○ *Мен ғашықтық отына күйіп жанатын жас та емеспін, сол сәт еске түскенде осы күнге дейін неге елжіреп, егілемін?* («Жұлдыз»).

- *Екеумізді екі айырады да, **гашық отына өртеніп** өлтіреді (С.Сматаев).*
- *Ермек жүр десе отқа түскен көбелектей **гашықтық отына жануға** да әзірмін (У.Қалижанов).*

- Д -

- ❖ **ДАЛ БОЛУ** – не істерін білмей састы, әуреге салды.
  - *Осындай әңгімелерді естігенде қайда кетіп бара жатқанымызды, қоғамның қазіргі жағдайын ойлап, қаптаған көп сұраққа жауап таба алмай **дал боламын** (Б.Мұқай).*
  - *Жұрттан сұрай-сұрай тауы шағылып, енді не істерін білмей сыртқы дарбазаның көлеңкесінде **дал болып** отырғанда, желке тұсынан «Ассалаумағаликум» деген дауыс гүр ете түсті (Д.Исабеков).*
  - *Ал үстіңгі жақтан сабағы біткен студенттер топырласа түсіп, бірін-бірі кимелеп, киім ілгішке ұмтылды, Илияс не істерін білмей **дал болды** (И.Салахов).*
- ❖ **ДАУ ҚУУ** – жанжалдасты, таласты.
  - *«Қой құрысын, мұнымен **дау қуып** жеңбеспін» дегендей шал назарын төменшіктетіп, үн-түнсіз қалды (Ж.Шаштайұлы).*
  - *Енді заң орындарына шағымдану үшін соның реті анық келген соң, Әли бұл жолғы арызға оны да қоса тіркеп, терең тамырлы **дау қуып** келгенді (Ж.Ахмади).*
  - ***Дау қуған** кісіше аптығасыздар зой. Немене, мені шауып алуға келіп не едіңіздер? (М.Сқабаев).*

- ❖ **ДӘУЛЕТКЕ МАС БОЛУ** – байлыққа масаттанды, кекірейді, терісіне сыймады.
  - *Алғашқы «үні» топас жандардың **дәулетке мас болып** надан байлардың ерсіліктерін мысқылдап, түйреп өтетін туындылары екен (Д.Әбілов).*

○ *Аз күндік дәулетіне мас болып жүрген кейбір «жаңа қазақтар» жастарға жаман өнеге көрсетіп жүр (Н.Келімбетов).*

❖ **ДЕМІНЕ (КЕУДЕСІНЕ) НАН ПІСУ** – өр көкіректік істеді; мақтанып ісіп-кепті, паңсынды, ешкімді менсінбеді; жетісіп шалқып отырды.

○ *Күйеуінің арқасында деміне нан пісіп тұр (Т.Дәуренбеков).*

○ *Кеудесіне нан пісіп астамсыған адамдар саған да қарсы шықты (Т.Рақымжанов).*

○ *Кеудесіне нан пісіп, өзінше «уп» дегенде аузынан жалын атып тұрған Тұяққа жарынан жастай қалған Шәрипаның ұнап қалғаны анық еді (Қ.Шәкенов).*

❖ **ДЕНЕСІ ТҮРШІГУ (ШОШУ)** – төбе шашы тік тұрды, аза бойы тітіркенді.

○ *Қажымұрат ой ұшығынан адасып калды да, әлдекім қойнына мұз салып жібергендей денесі түршікті (Қ.Ысқақ).*

○ *Денесі түршігін, ту сырты шымыр-шымыр етеді, ұлып салатын шыңға жұлынып қалыпты (Т.Дәуренбеков).*

○ *Келіншектің денесі түршігін оянды, түнгі тыныштықты тыңдады (С.Досжан).*

❖ **ДЕРТІ АРТУ / КҮШЕЮ** – уайымы, шері күшейді; ауруы күшейді.

○ *Тақтай еденге бүйірін төсеп, бір қырымен жантая бере кәдімгі кәрі денесіндегі дерті артып сырқат кісілерше «ух» деп қинала күрсінді (Н.Ораз).*

○ *Осыдан кейін соқпа дерті күшейіп, төсек тартып жатып қалыпты (С.Омаров).*

❖ **ДҮРДАРАЗ БОЛУ** – араздасты.

○ *Сөйтін сөз қағыстырып отырып Пернай ассиминатор мен дұрдараз болып қалған сол күні кешкісін пунктке совхоз директоры Ботан келді (Л.Құрманбаева).*

○ *Дұрдараз болып дүрдиіп, сырттан бұртиып жүрсе, азаматтар басы қосылар ма? (Ш.Мұртаза).*

○ *Иық тіресіп дұрдараз болып жүргендер Шәкен үйінде табысып, ауылнайлық пен болыстықты қолдан шығарып алмауға алдын ала кіріскен («Әңгімелер»).*

❖ **ДЫҚ САЛУ (ТҮСІРУ)** – көңілін қалдырды.

○ *Айтқан жаман сөздері көңіліне дық салып кеткен, ұмыта алмайды (Д.Досжан).*

○ *Құрбысының көңіліне дық түсіріп алармыз деп, ел-жұрт жиналған жерге де көп бара бермейді («Жұлдыз»)*

○ *Қала салу туралы хабар алғашында көшпенді көңіліне дық салып, секем ұялатқандай болғанмен, кешікпей-ақ орда жұрты қыста жылы, жазда салқын үй тұрғызып, қыстау салудың пайдалы екеніне көздері жете бастады (Ә.Сараев).*

❖ **ДЕГБІРІ ТАУСЫЛУ/ҚАШУ** – мазасыз күй кешу

○ *Белгісіз бір құдірет күш дегбiрiмдi тауысып, жүрегiмдi дүрсіл қақтырады (Ш.Елеуқенова).*

○ *Алмаспен кездесетін күні дегбiрi қашып, уақытын өткізе алмай аласұрып кетеді (Б.Мұқай).*

○ *Бәрінің де дегбiрi қашып, сықпыты кетіп қалыпты, әсіресе су жүрек Яшканың иманы ұшып, жаны мұрнының ұшына келген (Б.Тлегенов).*

○ *Қайдағы-жайдағы жымысқы ойлар мені қыл мойынға тақап, дегбiрiмдi тауысып бара жатқан сияқты (Н.Келiмбетов).*

- Е -

❖ **ЕГІЛП ЖЫЛАУ** – солқылдап көз жасын төкті, ағыл-тегіл жас төкті, зарлады қайғырды.

○ *Не дейін саған, не дейін-ай. Әсем егіліп шылады (Б.Мұқай).*

- *Аяғанға ол күліп емес, іштей егіліп жылап жатқандай болып көрінді (Б.Мұқай).*
- *Мұндайда мен қалай шыдайын, егіліп жылай бердім (Т.Ахтанов).*
- *Жас балайдай егіліп жылағысы келді (Т. Әбдік).*

❖ **ЕЗУ ЖИМАУ** – күле берді, ұзақ уақыт күлкісі тыйылмады.

- *Мынадай көңілді қарияның қасында әр күні езу жимай, жайраңдап жүрумен өтер деп ойлаған (Ә.Ақпанбет).*
- *Жанақтың ұйқастырмай сөз айта алмайтынына қайран қалып, езу жимай келе жатқан Тұрар алдынан Жамбас көлдің қалай жарқ еткенін білмей қалды (Қ.Исабеков).*
- *Қуаныш кернеген соң бойын буып,*
- *Жымыңдап, езу жимай мұрттан күліп (С.Торайғыров).*

❖ **ЕЗУ ТАРТУ** – күлімсіреді, сәл ғана жымыды.

- *Шүйкедей кемпірдің бала мінезіне әлгіндегі билетсіз жолаушылар да бір-бір езу тартқан еді (Ж.Елшібек).*
- *Жаңағы бір өң мен түстей елес дүниесінен ауылдың қырт тірлігіне қайтып оралғанына езу тартып күлді (Қ.Ысқақ).*
- *Асылханға қарап, әнтек езу тартты да, қолын ұсынды (Б. Мұқай).*
- *Ауру әбден меңдеткен апасының өзіне қарап езу тартуы – Сәуленің көңіліне медеу болды («Қазақстан әйелдері»).*

❖ **ЕКІ ЕЗУІ ЕКІ ҚҰЛАҒЫНДА** – өте көңілді, көңілі көтеріңкі, қуанышты, мээ-мейрам.

- *Атасының құрақ ұшып өбектеуін елейтін адам жоқ. Екі езуі екі құлағында: - Қайдан адасамын, күнде көріп, күнде келіп жүрген жер емес пе? (Ж. Елшібек).*
- *Міне, мына бір үстінде көнетоз күртесі, басында жәпірейген шәпкесі, аяғында сіресі қисайып, жұлығы шыққан*

қытайдың бәтіңкесі бар боз бала **екі езуі екі құлағында** мәз болып барады (К.Кенжеғалиқызы).

○ ... Лып етіп бетіне қаны тепті Шегенің. **Екі езуі екі құлағына жетті** (С.Елубай).

○ Осы сұлулық біткенге бөгіп, **екі езуім екі құлағымда** Шарлотта үйінің есігін тықылдаттым (Ш.Елеукенов).

❖ **ЕКІ ИЫҒЫНАН (ИІНІНЕН) ДЕМІН АЛЫП ОТЫРУ**

– ауырып, ентігіп отыр, шаршап отыр.

○ **Екі иығынан дем алып**, қатты жөтеліп, қараптан-қарап тұрып қара терге малынып еді (Ш.Мұртаза).

○ Кеудесі жиі-жиі көтеріліп, жылауға да шамасы келмей, **екі иінінен әрең дем алады** (Н.Бектемірова).

❖ **ЕКІ ИЫҒЫН (ИІНІН) ЖҰЛЫП ЖЕУ** – ашуланды.

○ Еңкейген күн екіндіге ауған сәтте басталған жел қатайып алыпты, **екі иығын жұлып жеп**, екілене соғып тұр (С.Досанов).

○ Содан ол **екі иығын жұлып жеп** құтыра берген (Т.Касымбеков).

○ Арақ ішіп, **екі иығын жұлып жеп** жүрген дөңгасар жігіттерден қаймығады (Д.Досжан).

○ **Екі иінін жұлып жеп**, күбі денесі қали-қали етеді («Әңгімелер»).

❖ **ЕКІ КӨЗІ ТӨРТ БОЛУ** – алаңдады.

○ Аяған анау, **екі көзі төрт болып** түрмеде жатыр (Б.Мұқай).

○ Сізді **екі көзіміз төрт болып** күтуліміз,- деп қолтығымнан сәл демеп қасындағы орындыққа отырғызды (Ш. Елеукенова).

○ Апырай, расында да, ол жолы да көңілі тап осылай алып ұшқан жоқ па еді? Осы жолы да тап осылай жыл он екі ай **екі көзі төрт болып** еді ғой! (Ә.Кекілбаев).

❖ **ЕКІ/КӨЗІ ШАРАСЫНАН ШЫҒУ (АТЫЗДАЙ БОЛУ) / КӨЗДЕРІ АЯСЫНАН ШЫҒУ** – көзі қатты қорықты, үрейі ұшты, жүрегі жарыла жаздады, сасып қалды, таң қалды.

○ *Жамал тәте, сіз қалжыңдап отырсыз ба? – Арманның екі көзі шарасынан шыға жаздап барып орнынан тұрып кетті (Н.Бектемірова).*

○ *Міне, шеберлік! Осы суреттердің барлығын өзің салдың ба? - деп таң-тамаша болған Жамал майлы бояумен салынған суреттерді көріп, таң қалғанынан көзі шарасынан шыға жаздады (Н.Бектемірова).*

○ *Онсыз да ішіне үңірейе кіріп кеткен көздері жасқа парлап, аясынан шығып кетті (Ж. Елшібек).*

❖ **ЕМЕСЕСІ (ЕМЕШЕГІ, ЕМЕШЕСІ, ЕМЕТАЙЫ) ҚҰРУ (ЕЗІЛУ)** – қатты құмартты, қатты сүйді, құштар болды.

○ *Бала дегенде Хадишаның емешегі езіліп тұратынын талай рет байқаған (Б. Мұқай).*

○ *«Совет өкіметі жасасын!» - деп өтірік емешегі құрыған Сапа жоқ, төрінен көрі жақын жасамысқа байлық да беш тиын еді (Қ.Ысқақов).*

○ *Мені іздеп, емешесі құрып тұрған адам емес қой мынау!» - деп қалды Жәми (Р.Тоқтаров).*

❖ **ЕҢКІЛДЕП ЖЫЛАУ** – дауысын шығарып қатты бақырмай жылады.

○ *Бұл байғұстың қолында не тұр дейсің? - деді олар балаша еңкілдеп жылап жатқан Уәлиді жерден тұрғызып жатып (Т.Әбдік).*

○ *Зарлы әуенге салып, жоқтау айта бастағанда қиыншылықты көре-көре жібіместей тас болып қатып қалған жүрегі езіліп, еңкілдеп жылап келіп, анасын құшақтай алды (Б.Мұқай).*

○ *Аяғының астына етпеттей жығылып еңкілдеп жылап жатқан айыптың қайсы? (Ә.Кекілбаев).*

❖ **ЕҢСЕСІ КӨТЕРІЛУ** – көңілі жайланды, бойы жазылды, үстін басқан батпандай ойдан, уайым-қайғыдан құтылды, көңілденді.

○ *«Айдаладағы жалғыз үйді кімге тастаймын...» хош пейілмен еңсесін көтеріп, кәрі кеудесін кереді (Ж. Елшібек).*

○ *Өзі ойлағандай емес, деканның мүлде басқа мәселеге байланысты шақырғанына көзі жеткен соң арқасы кеңіп, еңсесі көтеріліп, бойы жеңілдеп қалды (Б.Мұқай).*

❖ **ЕҢСЕСІ ЕЗІЛУ/БАСЫЛУ** – кеудесін басты, көңілін (бетін) қайтарды.

○ *Ел едік ежелден еңсесі езілген,*

*Күн туды, жадырап бізге енді*

*Оян, қазақ, оян қазақ! (Ә.Сараев).*

*Көшпенді түріктер тәңірін көктен іздейді деуші еді, анау – солардың айы, - деді еңсесі езіліп (Р.Мұқанова).*

○ *Аяған ұстазының үйінен еңсесі басылып шықты (Б.Мұқай).*

❖ **ЕҢІРЕГЕНДЕ ЕТЕГІ ТОЛУ/ЕТЕГІ ЖАСҚА ТОЛУ** – көз жасын бұлады, біреуді жоқтап зарықты, зар иледі, ботадай боздады.

○ *Бала болып еркелеп көрмеген, қыз болып аялау көрмеген Перизаттың еңірегінде етегі жасқа толды (П.Мырзахмет).*

○ *Аппақ джип машинасын мініп, жанына ұлының көшірмесіндей балаң жігітті ертіп келгенде, кемпір байқұстың өкініштен еңіреп жылағанда етегі толды (Н.Бектемірова).*

○ *Еңірегінде етегі жасқа толып, ұстап әкеліп қаматқандай, ауыр күйде елге қайтады (Т.Төреханов).*

❖ **ЕРНІН ШЫҒАРУ, ШҮЙІРУ/ЕРНІН СЫЛП ЕТКІЗУ** – мазақтады, күлді, келекеледі.

○ *Ашумен демігіп ернін шығарды (М.Әуезов).*

○ *Таңертең жұртымызды сипап қаларсыңдар, - деп ернін шығарды (С.Адамбеков).*

○ *Шешемнің сөзіне Шынар дүрдек ернін сылп еткізді де, көлеңкеде тұрған төсекті сықырлата, үстіне бар салмағымен құлай кетті (А. Елгезек).*

❖ **ЕРСІ КӨРУ / КӨРІНУ** – ұнатпады, жақтырмады, ыңғайсызданды.

○ *«Көппен көрген ұлы той» демекші, Ұлы Отан соғысында көрген қиямет, қиыншылықтар барлық халыққа ортақ болғандықтан қария басынан өткендерін әңгімелеп, кеуде қағуды ерсі көрді (Б.Мұқай).*

○ *Өз ойына өзі берілген Бәйтен «мынауым ерсі болды-ау» деп ойлаған жоқ, ал жұртқа керемет ерсі көрінді. (Т.Әбдік).*

❖ **ЕЛЕГІЗІП ТҰРА АЛМАУ** – шала бүлінді, шыдам таппады, тағаттай алмады.

○ *Әлден уақытқа дейін тағы да бір хабар келіп қалатындай елегізіп тұра алмады, қора маңынан кетпеді (Ж.Нұсқабайұлы).*

○ *«Олар кімдер екен, - деп ойлап Еркін елегізіп тұра алмады (О.Бөкей).*

○ *Осы бір естімеген тосын дауыстан көңілім елегізіп тұра алмадым, жан-жағыма қарап едім көзіме ешнәрсе көрінген жоқ (Т.Ахтанов).*

❖ **ЕРІ МОЙНЫНА КЕТУ** – жүдеп-жадады; берекесі кетті, шаруашылығы күйзелді.

○ *Азын-аулақ ешкісі болғанымен бала-шағасы көп Күдербайдың ері мойнына кеткелі қашан (А.Жүнісов).*

○ *Адам қолы, жұмыс күшінің молайғаны неге жаман болсын, аз жылдың ішінде бұрын ері мойнына кетіп, маңдымай жүрген шаруашылықтар бірден қатарға қосылып, тез көтеріліп кетті (Қ.Жұмаділов).*

○ *Бірақ ері мойнына кетіп, еңкейген еңсесі тікеймейді (М.Қаниев).*

❖ **ЕРІН БАУЫРЫНА (МОЙНЫНА) АЛУ** – қатты ашуланды, шала бүлінді.

○ Біразға кейін қамшы салдырмай отырды да, **ерін бауырына алған** шу асаудай ойнап шыға келді (Н.Серәлиев).

○ Сол-ақ екен, Байекең **ерін бауырына алған** атиша тулапты (Ә.Асқаров).

○ Тағы бір көптен біліп таңданатыны: әріптестерінің жазғанына көңіл айтсаң **ерін бауырына алып** тулап шығады, мінбені сабалап қыл бұрау салғандай, шыңғыратындары да бар, ал жай кеткені сазарып кетеді (А.Сүлейменов).

❖ **ЕСЕК ҚҰРТЫ МҰРНЫНАН ТҮСУ** – байыды, шалқыды тоқ болды, молшылықта отыр (кекету, мұқату).

○ **Есек құрты мұрнынан түсіп** жүретін итті енді көрсең (Ә.Жылқышев).

○ **Есек құрты мұрнынан түсіп** жетіліп тұр дейді деп, осы Әкіштерді сөз қылады (І.Жансүгіров).

○ Байқайды, **мұрнынан есек құрты түсіп**, Қарманның әлі де бұл жалғанда жер басып жүріп жатқанын тарс ұмытқан сияқты (Ә.Асқаров).

❖ **ЕСІ АУУ/ЕСІНЕН ТАНУ** – есеңгіреді; есуастанды, жынданды, жарымес болды.

○ **Есі ауып** аттан аунап түскен Шәптібайды терең сайға алып барған Ізбастының оған көрсетпегені жоқ (С.Досанов).

○ Аспаннан жаңбырдай боп адам жауды,

Мұны естіген адамның **есі ауды** («Батырлық дастандар»).

○ Хайбри әйелімен екеуі Сейлхан ағама қарап аузын ашып, **есінен танып** қалады (Т.Ахтанов).

❖ **ЕСІ КЕТУ** – асып-састы, берекесі кетті.

○ Манадан **есі кетіп**, әрең отырған Назар, әскерін тыңайтып, ұрысқа қайта кірген қолбасындай, тағы да шабуылға шықты (Т. Әбдік).

○ Дәл қазір көзім бұлдырамаса да **есім кетіп** алабұртамын (Ш.Елеукенова).

❖ **ЕТ БАУЫРЫ ЕЗІЛУ / ЕТ ЖҮРЕГІ ЕЗІЛУ** – аяды, есіркеді, жаны ашыды; туысқандық, жақындық етті.

○ Қу медиеннің ортасында шөміп отырған кемпірдің мүшкіл халін ойлағанда Қажымұраттың **ет бауыры езілгендей** болды да, іштей інісін келістіріп тұрып сыбап алды.. (Қ.Ысқақ).

○ «Алла-ай, Алла-ай!» - деп, **ет-бауыры езіліп** кетті Пахраддиннің (С.Елубай).

○ **Ет-бауырым езіліп**, оның қазіргі қам көңіл кейпін, мұң торлаған жүзін әлсін-әлсін көз алдыма елестетемін (Н. Ораз).

○ Осының бәрін түсінетін сияқтымын, бірақ бәрібір **ет жүрегім езіледі** (Т.Ахтанов).

❖ **ЕТЕГІН БАСТЫ** – 1. асып-састы; 2. шөгіп отырып қалды.

○ Міне, осындай ел басына екі талай күн туып, ер сасқан, әйел **етек басқан** қысталаң кездерде Ұлы жүзді бастаған Төле би қонысынан аумай елін, жерін бүліншіліктен сақтап қалған («Ел аузынан: шешендік сөздер» ).

○ Енді **етегін басқан** бала болмас, ұрпақ қалмас соңында (Ш.Құмарова).

❖ **ЕТІН СЫРТЫНА ТЕБУ** – ашуға мінді, ыза кернеді, терісіне сыймады.

○ Мұны естіген соң-ақ Құрман **етін сыртына теуіп**, зәрін шашып, Жақсылықты жер-көкке сыйғызбайтын болып, әке-бабасынан бері қарай боқтай бастады (М.Әуезов).

○ Одан басқа жоны жұмырланып, **етін сыртына теуіп**, бойдағы майдан, іштегі қыл-қыбырдан арылған кез еді (М.Әуезов).

❖ **ЕТ ЖҮРЕГІ ЕЗІЛУ** – уайымдады, іші күйді, қайғырды; сүйсіне қарады.

○ *Ет жүрегі езіліп, жанын қоярға жер таппай не істерін білмеді? (Н.Бектемірова).*

○ *Мынадай сұлу әйелден мұндай кішіпейілдікті күтпеген Жарияның ет жүрегі езіліп, екі әйел көзге көрінбейтін бір нәрсемен байланысып тұрғандай болып, Айқаным жақын туысындай көрініп кетті (С.Досжан).*

- Ж -

❖ **ЖАБЫҢҚЫ (ЖАБЫРҚАУ) КӨҢІЛ** – сынық, мұңды көңіл.

○ *Аурухана палтасында жатқан жабыңқы көңіл жас келіншек ойдан ой суыртпақтады: «осы менің істеп жүргенім дұрыс па, әлде бұрыс па?» (Д.Досжан).*

○ *Бұл сөзді естігенде Байтемірдің көңілі тасып, қапаланған жүрек серпілгендей, жабыңқы көңіл ашылғандай болды (Ш.Хусайынов).*

○ *Анау екеуі өзара шүйіркелеседі...жабырқау көңіл селт етпейді (К.Жүнісов).*

❖ **ЖАҒАСЫН ҰСТАУ** – 1. таңданды, айран-асыр болды; 2. қатты түнілді, күдер үзді, жерге түкірді.

○ *Күндербек жанында отырған Ербатырдың құлағына бірдеңе деп сыбырлап еді, анау үріккен жылқыдай шошынып, «сұмдық-ай» деп, жағасын ұстап, өзімен-өзі әлек болып кетті (Т. Әбдік).*

○ *Байқатты дедім-ау, жағамды ұстатты (Ш.Елеукенов).*

❖ **ЖАЙНАҢ (ЖАЙРАҢ) ҚАҒУ** – ашық шырайлы, көңілді жүзді кейіп білдірді.

○ *Өзі жайнаң қағып, жарық дүниені жаңа ғана көріп тұрғандай мәз (Т.Әбдік).*

○ - Мен сізді көп тұрғыздым ба? - деп, қос жанары жайнаң қағып шықты (Қ.Қазиев).

○ Құда келді жадырап, жайраң қағып, Кеткенінше күтейік, жайланбалық (Қ. Мырзабеков).

❖ **ЖАҚСЫ КӨРУ** – ұнатты, сүйді; тәуір, мақұл көрді.

○ Оны ешкім жақсы көрген жоқ, мен жақсы көрдім (М.Омарова).

○ Мені балаларының ішінде ерекше жақсы көрді және де менің ұлым Нұрланды да мейлінше жақсы көрді (Н.Нұрмұхамбетұлы).

○ Нақ қазір мен кімнен кімді жақсы көретінімді салыстырып отырмын ба? (С.Бақбергенев).

❖ **ЖАМАН КӨЗБЕН ҚАРАУ** – жаратпады, жақтырмады, ұнатпады.

○ Тасекен тоқтасқан шал зой. Үндемей құтылды. Бірақ жаман көзімен қарады (Ж.Молдағалиев).

○ Бауыршық шолғыншы жігітке жаман көзімен ата қарады (Д.Досжан).

○ Жаман көзбен қарады, мен ештеме демедім («Қаз. әйелдері»).

❖ **ЖАН АЛҚЫМҒА КЕЛУ (ЖЕТУ, ТАЯЛУ, ТЫҒЫЛУ, ТІРЕЛУ)** – жанын қоярға жер таппады, әбден қысылды, қиналды, басына қиыншылық күн туды, тықыр таялды.

○ Осының өзі тозақ отына тоғыз қайта түсіп шыққаннан ауыр болды, жан алқымға талай келіп, талай кетті (А.Мейрбеков).

○ Септігі тимеді, енді қайттік, жан алқымға тығылды зой (М.Қуанышбаев).

○ Жан алқымға тірелді, алдымен жейтін таяқ ұшы басқармаға тиеді (Қ.Шарипов).

❖ **ЖАН ДАУСЫ ШЫҒУ** – ышқына айқайлады, қатты дауыстады.

○ *Өзі құшақтап тұрған бейтанысты бәтеңкесінің өкшесімен қыр сүйектен тепті, ананың жан даусы шыққанмен Асылханды босатпады (Б.Мұқай).*

○ *Тағы да Нуриланың шақ еткен жан дауысы шықты (С.Елубаев).*

○ *«Ана» деп жан дауысы шықты, оянып кетті (А.Жақсыбаев).*

❖ **ЖАНДЫ (ЖАНЫН) ЖЕГІДЕЙ ЖЕУ / ЖАНЫН ЖЕУ / ЖЕГІ ЖЕУ** – жанын қатты қинады, іш құса уайым болды, азапқа сала мазалады.

○ *Дегенмен Перизаттың жанын жегідей жеген бір нәрсе: Мәдидің мамасына өтірік айтуына жол бермеу керек еді (П.Мырзахмет).*

○ *Қайсыбір ұшқыр жүйріктер сияқты екі аттың басы қосылса, ауыздығымен алысып, жанын жеуді де білмейді, салмақты, сабырлы қалпын бір жоғалтпайды (К.Сегізбайұлы).*

○ *Үйінің дәл қасынан шығып жатқан тойдың шуылы, айғай-шу, ән айтқан дауыстар жанын жегідей жеп, қашып кетуге жер таба алмай отырған (Т.Әбдік).*

❖ **ЖАНЫ МҰРНЫНЫҢ ҰШЫНА КЕЛУ** – қатты қорықты.

○ *Қырсыққанда дәл бүгін кезекшілікке түсе қалғанымды қарашы, – дегенде, жарықшақтана шыққан дауысының соңы өксікке ұқсап кеткендей болып естілді, бірақ жаным мұрнымның ұшына келіп тұрған дәл қазіргі сәтте мен оған не дейін? (С.Досжан).*

○ *«Грининнің қалдықтары жоқ деп ойлайсыз ба?» - деп ақырды, бұны көкіректен сұқ саусағымен нұқып. Сұржекейдің жаны мұрнының ұшына келді (С.Елубай).*

○ Қозғалмай шалқасынан ұзақ жатқандықтан ба, арқасы ауыра бастаған соң оң қырына аунаған, қабырғалары қақырап кетердей **жаны мұрнының ұшына келді** (Б.Мұқай).

❖ **ЖАНАРЫМЕН ЖЕР ШҰҚУ** – төмен қарады.

○ Ешкімнің бетіне тура қарай алмай, **жанарымен жер шұқыды** (Б.Мұқай).

○ Білгішсініп ауызбен орақ оруға құмар, жұрт көзіне қауқиып көрінуге ынтызар депутат жасып, **жанарымен жер шұқыды** (Д.Досжан).

○ Ақталуға сөз таппады, **жанарымен жер шұқыды** (Д.Досжан).

❖ **ЖАН ЖҮЙЕСІН БОСАТУ** – сезімі мейлінше толқыды, көңілін тербеді.

○ Нұрзила толғанып, тебіреніп тұрып сөйлегенде жиналғандардың **жан жүйесі босады** (Ж.Еділбаев).

○ Біз екеуміз үшін жүрек қозғайтын алқына шабыстан, азбас-тозбас қара аяң жақсы, - деп Жәкең **жан жүйесі босап бара жатқан кәрі досына басу айтты** (Ж.Мусин).

❖ **ЖАН (Ы) ҚЫСЫЛУ** – қиналды, тебірене күйзелді.

○ **Жаны қысылып жүріп, қара жерге түсіп бұл да түнгі жұмысқа тым жылдам-ақ кірісіпті** (Р.Мұқанова).

○ **Жаудың жаны қысылып,**  
Бет ауызы ісініп,  
Тер құйылып көзіне,  
Қатер төніп өзіне («Ноғайлы жырлары»).

○ Кешегі жетпісіңші жылдары Рукин сөйтпеді ме, бейбастық ісінен **жаны қысылып, ақыры ол өзін-өзі атып өлтірді** (Қ.Құрманғалиева).

❖ **ЖАН-ТӘНІМЕН СҮЮ/ ЖАҚСЫ КӨРУ** – ынты-шынтасымен құлай, беріле ұнатты.

○ «Қолына тапсырды» деу түптеп ойлағана кісіге бер жақтағы сөз әншейін, әйтпесе жігітті **жан-тәнімен сүйді** (Д.Досжан).

○ Ол – өз ұлтын, мемлекетін, елін, жерін **жан-тәнімен сүйді** («Алатау жұлдызы»).

○ Тфу, осы да сөз бе? **Жақсы көрудің кереметі, керемет емесі бола ма екен** (Б.Соқпақбаев).

❖ **ЖАН ТҮРШІГЕРЛІК (ШОШЫРЛЫҚ)** – өте қорқынышты, тым үрейлі.

○ Ертеқ болған, **жан түршігерлік** ертеқ қой бұл (Т.Тлеуханов).

○ Расымен **жан түршігерлік** сұмдықты күткен Тұрсынбай: - Шеш көзімді, шеш-деп безектеп отыр (Қ.Исабаев).

○ Өйткені ол күні-түні тек **жан шошырлық** үрейді ғана көзіне елестетіп жүреді де, тылсым қараңғылықтай қорқыныш сезімінің жиіркенішті бейнесін өзге жұрттан гөрі айқынырақ сезетін боп қалады екен (Н.Келімбетов).

❖ **ЖАН ҰШЫРУ** – асығып-аптықты, жаны қиналды, безектеді.

○ Даусым шырқырай **жан ұшыра** безектеп зарлағанда бозамық ауаның пернесі жарылып кеткендей айналам жаңғырып тұрды (Ж.Рахматулла).

○ Ынта сөзін естіген соң, есік алдында иіріліп тұрған жігіттерді жарып өтіп, **жан ұшыра** жүгіріп барды да, Ислам үйінің түрүлі есігін ашып жіберіп кіріп келді (Ф.Оңғарсынова).

○ Жас келіншек қасқыр көрген еліктеі қайда барарын білмей **жан ұшырды** (Б. Тоғысбаев).

❖ **ЖАНЫ АУЫРУ** – жаны ашыды.

○ Серігінің көпестің жылқысын айдап жүріп айдалада соның малы үшін құрбан болғанына **жаны ауырды** (Н.Абуталипов).

○ Реніш пе, өкпе ме, алде өзіне көңілі толмағаны ма, қапаланып **жаны ауырды** (А.Жақсыбаев).

○ Мырзақұлдың кеткеніне келіншектің **жаны ауырды** (Н.Серәлиев).

❖ **ЖАНЫ АШУ** – аяды, есіркеді, мүсіркеді.

○ Қуанғандардың өзі біркелкі болған жоқ, біреулері – Назарға шын **жаны ашып**, оның қуанышын өз қуанышым деп, туыс бірлігін танытқандар болса, екіншілері – бұрын жолы болмай, осы тұста жолым болар ма екен деп дәме қылушылар еді (Т.Әбдік).

○ Барғысы келді, адамша **жаны ашып** көмектескісі келді (С.Ордашева).

○ Осыны ойлағанда Шәкірдің оларға **жаны ашып**, іші де жылып қоя берді (Ұ.Доспанбетов).

○ ...Мұстафаның жақын досы болған соң **жаны ашып**, адамгершілікпен, азаматтықпен бала-шағасына жәрдем беріп жүр екен-ау, десем... (Р. Мұқанова).

❖ **ЖАНЫ БАСҚА / БӨЛЕК** – ерекше сүйсінді.

○ Әйтсе де мұның жолында өле кетуге **жаны басқа** (Д.Досжан).

○ Біз дегенде, келіні Сапа десе шығарда **жаны басқа** еді-ау апамның (Е.Қашағанов).

○ Осы сәтте жігіттің толқып, босаңсығанын пайдаланған бір көңілшек ой: «Қарашы, сен дегенде тек шығарда **жаны бөлек**» (Т.Рахымжанов).

❖ **ЖАНЫ ЖАЙЛАНУ (ЖУСАУ, КІРУ, ЖАЙ ТАБУ, САЯ ТАБУ)** – көңілі орнықты, тыншыды, көңілі көншіді.

○ Айттыңыз ғой, **жаныңыз жай тапты** ма? (С.Ордашева).

○ Патша қатын әлденені тындырып, **жаны жай тапқандай** мейірленіп күлкі қысқан дауысын бәсеңдетіп «Мен боламын» - деді сұқ саусағымен өзін-өзі көрсетіп (Р. Мұқанова).

- - *Жоға!* - *Избасардың ширығып жаны кірді* (Ә.Сараев).
- *Байқұс бала жаны жәй тауып, рахаттанып ұйықтап кетті* («Жұлдыз»).

❖ **ЖАНЫ ЖАРА//ЖАРАЛАНУ** – қайғылы, күйікті.

- *Берген оянып, жаны жараланғандай, әл дәрмені таусылғандай ауыр ыңырсыды* (С.Ордашева).
- *Келеді Қорқыт сорлы жаны жара.*  
*Ай-жыл өтіп, ер әбден арыған шақ,*  
*Алыстан бұлдырлайды тағы қара* (Мағжан).

❖ **ЖАНЫ КӨЗІНЕ КӨРІНУ / ЖАНЫ МҰРНЫНЫҢ ҰШЫНА КЕЛУ / ЖАНЫ ТЫРНАҒЫНЫҢ ҰШЫНДА (ҰШЫНА КЕЛУ)** – қатты қорықты, кенет шошыды; қатты киналды, безектеп қысылды.

- *Қозғалайын десе-ақ жаны көзіне көрінеді* (Е.Мырзахметов).
- *Мұнда не айтылды екен? - деп оқи бастағанда, сыншы жігітіміздің жаны мұрнының ұшына келді* (Ғ.Сапаев).
- *Сабақта отырғанда да мұғалім бетіме қараса, жаным тырнағымның ұшына келеді* (Б.Соқпақбаев).

❖ **ЖАНЫ ИНЕНІҢ ҰШЫНДА** – тақат таппады, әбігерге түсті, үрейленді.

- *Қауқаш қойшы жаны иненің ұшында тұрғандай абдырап, аузына сөз түспей, өзіне қадалған көздерден қашып құтылатын тесік таба алмай абдырады* (С.Елубаев).
- *Өзіңді мұқатып жаныңды иненің ұшында ұстаудағы мақсатың не?* («Жаңа пьесалар»)

❖ **ЖАНЫ КҮЮ** – 1. аяды, есіркеді. 2. ыза болды, қорланды; жаны заяда өртенді;

- *Досының беркесіз халыне Қалжанның жаны күйді* (К.Жүнісов).

○ **Жаным күйіп** жабырқап жүргенімде қаршадай болып бас еркіндігін көксеймін, азаптап құтылу амалын іздеймін (С.Омаров).

○ *Неге ішетінімді білесің бе? **Жаным күйіп** шыдатпай барады (Б.Тілегенов).*

❖ **ЖАНЫ ҚАЛМАУ / ЖАНЫ ШЫҒА ЖАЗДАУ** –

1. зәресі ұшты, қорықты; 2. бәйек болды, бар ынты-шынтысымен күтті.

○ *Той ұзарған сайын Нарманның **жаны қалмады** (Б.Алдамжаров).*

○ *Біздің Қазақстаннан екенімізді білген, самайын ақ қырау шалған қартаңдау келген мейманхана қызметкерлерінің бірі құрақ ұша **жаны қалмады** (Ы.Кененбаев).*

○ *Ойпырмай, ойпырмайлап! – екі шалдың да, әжесінің да **жаны қалмады** (Б.Шаханов).*

❖ **ЖАНЫ ҚИНАЛУ** – азап шекті, жаны көзіне көрінді.

○ *Жұмыс табылар несіне **жаны қиналып**, кеңсенің жалдама ақшасын төлей алмай қылпылдап жүрген адамға жалдануым керек? (С.Ордашева).*

○ *Ағасының сәлемі бар, ал баланың өзі емтиханнан кілең үштік баға алып, досымның **жаны қиналып** тұрса керек (Ұ.Доспанбетов)*

○ *Қыспаққа түскендей Жандостың **жаны қиналды** (А.Жақсыбаев).*

❖ **ЖАНЫ ТАҒАТ ТАППАУ** – мазасыз күйге ену.

○ *Әуежайға қалықтап келіп қонған ақ лайнерден түскен қызының төбесі көрінгенше Айғанымның **жаны тағат таппады** (Н.Бектемірова).*

○ *Ол еңбегі жанып, еккен жеміс бауынан алғаш рет жеміс көре бастаған бақшашыдай өзінен-өзі дегбірсізденіп, талабы мол сезіммен **жаны тағат таппай**, жүрегі алып ұшады (М.Иманжанов.).*

❖ **ЖАНЫНА БАТУ (ТИЮ)** – қабырғасын қайыстырды, қатты күйзелтті.

○ *Екі көзінің алдындағы көкпеңбек дақты жігіттердің көріп қойғаны жанына батты (Б.Мұқай).*

○ *Оң санымнан оңдырмай тепті, ауыр соққы жаныма батты (С.Ордашева).*

○ *Оны да қойшы, бәрінен де басымда бір тесік саңлаудың қалмауы жаныма қатты батты (Ұ.Доспанбетов).*

○ *Осындай адамға Қизат қара жүректің төресініп зіркілдеуі жаныма батты (Ш.Елеуқенов).*

❖ **ЖАНЫНА ЖАҒУ/ЖАНЫНА МАЙДАЙ ЖАҒУ** – іңкәр болды, ұнады.

○ *Тоқ баланың уіліне ұқсас жұп-жұмсақ жұмбақ ән жанына жағып кеткен ол көз жұмулы, көңіл мас күйде, сол әсем әуезге бойы балқып біраз жатты (С.Досанов).*

○ *Жұп-жұмсақ, жып-жылы алақан жанына жағып барады (М.Есламғалиев).*

○ *Белгітайдың бұл көсілуі Шыңғыс ханның жанына майдай жақты (С.Ақатаев).*

❖ **ЖАНЫНАН ТҮҢІЛУ** – түңілді.

○ *Тесілген сонда жүрекке,  
Найзаның сабы ілінді*

*Хан жанынан түңілді («Нозайлы жырлары»).*

○ *Осындай қатерлі сәтте жанынан түңіліп, жүрегі дірілдеп, ажалмен бетпе-бет келіп, елші қара кешке дейін отырды (Т.Қасымбеков).*

❖ **ЖАНЫНДАЙ КӨРУ (ЖАҚСЫ КӨРУ)** – қатты ұнатты, өте сүйді.

○ *Бұл шахтердың жанындай жақсы көрген жалғыз баласы болған (С.Бақбергенев).*

○ *Ажал мұның ең жанды жерінен соқты, жанындай жақсы көретін тетелес інісін алып кетті (Т.Ахтанов).*

❖ **ЖАНЫН КӨЗІНЕ КӨРСЕТУ** – қатты қысты, зәресін алды; апшысын қуырды.

○ *Бүкіл денесі қозғалса ауырып, жанын көзіне көрсетті* (Б.Мұқай).

○ *Жұдырығы не деген ауыр еді, ішін, бүйірін тесіп жібере жаздап іреп сойып жанын көзіне көрсетіп барады* (Д.Досжан).

○ *Түн болса аяғым сырқырап, жаным көзіме көрінеді* (Е.Домбаев).

❖ **ЖАРА САЛУ** – қайғыға салды, уайымға қалдырды, көңілін алаң қылды.

○ *Сен менің асыл махаббатымды қорладың, жаныма жара салдың* (Т.Әбдік).

○ *Ондай азаматтықты бұл Черняев пен Корнилов бойынан таба алмады, қайта жаламен жара салды* (С.Бақбергенев).

❖ **ЖАНЫ КҮЮ** – қытығына тиіп, ыза кернетті.

○ *Ол сіздің өзін сүймейтініне жаны күйеді, сіз қанишама жыл іштегі кекті қабаттап жинап келіп, ол әбден асқынғанда барып, бәрін бірден шешпекші болып тұрсыз* (С.Ордашева).

○ *Анзордың онсыз да жаны күйіп отыр еді, ол аздай Кесира қытығына тиді* (М.Мұсаев).

○ *Қодар қайғыдан сандалып, жаны күйіп отырып: «Маңымда тұлдыр жоқ. Құдай маған қылды ғой. Кәпір өтсем де, енді кәрінен аянарым жоқ,» - деді* (М.Әуезов).

❖ **ЖАНЫН ҚОЯРҒА ЖЕР ТАППАУ** – әбден мазасызданды, әбігерге түсті, әлек болды; жаны көзіне көрінді, әбден қиналды.

○ *Мұндай сәтте құлқынына құяр тентек су табылмаса алас ұрып, жанын қоярға жер таба алмай кетеді* (Б.Мұқай).

○ *Күндіз жұмыстағы қарбалас Кикельхан басындағы жанып сөнген хикаяны ұмыттырып жіберсе, түн баласы жанымды қоярға жер таппаймын* (Ш.Елеукенов).

○ «Екі баламды осы суықта үсітіп аламын ба?» деп дағдарғанда шыбын **жанын қоярға жер таппады** (Р.Ниязбеков).

○ Адамның **жанын қоярға жер таптырмай**, тұла бойын шымырлатып, төбе шашын тік тұрғызды (С. Досанов).

❖ **ЖАНЫ ТҮРШІГУ** – аза тік тұрды, шошыды.

○ Оны көріп бұрынғыдан бетер **жаным түршікті** (Д.Исабеков).

○ Кермекқас Мырзайдікіне барысымен өткен түндегі оқиғаны жеткізді, **Жаны түршігіп**, уайымдады (Т.Әлмұқамбетов).

○ Қарабас **жаны түршігіп**, не істерін білмей, қызының қолын сипалай берді (А.Сараев).

❖ **ЖАНЫ ШОШУ** – қорықты, зәресі ұшты, екінші қайтып жоламастай болды.

○ Қолбасы тыныштықтан **жаны шошып** қорқады, ат жалын тартып мінгелі, тіпті бесіктен белі шыққалы тыныштық дегенді білмепті ғой (Д.Досжан).

○ Әбден байыған, ақшаның буына мас болып меймілдеп тойған адамның кесірлі сөзінен **жаным шошыды** (Б.Мұқай).

❖ **ЖАПА (ЖӘБІР) КӨРУ / ШЕГУ** – қорлық көрді, азып-тозды, қайғы-қасіретте.

○ Мен сізге шындықты айтқаным үшін **жапа шеккенімді** айтып отырмын (Б.Мұқай).

○ Кәрінің шашындай дудырап, жапырағы жұлқыланған тал-қайың мезгілсіз **жапа шеккенге** ұқсайды (Ұ.Доспанбетов).

○ Мені ешкім ұқпады, мен **жәбір көрдім**, патшам (Б.Қойшыбаев).

❖ **ЖАСЫН (ЖАС) ТӨГУ** – егіле жылады, еңіреді.

○ Үйде оңаша отырғанда көзінің **жасын төгіп** өксіп жылайды, бәжесін дауыстап шақырғысы келеді (С.Омаров)

○ Қараған сайын көңілі босап, қос иығымен солқылдап, **жас төкті** (Қ.Қазиев).

○ Ол қорқыныштан көздерін жұмып, кәріліктің көз **жасын төкті** («Жұлдыз»).

○ Менің ішке кірген тықырымды естіп, өксігін ішіне тартып, аз булықты да, шыдай алмай қайтадан жылап жіберді, енді тіпті қақалып, булығып **жасын төкті** (Т.Ахтанов).

❖ **ЖЕЛІГІ БАСЫЛМАУ** – екпіні, қызуы қайтпады, тасыған көңілі қайтпады.

○ Ауылдан шыққалы бері Арыстанның **желігі басылмай** қойған құла құнанның басымен алысып бірде озып кетеді, бірде кейін қалып, шоқыта қуып жетеді (А.Смаилов).

○ Таңатар да ұлды болды, бәрібір үлде мен бүлдеге оранған әйелдің **желігі басылмай**, желкесіне мініп алып еді («Жұлдыз»).

❖ **ЖЕП ҚОЯ ЖАЗДАУ** – қатты ашуланды, қолды- аяққа тұрғызбай ұрысты.

○ Артынша: «Мұның аяқ астынан директор бола қаларын кім білген?Қалай қателестік,а?»- деп **жеп қоя жаздады** (Қ.Найманбаев).

○ Келе сала Ұзақты түтіп **жеп қоя жаздады** (Қ.Жұмаділов).

○ Бәрі ашына сөйлеп, тура **жеп қоя жаздады** (М.Иманжанов).

❖ **ЖЕП ҚОЯТЫНДАЙ (ҚОЯРДАЙ) ҚАРАУ, КӨЗІМЕН ІШІП-ЖЕП ҚАРАУ** – сұстана қарады, қатты қызықты, екі көзімен ішіп-жеп, сұқтана қарады, үздіге, обырлана көз тікті.

○ Өздерін осындай бейшара халге түсіргені үшін, оған зәрлене қарап, табанда **жеп қоярдай** айбат шекті (К.Оразбекұлы.)

○ *Былайғы ән айтып биге гана шығатын түкпірдегі есіктен көтеріліп келе жатқан үш кісіге көзімен ішіп-жей қарады («Қазақстан әйелдері»).*

❖ **ЖЕР БАУЫРЛАП ЖАТУ** – жата қалып жылады, қатты қайғырды, уайымдады.

○ *Аяқ жағында жер бауырлап жатқан Ахмет де тұмсығын көтере, басын қизаш бұрып, екеуіне таңдана қарайды. (К.Оразбекұлы).*

○ *Зарқұм тырмысып, жер бауырлап жатып алды (Т.Жұртбай).*

○ *Бәйбіше төрде, сұлық түсіп, жер бауырлап жатыр (Б.Тілегенов).*

❖ **ЖЕРГЕ КІРІП КЕТЕ ЖАЗДАУ/ЖЕРГЕ КІРГЕНДЕЙ БОЛУ** – бетінен оты шығып, қатты ұялды, өзін қоярға жер таппады.

○ *Жерге кіріп кете жаздадым, «айтпа» деп ернімді тістеп, басымды шайқасам да тыңдар ол жоқ (Д.Исабеков).*

○ *Бұл ұялғаныннан жерге кіріп кете жаздады (Ж.Молдағалиев).*

○ *Беларус тракторы балонының ішінен машина бөліктерінің түр-түрі табылғанда, қоймашы жігіт жерге кіріп кете жаздады (Б.Тогысбаев).*

❖ **ЖЕРГЕ ҚАРАУ (ҚАРАТУ)** – ұятқа қалды, ұятқа қалдырды.

○ *Ал өз ана тілін қадір тұтып, мәпелемеген адамды мен – намыссыз жасық жан деп есептеймін - деген күйі ол қабағын түйіп, жерге қарады (К.Оразбекұлы).*

○ *Апырай, мына бәлекеттің бүйректен сирақ шығарып тұрғанын қарашы, Нұртай осыны айтты да басын төмен салып, жерге қарады (С.Омаров).*

○ Сол үшін Құрманды: «Сенің, не менің әкемнің жайлауда жүрген жылқысы емес қой ол! - деп **жерге қараты** (М.Қуанышбаев).

❖ **ЖЕРГЕ ТҮКІРУ** – түңілді.

○ - Өзінен аспаған қазақы көкірек не қырар дейсің - деп **жерге бір түкірді** де үйге еніп кетті (Р.Сейсенбаев).

○ Дәрубай лезде жуасып қалды, ұнжырғасы түсіп, **жерге түкірді** (Б.Ыбырайымов).

❖ **ЖЕР ЖЕБІРІНЕ ЖЕТУ** – әбден ұрысты.

○ **Жер-жебіріне жетті**, айтпаған сөз, тақпаған кінәсі қалмады (Ә.Сараев).

○ Баламның алдында **жер жебіріме жетіп**, есімді шығарып жібердің ғой (Б.Мұқай).

○ Зимин түсіндіретін болып отырып, әрі Қазіреттің **жер жебіріне жетті** («Жұлдыз»).

❖ **ЖЕРДЕН АЛЫП, ЖЕРГЕ САЛУ** – әбден балағаттады, түп-түбімен қазбалап ұрысты.

○ – Мынаның сыбайласы қайта келіп жүрер, - деп Болат қабақ шытпағанда, қарауыл шал қызды **жерден алып, жерге салып**, түтіп жеуден тайынатын емес (Н.Ақыш).

○ Оның ашуы жаман еді, келгендерді үлкен-кіші демей **жерден алып, жерге салды** («Қазақ әдебиеті»).

○ Әрі қарай директор ферма меңгерушісін **жерден алып, жерге салды** (Ы.Кененбаев).

❖ **ЖЕРДЕН ЖЕТІ ҚОЯН ТАПҚАНДАЙ ҚУАНУ** – қатты шаттанды.

○ Әдеттегіден гәрі биіктеп, сорайып көрінген нөпір жасақтың арасынан салт атты екеудің сұлбасын жазбай таныған Қадыржанның даусы «**жерден жеті қоян тауып алғандай**» аса жарқын шықты (Ж. Елшібек).

○ *Бүгін жайқалып тұрғанымен ертең қурап қалатын шөпті алып жерден жеті қоян тапқандай желпілдеп жеткенше әлгі мәйкі-трусидің, наски-шұлықтың бір дорбасын арқалай келсең, мына көгенкөздер әбүйірлерін тауып, бәшпәйларын жылтыңдатпай, бір бүтінделіп қалар еді (К.Кенжеғалиқызы).*

○ *Со бір жылдары жерден жеті қоян тапқандай жас композитордың әндерін радиодан күнде беруші еді (С.Досжан).*

❖ **ЖЕР ТАЯНУ (ТАЯНЫП ҚАЛУ)** – уайым-шерге батты, қайғыда қалды.

○ *Көзінен жасы ырышып кетті, «әттең-ай» деп қос қолдап жер таянды (С.Елубаев).*

○ *Біресе қасық ұстап, ұстағанымен етке созбайды, табақ шетіне сүйей салып, кесеге жармасады, оны да ұмытып, жер таянды... (М.Қабанбай).*

❖ **ЖҮЗІ (Өңі) СЫНЫҚ** – 1. сыпайы, инабатты, ұятты; 2. бет ажары бәсең, көңілдері төмен, бірденеден беті қайтқан

○ *Мойындары салбырап келген іздерімен кері қайтқан олардың жүздері сынық, жанарларына мұң ұялағандай (Ж. Елшібек).*

○ *Есік алдында бірі қырын тұрған келіншегіне қарады, жүзі сынық, мұңайып жасып тұр (Д.Досжан).*

○ *Жүзі сынық, жүдеу көрінсе керек, Сембек: Денсаулығың қалай? - деп сұрады (А.Жақсыбаев).*

❖ **ЖҮЗІ СУЫҚ** – шырайы салқын, ызғарлы.

○ *Қанша көріп жүрсе де аңғармапты, мына кісінің жүзі суық, тіпті аса зәрлі екен (Б.Мұқай).*

○ *Жүзі суықтау, үйреніспеген кісісіне шақырайып қара, қырсықтау сөйлеп отыратын да әдеті барды (Т.Нұрмағамбетов).*

○ *Көңілсіз, әлгіндегі жарқын жүзі суық тартып кетіпті (М.Қуанышбаев).*

❖ **ЖҮЗІ (ӨҢІ) СЫНЫҚ** – 1. сыпайы, инабатты, ұятты; 2. бет ажары бәсең, көңілдері төмен, бірденеден беті қайтқан.

○ Бір байқағаны Ақжарқынның **жүзі сынық**, киімі жұпыны екен дейді (М.Абдрахманов).

○ Әйтеуір Жарылқасын таңертеңгі шай үстінде **жүзі сынықтау**, әлдебір түсініксіз, бей-жай күйде отырды (Ж.Мусин).

○ Мүсәпірлердің **өңі сынық**, даусы әлсіз шықса, байшыкештердің түрі түтігіп тұрады, дауыстары өктем естіледі (О.Сәрсенбаев).

❖ **ЖҮЙЕСІ БОСАУ** – егіліп, елжіреді, мейірі түсті, алпыс екі тамыры иіді.

○ Біз екеуміз үшін алқына шабыстан, азбас-тозбас қара аяң жақсы – деп, Жәкең жан **жүйесі босап** бара жатқан кәрі досына басу айтты (Ж.Мусин).

○ - Бәсе - деп қыз кеңіп сала берді. – Өзі де бір жүрегі елжіреп, **жүйесі босап** тұрған хат еді (У.Қыдырханов).

○ Іңкәрдің **жүйе-жүйесі босап**, тізесі бүгіліп барады (С.Мыңжасарова).

❖ **ЖҮЙКЕНІ КЕСУ, ЖҮЙКЕСІН ҚҰРТУ/ЖҮЙКЕСІ ЖҰҚАРУ** – мысын құртты, діңкелетті, әбден шаршатты.

○ Жүрегім сыздай ма, жоқтан жоқ үрейге беріле ме, – әйтеуір **жүйкемді жұқартып**, ақыры құс ұйқы етті (Ш.Елеуенова).

○ Алғашқы сезім де, қуаныш та гайып болып, қайтадан **жүйкесі жұқарды** (Р.Мұқанова).

○ Көбінесе бір-бірін қайталайтын тексерістер кәсіпкерлердің **жүйкесін жұқарту** мен қалтасын қағудан әріге бармайды (А.Әлібаев).

○ Есалаң Жүсіптің орынсыз қалжыңы онсыз да бір қолын екі ете алмай жатқан Рыскүлдің **жүйкесін жұқартты** («Қазақстан әйелдері»).

❖ **ЖҮНЖІП КЕТУ** – бейшара болды, ұнжырғасы түсті, аяғынан тозды, азып-тозды.

○ *Ойында не бар екені белгісіз, иіні түсіп, жүнжіп кетті (Д.Досжан).*

○ *Бірақ атамның қазасынан соң жүнжіп кетті (Ш.Күмісбаев).*

○ *Салпаңқұлақтардың сергелдеңінен кейін Сейлхан жүнжіп кетті (Ж.Аупаев).*

❖ **ЖҮНІ ЖЫҒЫҚ (ЖЫҒЫЛУ)** – беті қайтқан, еңсесі түскен, көңілі басылған, екпіні басылды, беті қайтты.

○ *Күнкөрістің, бала-шағаның қамымен таң атырып, күн батырған базаршылардың дәрменсіз әрекетіне күйіп-ніскен Мұратбектің де жүні жығылып қалғандай (Ж. Елшібек).*

○ *Бүкіл бір жалтақ елді ашса – алақанында, жұмса – жұдырығында ұстап отырған Сұржекейдей дөкейдің өзін бұ келіншек бетпе-бет келгенде құрақ ұштырды-ау, арыстандай ақырған бастық екен деп жүні жығылып, елпең қағып етегіне сүрінбеді-ау (С.Елеубай).*

○ *Үйіне жүні жығылып, болдырып қайтты (С.Досжан).*

❖ **ЖҮРЕГІ АУЗЫНА ТЫҒЫЛУ / ЖҮРЕГІ АЛЫП ҰШУ** – қатты толқыды.

○ *Өмірінде ең қорқатын нәрсесі үлкендерің арасындағы ұрыс-керіс болатын, жүрегі аузына тығылып үрейден іші бүрілді (Т.Әсемқұлов).*

○ *Сөйткенше болмады, бүйірлеп құлдайлаған инелік ұшақ жұдырықтай жүрегін аузына тығындап төмендей берді, төмендей берді (Ж. Елшібек).*

○ *Ит-құстың ұлығанын естігенім осы еді, жүрегім аузыма тығылып, енді болмағанда шананы торы биімен қоса тастай қашайын деп тұрғанмын (Қ.Ысқақ).*

○ *Бәйтеннің көз алдына назардың Дәуітбайларға істеген ісі елестеп, қорыққанынан ауа жетпей, жүрегі аузына тығылды (Т.Әбдік).*

- *«Шын, шын дейді» жүрегі алып ұшып (Б.Мұқай).*
- *Аяанның жүрегі алып ұшып, неге екені белгісіз, шаршап-шалдыққанша жүгіргісі келді (М.Қожахметова).*

❖ **ЖҮРЕГІ АЛҚЫМЫНА КЕПТЕЛУ / ТЫҒЫЛУ** – қобалжыды.

○ *Бақыттың үйіне тақап қалғанда Жібек қылкөпірден өткелі тұрғандай жандәрмен тартынып, шегіне берді, жүрегі алқымына кептеліп, аузын ашса ұшып шығардай (Ә.Орынбаева).*

○ *Хадишаның жүрегі лүпілдеп келіп алқымына тығылды (Б. Мұқай).*

○ *Оның құшағы есіне түскенде, дүрсілеген жүрегі алқымына тығылып, көзі жұмулы көңілі тынымсыз бір күйге енді (Ф.Оңғарсынова).*

❖ **ЖҮРЕГІ ШЫМ / СОЛҚ ЕТУ** – көңілі қобалжыды, қорқып, үрейленді, секем алды.

○ *Екі иығы қушыып дірілдеген Сыздықтың өзіне ашқарақ көзбен, қасқыр пейілмен қарап қалғанын байқаған Аяғанның жүрегі әлсіз шым етті (Б.Мұқай).*

○ *Аққатын іштен тіксініп, жүрегі шым етті (М.Қожахметова).*

○ *Сарыбай жүрегі солқ ете түсіп басып көтере берді (Т.Қасымбеков).*

❖ **ЖҮРЕГІ ЕЛЖІРЕУ / ЕЗІЛУ** – жаны ашыды, көңілі түсті, аяды; мейірленді.

○ *Торғын жеті түнде құрақ ұшып, әлсін-әлсін қымтап қойып, күнсіген шашын аялап сипаған. Ет жүрегі елжіреп, маңдайынан құшырлана өбеді (Ж. Елшібек).*

○ *Осы әуен жүректі елжіретіп, тербеле ырғады, осы сыңғыр үн жанға бойлады, қанға бойлады (Ә.Ыдырысов).*

○ *Бала дегенде әйел атаулының жүрегі езіліп тұрады (Б. Мұқай).*

- ❖ **ЖҮРЕГІ ЖАНУ** – ғашықтықтан іші елжірей өртенді.
  - *Қараса болды қуаныштан өкпесі өшіп жүрегі жанып сала береді (Ә.Сараев).*
  - *Кеменнің көзі жұлдыз боп жанды. Ықылас жүрегі де жанды (І.Жақанов).*
  
- ❖ **ЖҮРЕГІ ЖАРЫЛУ / ЖҮРЕГІ ЖАРЫЛА ЖАЗДАУ** – қатты қуанды, көңілденді.
  - *Жаным... - осы бір жүрегі жарылардай болып бүгін Төлегенге арналып тілінен орала берген қасиетті сөздің дәмін алғандай тамсана түсті (Ә.Орынбаева).*
  - *Соның өзіне қуанып, жүрегі жарылардай болған ол қатпарланған шалбарын көтеріп қойып, артына екі-үш тақтай байлаған белсебетіне отырды (К.Кенжеғалиқызы).*
  - *Ол бізге көмектеседі, - деп жүрегі жарылардай қуанған қызын Айсара құшағына қысып, үнсіз егілген (Б.Мұқай).*
  
- ❖ **ЖҮРЕГІ ҚАН ЖЫЛАУ** – жаны ауырды.
  - *Нағыз құстай ұшып, құлындай құлдыраңдап жүретін шағында арбаға таңылған оған деген аяныштан жүрегім қан жылады (С. Досжан).*
  - *Аяғанның мұңға күпті жүрегі қан жылап, жанын қоярға жер таппай тыпырлайды (Б.Мұқай).*
  - *Асланның жүрегі қан жылап аяғын үзеңгіге салды (С.Досжан).*
  
- ❖ **ЖҮРЕГІ ЖҰМСАҚ** – ізгі жүректі, адал көңілді, адал бейілді, рақымшыл.
  - *Жасы кіші, жүрегі жұмсақ адам зой (Ж.Молдағалиев).*
  - *Жүрегі жұмсақ дәрігер табылып басқа диагноз қойып жасырын жатқызып емдеді (Д.Досжан).*
  - *«Бәсе, жүрегі жұмсақ сияқты еді зой, жібіін деді ау осы» деп қуанып қалды (А.Жылқышиев).*

❖ **ЖҮРЕГІ ДІР (ЗУ) ЕТУ** – бірден қатты шошыды; кенет қатты қорықты.

○ *Асқардың шалықтаған адамша төңірекке ештеңені көрмейтін бір көзқараспен қарап тұрғанын көріп, Бикеннің жүрегі зу ете қалды (Т. Әбдік).*

○ *Маңғаздың сыбырлай айтқан сөздерінің астарында жасандылықтың ба, аярлықтың ба, әйтеуір саңылауына сорақы да тұрпайы естілген үннен жүрегі дір етті (М.Қожахметова).*

○ *Жүрегім дір етіп, құлағымды тіге қалдым (Ш.Елеуенова).*

❖ **ЖҮРЕГІ ЛОБЛЫДЫ** – қорықты.

○ *Қамар отырған арбаны көз қиығымен ұзатып салған Торғынның аяқ астынан жүрегі лоблығандай ма, әлде үрей билегендей ме? (Ж. Елшібек).*

○ *Елегізіп көңілсіз қайттым, жүрегім лоблып, көңілім өрекігендей, қоңылтақсығандай болды (Қ. Ысқақ).*

○ *Келіншектің жанарында үрей, жүрегі лоблып аузына тығылды (З.Шүкіров).*

❖ **ЖҮРЕГІ КҮПТІ БОЛУ** – 1. тамақтан бейжай болды; 2. қорықты, жүрегі лоблыды.

○ *Әйтеуір май ішкендей жүрегі күпті бір жағдайға тап болды (Ә.Сараев).*

○ *Көптен бері шеше алмай, жүрегі күпті болып жүрген мәселенің ұйғарымын кесіп-пішіп кеткендей болды (К.Жүнісова).*

❖ **ЖҮРЕГІ ҚАРС АЙРЫЛУ** – қайғыдан қатты күйінді, өзегі өртенді.

○ *Күт дегені елге орыс қызына үйленіп келді, күтем дегені жүрегі қайғыдан қарс айырылды (Р.Сейсенбаев).*

○ *Базары тарқаған өлкенің ұсқыны жаман, құлазыған меңіреу өлкені көріп, жүрегі қарс айырылып, күрсініп жатып оянып кетті (Д.Досжан).*

○ *«Жүрегі қарс айырылды» деген сөзді естуші едім, соның мағынасы миыма жаңа жетті, мына баланың жүрегі қақ ортасынан айырылып жатыр (Т.Ахтанов).*

○ *Ауық-ауық тынысын тереңнен тартып, жүрегі қарс айрыла күрсініп қояды (Ә.Нұрпейісов).*

❖ **ЖҮРЕГІ ЛҮП ЕТУ (ЕТЕ ТҮСУ)** – 1. бір нәрседен жай секем алды; 2. кенет келген қуаныш сезімі.

○ *Темірдің жүрегі лүп ете түсті, көзін аударып әкетті (Т.Қасымбеков).*

○ *Осыны ойлаған Зиялының жүрегі лүп ете қалды (Б.Мұқай).*

○ *– Маширап? – Жақып Тешаевичтің жүрегі лүп ете қалды («Әңгімелер жинағы»).*

❖ **ЖҮРЕГІ МАЙ ІШКЕНДЕЙ КІЛКІЛДЕУ (БОЛУ)** – көңілі қобалжыды, тынышсызданды.

○ *Осыны ойлаған Ахтанның жүрегі май ішкендей кілкіп, басы шырқ айналып, түйе арбаға сүйене берді (Ә.Сараев).*

○ *Тұрар сөйлей бастағаннан жүрегі май ішкендей кілکیدі (А.Смаилов).*

○ *Садырбек кешіккен сайын, жүрегі май ішкендей қобалжып, ренжитін оң қабағы тарта береді (Т.Рахымжанов).*

❖ **ЖҮРЕГІНЕ ДАҚ ТҮСУ / ЖҮРЕГІНЕ ДЕРТ (ЖАРА) ТҮСУ** – қайғы-өкініш ұялады, өксікті өкініш меңдеді.

○ *Жүрегіне дақ түсіп отырса, бұ бар болғыр дүниеге қайтып сиярсың (Ж.Ахмади).*

○ *Ал жаман тәрбиеден тараған зардап адам жүрегіне дерт болып шөгіп, уболып жайылады емес па? (М.Иманжанов).*

○ *Жұбайынан қапияда айырылып, жүрегіне жара түсті* (С.Омаров).

❖ **ЖҮРЕГІН ЖАРАЛАУ** – жанына жара салды.

○ *Өзі үшін сол махаббатың азап қана еді, жанын жеді, жастық шағын ызым-қайым етті, жүрегін жаралады* (Д.Досжанов).

○ *Соғыс адам жүрегін мәңгі жаралады* (Л.Құрманбаева).

❖ **ЖҮРЕГІ ОРНЫНА ТҮСУ (ОРНЫҒУ)** – көңілі жайланды, жүрегі жай тапты, сабасына келді, қорқынышы, не қуанышы басылып, өзіне-өзі келді, толқыған көңілі басылды.

○ *«Бұқа» көп ұзамай ыржалақтап күле бастады, Қозбағардың жүрегі орнына түсті* (С.Елубай).

○ *Татуласқандарыңды көріп, енді жүрегім орнына түсіп тұр, бір-бірлеріңді ұнатқандарыңнан бейхабар екенмін* (Н.Бектемірова).

○ *Сөйлеп тұрған өзінің көңіліндегі Назар екенін білгеннен кейін, жүрегі орнына түсіп, әңгіме өзіне ұнағандай болып, әлгі бейнені көз алдына қайта шақырды* (Т.Әбдік).

○ *Көзімді ашқанда төсектен ұшып түсіп, еденде жатқанымды көремін, жүрегім орнығып қуанып қаламын* (Қ.Ысқақ).

❖ **ЖҮРЕГІ ӨРЕКПҮ** – көңілі қобалжыды.

○ *Жүрегі өрекіп, аузына тығылып, сабағын да жөндеп бере алмады* (Т.Әбдік).

○ *Ал қазір өзімнің солқылдаған осалдығыма таңқаламын, жүрегім өрекіп, жыным қысылып, әрең жүрмін* (Н.Бектемірова).

○ *Ваннаға кіріп біраз тұрған, жүрегі өрекіпіді* (М.Қожахметова).

❖ **ЖҮРЕГІ СУ (ДІР) / ЗУ ЕТУ** – бойын қорқыныш биледі, үрейленді, зәресі ұшты, шошып кетті.

○ Аулада, тас ошақ маңында, қазанда қайнаған сүтті сапырып Хансұлу тұрған, **жүрегі су ете түсті** (С.Елубай).

○ Ол үйде Зәуреш тұратынын білген Сатыпалды **жүрегі дір ете қалды** (Н.Бектемірова).

○ Қыз жүзінен белгісіз кірбіңді көргенде қаралы хабар күткендей **жүрегім суылдады** (Ж.Рахматулла).

○ Ішінен форма киген тәртіп сақшысы, оған ілесе Тұрақан мен оның шешесі түскенін терезеден байқап қалып, **жүрегім зу ете** қалды (С.Досжан).

❖ **ЖҮРЕГІ ДАУАЛАМАУ** – батылы бармады, қаймықты, тайсалды.

○ Шынтуайтына келгенде, бейбастақ қарақшыларды ұстап алуға мына кірпідей жиырылғандардың ешқайсысының **жүрегі дауаламаған** (Ж.Елшібек).

○ Қарға адымдағы профессордың үйіне кіріп шығуға **жүрегі дауалмады** (Б.Мұқай).

○ Бұрын мұндайды көрмеген Бекайдар **жүрегі дауалмай**, олардың маңына да тақала алмады (А.Қайролла).

❖ **ЖҮРЕГІ СЫЗДАУ** – жанына батты, жанын ауыртты.

○ Көзің бар көресің, құлағың бар естисін. Еріксіз ойланасың. Бәрі-бәрі... **Жүрек сыздамады** да... (Ж. Елшібек).

○ **Жүрегі сыздап** ауырып, есіктің жақтауына сүйеніп, сыртқа шығады (Б.Мұқай).

○ Оқыстан **жүрегі сыздап** қоя берді (М.Қожахметова).

○ **Жүрегін сыздатып**, жанын улаған осы бір ой есіне түскенде Сыздық терең күрсініп, өшін темекіден алғысы келгендей көк түтінді будақтатып, үсті-үстіне сорды (Б. Мұқай).

❖ **ЖҮРЕГІ СУЫП (МҮЗДАП) ҚОЯ (САЛА) БЕРДІ / ЖҮРЕГІНЕ МҮЗ ҚАТТЫ** – 1. қатты қорықты, үрейленді; 2. ренжіді, көңілі қалды.

○ *Көңілі сәл ғана босап еді, әпсәтте жүрегі мұздап қоя берді* («Әңгімелер»).

○ *Өзге дүниенің бәрін ұмытып, ынта-зейіні өзіне ауған Маңғаздың жанарындағы өлімсіреген ұшқыннан «маған бәрі бір, сен бе, басқа ма...бәрі бір» дегенді аңғарып, жүрегі мұздап қоя берді* (М.Қожахметова).

❖ **ЖҮРЕГІ ТАС ТӨБЕСІНЕ ШЫҒУ** – қатты үрейленді, шошып кетті, қорықты.

○ *Өздерінің құлаштай қанжарлары бар екен. Қынынан суырып алғанда жүрегім тас төбеме шықты* (Ж. Елшібек).

○ *Жарастың құлпытасына байлаулы тұрған Тоқтасынның тор көз, көк жейдесін көріп шошып кетеді, жүрегі тас төбесіне шығады* (С.Елубай).

○ *Неге екенін қайдам жүрегім зу ете қалып, тас төбеме шықты* (Н.Бектемірова).

❖ **ЖҮРЕГІ ТЕБІРЕНУ** – елжіреді.

○ *Әрине, бұл кереметтей қатты қуаныштан аналық жүрегі тебіреніп кеткен ыстық жас келеді* (А.Нәбиев).

○ *Ақын жаны, ақын жүрегі тебіреніп кеудесін қысып отыр* (Т.Төреханов).

❖ **ЖҮРЕГІ ШАЙЛЫҒУ** – беті қайтты, қаймықты, шошыды, сескенді, запы болды.

○ *Бірақ олардан да жүрегі шайлығып, ыға қоятын арлан жоқ* (С.Жүнісов).

○ *Төбелескеннен кейін жүрегі шайлығып қалған Аяған қандай жауап қайтарарын білмей абыржыды* (Б.Мұқай).

○ *Қарны ашып итаяғын тіміскілеген төбеттей елестеп, жүрегін шайлықтырған...* (М.Қожахметова).

❖ **ЖҮРЕГІ УДАЙ АШУ** – аяды, өкінді.

○ *Оны көргенде Ғалияның жүрегі удай ашыды, неге екенін өзі де білмеді, қызғаныш оты шарпыған шығар* (Л.Құрманбаева).

○ *Тосыннан жаңалықты естігенде жүрегі удай ашып, толқып кетті («Жұлдыз»).*

❖ **ЖҮРЕГІ ҰШУ / АЛЫП ҰШУ** – қорықты.

○ *Ауылдағы елдің, бүкіл бастықтардың жүрегі ұшты (Т.Сұртайұлы).*

○ *Кетші әрі, жүрегімді ұшырдың зой тегі (Б.Мұқай).*

○ *Жүрегі алып ұшып Зейінгүл жатқысы келмей, Галяны күтті (М.Иманжанов).*

❖ **ЖҮРЕГІНЕ АС БАТПАУ** – сабырсызданды, көңілі орнына түспеді, көңілі күпті болды; жегені желім болды.

○ *Кейде жүрегіне ас батпай, түнде ұйқы, күндіз күлкі жоқ тұнжырап бас көтермей жүретін күндері көп болатын (З.Ақышев).*

○ *Жүрегіне ас батпай толқумен соңғы күндерін әзер өткізгеніне қатты өкінді («Жұлдыз»).*

❖ **ЖҮРЕК ҚАЛМАУ** – қатты қорықты, үрейленді.

○ *Құрысын бүйтіп атқа мінгені, жүректен жүрек қалмады (М.Айымбетов).*

○ *Сұхбаттасудың ертең сағат тоғызда басталатынын ести сала уаымдағандығын, жүрегінен жүрек қалмағандығын түсіндіріп әлек («Жұлдыз»)*

❖ **ЖҮРЕК ҚЫЛЫН ШЕРТУ** – сезіміне әсер етті, көңілін аулады.

○ *Үздіге, үзілдіре салған мұңлы ән жүрек қылын шертіп, сәл болмаса үзіп жіберуге шақ қалды (Ж.Шағатаев).*

○ *Өйткені ол жүрек қылын шертіп, тыңдаушысын әр алуан сезімге бөлейді (М.Гумеров).*

❖ **ЖҮРЕК ТОҚТАТУ** – көңілін орнына түсірді; сасқалақтауын қойды; қорқынышы тарады.

○ **Сосын жүрек тоқтатты** білем, орнынан ширақ көтерілді (Т.Дәуренбеков).

○ **Тайман енді неге болса да берік бел байлап, жүрек тоқтатты** (З.Қабдолов).

○ **Сілейген қалпы ысына суынып, дірдектеп отырған Шақан дәл желкеден пысқыра тасырлаған дауыс естілгенде даусы шыға жаздап, әрең жүрек тоқтатты** («Жұлдыз»).

❖ **ЖЫЛАНША ЫСҚЫРУ** – қаһарын төкті, барынша ашу шақырды.

○ **Сусылдай сырғыған қар толқыны құйындай үйіріле көтеріліп, жыланша ысқырды-ай, кеп!** (М.Қаниев).

○ **Бәрінен балықшыларға қиын болды, мұз үсті жыланша ысқырып тұрған шығар** (Ж.Елшібеков).

❖ **ЖЫЛАП ӨТУ** – зар еңіреп өмір кешті.

○ **Бүкіл жас дәурен ғұмырым жылап өтті ғой, жылап өтті** (Н.Қапалбекұлы).

○ **Гүлбарам байқұс ғұмыр бойы жылап өтті** (Р.Мұқанова).

❖ **ЖЫЛАРЫН ДА, КҮЛЕРІН ДЕ БІЛМЕУ** – 1. қорқарын да, қуанарын да білмеді; 2. қатты қуанғаннан не істерін білмеді.

○ **Жыларын да, күлерін де білмей, біраз аңырып тұрар да:** «**Өй, мен бейбақ неғып тұрмын осы? Құлыным не жазды екен? ...**» деп, төргі бөлмеге кірер де, көзілдірігін киіп, хатты оқи бастар (И.Салахов).

○ **Балзия қанша қадала қарап, іздесе де өлеңді таба алмады, күлерін де, жыларын да білмеді** (З.Жүнісов).

❖ **ЖЫЛЫ КӨҢІЛ** – ілтипатты сезімге толы көңіл, жұмсақ, елжіреген көңіл.

○ **Іштей бөтен адам деп жатырқап тұрса да жылы көңіл танытқандай болды** («Жұлдыз»).

○ **Туысының оң қабағы мен жылы көңілі** көзінен көрінгендей болды («Әңгімелер»).

❖ **ЖЫЛЫ ҚАБАҚ ТАНЫТУ** – жылы шырай берді, жақсы қарсы алды.

○ *Әсемнің көзіне мұң тұнып, қабағы тұнжырады, соны сездіргісі келмегендей жігітке жылы қабақ танытып, күле қарады (Б.Мұқай).*

○ *Біреулермен қол беріп амандасып, біреулермен алыстан бас изесіп, жылы қабақ танытты (А.Жақсыбаев).*

○ *Ол сөйлей бер дегендей жылы қабақ танытты (Р.Ниязбеков).*

❖ **ЖЫЛЫ ҰШЫРАУ** – 1. ыстық көрінді, көзге оттай басылды; 2. іш тартты, жайдары кейіп білдірді.

○ *Алмабекті бейіт басына апарғанда, шаршы топқа басшылық етіп жүрген осы Бегімайдың суырыла сөйлегені, өлі аруақтың есімін ардақтап атап, жас бағланға арнаған жалынды сөздерін еске алған Аққуби, оған барынша жылы ұшырай қарауға тырысты (Ұ.Доспанбетов).*

○ *Тысқа шыққан аққұба кемпір Жарастың көзіне жылы ұшырады (Т.Әлімқұлов).*

❖ **ЖЫЛЫ ШЫРАЙ** – жайдары жүз.

○ *Комитет қызметкері жылы шырай танытып, бас шұлғып қояды (Б.Мұқай).*

○ *Жәй жылы шырай танытып, достық қарым-қатынаста болуыңа болады (Б.Мәдиева).*

○ *Бақыт Мәдімқызы істеріне аса жауапкершілікпен қарайды, науқас адамға жылы шырай танытып, асықпай тыңдап, арасында қалжыңдап күлдіріп те қояды. (БМәдімқызы).*

❖ **ЖЫЛЫ ШЫРАЙ КӨРСЕТУ/ТАНЫТУ** – жылы жүз, жайдары келбет көрсетті.

○ *Алтысқа иек артқан ілмиген арық сары әйел екі ретте де жылы шырай көрсетіп, күле қарсы алды (Б.Мұқай).*

○ Бір-екі рюмкадан кейін байқамады ма, басты алдына қойғанда **жылы шырай көрсетіп**, аңгімесін айтып отыр еді (Т.Тореханов).

○ Бірақ басышы оны салғаннан танып, **жылы шырай танытты** (Ә.Сараев).

❖ **ЖЫМЫҢ ҚАҒУ** – күлімдеді, езу тартып күлді.

○ Мені көрсе, **жымың қағып**, көзін қысып қояды (С.Сарғасқәев).

○ **Жымың қағып** жігіттер де бір-бір сары ала тостағанды ұстап жатыр (Б.Тілегенов).

○ Деді де бас жасауыл **жымың қақты**

Сол жымың көп жүректі суылдатты (Н.Сүлейменов).

❖ **ЖЫН БУҒАН БАҚСЫДАЙ БҮЛІНУ / ҚАЛШЫЛДАУ** – аласұрды, бұлан-талан болды, әлекке түсті, күйіп-пісті.

○ Құмар **жын буган бақсыдай қалшылдап**, долдана тебініп, төніп келеді (З.Шакенов).

○ Сен менің төсектен қайтып тұрмасымды, енді гұмыр бойы төрт тағандап қалатынымды білген минутта ақ **жын буган бақсыдай бүліндің** (Н.Келімбетов).

○ Ал **жын буган бақсыдай** қалш-қалш етіп, еліріп алған әйел кенеттен салтақ-салтақ қақты... (Т.Рахымжанов).

❖ **ЖЫНЫ ОЙНАУ / ҚОЗУ** – ашуы келді, ыза болды, «арқасы құрысты», ашуына басты.

○ Осындай жайлардан хабардар неше түрлі жалынды жүрек сөздеріне толатын хаттардың өзіне емес, жанында жүрген Мақпалға арналғанын көргенде Айшаның қызғаныштан **жыны ойнап** басына шығатын (Н.Бектемірова).

○ Нұрила өзін адам құрлы көрмей, сыртынан тон пішіп, құдалық кәдесін жасап жатқан мына «шалдарға» **жыны қозып**, жылап та алған (А.Қайролла).

○ Ал қараптан-қарап тұрып қазіргі қалтырағанына **жыны қозды** (С.Сарғасқәев).

❖ **ЖЫНЫНА ТИЮ / ЖЫНЫН КЕЛТІРУ** – ашуын келтірді, ызаландандырды.

○ *Соның бәрі күндер өте іштей Хадияның жынына тиіп жүрді (С.Досжан).*

○ *Қай уақыт екенін білмеймін бір кезде мына ауызғы бөлме де, тікірейіп, кербез қозғалған әлгі қыз да жыныма тие бастады (М.Омарова)*

○ *Мұншама құбылмаса қайтеді деп ойлады, қарадай кісінің жынын келтіреді (Қ.Найманбаев).*

❖ **ЖЫНЫН (САЙТАНЫН) ҚАҒЫП АЛАЙЫН** – арынын лезде басайын, тыйым салайын!

○ *Қарабас бүгін бір-ақ сәтте олардың жынын қағып алды (Ә.Сараев)*

○ *Игнаттың келіншегі де бастапқыда бұртыңдап мінез шығарғысы келіп еді, оған көнетін Игнат па жүндей түтіп, жынын қағып алды (Б.Тлегенов).*

○ *Он мың жылқы айдаған Қарабай байдың сұлу қызы әлгі Қодар батырды менсінбей, сайтан жолына түскенде, сол Қодар сайтанын қағып алған екен (Ш.Смаханұлы).*

❖ **ЖЫНЫН ҚҰСУ** – аузына келгенін сөйледі, аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты.

○ *Шаруаның жөнін айтқансып ілігісе кетеді де, содан байбаламдап бақырауық түйедей жынын құсады(Ө.Кәріпов).*

○ *Мінез шіркінді мұндайда ауыздықтар жан бар ма, ащы судың буымен аузынан келгенін айтып, жынын құсты («Жұлдыз»).*

❖ **ЖЫНЫН ШАШУ** – ашуланды, айбатын, ашулы қаһарын бетіне алып, кейіп, балағаттап жүрді.

○ *Зор үнімен ышқына бақырып, аузын иттерге арандай ашып, басын төмен сала жынын шашып, тайраңдап жөнелді (А.Алтай)*

- *Осы кезде түйе бақырып жынын шашты (М.Гумеров).*
- *Боран жараған бурадай жынын шашып азынап тұр (М.Қаниев).*

❖ **ЖЫНЫ ҰСТАУ** – ашуы келді.

- *Жасын сұрағанда жыны ұстап үндемеді (С.Досжан).*
- *Тұрарбектің әбден жыны ұстады (Қ.Найманбаев).*
- *Директор да түсінбеді, ол да «өкпең болса жасырмаға» басты, сол сәтте Нұрдың «жыны ұстады», басқаларды мазақтап, қылжақ қылып жүруді ұнататын әдеті (Ә.Тарази).*

❖ **ЖІБІ БОСАУ** – 1. ашуы қайтты; 2. екпіні басылып қалды.

- *Мұндай кісілер келіп кетісімен-ақ ағамыз бір түрлі жабырқап, жасып, жібі босап қалғандай көрінеді (Н.Келімбетов).*
- *Төлеш үндемеді, жібі босап қалған сияқты (Т.Дауренбеков).*

❖ **ЖІГЕРІН ҚҰМ ҚЫЛУ / ЖІГЕРІ ҚҰМ БОЛУ** – діңкесі құрып, жасып қалды; тауы шағылып, бармағын тістеді, қынжыла күйінді.

- *Бұрынғыдай төңіректе үй болса, «апалап» біреулері жүгіріп келіп, көмектесер ме еді, алапес болған жандарша жалғыз үй қалған мына отырыс жігерін құм қылып, жанын күйзелтті (Т.Әбдік).*
- *Бірақ әншейінде тілі удай ащы Пәкең ішіп жігері құм болатын, ал жеңгей мына сөзге әр жағынан іші жылып, күйеуін ұрысқа шақырғандай айқайын үдеткеннің үстіне үдетіп, боратқанның үстіне бората түсті (Е.Домбаев).*

❖ **ЖІГЕРІН ЖЕГІДЕЙ ЖЕУ** – азаптанды.

- *Сағынышы құрғыр сарқылтып, адамның жігерін жегідей жейді екен (Ш.Елеукенов).*

○ *Осы түсініс Шәрипаның бұрынғы жігерін жегідей жеді («Қазақ әдебиеті»).*

❖ **ЖІГЕРІ ТАСУ** – қайраттанды, қажырланды.

○ *Ал, «Ура!» деп жалындап, жігері тасып ұрыс сап жүрсе, бұлар жарақаттарынан айығып, майданға аттанады (Ш.Елеукенова).*

○ *Бүгін ерте оянған Ғайни арайлы таңға мас болғандай, көңілін шаттық кернеп, жігері тасып жүрді (Ж.Арыстанов).*

○ *Құнаш осыған қуанып, директорнынан көңілі өсіп, жігері тасып оралды (Қ.Сақабаев).*

❖ **ЖІК-ЖАППАР (ЖІГІ ЖАППАР) БОЛУ** – асты-үстіне түсті, бәйек болды.

○ *- Қайда емдеткені қалай? Ешқайда емдеткеніміз жоқ, - деп жік-жаппар болып (К.Оразбекұлы).*

○ *Мұның неге соншалықты жік-жаппар болғанын жігіт, әрине, қайдан зерделей қойсын (Б.Шаханов).*

○ *Аттарды тасада қалдырмай, жетектеп жүрейік деп, жік-жаппар болдым (А.Азиев).*

- 3 -

❖ **ЗАПЫС БОЛУ** – ығыр болды, ер қашты болды, мазасы кетті, жүрегі шайлықты, беті қайтып, тауы шағылды.

○ *Жаманшылықтан әбден запыс болып қалған жүрегі мейірімнің шуағына шомылып, рахат күй кешеді (Б.Мұқай).*

○ *Ол бейшаралар әбден запыс болып қалғаны түрлерінен анық көрініп тұр («Жұлдыз»).*

○ *Кей-кейде жасағанға жәбір айтардай запыс боламын (С.Сматаев).*

❖ **ЗАР ИЛЕУ (ЕҢІРЕУ)** – егіл-тегіл болып жылады, зарлады, ботадай боздады, зар жылады; жалбарына тіледі.

○ Қанша күн, қанша түн ұйықтағанын білмейді, әкесі мен анасы **зар илеп** жүріп, әрең дегенде қыздарын ауруханадан шығарып алған (Н.Бектемірова).

○ Қаратал бауырында **зар илеген** әйелдер үні қара дауылдай шулап тұр еді (С.Жүнісов).

○ Келін түсіремін деп қуанған ана жарынан, үйленемін деп жүрегі алып ұшқан бала әкеден айрылып **зар еңіреді** (С.Досанов).

❖ **ЗАР ЖҰТУ** – қайғырды, азаланды, азап тартты, қасірет шекті.

○ «Қалың елім қазағым, қайран жұртым» деп **зар жұтып**, запыран құсты (Ә.Нұршайықов).

○ Бірақ, екі көзінен қан ағып, **зар жұтып** жылаған шешесін көрген соң тағат қылып тұра алмай, атының басын бұрып алып, Шүліңгірді қуып кетіпті («Ертегілер»).

❖ **ЗАР ҚАҚСАУ** – 1. сай-сүйегі сырқырады; 2. зар иледі, жапа шегіп, зар жылады, ботадай боздады.

○ - Профессор, қатының басыңды іздеп, **зар қақсап** қалмасын, -деп мырс-мырс күлді (Б.Мұқай).

○ «Құдай бар болсаң менің бала-шағамның жамандығын көрсетпей ал» деп **зар қақсап** отырушы еді марқұм (Б.Мұқай).

○ Қаны шұбырып, көмек сұрап **зар қақсап** жатқан мұншама жаралыны көздерін бақырайтып, қалай тастап кетемін.... мен дәрігермін (Ә.Сараев).

❖ **ЗАРЫН (ЗАРЛЫҒЫН) АЙТУ** – мұңын шақты, арман-мұңын білдірді, өлердегі тілегін айтты.

○ Он екі жылдан бергі **зарын айтты**.

Зар еңіреп көңілін тыймай шаһзада,

Бейнетін өзі көрген бәрін айтты («Ғашықтық дастандар»).

○ Қыз бордай егіліп, ғашығына қосыла алмаған ғаріп жанның **зарын айтты**, онан әрмән босай түсті (Б.Алдамжаров).

○ Әлі де сол суылдаған жүректің **зарын айтайын** (С.Сматаев).

❖ **ЗАР / ЗАРЫН ҚЫЛУ** – қақсады, азар да безер болып айтты.

○ Ана сұмырай Есіркепке мылтық әкеп бер деп Құдайдың **зарын қылғаным қашан** (Д.Исабеков).

○ Үйбай, жамандар-ай, өздері келмек түгілі, бір жапырақ жаман немелеріне **зар қылды-ау** (Д.Исабеков).

○ Жаза баспа, мүлт кетпе деп құдайдың құтты күніне **зарын қылсам да...** (С.Сматаев).

❖ **ЗАРЫН ШАҒУ** – мұңын айтты, мұңдасты.

○ Жарақаты үлкен де емес, бірақ шолжаң қыз ауланы басына көтеріп бақырып, мұңын, **зарын шағып** атасына қарай тұра жүгірді (Ә.Тарази).

○ Басынан өткендерді тізбектеп айтып, егіле отырып **зарын шақты** да қыз байқұс іле-шала орнынан тұрды («Жұлдыз»)

❖ **ЗАҒАР ШАШУ** – қатты ашуланды, айбат шекті, ашу көрсетті; уын сыртқа шығарды.

○ Әбдірахман көзінен **зағар шашып**, қылышты қынабынан суырып алды (Т.Қасымбеков).

○ Ішіне бір түйін қатып, ұрты жымқырылып, көзі **зағар шашып** ойнақши бастады (Т.Қасымбеков).

❖ **ЗӘРЕЗАП БОЛУ (ҚЫЛУ)** – үрейі ұшып, зығыры шықты.

○ Әбден **зәрезап болып** қалған сорлы басы, сол ереуілге қатысың бар деп үш әріптің адамдары ойда жоқта сап ете түсердей жүрегін үрей шымышты (Б.Мұқай).

○ Небір сұмдықты көріп, әбден **зәрезап болған** қу жүрек бір зауалды сезгендей тыпырлап алқымына тығылды (Б.Мұқай).

❖ **ЗӘРЕСІ ЗӘР ТҮБІНЕ КЕТУ/ ЗӘРЕ-ҚҰТЫ ҚАЛМАУ / ЗӘРЕСІ ҰШУ** – қатты қорықты, жүрегі ұшты, үрейі қашты, көзі тас төбесіне шықты.

○ *Жаның бекер жараланады ғой, - деп Жамалдың дауысы дірілдей шығып, зәресі зәр түбіне кетті (Н.Бектемірова).*

○ *Зәре-құты қалмай, шошығаны соншалықты, неше күн бойы өзіне өзі келе алмай жүрді (Н.Ақыш).*

○ *Бұл Пахраддин үшін тосын жаңалық еді, зәресі ұшып, түсі бұзылып сұлық отыр (С.Елубай).*

○ *Не істеп, не қойып жатқандарын жан білмейтін жұрттың зәре-құты ұшатын әзірейілдей бір пәле (Ш.Елеукенов).*

❖ **ЗӘРЕСІН АЛУ** – қорқытты.

○ *Сол жерде қатты қорыққан қызды көріп, оның зәресін алған ұрыны ұстау үшін қыз бөлмесіне келді (А.Қайролла).*

○ *Әштен нұсқаушылардың зәресін алған (Д.Исабеков).*

○ *Екі бейшараның зәресін алып, аузындағы нандарын жұта алмай тыпырлатты (Б.Мұқай).*

❖ **ЗӘР (ЗӘРІН) ТӨГУ (ШАШУ)** – ашулы айбат көрсетті, ашу шығарып ұрысты, улы, ызалы бет көрсете сөкті.

○ *Есіктен шығып бара жатқан шал кілт тоқтады да, бүкіл денесімен бұрылып, жігітке зәрін төкті (Б.Мұқай).*

○ *Арамыздан аластаңдар! - деп зіркілдеп, зәрін шапты Бүркіт («Ертегілер»).*

○ *- Қапта! Қыр! Жой! - деп, оқшау тұрып ат үстінен зәрін шапқан сұлтанның дауысы саңқ-саңқ естілді (С.Сматаев).*

❖ **ЗЫҒЫРДАНЫ ҚАЙНАУ** – ыза кернеді, ашуланды, ызаланды.

○ *Жұбайының жұрт алдында абыройын төккеніне іштей зығырданы қайнап, ыза кернеді (Ә.Ыдырысов).*

○ *Әттең ауылда болсаң шамам жетпесе де, бір айқасар едім-ау!» деп зығырданым қайнап тұр (Қ. Ысқақ).*

○ *Ұяттан, намыстан, нақақ жаладан өртенді, жанды зығырданы қайнады* (С.Елубай).

○ *Ол кезде фюрерлеріңіздің қазақтарға зығырданы қайнағандығы түсінікті* (Ш.Елеуқенов).

❖ **ЗЫҚЫСЫН ШЫҒАРУ** – әбігерленді, берекесі кетті, әбігерге түсті.

○ *Тұмабай екі күн бойы арқаланғаннан зықысы шыққандықтан, «бәрібір осы жерге ораламыз ғой, әрі-бері тасып қайтемін» деген оймен, бір шүберекке түйілген алтын, күміс сағаттарын жер қазып көміп әлек* (А.Қайролла).

○ *Келесі бір сәт өзіне әбден таныс болған, өзін әбден ығыр етіп, зықысын шығарған шиқылдақ арбаны ыстық күнде еріне сүйретіп, қала сыртына қарай шиыршық жолмен аяңдап бара жатты* (Д.Исабеков).

○ *«Мынаның ар жағында неше отар қой маңырап жатыр» деп кіндігімді тұрткілеп, әбден ит зықымды шығарды* (Ә. Кекілбаев).

❖ **ЗЫР ҚАҒУ** – 1. азар да безер болды, бебеу қақты; 2. лезде, көзді ашып-жұмғанша жетіп келді.

○ *Бұйырған нәпақамызды інім екеуіміз қылдай бөліп жеп алсақ, шешем шіркін кей күндері нәр татпайды-ау. Зыр қағып жүгіріп жүргені* (Ж.Елшібек).

○ *Лида зыр қағып жүріп түскі асын әзірлеген* (А.Қайролла).

○ *Екі үйді де Алматының о шеті мен бұ шетіне зыр қағып, іздеп жүріп тапқан Жасұланның шешесі Гүлбаршын еді* (Б.Тогысбаев).

- И -

❖ **ИМАНЫ ҚАСЫМ БОЛУ** – үрейі ұшты, зәре-құты қалмады, қатты қорықты.

○ **Иманы қасым** болған жолаушының төбедей болып жатқан денесінің қалың тері, алынған қазандағы судың буындай бұрқырай бастады, суық үдеген сайын (А.Жүнісов).

○ Асты-үстінде бір-бір ақ күмбезе ілініп, олар да келе жатады **иманы қасым боп** (Ж.Аупбаев).

❖ **ИМАНЫН ҰШЫРДЫ / ИМАНЫ ҰШЫП КЕТУ** – үрейін алды, қорқытты, зәре-құтын қашырды.

○ Сал қабақ шытып, доқ көрсетсең бейшараларда зәре қалмайды, **иманы ұшып**, безек қағады (Б.Мұқай).

○ Сосын көшеден өтіп бара жатқан балаларды көріп, аяғын салмақпен басып, кері қарай бұрыла беріп еді, **иманы ұшып кетті** (Б.Алдамжаров).

○ Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің адамдары түсіп жүргенін Жақиядан естігенмен оны бүгін-ертең ұстап кетеді деп ойламаған Алмастың **иманы ұшты** (Б.Мұқай).

❖ **ИМАНЫН ҮЙІРУ** – жан тапсырды.

○ Осы арадан өткен сайын **иманын үйіріп** өтеді (Т.Әбдік).

○ Сырттан шаң-шұң айқай естілгенге күмбезден етекке үңілген, енді міне көптің **иманын үйіріп** тұр (Б.Тлегенов).

○ Марқұм қария **иманын үйіріп** болысымен, бірден жан тапсырады («Әңгімелер»).

❖ **ИМАНЫ ТАС ТӨБЕСІНЕ ШЫҒУ** – қорықты, үрейін алды.

○ Өмірінде бүйтіп қорықпаған шығар, **иманы тас төбесіне шықты** (С.Елубай).

○ «Әйтпесе көзіне көк шыбын үймелетіп, темір торлы абақтының ар жағынан бірақ шығарам» деген қайтпас кескінді оқып **иманы тас төбесіне шықты** (Р.Ниязбеков).

○ Қара пәленің дәл өз аузынан естігесін **иманы тас төбесінен шықты** (Ә.Нұрпейісов).

❖ **ИТ АЯҚТАН САРЫ СУ ІШКІЗУ (ІШУ)** – қорланды, көзіне көк шыбын үймелетті.

○ Әжем марқұм анама **итаяқтан сары су ішкізді**. Отымен кіріп, күлімен шыққанына қарамастан, отырса опақ, тұрса сопақ қылды (Қ.Жүнісова).

○ Босағасынан аттағалы келінін жақтырмай, **ит аяқтан сары су ішкізді-ау** бейбаққа («Әңгімелер»).

❖ **ИТ ӘУРЕСІ ШЫҚТЫ / ИТ ӘУРЕГЕ САЛУ** – әуре сарсаңға түсті (түсірді), әбден қажыды (қажытты).

○ Денесіне жапсырған бөтен зат құсап икемге келмей **ит әуреге салды** («Әңгімелер»).

○ Құлаған жерді әктің қоюымен сылайын деп бір түсіп, бір шығып **ит әуреге түскен** Бағила: - Ана-ау, ілініп әзер тұр ғой, қорықпайсыз ба?- деді (Т.Сәукетаев).

○ Әсіресе Черкасск қорғанысын ала алмай бір жарым жыл бойы **ит әуреге түскенде** екі күннің бірінде ескі ұстамасы ұстап, екі көзіне қан толып кететін-ді (Б.Мұқай).

❖ **ИТ ЖЫНЫ КЕЛУ (ҰСТАУ)** – ашуланды, тоң мойындық көрсетті.

○ Малым қолды болды деп емес, атаңа нәлет ұрының басынғанын, саспай мүшелеп, боқты ішегін қалдырмай, қырып-жонып әкетіп қалғанына **ит жыны келді** (О.Бөкей).

○ Топ ортада айналасын аузына қаратып, шіреп отырған Қамбардың орынсыз бәлденуі Батидың **ит жынын ұстатты** (О.Бөкей).

○ Жастығына өзінің де **ит жыны келіп**, жиі-жиі тұтықты, нанымды ақтала алмады (М.Қабанбай).

❖ **ИТ КӨРГЕН ЕШКІ КӨЗДЕНУ / ИТ КӨРГЕН МЫСЫҚША ҮРПИЮ** – үрейі ұшты, елере үрікті.

○ Бес-алты бала стол басында кітап оқып отыр екен, мен бөлмеге кірісімен кітаптан бастарын алысып, **ит көрген мысықтай** үрпие қалды (Қ. Ысқақ).

○ *Тәрде отырған Ықсан бұл сөздерге шыдай алмай **ит көрген мысықша үрпін**, екі көзі мұғалімді жеп қоятындай аларып, кепкеннен кеуіп бара жатыр еді (І.Жансүгіров).*

❖ **ИТ ПЕН МЫСЫҚТАЙ** – бір-біріне өш; өштес, аңдысып өтер жау.

○ *Бірақ, бір тәуірі, екеуі өзара **ит пен мысықтай** (Ә.Кекілбаев).*

○ *Доржы мен Лобжы Аюкеннің ұлы Шерін Дөндікпен **ит пен мысықтай** көрінеді (Ә.Кекілбаев).*

○ ***Ит пен мысықтай** тұрып жатқандар қаншамаю Неге өйтеді екен? (Қ.Найманбаев).*

❖ **ИТ ТЕРІСІН БАСЫНА ҚАПТАУ/БАС ТЕРІСІН АУЗЫНА ҚАПТАЙДЫ** – ұрысты, балағаттады.

○ *Оңашада барлығы мемлекеттің **ит терісін басына қаптайды** және диагнозды дәл қояды (Б.Мұқай).*

○ *Ә, дегеннен оның **ит терісін басына қаптап**, балағаттамақ болдым (Н.Келімбетов).*

○ ***Бас терісін аузына қаптайын** деп тұрдым да, жә, қойшы, жолға шығып бара жатып жоқтан өзгеге жаман ырым бастамайыншы дедім (Қ.Ысқақ).*

❖ **ИТ ЕТІНЕН ЖЕК (ЖАМАН) КӨРУ** – өте қатты жек көрді, ұнатпады, суқаны сүймеді, тым сөлекет, сүйкімсіз көрді.

○ *Өзінің мінін айтқан кісіні **иттің етінен жек көріп кететін** (Д.Досжан).*

○ *Ал енді көшеде оған елжірей қарап, жол беріп қипақтап қалсаңыз, онда ол сізді **иттің етінен бетер жек көріп кетері** даусыз (Н.Келімбетов).*

○ *Ара-кідік мұны **иттің етінен жек көріп**, өшпенділігін жасырмай тесілетін отты жандар да ұшырасып қалады (Қ.Жұмаділов).*

❖ **ИЫҒЫНАН (ЕКІ ИЫҒЫНАН) СУ КЕТТІ / ИЫҒЫ (ЕКІ ИЫҒЫ) САЛБЫРАДЫ (ТҮСТІ)** – қажып, шаршап қалды; көңілі жүдеп, төмен тартып қалды; қатты жүдей, көңілі қалды.

○ *Иығынан су кеткен* Бодық молда осыны айтқысы кеп тұр екен, өз серігін қоштап - қолпаштап Сатай мен Махамбет екеуіне еңкейіп бас ииді (Н.Абуталиев).

○ *Екі иығынан су кетіп*, Николай Трофимович сыртқа шықты (Б.Соқпақбаев).

○ *Көзін төмен салып,екі иығы салбырап бұға түседі* (О.Сәрсенбай).

- К -

❖ **КӘР ҚЫЛДЫ / КӘРІНЕ МІНУ** – қаһарланды.

○ *Бауыздау жауым кәріне мінді деп өлейін бе кымыз ішпей* (А.Сүлейменов).

○ *Асығысын?.. - Елеусіз кәріне мінді. - Қайда ұшып тұрғаныңды білемін сенің* (А.Мекебаев).

○ *Аспаннан бір-екі тамшы тарс ете қалып еді, есік алдындары топырақтан бұрқ етіп болар-болмас шаң көтерілді де табиғат кәріне мінді* (М.Мақатаев).

❖ **КЕК КЕРНЕУ / КЕК ҚАЙНАУ** – қаһарына мінді, кек қысты, өш қысты.

○ *Айтбайдың кеудесін кек кернеді* (Х. Абдрашитов).

○ *Жаным – арымның садағасы деген сөз ана сүтімен қанына сіңген жігіттердің кеудесін кек кернеді* (С.Досанов).

○ *Шәукенің көкірегін кек кернеді, озбырды атарға оғы болмай түктенген шұбар бетіне жирене қарады* (Т. Әлімқұлов).

❖ **КӘРІН ҚАДАДЫ (ТӨГУ, ШАШУ, ТІГУ) / КӘРІ ТҮСТІ** – күш көрсетті, ашуға мінді, айбат шекті, ашуы келді; қаһарлы айбат көрсетті.

- *Енді білдім, сен мені сүймейді екенсің, - деп күйеуіне **кәрін төгіп**, тісін шықырлатады (Т.Рахымжанов).*
- *Сонымен қанша зәрін шашып, **кәрін төгіп** келсе де, шеріктер көпке топырақ шаша алған жоқ (Ж.Ахмади).*
- *Соңынан тарихшылар Шыңғыс ханның **кәрін төгіп** қатты ашуланғанын, балаларының әкелеріне үлес қалдырмай, Хорезмнен қолға түскен дүние-мүлкін өзара бөліп алғандарынан дейді (І.Есенберлин).*

❖ **КӘРІ ЖЫНЫ ҚОЗУ (ТҮСУ, ҰСТАУ)** – ашуы келді, ашулы айбарға көшті; намыстан ашуға мінді; шабыты келді

○ *Сөйтіп жан қайғы, мал қайғы болып тоғысып жүргенде Досмағамбеттің әлдеқашан ұмытылған, ауа көшіп кеткен **кәрі жыны козды ма** - денесі селкілдеп, шекесі шара солқылдап, көз жанары айни бастағаны (Д. Досжан).*

○ *Содан құдық десе, су десе **кәрі жыны қозып**, екіленіп кететін Мұрат қарияның бүйірі қызып, сол құдықтың басына бір барсам, өз көзіммен бір көрсем, суынан татсам деп жүретін (А.Айтбаев).*

○ *Бетіне күн тигізбей мәпелеп бағып отырған жалғыз қызын қаумалаған ашкөз пәлелерді көргенде **кәрі жыны қозып**, қалшылдап, дірідеп пышағын ала ұмтылар (Д.Досжан).*

❖ **КЕК КӨРУ/ САҚТАУ** – ішіне түйді, көңіліне алды.

○ *Бала қойшы Сүлейменнен қашып келеді, ол кешегі таяқты **кек көрді** (І.Жансүгіров).*

○ *Оның үстіне Аққанаттың бұны көзге ілмей, бөтен біреуге тиіп кеткеніне **кек сақтап**, Жымқырдың күндіз күлкісі азып, түнде ұйқысы бөлінеді («Қысқы ертегі»).*

○ *«Сыртты күліп жүргенмен, іші түтін болған екен зой», содан бері **кек сақтап** келген екен-ау (Р.Мұқанова).*

❖ **КЕРІСІП ҚАЛУ** – ұрысты, жүз шайысты.

○ *Қойшының әйелімен түстегі **керісіп қалғанын** ойлап, айнып калды (Т.Нұрмағамбетов).*

○ *Менің жездем. Қиясс адам. Керісіп қалып жүмеңіз (Ш.Күмісбаев).*

○ *Қайдар мен Қаһарманның арасы бұрыннан шәлкем-шалыс, кейде екеуі ашық дауға кетіп жиі-жиі керісіп қалады (Қ.Жұмаділов).*

❖ **КЕУДЕСІНЕ СЫЙМАУ** – аптықты, алқынды демікті.

○ *Аттарға қарап шаттанғаннан жандардың өкпесі аузына тығылып, жүрегі кеудесіне сыймады, бәрі-бәрі шамырқанды, қаны басына шатшып, бір қуаныш, бір үрей үстінде қалтылдады (И.Жақанов).*

○ *Әсіресе, поезд Қызылордадан өткеннен кейін мұның жүрегі кеудесіне сыймады (Ж.Еділбаев).*

○ *Жүрегі кеудесіне сыймай, дүрс-дүрс соқты («Қысқы ертегі»).*

❖ **КЕШУ АЙТЫСТЫ / КЕШУ (КЕШІРІМ) СҰРАУ** – арыздасты.

○ *Алыс жол алдында кешу айтыспақ (М.Мағауин).*

○ *Алдымен кешу сұраймын сендерден, - деп бір танды да, кештік деген сөзді қажет етпей-ақ өсиетін сабақтады (Е. Рахимов).*

○ *Соншама жүкті – қобыз бен домбыраны қатар көтере алмасын біліп, Кербаладан рұқсат, кешу сұраған екен дейді-ау (М. Мағауин).*

❖ **КИЕСІ (АРУАҒЫ) АТУ (ҰРУ)** – қарғысқа ұшырады.

○ *Соғыс әкесін алып еді, күйеуін «Киелінің» киесі атты (К.Оразалин).*

○ *Бұл қылығымды естіген аузы дуалы ақсақалдар: «Шырағым, ақ бұра Көкшетаудың несі еді, киесі ұрып жүрмесе нетсін!» - деп еді (С.Әжіғали).*

○ *Міне, өзіме қызметі өткен осындай текті атты қызға айырбастағанымда киесі ұрды (Ж. Мусин).*

❖ **КӨЗБЕН АТУ / КӨЗБЕН АТА ҚАРАУ** – жақтырмай қарады, ала көзімен атты.

○ *Бұрыссың ба, дұрыссың ба өзі? дегендей көзімен атып қарады (М.Қабанбай).*

○ *Өзбектің өзі ағасының бұзылған ойын біліп, оны назалы көзбен атты (И. Жақанов).*

○ *Көзімен атып тұрған Николайға қарап, жас балаша жымылып күліп жіберді: Николай Павлович, жоқтан өзгеге ренжімеңізіші, қазір енді... (И.Салахов).*

❖ **КӨЗДЕН ЖАСЫ БҰРШАҚТАУ** – егіліп жылады, көзден жасы парлады.

○ *- Боздағым-ай! Боздағым! - деп күңіренген Пахраддин көз жасы бұршақтай жүріп Бұлыштың денесін аударып шалқасынан жатқызды да шапаны шешіп алып өліктің бетін жапты (С.Елубай).*

○ *Адырайған, қан толған көзінен жасы бұршақтап, сүріне тұрған да, далаға ұмтылған («Жұлдыз»).*

❖ **КӨЗДІ АЛДЫ / КӨЗДІҢ ЖАУЫН АЛУ** – өзіне еріксіз қаратты, қызықтырды; телміртіп, көздің майын құртты.

○ *Мұндағы 700-ге жуық электрлі нүктелер, автоматты тетіктер, тұтқалар, кнопкалар, түрлі реле мен контактылар көздің жауын алды (Ә. Әзиев).*

○ *Айналасындағы гүлді алаңда жыртылып-айрылған көбелектей қалықтап ұшып, мың құбыла билеп жүрген ақ тырналар көздің жауын алады (Т.Жұртбаев).*

○ *Біркелкі шабыспен үдеген, бырдай болып жосыған жүздеген желаяқ аң көздің жауын алды (Ә. Әзиев).*

❖ **КӨЗДІҢ ЖАСЫН КӨЛ ЕТУ** – ағыл-тегіл жылады, еңірегенде етегі толды.

○ *Сондықтан да ақын жақсылық пен парасаттылық жолында «көз жасын көл етіп, шыбын жанын пида етуге» дайын екенін білдірді («Қазақ әдебиеті»).*

○ Қыз бала емес пе, Дария түнде теңіз жағасына барып, **көз жасын көл етіп**, ағасы мен әкесіне айта алмаған өкпе-назын сонда шығарып жүрді («Әңгімелер»).

❖ **КӨЗГЕ КҮЙІК БОЛУ** – жыны келді.

○ Бабаң да аттан құлап өлген еді, ұқсамасаң тумағыр. Сен-ақ **көзге күйік боп...** (Д. Досжан).

○ Қайта кәрі көкіректің қызғанышын қоздырып, тірідей **көзге күйік боп** жүрген-ді (Ө. Кәріпов).

○ Мұның қаратырнағы қанамай есен-сау оралуы талайдың **көзіне күйік болып**, қарғысына ұшыратқан («Жұлдыз»).

❖ **КӨЗГЕ ШҰҚУ (ТҮРТУ)** – ұялтты.

○ Аузына осы тірі жүрген ұрпағымның қайсысы түссе де, шайнап тастағалы, **көзге шұқып** жоқ еткелі отырған түрі зой мынау! (М. Әуезов).

○ Тағы Серғазы құсаған біреу түртпектеп, **көзге шұқып** жүрер (Б.Тілегенов).

○ Күні ертең үй болған соң, ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды, шекісіп қалғандай болсақ «сен сондайсың» деп бетіме салық қылып **көзге шұқып** отырса – дүниенің қорлығы (О.Бөкей).

❖ **КӨЗ ЖАСЫНА СУАРУ** – өзін қайғымен ширатты.

○ «Кекке қайрап, **көз жасына суарған**» өз қорғаны, өз батырын қол бастап қиянат-зорлыққа бас көтерген азаттық туын халық ешқандай қазаға қимайды (З.Серікқалиев).

○ Өлген-өшкен жандарға аза тұтып, көк жасыл шөптерді **көз жасымен суарып** тұрған зират басының мүлгіген қасиетті тыныштығын жырға қосты... («Қазақ әдебиеті»).

❖ **КӨЗ ЖАСЫН КӨЛ ҚЫЛУ / БОЛУ / КӨЗІ ЖАСЫН КӨЛДЕТУ** – мұң-зарға батып, ағыл-тегіл жылады.

○ Күйеуіңізбен өмірді елестетіңіз – өміріңізде күйеуіңіз жоқ деп елестетіңіз» деген ҚЖ командасын қолданып,

*бұрынғы күйеуінен айырылумен жұмыс жасадық, әйелдің көз жасы көл болып, көп жан жарасы шықты (О. Сейтов).*

○ *Осының бәрін Радио атанған кемпір көз жасын көлдеде отырып айтады да, арасында «алтыным-ай, алтыным» деп қояды (Б.Имангазина).*

❖ **КӨЗ ЖАСЫН ТЫЮ / ЖАСЫ ТЫЙЫЛУ** – жылағанын тыйды.

○ *Көз жасты бұлайтын кез бе еді қазір! - Мірғали бала дегенмен есті еді, көз жасын тез тыйды (Ә. Сараев).*

○ *Гүлбаршын көзінің жасын тыйды (Б. Тілегенов).*

○ *Інісі мен сіңлісіне көрсетпей көз жасын тыйды (Ж. Сарапов).*

❖ **КӨЗ МАЙЫН АҒЫЗУ (ТАУЫСУ)** – зарланып, өксікпен жылады.

○ *Тарихта қалсам деген арзан мұратты медеу тұтқаннан емес, керісінше, халқына барыниша қызмет етіп кетсем деген асқақ мақсатты ардақ тұтқандықтан көз майын тауысты (Б.Сапаралы).*

○ *Қанша күн, қанша түн көз майын тауысты, қанша тер төгіп, еңбек етті (Б. Тоғысбаев).*

○ *Обалы нешік, ана Мелдес қой үйреткен көз майын тауысып, ерте демей, кеш демей (С.Шаймерденов).*

❖ **КӨЗІ АЛАҚАНДАЙ БОЛУ** – қорықты.

○ *Әдия-Бегім жерге түсе қоймай, мойнына асылып біраз тұрды, Перизаттың көзі алақандай (П.Мырзахмет).*

○ *Ол ішкі үйге аяқ салды да сол бойы жансыз адамдай қалишып тұрып-тұрып, «Өм-еке!» деп шыңғыра айқайлап, есінен айырылғандай екі көзі алақандай боп шегіншектей берді (Д.Исабеков).*

○ *Жас бала қорыққаннан екі көзі алақандай боп, кейін шегіне берді (Д. Исабеков).*

❖ **КӨЗІ ЕЖІРЕЮ** – ашуланды / үрікті.

○ *Келініне ентелей қарап, екі көзі ежірейді (Д.Нұрмұханбетов).*

○ *Еренбақ қатты ашуланып кетіп, үстелді сарт ұрды, көздері де ежірейіп шыға келді (Ә.Орынбаева).*

○ *Бесті қойып, бір стақан сыраны қырық бөліп ішетін басым, қатты састым, тегі көзім тым-тым ежірейіп кетті білем (О.Бөкей).*

❖ **КӨЗІНЕН (КӨЗІНІҢ) СОРАСЫ АҒУ / КӨЗІНІҢ СОРАСЫ СОРҒАЛАУ** – көзінен былшығы ағып, жасы төгіліп, бейберекеті кетті.

○ *Жұмысшылар он екі сағат бойына шахтада көмір шапты, титықтады, көзінен сорасы ақты (М.Бекбергенев).*

○ *Парман көзінен сорасы ағып, қараңғы түнді қимылсыз қалдырып, зор үнімен боздап тұр (А.Алтай).*

○ *Сорлы бала көзінен сорасы ағып, түні бойы тоғай кезіп, тау аралап жоқ іздейді (У.Қыдырханов).*

○ *Анау шал көзінен сорасы ағып, жылап сөйлеп, жан-жағына жалт-жалт қарап отырды (І.Жансүгіров).*

❖ **КӨЗІНЕН ОТ ШАШУ / ОТ ЖЫЛТ ЕТУ / КӨЗІНЕН ОТ ШАШЫРАУ** – ашу-ыза төкті, ызбар шашты.

○ *Кенет шыққан бай даусына жалт қараған маған, ол қазір Халиулла емес, аузын ашқан аждаһа сияқты көрінді, салақтаған екі қолынан тырнақтары жылтылдап, көзінен от шашып, мені жұтқалы келе жатқандай (Ж.Саин).*

○ *Мәнсияның көзінен ыза оты жылт ете түсті де, еріндерінің көгеріп, болар-болмас дірілдегені байқалды (Д.Исабеков).*

○ *Жетті еркелігің. Қоясың ба енді сен, қатын? - деді екі көзінен от шашырап (А.Мейірбеков).*

○ *Көзінен ызалы от шашырап: - Жап аузыңды, иттің баласы! - деп қырып жіберді (Р.Ниязбеков).*

○ *Базарбаевтың жүзіндегі ызғар денесін қарып, көзінен шашыраған от нажағайдың оғындай шатырлап, құйқасын шымырлатады (С.Сарғасқаяв).*

❖ **КӨЗІНІҢ ЖАСЫ КЕППЕУ (ҚҰРҒАМАУ)** – көп, үсті-үстіне жылады.

○ *Қашан кәметке толғанша көзінің жасы кеппеді (Б.Мұқай).*

○ *Даусы тыйылса да, көзінің жасы құрғамаған, кембағал халдегі, ақылсыз, бірақ анық талайсыз әпкесіне Ораз Мұхаммедтің жаны ашып кетіп аяқталмаған (М.Мағауин).*

○ *Мен білсем, бар сағыныш пен қуаныш сарқылып бір жерге жетсе де, маған тек бір көздің жасы құрғамаған тәрізді (Ш.Құсайынов).*

❖ **КӨЗІ ОТТАЙ (ШЫРАДАЙ) ЖАНУ (ЖАЙНАУ)** – 1. көзі нұр шашты; 2. жаны кірді, рақаттанды.

○ *Мұрат бір «Мишканың тонын» сыпыра алмай әуре болып жатқанда, Бағилаштың көзі оттай жанды (Қ.Сегізбаев).*

○ *Көздері оттай жайнады. Өйтпегенде ше, екеуі де енді оқуға барады емес пе! (Ә. Қалдыбаев).*

○ *Сары шаян бермеген сүйкімді күшікті көргенде, Нұртайдың көздері оттай жайнады (Т.Рахымжанов).*

❖ **КӨЗІ ТОЮ** – 1. көңілі толды; құмары тарқады; 2. қанағат етті.

○ *Дастарханға неше түрлі тағам қойды, Науанға көрген жанның көзі тойды («Хан кене»).*

○ *Қай қыздың айтқанын Сәрсен пайымдаған жоқ, дастарқанға өзінің де көзі мен көңілі тойып отырған, Әйкен аталған кемпірге назарын тіктеді (С.Сматаев).*

○ *«Марқұм күріштің қалай көгергенін, өскенін, бәрін-бәрін де көріп, көңілі семіріп, көз тойып жататын болды-ау» деп әлденеше рет ойлаған (Т.Нұрмағамбетов).*

❖ **КӨЗІ ШАТЫНАУ** – көзі шарасынан шығып ашуланды, ызаланды.

○ *Жайық Батыраишқа қарай бұрылып көзі шатынап айқай салды (С.Жүнісов).*

○ *Балаларына тағылған кінәні үнсіз тыңдап болған әкесі екі көзі шатынап (аудан басшысының қызын алып қашамын деп хат жазған дегенді естіп), баласына үрейлене қарады (Д.Исабеков).*

○ *Әйелінен мұндай әрекет күтпеген Сәргел екі көзі шатынап оған аңтарыла қарап қалды (Д.Исабеков).*

❖ **КӨЗІНЕ КӨК ШЫБЫН ҮЙМЕЛЕТУ** – қорлады.

○ *Кешелі бері көзіне көк шыбын үймелетті (Ә.Асқаров).*

○ *«Бірлік» колхозының бүкіл елі сорлайды, әйтпесе көзіне көк шыбын үймелетіп, техника атаулыдан сынық темір бермей өзіңді екі ортады әрі-сәрі тентіретіп, сандалтып жүргізіп қояр едім-ау (Р.Ниязбеков).*

○ *Сәбет өкіметі сені мына орынға қызметке әкеп қойғанда жетімді желкелеп отыр, жесірдің көзіне көк шыбын үймелетіп сорлатып, жылатып отыр дегенен шығар (Р. Ниязбеков).*

❖ **КӨЗІНЕ ШЕЛ БІТУ (ҚАПТАУ)** – менсінбеді.

○ *Көңіліне жел бітті, көзіне шел бітті. Жалтақтап жүретіне. Есіркеп, талтақтап жүретін болды (Ү. Шойбеков)*

○ *«Екі аяқсыз-ақ өмір сүре алатын болған соң, көзіңе шел бітті» - деді (О.Бөкей).*

❖ **КӨКІРЕГІ ҚАРС АЙРЫЛУ** – уайымдады, қайғырды, қасірет шекті.

○ *Бізді айырған адамдар, енді бұл өмірде жоқ шығар, олардың да күнәсін жаратқан кешірсін, - деп Зәурештің көкірегі қарс айрылды (Н.Бектемірова).*

○ *Адам ит жанды деген рас қой. Аһ ұра төсекке құлаған Перизаттың көкірегі қарс айрылды (П.Мырзахмет).*

○ *Сыртқа ере шыққан Қалаған Асқардың жан-жағына жалтақтай қарап, табиғатында жоқ қимылмен жорғалай басып кетіп бара жатқанын көріп, көкірегі қарс айрылғандай болды (Т.Әбдік).*

❖ **КӨКІРЕГІНЕ НАН ПІСУ, ЖЕР КӨККЕ СЫЙМАУ** – кеудесін керді, мақтанды.

○ *Онсыз да қызмет дәрежесін зор мәртебе тұтып, көкірегіне нан пісіп шатқаяқтап жүрген кәдімгі қуыс кеуде даңғой қазақтың бірі еді («Жұлдыз»).*

○ *Бар тілеуі баласы болған газиз жан көпке дейін көкірегіне нан пісіп марқайып жүрді (М.Әбдірахманов).*

○ *Көзі жер көрмейтін көкірегіне нан піскен паң еді, бүгін бір күнгі соққыға шыдамай, белі сынған тұлкідей ыржаңдап қалыпты зой мына Зейнеп, - деген Дәулетжанның келіні Ақтеңге екен (Ж.Ташенов).*

❖ **КӨКІРЕГІ ШЕРГЕ / КҮЙІККЕ ТОЛУ** – уайымдады, кайғырды.

○ *Көкірегі шерге толып, көңілі қара жердей болды (Ж.Сатаев).*

○ *Көкірегі шерге толып, сағыныштан сарғайған соң көкелейтін шығар ол байғұс (Ә.Ысқабаев).*

○ *Көкірегі шерге толып, ел-жұртты сағынумен өтеді зой өмірі (Қ.Жұмаділов).*

○ *...Онда Әлияның көкірегі күйікке толы еді (А.Қайролла).*

❖ **КӨКІРЕК КЕРУ (КӨТЕРУ, ҚАҒУ)** – мақтанды, менменсіді.

○ *«Өмірге мен гашықпын!» деп көкірек қақты (Т.Әлімқұлов).*

○ *Әр түрік әміршісі өзінше көкірек қазып, менменсиді («Өзбек жас жазушыларының аңгімелері»).*

○ *Жатақханаға ішіп келіп, бөлмедегі жігіттерге көкірек қазып соқтығатынды шығарды (Р.Низбеков).*

❖ **КӨҢІЛГЕ КІРБІҢ (ҚАЯУ, ДАҚ ) ТҮСУ** – ренжіді, реніш тапты.

○ *Осындай қамқор жанның көңіліне қаяу түсіруді Бекайдар ойлаған да емес (А.Қайролла).*

○ *Көңілге қаяу түскен осындай күндері бар қасіретті Жәниямен бөліп көтеруге әзір едім (Ә.Сараев).*

○ *Кіршіксіз көңілге қаяу түсе бастады (Т.Әлімқұлов).*

○ *Егер Алдан жоқта қуғыншылар келіп алып кетсе ше деген ой қыздың тәтті қиялы мен қуаныш толы көңіліне кірбің түсіретін секілді (Ф.Оңғарсынова).*

○ *Әзірге бала көңілге дақ түсірмей-ақ қояйын (Ә.Ысқабаев).*

❖ **КӨҢІЛГЕ ҚАРАУ** – ренжіткісі келмеді.

○ *Көңілге қарау дегенге тым сараңсыз-ау, Әбеке, ең болмаса айыпкерге айып салуға болмас па еді? (Ж.Еділбаев).*

○ *Иә, ол жігіт көңілге қарап жатпайтын (Ә.Нұрпейсов).*

○ *«Мен пенсияға шыққан соң, Мәкеңнің маған көзқарасы да өзгеріп кетті» демесін деп, Екеңнің, одан кейін апамның көңіліне қарап жүрдім (Е.Қашағанов).*

❖ **КӨҢІЛДІ АЛАҢ ЕТУ** – ой-көңілді бөлді.

○ *Мал жайлап, көшіп-қонған елдің күзгі жұрты осының алдында өзінің жансыздығымен көңілді алаң еткен болса, оған енді бір кезде мына жарық дүниемен қош айтқан, бір үзілген тіршіліктің тілсіз белгісі келіп қосылады (Ә.Әзиев).*

○ *Езу тартқызар немесе сарылған көңілді алаң еткізіп, селт еткізер хабарлар, әңгімелер де жазу керек (М.Әуезов).*

○ *Шынын айтсақ көп уақытқа дейін көңілді алаң етіп келген кәсіпорынның мұндай дәрежеге көтерілуі көп жұмыстың куәсі болса керек («Жұлдыз»).*

❖ **КӨҢІЛ КӨТЕРДІ / КӨҢІЛІ КӨТЕРІЛУ** – шаттанды, ойнап, күлді.

○ Мұнда қонақ болып **көңіл көтерді**, одан кейін патша әйелі бұл сарайды да күміс жұмыртқаға айналдырды, дияудың күні болған қырық бір қызды және олардың ханымын ұшқыш кілемге отырғызып одан әрі ұшты («Ертегілер»).

○ Шопандар ет жеп, қызыл күрең шай ішіп, аңгіме-дүкен құрып, **көңіл көтерді** (Т.Рахымжанов).

○ Жат адамдар арасынан бір жанашыр тапқанына қуанып, бала **көңілі көтеріліп**, қораға қарай жүзгіріп кетті (Д.Исабеков).

❖ **КӨҢІЛ КІРІ** – өкпе, реніш.

○ **Көңіл кірі** айтса кетеді деген зой, аңгіменің дәл осылайша кірбіңсіз өрбігеніне екеуі де риза сияқты (Ж.Солтиева).

○ **Көңіл кірі** айтса кетеді (Д.Нұрмұханбетов).

○ **Көңіл кірі** айтса кетер, көйлек кірі жуса кетер (Мәтел).

❖ **КӨҢІЛ АЛЫП ҰШУ** – тебіреніп кетті.

○ **Көңілі алып-ұшып**, әрнені қиялдап жүріп киімдерінің бәрін сыртқа шығарып, күнге жайды (С.Досжан).

○ Алпыстың алтауына келіп қалсақ та көңіліміз әлі жас, ол кісі де солай, **көңілі алып ұшып тұр** (Б.Мадимова).

○ Жазға салым Ырысты бірінші курсына жақсы аяқтап, **көңілі алып-ұшып** туған үйіне келді (С.Досжан).

❖ **КӨҢІЛ АШЫЛУ** – ойы сергіді, қуаныш тапты.

○ Желкелікте отырып, еркенің есірмеген ежелгі дұшпанның тірсегі қиылған соң, жұрттың **көңілі ашылды** (М.Мағауин).

○ Мен кетісімен саған ханның есігі түгілі **көңілі де ашылды** (Қ.Исабаев).

❖ **КӨҢІЛ БАР** – ұнатады, сүйеді.

○ Осы көктемде **көңілі бар** дүниенің дырдуынан, бар адамның реніш, қуанышынан оқшау кеткен, оңашаланып кеткен бір өзгеше құпия сырдың соңында еді (М. Әуезов).

○ Қайсысында **көңілі бар екен**. Соны білейік... (Қ.Жойқынбек).

○ «Оның **көңілі бар**» деген бір ауыз сөз азулы мен тістіні, білекті мен күштіні тежеп тастағандай (Ж.Молдағалиев).

❖ **КӨҢІЛІ БОС / КӨҢІЛІ БОСАУ (БҰЗЫЛУ) –**

1. қамықты, қобалжып толқыды; 2. жылағысы келді.

○ Бірақ материал ыңғай бермесе, қаламы құрғыр тұсаулы аттай шоқақтай ма, әйтеуір осы жағдайды еске алып алдыма ақ қағаз алсам-ақ, көзім жасқа толып... құрсын, айтатыны жоқ, **көңілім босай** ма, ойым сан саққа кетіп, әні-шәпі болам да, қолымды бір сілтеп, орнымнан тұрып кетем (Ш.Елеукенов).

○ **Көңілі бос** Әсемнің көзі боталады, жылап жібермес үшін астыңғы ернін қатты тістеп алды (Б.Мұқай).

○ «Аленушканы» алғаш көргенде тіпті **көңілім бұзылып кетті** (Т.Ахтанов.).

❖ **КӨҢІЛІ ЕНЖАР (ҚАЯУ) –** уайым-қайғылы, жабырқаңқы.

○ Қанафия тымсырайып, сызданып аттанғанда, Ақанның **көңілі енжар** боп қалды (Т. Әлімқұлов).

○ **Көңілі енжар**, ашуы басылмағанға ұқсайды (Т.Дәуренбеков)

○ Қорқыттың ынтасы өлген, **көңілі қаяу**

Қараға баяу басып келді таяу («Қорқыт ата»).

❖ **КӨҢІЛІ ЖАБЫҒУ (ҚАМЫҚТЫ, ТАРЫҚТЫ, ҚАМЫҚТЫ) / КӨҢІЛІНЕ ҚҰСА (УАЙЫМ) ТҮСУ –** қайғырды, уайымдады.

○ **Көңілі қамықты**, даусы дірілдеді (Т.Әлмұхамбетов).

○ Өзінің осынша ойсырап қартайған түрін айнадан көргенде Айжамал ана шошып кетті, бірден **көңілі жабықты** (С.Омаров).

○ *Алайда...Алайда Ильяс көңілі жабығып, мазасыздана берді (И.Салахов).*

❖ **КӨҢЛІ ЖАЙЛАНУ** – дегені болды, жаны жай тапты.

○ *Асылханның сөзіне толық илана қоймағанмен Сергейдің қорқынышы сейіліп, көңілі жайланды (Б.Мұқай).*

○ *«Балаң өлмейді. Мен жауап берем» деген сөзі әкесінің де, баласының да көңілін жайландырды (А.Қайролла).*

○ *Онда, жүр! – дедім көңілім жайланып (С.Сарғасқаев).*

❖ **КӨҢЛІ ЖАРАСУ** – ұнатты, тіл тапты.

○ *Көңілі жарасты, түтін түтетті, дүрілдетіп той жасады (Ш.Күмісбаев).*

○ *Көңілі жарасты деген сол емес пе?! (Ш.Хусаинов).*

○ *Өзімен түйдей құрдас жігітпен көңілі жарасып, дос-жаран болған (Н.Серәлиев).*

❖ **КӨҢЛІ ЖАРЫМ (ЖАРЫМЖАН) / КӨҢЛІ СЫНЫҚ** – қайғылы, жарым көңіл, мұңды жан.

○ *Қарны тойып ас ішпеген, киімі жыртық, көңілі жарым анадан балпанақтай бала тумайтынын түсіну ешкімге де, әсіресе басшыларға қиын емес қой (Ә. Алибаев).*

○ *Түскеніне үш жыл болды, бала көтермеген соң, көңілі сынық «туа алмай жүріп жын иектепті» (С.Досжан).*

○ *Сонымен бірге Байзақтың көңілі сынық екен (С.Бақбергенов).*

❖ **КӨҢЛІ ЖАСУ** – мұнайды, қапаланды.

○ *Көңілі жасып, тауаны қайтып, тауы шағылған Аяған көпке дейін Әсем тұратын жатақханаға беттей алмады (Б.Мұқай).*

○ *Бір жылдан асар-аспас уақыттың ішінде көңілі жасып, зеку мен боқтауға мойынсұнған (Д.Исабеков).*

○ *Шал біртүрлі көңілі жасып, қоңырайып қалды (Ж.Қорғасбек).*

❖ **КӨҢІЛІ ЖЕЛДЕЙ ЕСУ** – шаттанып, масаттанды, масайрады.

- *Естайдың көңілі желдей есті (Ж. Жұмақанов).*
- *Әшірәлінің бұла көңілі бұлтша жөңкіп, желдей есті... (Ш. Құмарова).*
- *Қоңыр күзде әскер қатарына шақырылатын болған соң ба, желдей ескен көңілі су сепкендей басылып бұйығы халде мең-зең күй кешкен (О.Бөкей).*

❖ **КӨҢІЛІ ЖҮДЕУ** – 1. уайымдады, қатты мұңайды; 2. ренжіді, көңілі қалды.

- *Жаны жабырқап, көңілі жүдеп жүргенде мынадай қошамет көрсе кім болса да босар еді (Б.Мұқай).*
- *Дүниедегі ең жақын адамынан опық жеген көңілі жүдеу адамға жалғыздық қасіретінен құлазудан асқан азап пен қайғы жоқ қой (Ф. Оңғарсынова).*
- *Турашыл мінезінен мұнда да бастапқыда күйі болмай көңілі жүдеді (А.Жақсыбаев).*

❖ **КӨҢІЛІ ЖЫЛУ (ЖІБУ)** – жүрегі елжіреді.

- *Жұмабек басын көтеріп алып суретке қайта қарағанда ұялы үлкен көзді, жұқа өңді қара торы қыз көзіне шоқтай басылып, көңілі жылып қоя берді (Т. Ахтанов).*
- *Айтасың-ау,-деді Айнаш пәлендей қарсы болмаса да, іштей құрбысының сөзіне көңілі жылып (М.Сүндетов).*
- *Бастығының аяқ астынан көңілі жібіп, осалдық танытып келе жатқан себебін түсінбей әрі оның айтқан сөзінің шын ниеттен шыққан сыры екеніне сеніңкіремеген (О.Сәрсенбай).*

❖ **КӨҢІЛІ КӨНШУ** – тыныштанды.

- *Не дегенмен де, алғашқыда олқысынғанмен, осы бір темір үңгірге келіп бас сауғалағалы алалап келген ажалдан құтылғанына көзі жетті ме, әйтеуір Ахтанның көңілі көншіді (Ә. Сараев).*

- *Бұған Дидарбектің де көңілі көншіді (С.Омаров).*
- *Күнделікті араласып, ара-тұра шай-су ішкенге көңілі көншіді (Қ.Тоқмурзин).*

❖ **КӨҢІЛІ КҮПТІ** – ренішті, мұңды-шерлі.

- *«Әлгілер кімдер екен?» осы сұрақ Аяғанның көңілін күпті етті (Б.Мұқай).*
- *Содан кейінгіні ойлай-ойлай көптің көңілі күпті (Ш.Мұртаза).*
- *Неге жорырын білмей күдікшіл көңілі күпті болып қала берген (А.Асқаров).*

❖ **КӨҢІЛІ ҚАЛУ /СУУ** – ренжіді.

- *Енелерімнен көңілім қалғаны сондай, сол үйге тәтем жасап берген жасауымды алып бөлініп шықтым(С.Досжан).*
- *Кейінгі уақытта Садырбектің өзіне немқұрайлы екенін сезді ме, бәлки, емексіген үмітті көңілі суыды ма, білмейді... (Т.Рахымжанов).*
- *Алтайдың іші әлем-жәлем болып, көңілі суыды (Қ.Сейтжан).*

❖ **КӨҢІЛІ ҚАРАЮ** – түңілді, торықты.

- *Тіріде әкесін жалғызсыратып қойғаны есіне түсіп, одан сайы көңілі қарайды (А. Жақсыбаев).*
- *Сол кетісте Тайлақбай еліне қайтып оралмас болып көңілі қарайып кеткенді (Ж.Ахмади).*
- *Көңілі қарайып, көзі қарауытты. - Ақмолаға барған соң, маған хат жіберіңіз, - деді Сейілбек қиылып (С.Омаров).*

❖ **КӨҢІЛІ СЕЛТ ЕТПЕУ** – көңілсізденді.

- *Бірақ Ахтанның жарым көңілі ештеңеге селт етпеді (Ө. Кәріпов).*
- *...Бейне таспен бастырғандай көңілі селт етпей семе түскендей ме - түйешінің өзінше сезетіні – сыртқы дүниеден*

қағажу қалып, мінезінің, ойының жүріс-тұрысының мұқым өзгеріп бара жатқандығы еді (Д.Досжан).

○ Бұрынғы желіккеннің бәрі жайына қалып, астындағы ертоқымына мықтап қонып, **көңілі селт етпей** келе жатқан Жұмабекке жалтақтап қарап алады да ұнжырғасы түсіп, қалғи жөнеледі (Б.Тілегенов).

❖ **КӨҢІЛІ ҚҰЛАЗУ** – жалғызсырады.

○ **Көңілім құлазып тұр**, - деп аялдамасына бет алды (Ш.Елеукенова).

○ Хадиа сияқты қыздардың жолын қырсық кесіп, түкке тұрмайтын мінәйі себептердің кесірінен бағы ашылмай сорлап жүретінін ойлап, Аяғанның **көңілі құлазыды** (Б.Мұқай).

○ Далаға келгендей **көңілі құлазып**, жан-жағына мұңая қарады (Б.Имангазина).

❖ **КӨҢІЛІ МҰЗДАУ** – шошынды.

○ Сол-ақ екен **көңілі мұздап** көздері қарауытып, бір бейуақ тылсым үрей төбесінен төніп келе жатқандай боп кетті (Н. Келімбетов).

○ Бұл ауылды қайтып көрместей болып, жүрегі де, **көңілі де мұздап**, тас түйіндей сіресіп жібімей кетті (Б. Тілегенов).

○ Бір сұмдықты сезгендей мұның денесі тітіркеніп, жүрегі алып ұшып, **көңілі мұздап** сала берді («Қаз. әдебиеті»).

❖ **КӨҢІЛІН БАСУ** – бетін қайтарды.

○ «Әкемнің неше күннен бері аһ ұра қайталай берген дауысынын ауадағы жаңғырығы болар?» - деп **көңілін басты** (Т.Ахметжан).

○ Әсетімді мұқатып, **көңілін басты** (Ә. Жылқышиев).

○ Көргенсіздер, жабырлап, шулама, - деп бұлардың Ханышайым **көңілін басты** («Хан Кене»).

❖ **КӨҢІЛІНЕ АЛУ** – ренжіп қалды.

- *Неге екені белгісіз, әлгі арада іштей шамданып, қыз сөзін **көңіліме алдым** (С.Сарғасқаев).*
- *Әлде, Қитардың кесапат сөзін **көңіліне алды** ма? (Ш.Күмісбаев).*
- *Жазушы **көңіліне алды** ма қалай: Мынау мені қоса сілейтті-ау! - деді Баршагүлді жеңінен тартып қап.... (Ш. Хусаинов).*
- *Өзің де бір жамансың, әрнені **көңіліңе аласың** (С.Досжан).*
- *Ондағы ойы бағанағы бір сөздерді әжесі **көңіліне алды** ма, жоқ па деп, әрі ешкіммен шүйіркелесе алмай жалғыз қалғаны (Т. Нұрмағамбетов).*

❖ **КӨҢІЛІНЕ ДАҚ ТҮСІРУ/ КӨҢІЛІНЕ ДАҚ САЛУ** – ренжітті, күйікке ұшыратты.

- *Жасын Бағиланың арына тигенін, өзі жайлы биік ойын аласартқанын, оның таза **көңіліне дақ түсіргенін** түсінді (Д.Исабеков).*
- *Сөйтіп жүргенде, **көңіліне дақ салған** Қарабек иттің өзі (Қ. Кереева).*

❖ **КӨҢІЛІНЕ ҚАРАУ** – ренжіткісі келмеді.

- *Әсем қызының мына қылығына өлердей қысылғанымен үлкен кісінің **көңіліне қарап** үндемеді (Б.Мұқай).*
- *Қаттырақ еркін күлуге Жапақтың **көңіліне қарады** (С. Сарғасқаев).*
- *Оксана мола емес, колхозаралық ескі меже дегісі келіп еді, Ұлбосынның **көңіліне қарады** (Ж. Молдағалиев).*

❖ **КӨҢІЛІНЕ ҰНАУ (ЖАҚТЫ, ҮЙЛЕСТІ)** – жаратты, жақсы көрді.

- *Оның мықтылығына, **көңіліне ұнаған** адамға жақсылықты үйіп-төгіп жасай салатындығына, жағасына жармасқан пендені ес жиюға шамасын келтірмей шалқасынан түсіретіндігіне көзі әбден жеткен (Б.Мұқай).*

○ *Бұл жер қаладан көрі далалы жерге көбірек ұқсайтын жайлары бұлардың **көңіліне ұнады** (А. Байтанаев).*

○ *Әсіресе столдың екінші жағында өзіне қарсы қарап, бір-біріне иық түйістіре отырған екі қыздың ән салғаны **көңіліне ұнады** (Т. Нұрмағамбетов).*

❖ **КӨҢІЛІН ЖЫҒУ** – сыңайына қарамай ренжітті.

○ *Осы бір тұғырлы ойыма **көңілін жығып**, мөлтек жасқа шомылған ол бүгінде жүрегімен көкке көтерілудің жолында деген үміттемін (А.Нұрланов)*

○ *Сонымен кете берді далбалақтап.*

*Баланың **көңілін жығып** қардан аппақ (Т.Әбдірахменова).*

❖ **КӨҢІЛІН СУЫТУ** – жабыркандырды, тауалын қайтарды.

○ *Асқындап Тұрғанбайдың ұзын құлақтан **көңілін суытты** (Е.Рахимов).*

○ *Әке қабірінің үстіне қоянжонданып үйіліп қалған жас топырақ өртеніп-өрекіген **көңілін суытып**, тағдырдың қатал бұйрығын еріксіз мойындатқандай болып еді (Қ.Жұмаділов).*

○ *Оның бұларға деген **көңілін суытып**, ниетін бұзған Мәкен емес, осындай жағдай еді (Б.Тілегенов).*

❖ **КӨҢІЛІ ОЙСЫРАУ (ҚҰЛАЗУ, ҮҢІРЕЙІП ҚАЛУ)** – жаны құлазыды, өкініште қалды.

○ ***Көңілі құлазыды** деген жай сөз (Ш. Елеуенов).*

○ *Тіпті торығып, **көңілі құлазыды** (Т. Дәуренбеков).*

○ *Бәйге бестісі болса тақымынан суырылып ап, үзенгіге өкпесін тепкілетіп көз ұшына құрдым ұшқанға ұқсас - Сержанның **көңілі құлазыды** (А. Сүлейменов).*

❖ **КӨҢІЛІ ӨСУ (ШАЛҚУ)** – шаттана рухтанды, қатты қуанды.

○ *Өмірсеріктің аяқ астынан **көңілі өсіп**, көтеріліп қалды (Д.Досжан).*

- Сақаттың тіпті **көңілі шалқыды** (Ұ. Доспанбетов).
- Даңқ пен атақтың айдынында жүзген адам **көңілі шалқып**, асып-тасып, дүниенің бәрін де ұмытады ғой (С. Сарғасқаев).

❖ **КӨҢІЛІ СӨГІЛУ** – аһ ұрды, қатты өкінді.

- Болған жағдайды естіп, Хадияның **көңілі сөгіліп**, әбден әбігерленді, балаларға аяушылық білдіріп, көзіне жас іркілді (Б.Мұқай).
- Оқуға түсе алмай құрылыста жұмыс істеп жүргенін айтса анасының **көңілі сөгіліп**, мықтап қапаланатынын біледі (Б.Мұқай).
- **Көңілі сөгіліп**, мазасы қашып, жаны үрейдің құрсауына түскен жігіт Хадия жанынан өтіп бара жатса да танымас еді (Б.Мұқай).

❖ **КӨҢІЛІ СУ СЕПКЕНДЕЙ БАСЫЛУ / КӨҢІЛІ САП БОЛДЫ** – қуанышы ұзаққа бармады.

- Жасынның соңғы сөзі осы кезге дейін талпынып, тасып келген **көңілін су сепкендей басып**, оған деген сезімдерінің бәрін шалғыдай жапсырып өтті (Д.Исабеков).
- Жаңа ғана желпініп келе жатқан **көңілі су сепкендей басылды** (Ә. Қалдыбаев).
- Ендігі Бақыттың да **көңілі су сепкендей басылды** (С.Мұратбеков).

❖ **КӨҢІЛІ ШАЙЛЫҒУ** – жиренді, үрейі ұшты.

- Көлденең көрген дұшпанның **көңілі шайлықты** (М.Мағауин).
- Олардың теңізді бірі көрсе, бірі көрмеген: көргендерінің **көңілі шайлыққан**, ал көрмегендеріне теңіз аты құбыжықпен пара-пар (Ә.Сараев).

❖ **КҮЙК ТАРТТЫ (КӨТЕРДІ)** – қайғырды, қасіретін шекті.

- *Жазықсыздан жазықсыз жабылған мына сұмдық қиянат жала, Зубәйраның онсыз да жәбірленіп, күйік тартып жүрген жанын одан сайын жәбірлеп, күйдіре түсіп еді (Е. Мырзахметов).*
- *Бірақ ашу мен күйік көтеріп, тарғылдана шыққан әйел даусы оны қайта бөгеді (Т.Рахымжанов).*

❖ **КҮЛКІГЕ АЙНАЛДЫРУ** – келеке-мазақ етті.

- *Жаңа ғана мүлдем басқаша жауап беріп едім ғой. Ол сөз жоқ мені күлкіге айналдырып отыр (Д.Исабеков).*
- *Есназаров, солдат – қастерлі ат. Сен оны күлкіге айналдырады екенсін (Ә.Қалдыбаев).*
- *«Қап, екеуіне екі құлақ бермей, таластырып қойғанымды қарашы», - деп күлкіге айналдырды (Х. Елебекова).*

❖ **КҮЛІМ (КҮЛІМЕН) ҚАҒУ** – жымың-жымың етті, күлімсіреді.

- *Көңілім көктемнің ақ жарқын күніндей күлім қағады (Ш.Елеуқенова).*
- *Адамның жастық шағы қызық-ау, сол сәтте көз алдымда ұзын қара шашты, аққұба қыз, қара көздерін маған қадап: «Құрбым, міне мен, кел алтыбақан тебейік, зергерлік ісің қайда қашар дейсің, асықпа, мен де асықпаймын» деп күлім қаққандай болады, мен де оған қарап күлімсіреймін (Ж. Саин).*
- *– Сен шаршап жүрсің ғой, - дейді күлім қағып (Б.Мұқай).*

❖ **КҮПТІ БОЛУ (ҚЫЛУ)** – 1. тамақты көп жегеннен мазасызданды; 2. зарықтырды.

- *«Аман болса әлдеқашан келер еді, бір пәлеге ұшырап қалмаса игі еді» деген күдігім күпті кылды (Т. Ахтанов).*
- *Көңілі күдікке күпті болып келген Алмасты тарих факультетінің деканы Жақия Тайлақұлы жайраңдап күліп, ағалық ілтипатпен орнынан тұрып қарсы алды (Б.Мұқай).*

○ Ол келер күндердің қандай сыбаға сыйлағанын білмей көңілдері күдікке **күпті болып** жүрген екеудің үмітін тұтатып кетті (Б.Мұқай).

❖ **КҮРЕҢ ҚАБАҚ БОЛУ /ТАНЫТУ** – ұрысты, ренжісті.

○ Ешкімге **күрең қабақ** көрсетпей, өмірден үмітін үзбей өткен ағайдың жүрегі қандай төзімді болды екен десеңізші (Н.Келімбетов).

○ 1911 жылғы **күрең қабақ** күз күндерінің бірі еді (С.Досанов).

○ – Не жоғалтып едіңдер? – деді Смағұл **күрең қабақ танытып** (Б.Тілегенов).

❖ **КҮРЕ ТАМЫРЫ АДЫРАЮ** – қызарандады, қызбалық көрсетті.

○ «Бала-шағаңның несібесі зой», - деп біреулер ақша ұсынса-ақ ағай **күре тамырын адырайтып** шыға келетін (Н.Келімбетов).

○ Ол жауырынын бүрістіріп жіберіп, қалшылдап, қызарып, **күре тамырын адырайтып** қатып тұрып «ах!» деп қызыл көздерін қайшыландырып, қылиландырып жібергенде, күлмейтін адам қалмайтын (Ш.Хұсайынов).

○ Түсіне алмадым. Сөзге дес беріңіз әуелі? - деді **күре тамырлары адырайып**, ашуға булыққан Әлімов қали-қали етіп даусы айбарлы, қаттырақ шықты (С.Сарғасқаев).

❖ **КІРУГЕ (КІРЕРГЕ) ЖЕР (КӨР, ТЕСІК) ТАППАУ** – қатты ұялды.

○ Байғұс бала қызарғанда **кірерге жер таппады** (М. Сундетов).

○ Әділжан төмен тұқырайып, қып-қызыл болып кетті, **кірерге жер таппады** (Т. Есімжанов).

○ Енді кеп ақ пейілді анамыз деп, туысы бөлек ақылшымыз деп жағынғанда басқа түгіл Жәмиланың өзі де қара жерге **кірерге тесік таппай** ұяттан өліп кете жаздайды (Р.Ниязбеков).

- Қ -

❖ **ҚАБАҒЫ АШЫЛУ (ЖАЗЫЛУ, ЖАРҚЫЛДАУ, КӨТЕРІЛУ)** – көңілі жадырау.

○ *Түрі онсыз да сұсты Ыбекең өзінің жолдастарымен жүзін жылытпай, сазарып отырып сөйлесе, Назарға келгенде мүлде өзгеріп, қабағы ашылып қоя береді (Т.Әбдік).*

○ *Зибаштың да қабағы ашылып, құрбы қыздары келгенге кәдімгідей бой жасап қалатын (Н.Бектемірова).*

○ *Көптен күткен адамы келген соң қабағы ашылып, жүзіне шыр жүгірді (Б.Мұқай).*

○ *Мұны жан дүниесімен сезген Торғын шешейдің қабағы шайдай ашылып, жадырап қоя берді (Ж.Елшібек).*

❖ **ҚАБАҒЫ ЖАБЫЛУ (ҚАРС ЖАБЫЛУ, ТҮЙІЛУ, ТҮНЕРУ, ШЫТЫЛУ) / ҚАБАҒЫН ЖАБУ (ТҮЮ, ТАСТАЙ ТҮЮ, ТҮКСИТУ, ҚАРС ЖАБУ)** – ызалану, ашуға міну.

○ *Осы тұста Сауытбай тісі ауырған адамдай көзін жұмып, қабағын түйді (Т.Әбдік).*

○ *Ерасылдың біраз жолдастары жиналып қалыпты. Бәрі қабақтары түсіп үрейленіп тұр (Н.Бектемірова).*

○ *Шалға ұрлана қарады, жүзіне көлеңке жүгіріп, қабағы шытылыпты (Б.Мұқай).*

○ *Қабағы қарс жабылған күйі жеңгесін ала көзімен шығарып салған Алматый маған бұрылды (Қ.Ысқақ).*

❖ **ҚАБАҒЫ КЕЛІСПЕУ** – көзқарасы жақсы болмау, ұнамау.

○ *Жаз бойы Бөкенші мен Борсаққа Құнанбайдың қабағы келіспеген (М.Әуезов).*

○ *Тағы біраздан соң қабағы келіспеген үйді ұнатпай, ас піскенше тысқа шығып кетті (М.Әуезов).*

○ *Әлде мына Мамырбек төре сол баяғы атасының құнын құлғанадай қуып, әлі күнге дейін кешпей жүр ме екен, әйтеуір,*

Төртуыл кісілерін көргенде **қас-қабазы келіспей, кірпідей жиырыла қалатын әдеті** (Қ.Жұмаділов).

❖ **ҚАБАҒЫ (ҚАБАҒЫН) КІРБІҢ ТАРТУ (ШАЛУ)** – ренжу, көңілі жабығу, жабырқау.

○ Қолын қусырып, үнсіз тыңдаған Аққоянның аузынан не «иә», не «жоқ» деген сөз шықпады. Бірақ **қабазын кірбің шалған жоқ, жүзі жайдары** (М.Хасенов).

○ Бастапқы жылдардағы жылы **қабазы кірбің тартып**, соңғы кездерде **тоң-торыс отырып алуды шығарды** (Т.Қажыбаев).

○ Сонымен қойшы, айлақтағылардың да **қабактарын кірбің шалады** (Қ.Жиенбай).

❖ **ҚАБАҒЫ ҚАЛЫҢ** – жүзі ызалы.

○ Оның есесіне **қабазы қалыңдап**, өз ойына өзі шомып, малтыға малтып, алайда еркін жүзе алмай, қайта керісінше, шым-шым батып бара жатады (З.Қабдолов).

○ Шеркештің Тұрманбет бiі жер қозғалса да қозғала қоймайтын, **қабазы қалың**, қапсағай бойлы қарасұр кісі екен: мінезі ғана емес, аузы да ауырлау адам көрінді (Қ.Мұханбетқалиұлы).

○ Жап-жас болып **қабазы қалың**, түсі суық екен (Б.Мұқай).

❖ **ҚАБАҒЫ ҚАТУ (КІРТИЮ)** – қажу, ренжу.

○ Жанымызға дерт батты, **қабазымыз қатып сұрқияға еріп сүріндік**, – деді Тымыр (Т.Құлыяс).

○ Жұман Ақжанов еркін басып-ақ кіргенмен, полиция подполковнигі формасындағы **қабазы қатулы**, сұсты басшыны көріп, аздап абдырап қалды (Ә.Файзуллаұлы).

○ Екеуі төс қағыстырған соң, Телжан төрде отырған ақ шашы жалбыраған, **қабазы қатулы** адамға қос қолдап амандасты (Т.Кеңесбай).

❖ **ҚАБАҒЫНА ҚЫРАУ ҚАТУ** – тұнжырау, түнеру.

○ *Көп уақыт өтпей қабағына қар қатқан нағашысынан да, тойған қозыдай монтиған, бірақ қулығына құрық байламайтын нағашы жеңгесінен де, мазақ пен төмпештеп көз аштырмайтын нағашы інілерінен де жеріп болған (Т.Әсемқұлов).*

○ *Елшілік приказы қабағына қырау қатқан қасқыр ішікті мейманды ыссы шай беріп жылытты (Ә.Кекілбаев).*

○ *Талғардың мұз дулыға киген жеті шыңы қабағына қырау қатқан батырлардай сұсты (Ш.Мұртаза).*

❖ **ҚАБАҒЫНАН ҚАР (ҚАН) ЖАУУ (ЖАУЫП ОТЫРУ)**

– қатты ашуланып қаһарлану.

○ *Шақырушының қабағынан қар жауғандай екен. Түнеріп, түтеп отыр. Есен-саулық, жөн-жосық сұраспастан айқайға басты (Б.Әбдіразақов).*

○ *Ол Еділ толқындарынан көтерілген бозғылт бұға телміріп, қабағынан қар жауып, қос қасы түйісіп кетіпті (Г.Қабдолашева).*

○ *Онда жұмысың болмасын, – деп қабағынан қар жауа айқайлап келіп, Нәзираны жағасынан ұстап, орнынан жұлып алды да, енді не істерін білмегендей кіжініп, қайтадан итеріп жіберді. Нәзира мұрттай ұшты да ес-түссіз қалды” (Б.Тілегенов).*

❖ **ҚАБАҒЫН ТЫРЖИТУ (КІРЖИТУ, ШЫТУ, ТҮЮ)** –

жақтырмаған кейіп білдіру.

○ *Өлмес қабағын кіржитіп, біреуден зәбір көрген адамның түрімен: Бұл өзі... – деп даусын жіп-жіңішке қылып, ойланып, жан-жағына қарап алды да: Шынын айту керек, – деді даусын зорайтып, – Бірмағамбеттің Асқары тұрғанда, бізге күн жоқ (Т.Әбдік).*

○ *Айтемірдің қабағы түйіліп, шекесі тырысып кеткен (Ә.Файзуллаұлы).*

○ *Әне, тағы басталды... – Үлкен кейіспен **қабағын тыржитқан** шал қайтадан төсегіне қисая кетті (Ә.Файзуллаұлы).*

○ *Не болды-ей, көшенің ортасына байланып қалдың ғой? – деді. **Қабағы түйіліп**, түнеріп кетіпті (С.Досжан).*

❖ **ҚАБАҒЫ САЛБЫРАУ (САЛЫНУ, СЫНУ) / ҚАБАҒЫН САЛУ** – көңіліздену.

○ *И-и, безіп кету айтуға оңай... – Кемпір мұңдана, **қабағы салбырап**, төсегіне қисая кетті (Ә.Файзуллаұлы).*

○ *Шаруашылық ауырлаған сайын ел азаматтарының **қабағы салбырап** жақ еттері солып... берекелері кетті (Т.Кеңесбай).*

○ *Бірдемде үлкен ала көзін мұң торлап, түксиген **қабағы салбырап**, тұтқынмен бірге жота-жоны күнсіп қоңырайған қуаң далаға тұнжырай қарап қалады (Ж.Қорғасбек).*

❖ **ҚАБАҒЫ САЛЫҚ (САЛЫҢҚЫ, ЖАБЫҢҚЫ, ТҮЙІЛІҢКІ, ҚАТУЛЫ, ҚАТЫҢҚЫ)** – ренішті.

○ *Боран әкеле жатқандай **қабағы қатыңқы**, бет-жүзі де тау құлатқандай ызбарлы болатын (М.Сәрсеке).*

○ *Данай қыздың **қабағы салыңқы** тартып, жүзінен бір көлеңке жүгіріп өтті (Н.Қами).*

○ *Қарындас, «Аққу» кафесі қай жерде? – деп сұрай қалып еді, ана қыз **қабағы қатыңқы** болса да тоқтай қалып түсіндірді, тез жауап ала қойғанына сеніңкіремей, сұрағын бетінде қан-сөл жоқ, аппақ құдай бозбаланың алдына тағы көлденеңдеткен (Ж.Қорғасбек).*

❖ **ҚАБАҒЫ ТЫРЫСҚАН** – кейпі келіспеген, көңіліз.

○ *Көздері әлдекімге күдікпен қарағандай **қабағы тырысыңқырап** тұратын, бірақ келбетсіз емес, ашық сопақ жүзі, бойшаң денесінің толықтығы да өзіне жарасымды, сәнді жүрісті әйел екен (Ұ.Доспанбетов).*

○ Ауру баланы емес, өтімсіз дүниені көргендей өңкей бір **қабағы тырысқан**, кейпі келіспеген дәрігерсымақтар (Ұ.Доспанбетов).

○ Қол ақының үйі, қара шолақ қалам, **қабағы тырысқан** шандыр песір, сары жапек старшын, қара книга, қотыраш мөрлер, жаланған билердің барлығы да – Сатанды союға қасапшыдай, не талауға үймелеген жаудай, не жеуге қамалаған қасқырдай көрінді (І.Жансүгіров).

❖ **ҚАБАҚ ШЫТЫСУ** – ұрысу, ренжісу.

○ Әлгі неменің боқтығын құлақтарына ілмейді, жұмған ауыздарын ашпағаны былай тұрсын, **қабақтарын шытып** ренжімейді-ау (Ш.Елеукенов).

○ Шешем жұмыстан қаншама қалжырап оралғанымен, ешқандай **қабақ шытқанды** білмейді (Қ.Қазиев).

○ Алғашында Тоқаң кәдімгідей **қабақ шытып**, қатты кейіді, одан ештеңе өнбеген соң бозторғайдың көз жасы жібермейтінін, оның да құдай жаратқан жәндік екенін, о дүниеде алдыңнан шығарын айтып ақыретпен шошытып байқады (Д.Исабеков).

❖ **ҚАБЫРҒАНЫ ҚАУСАТУ /ҚАБЫРҒАСЫН КҮЙРЕТУ** – жанға бату, қатты күйзелу.

○ Жаңа өзіңіз айтқандай хан екен, би екен демей **қабырғасын қаусатып** сөз жеткізетін адамдар керек (Ұ.Доспанбетов).

○ Тек ру намысы десе, жырау айтқандай көзіне қан толып, қақыратып сөз айтып, бір-бірінің **қабырғасын қаусатпай** тоқтамайды (Ұ.Доспанбетов).

○ Неге кіріссе де, **қабырғасын қаусата**, түбін түсіре кірісетіні несі екен?!» деп жымыды да қойды (Қ.Жұмаділов).

❖ **ҚАБЫРҒАСЫ ҚАЙЫСУ (МАЙЫСУ) / ҚАБЫРҒАСЫНА БАТУ** – жанына бату, қатты қиналу.

○ Әлі де өмір сүргім келеді алда атқарылар қаншама шаруаларым бар екенін ойласам, **қабырғам қайысып**, жаным жабығып кетеді (Н.Бектемірова).

○ Есін білгелі **қабырғасы мұндай қайыспаған** шығар (Б.Иманғазина А.Ж.Тауқымет).

○ Ал, жұмыс жағына келсек, **Жарылқап қара тер төгіп, қабырғасы қайысып** көрген емес (Ж.Шалұлы).

❖ **ҚАБЫРҒАСЫ ҚАҚЫРАУ (СӨГІЛУ)** – қинала қайғыру.

○ Көзі ісініп кеткен Мәдина түсінде көрген өкініштен іші-бауыры қан жылап, **қабырғасы сөгілді** (А.Мекебаев).

○ Кешегі дос деп жүрген адамдарының ара түспек былай тұрсын бүгін танымайтын кісідей бұған қарамауы, үйіне келмей кетуі оның **қабырғасын сөгіп** кеткендей болды (Д.Исабеков).

○ Туасы уайымшыл қазақ жырының қан қақсап, **қабырғасы қақырай сөгіліп, еңірегенде етегі толып, аһ ұрар** дәуірі шындап келген сияқты еді (Б.Мұқай).

❖ **ҚАДІРІ ӨТУ** – әбден зарықтыра сағындыру.

○ Балаларының алды ер жетіп, аруаққа **қадірі өтіп**, ағайынға сыйы асып қалған ауызды бәйбішелерге ондай мінез де кешірімді еді (Ә.Кекілбаев).

○ Қатынның **қадірі өткен**, қу тізесін құшақтап жүрген біреу-міреу кездесе, ойланба, келісіміңді бере бер»! - дейді айналайын ақ жеңгем шын ниетімен ақтарылып (З.Жұманова).

○ Тіршілік тауқыметінен басын көтере алмай жүрген Ақбала: «Азаматым-ау, өзің кеткелі әбден **қадірің өтті**, бір қадым жердегі отынды үйге кіргізу де қиын болды ғой», - деп қамықты («Қаз. әйелдері»).

❖ **ҚАЙҒЫ БАСУ (ЖЕУ, БІТУ, ТАРТУ, ТҮСУ) / ҚАЙҒЫҒА УЛАНУ / ҚАЙҒЫМЕН ҚАН ЖҰТУ (ШУ) / ҚАЙҒЫНЫҢ СЫЗЫҒЫН ТАРТУ** – уайымға түсу.

○ *Адам басына қайғы түскенде, одан басқа қиындық атаулыны ұмытып кететіні бар, бұл да сондай қайғымен қан жұтуда* (Ж.Сақұрпағы).

○ *Сәрсебекке қоса мен де хабар-ошарсыз кеткен соң қайғыменен қан жұтып, қаусап қалмады ма?* (Б.Соқпақбаев).

○ *Қабидың кәрі шешесі мен жас қатыны қайғыдан қан жұтып, көз жасын көл қылып отыр* (Ж.Шәкенұлы).

❖ **ҚАЙҒЫСЫ БАТУ**– уайым, қабырғасын қайыстыру.

○ *Жанына қайғы батқан жаралы көз!* (І.Есенберлин).

○ *Тананың қайғысы жүрегіне әбден батқандықтан ба, бұл жолы көңілі тіпті селт етпеді* (І.Есенберлин).

○ *Махаббат қайғысы жанына қандай батса да, ол жұртының алдында өзінің борышын, міндетін адал ақтап өтеді* (І.Есенберлин).

❖ **ҚАЙҒЫ ТОРЛАУ, ЖЕР КҮҢІРЕНУ** – қатты қайғыру.

○ *Түйінін айтқанда, Ұлбосынның өлімін естіген минутімнен бастап, мені де қайғы тұманы торлады* (І.Есенберлин).

○ *Және ойлаған сайын, көңілімді қайғы торлап, бұрынғыдан жаман жүдей түстім* (І.Есенберлин).

○ *Жетісіне шейін жер күңірене жылау болып, қалың жұрт ұлардай шулады* (М.Әуезов).

❖ **ҚАЙРАН (ТАҢ) ҚАЛУ (БОЛУ)** – таңдану, таңырқау.

○ *Оның орнына әу бастағы «Рүстемнен кек алу» туралы ой қайта оралып, сол ойдың күні бұрын болжап білгендей, мүлтіксіз орындалуы мені қайран қалдырды* (Т.Әбдіков)

○ *Сондай сабырсыз адамның қалай тергеуші болып жүргеніне Аяған қайран қалады* (Б.Мұқай).

○ *Діни аңыз бола тұрса да, оның қаншалықты мәнді, қаншалықты әсерлі құрылғанына ол қайран қалды* (Д.Исабеков).

❖ **ҚАМ КӨҢІЛ** – өкпелі, қайғылы көңіл.

○ *Сәл нәрсені үлкен уайымға айналдырып, шаршап жүретін қам көңіл жгітке әлгінің айтқаны ауыр тигені көрініп тұр (М.Мұқай).*

○ *Аулақта, батысқа қарай қизаштанған қашаған талдың үстінде бір топ қаз қалқып барады, еңкейген күнмен бірге мамырлаған бейуаққа жарасып, қоңыр үн қоңыраулатты, мүлгіген тоғай қам көңіл күрсінді (А.Смайыл).*

○ *Үйде кейде бүйтіп ұзақ болмауым, онсыз да қам көңілді Аяужанды тіпті жүдете бастағанын мен соңынан аңғардым (І.Есенберлин).*

❖ **ҚАМШЫ ҮЙІРУ** – қорқыту.

○ *Мына жерде малды қалай соясың? – деп шегіншек-тегендерді солдаттар төбелерінен қамшы үйіріп жүріп қуып тықты (А.Смайыл).*

○ *Марғаудың есіне ең әуелі құйғытып келе жатқан кер бесті, одан кейін қамшы үйірген Лезбай түсті. «Қайдасың?» дегендей, бір қаңқ етті де, серейіп сала берді (С.Шаймерденов).*

○ *Қой әрі! Иттерді сабап, ауыл үстіне қамшы үйіріп, бізге істеген бұл қай қырың?- деп Құдайменде бұған енді түйіле қарады (Ә.Нұрпейісов).*

❖ **ҚАНАТЫ (ҚАНАТЫНАН) ҚАЙРЫЛУ / ҚАНАТЫ СЫНУ / ҚАНАТЫНАН ҚАЙРЫЛУ, ҚАРАЛЫ БОЛУ / ҚАНАТЫ СЫНУ, ҚАБЫРҒАСЫ СӨГІЛУ** – сүйеніштаянышынан айрылу.

○ *Оған әлденеге мынау жылап отырған Өрік сонау қанаты сынған бозторғай, ал Пейілжан жаңағыз қанды тырнақ күйкентай құс тәрізді боп көрініп кетті (І.Есенберлин).*

○ *Қанаттары қайырылған, туғандардан айырылған киік қаз (Ш.Мұртаза).*

○ *Қос қанаты қайырылған, сары аурудан тұрғандай, салбырап, жүдеген Керімбала бар (М.Әуезов).*

- ❖ **ҚАНЖАРДАЙ ҚАДАЛУ** – ашулы, тесіліп, суық қарау.
  - *Үй іргесінде көлеңкелей отырған иесінің қара шалға қос жанары қанжардай қадалулы (А.Алтай).*
  - *Қанжардай қадал, оқтай ат, ескілік дүниесі қансырап қалсын! (Н.Төрехұлов).*
  - *Бір бүйірден қабан қанжардай қадала түскен алдеқандай суық сөзді есітіп, мойнын ішке алған бойы жым болды (Р.Ниязбеков).*
  
- ❖ **ҚАН ЖЫЛАУ** – зар қақсау.
  - *Тағдыр тауқыметін тартып бастары қосылмаған талай мұңдықтардың, бұл жолы немістің ару қызы Эмmanın қан жылаған жүрегiнiң соңғы шешiмiне дәл осы жоқтаудай етiп тiл бiтiру, әй, мүмкiн де емес шығар (Ш.Елеукенов).*
  - *Баймұқан да, Қалима да күлген болады, бірақ нәубез жүздерінен іштерінің қан жылап отырғаны байқалады (Т.Әсемқұлов).*
  - *Әжiгерей жүрегі қан жылай күлген (Т.Әсемқұлов).*
  
- ❖ **ҚАН-ЖЫНЫН ТӨГУ** – аузына келгенін айту, аузынан ақ ит кіріп, қара ит шығу.
  - *Отбасына қан-жынын төгіп, тапыр-тұпыр жүзгiрiскен әйелдердiң аузында тыным жоқ (К.Қазыбаев).*
  - *Жан-жағына қарауға шамасы келмей, айналасына қан-жынын төге үйден шыға жөнелді (К.Қазыбаев).*
  - *Ашуға әбден булыққан әйел қан-жынын бір-ақ төкті (К.Қазыбаев).*
  
- ❖ **ҚАН ЖҰТУ** – қатты қайғыру.
  - *Інісінің өліміне қайғырып, қан жұтып жүрген жігіт ашумен барып аудандық прокурорына ауыр сөз айтады (Б.Мұқай).*
  - *Өсерсің, ақыл кірер, сонда түсінерсің сорлы әкеңнің қан жұтып, қаһар кешкенін (Ш.Мұртаза).*

○ *Енді осыдан Рысқұл зәуіде қайта қалса, бұл сорлы не бетін айтады деп байы үшін де қайғымен қан жұтар (Ш.Мұртаза).*

❖ **ҚАН ҚАҚСАТУ** – зар жылату.

○ *Аға-еке-ау! Қан қақсатып қайда кеттің? (Ұ.Доспанбетов).*

○ *Былтыр Сәршен ағайыңды да алдап, арақ беріп, қан қақсатып кеткен (С.Шаймерденов).*

○ *Ол қулығыңды қой, шырақ. Өткен жылы Сәршен байғұсты қан қақсатқан едің. Қайтар малымды! (С.Шаймерденов).*

○ *Қорасындағы малын, қоймасындағы қабын жұрдай ғып тартып алып қан қақсатқан Сталиннің құйыршықтары қазақтарды рухани жаныштап қоймай, ақыл-естерінен адастырды емес пе! (Ж.Елшібек).*

❖ **ҚАНЫ ҚАЙНАУ** – ызалану, қатты күйіну.

○ *Машаны емес, мені қорлағандай қаным қайнап палатаны басыма көтере ақырайын (Ш.Елеуенов).*

○ *Сайысқа ақын емес, ақша түсіп, жарыста таланттың емес, таныстың жолы болып жатса, қалайша қаның қайнап, қабырғаң қайыспайды?! (Аманжол Ақын).*

○ *Жеңгесіне қатты өшігіп, қаны қайнап, кездікке біткен кішкентай томай құлақтың ұшы дуылдап қызара бастады (Ә.Нұрпейісов).*

❖ **ҚАНЫ (ҚАНЫНА) ҚАРАЮ** – ашу-ызаға булығы, ыза болу.

○ *Намыстанып, анасының мына қылығы қанын қарайтып әкетіп барады (Р.Мұқанова).*

○ *Анада шабындық жайымен теңіз жағасына келгенде, ішінен Райға қаны қарайып кеткен екен (Ә.Нұрпейісов).*

○ *Қалған қалың бұқара қаны қарайған ханнан іргесін аулақ салып, өз қоныстарына тарады (І.Есенберлин).*

❖ **ҚАНЫ ҚАТЫП АЛҒАН** – ашуға булығы, ыза кернеу.

○ Әсіресе, Кәлен мен Мөңкеге **қаны қатып алған** (Ә.Нұрпейісов).

○ Майлың басында болған кешегі оқиғадан кейін Кәленге әсіресе **қаны қатып өшігіп алған-ды** (Ә.Нұрпейісов).

○ Курнос Иванға **қаны қататын реті бар** (Ә.Нұрпейісов).

❖ **ҚАНЫ ҚЫЗУ** – делебесі қозу.

○ Атан түйелерге зеңбіректерін артқан, әрі мынау таулы жерде жүрістері сәл ауырлаған қалмақ әскерлерінің басшылары бұған дейінгі жеңістерден басы айналып, **қаны қызса керек, бірауық от қару-зеңбіректің үнін өшіріп, қолма-қол шайқасқа да тіленді** (Ұ.Доспанбетов).

○ Енді Жапардың тежелуі ретсіз-тін, **қаны қызып** «өлсем де жастығымды қармана кетейін» деп, әлгінің иегінің астын көздей сілейте соқты (Ә.Ыбырайымұлы).

○ Бұл үшеуге ашынған, **қаны қызған, жоқ-жітіктерді үйіріп әкету аса қиынға соқпайды** (Ұ.Доспанбетов).

❖ **ҚАНЫ БАСЫНА ТЕБУ (ШАПШУ)** – ашу-ызаға булығы, ыза болу.

○ “Діні не еткен қатты еді мына пәлекеттің! Бет-жүзінде бір өзгеріс болсайшы! Тіпті қылмыскер бұл емес, мен сияқтымын зой, түге!” – деп ойлаған Мыңсары бар **қаны басына теуіп, өрт сөндіргендей түтігіп кетті** (С.Досанов).

○ Көңілдің көк жиегіндегі арманына қолы жеткендей маужырап жатқан шақта көзіне көк шыбын үймелетіп, таң атар атпастан қой соңына салып қоятын байды алдына алып келгенде Сәлімнің бар **қаны басына шапшып, зығырданы қайнап-ақ кетті** (Б.Тілегенов).

○ Ендігі бір көген болар ақ ешкінің тұқымы-тұяғынан түсетін пайданы шотқа қағып-қағып жібергенде, Әукеннің **қаны басына шауып, екі көзі түк көрмей қалды** (Т.Сәукетаев).

❖ **ҚАНЫ БАСЫНА ШЫҒУ** – қатты ашулану, ыза болу.

○ *Манағы ұлының ашынып айтқан сөздерінен бәрін бірден ұққан Сатыбалдының көзі қарауытып, қаны тасып басына шығып еді (Н.Бектемирова).*

○ *Түрік пе, әзер ме, сондай бір подпольный «миллионердің» бірі ақшасын толық ауыстыра алмағасын қаны басына шауып, үйінде тыққан елу мен жүз сомдықтардың буда-будасын көшеге алып шығып, жұрттың көзінше өртеп жіберіпті (Н.Қуантайұлы).*

○ *Дәл осы сәтте, кенет, дәл бір алдындағы бөгетті бұзғандай, қаны басына шықты да, дірілдей лоқсып бойына тарай берді (І.Есенберлин).*

❖ **ҚАНЫН ІШІНЕ ТАРТУ** – ызалану.

○ *Құдай куә ойыма да келмеген нәрсе. Алғашында сөйлесейін, лажы келсе татуластырайын деп барғам. Есіктен кіріп сәлемдестім. Жауап берген жоқ. Іс тігіп отыр екен. Қанын ішіне тартып, жүзі қуарып отыр (Т.Әсемқұлов).*

○ *Мынау күйеу балаңыз, - дей беріп еді, кемпір қанын ішіне тартып... (Т.Нұрмағанбетов).*

○ *Тұтқын балалар жаутаңдап жүздеріне қарап еді, қанын ішіне тартып қара сұрланып алған қатулы кісілер еш шырай бермеді (Ә.Кекілбаев).*

❖ **ҚАҢТАРДАҒЫ БУРАДАЙ** – ашулы, қаһарлы.

○ *Ал Қалдан Башықтының қаңтарда жаразан бурадай шабынып келіп, сабылтып кеткенін баланың баласы ұмытпай жүр әлі (С.Сматаев).*

○ *Сербов қаңтардағы бурадай ақырып, зекіп, кекетіп, большевиктерді қатарлап жатыр (С. Сейфуллин).*

○ *Қосын командирі: “Қырамын да жоямын!” – деп, қаңтардағы бурадай қырылдайды (С.Сейфуллин).*

❖ **ҚАПА БОЛУ (ШЕГУ)** – уайымдау, қайғыру.

○ Биекем, алланың әміріне кім көнбес, көп **қапа болмаңыз**, сіздің жамағайыныңыз Құлсары кеше кеште жарық дүниедегі дәмі таусылып, ақырет сапар шегінті (Ұ.Доспанбетов).

○ Ал, енді қарағым Баймұқан, қарағым Қалима, **қапа болмаңдар**, – деді тоқсаннан асқан Мақбоз әжсей (Т.Әсемқұлов).

○ «Кешір, Айған, **қапа бола көрме!** Қайтесің, адам табиғаты осылай (С.Шаймерденов).

❖ **ҚАПЕРІНЕ АЛМАУ (КІРМЕУ, КІРІП ТЕ ШЫҚПАУ) / ҚАПЕРІНДЕ ЖОҚ** – бәрі бір.

○ Бірақ бұл дүниеге уақытша қонақпын деген **қаперінде жоқ** (Ш.Мұртаза).

○ Ауыс неме «әкем өлді-ау» деген **қаперінде жоқ** (Ш.Мұртаза).

○ Мұхсина орнынан тұру **қаперіне кірмей**, шай құйып отыра берді (Ш.Мұртаза).

❖ **ҚАРА БЕТ (ЖҮЗ)** – ұятсыз, арсыз.

○ Қайтсін енді, босаға аттаған қызын **қара бет қып**, қайтып әкелсін бе? (Т.Әбдік).

○ Соның өзінде жылтыр **қара беті** жылымай, тек тістеніп алған жұп-жұқа ерін арасынан аппақ тістер ырсыды (Ә.Нұрпейісов).

○ Сүйтсе, кісі хақын жеуге келгенде, сен **қара бетке** алыс-жақынның бәрі бір екен ғой, - деп еді, Ебейсін мырс етіп күліп жіберді (Ә.Нұрпейісов).

❖ **ҚАРА ЖЕРГЕ ОТЫРТУ** – ұятқа қалдыру.

○ Сен бір өзің ғана емес, бәрімізді **қара жерге отырмайын** депсің! (М.Әуезов).

○ «Мұқаттым» деп, «**қара жерге отырттым**» деп қара борандатып Оразбай, Жиреншелер кеткенмен де, өзінің бұл күндегі ісіне, еңбегіне ойы берік, бойы бекем Абай селт етіп, шіміріккен жоқ (М.Әуезов).

○ *Ертең ауыздары аппақ боп, қара жерге отырғанда бір-ақ білер (М.Әуезов).*

❖ **ҚАРА ЖАМЫЛУ** – өлім, қазадан кейінгі қайғыға душар болу.

○ *Әсіресе Бұзаубақ қара жамылғандай болып отырды (С.Сейфуллин).*

○ *Міне, осылайша екінші күйеуімді де қара жердің қойнына беріп, екінші рет қара жамылып, қан жұтып жесіп қалдым (О.Бөкей).*

○ *Қасіреті мол жас зайып, Қараңғы ұзын түндерде, Үстіне қара жамылып, Күрсініп жер жылайды (М.Жұмабаев).*

❖ **ҚАРА (ҚАРАДАЙ) ЖЕРГЕ КІРУ** – ұялу, қорлану, қымсыну.

○ *Осы мезет есік сықыр етіп ашылып үстеріне көзі аларып басбух кіріп келеді: шықпай қалған жаны сірі қайта, ұяттан қара жерге кіріп бара жатыр еді (Д.Досжан).*

○ *Бүгін ағаңмен жағаластың, ал ертең өздері-ақ татуласып кетеді. Сонда қарадай жерге кіріп кетпейсің бе? (Д.Исабеков).*

○ *Мұның бәрін адам өз өнеріменен жасаған жоқ. Бір озған, бір жыққан үнемі озып, үнемі жығып жүрмейді. Соның бәрін де біле тұра, жерге кіргендей болып я бір арамдығы, жамандығы шыққандай несіне ұялып, қорланады екен? (Абай).*

❖ **ҚАРА ЖҮРЕГІ ҚАҚ АЙРЫЛУ** – қатты құсаға шалдығу, қасірет шегу.

○ *Төбем көкке жетіп, қуанған күндері де, қара жүрегім қақ айрылып, қайғырған күндері де күттім (Н.Келімбетов).*

○ *Ақылбектің қуанышқа толы жанарын, Мейіркүлдің кәдімгідей жасарып, жайнаң қаққан жайдары жүзін көрген сәтте жаңағы әйел ызаға булығып, қара жүрегі қақ айрылып кетердей-ақ тісін тісіне қойып зорға шыдап тұрды (Н.Келімбетов).*

○ – *Айхай, дүние-ай! Ай, дүние-ай!* – дегенде қасірет толған жүрегі қарс айрылып кете жаздады (Б.Мұқай).

❖ **ҚАРА (САРЫ) УАЙЫМ БАСУ (ТҮСУ)** – қайғыру.

○ *Ал тіпті сары уайым басып көңілі шын жетім бола бастаса, ол бірнеше күнге босанып, Хасеніне келетін (І.Есенберлин).*

○ *Кұсалықтан, сендерді, сені, Құрмашты, Батырханды ойлай-ойлай, панасыз үрпек балапандар не болады, енді қайтіп күн көреді деп, сары уайымнан сарғайып өлді дейтін (Ш.Мұртаза).*

○ *Сары уайымға түсе-түсе, қысыр қиялды қуа-қуа ақылынан алжаса бастағаннан сау ма? (Ә.Кекілбаев).*

❖ **ҚАРА ҚАЗАНДАЙ ҚАЙНАУ** – өкіну, шарасыз болу, іштей булығы.

○ *Өңмеңдеп жетіп барайын десе, өзі шыққалы тұрған көзді оқыс етіп алам ба деп жасқанады. Қалың малына қырық жетіні қырқа матап, өлтіріге бір дөнен, той малына ту бие өткізгенін ойлағанда, іші қара қазандай қайнап, қопақтап қалады (А.Жүнісов).*

○ *Әбіләкімдікі ақ өлім бе, қара өлім бе, әйтеуір, марқұмның іші қара қазандай қайнап келгені шындық қой (Т.Әлпейісов).*

○ *Бәрінен де Жырғал сұмның сатып кеткеніне ішім қазандай қайнады (Қ.Жұмаділов).*

❖ **ҚАСЫН (ҚАБАҒЫН) ТҮЮ** – тұнжырау.

○ *Ұйқы үстінде де түндегі ашуы тарқамай, қасын түйіп ширығып апты (Ә.Нұрпейісов).*

○ *Терісіне сыймай, қабағын түйген күйі ешкіммен аңгімелеспей теріс қарап отырды (Ә.Нұрпейісов).*

○ *Күні бойы қабағы бір ашылмады, қабағын түйіп, тұнжырап жүр (Ә.Нұрпейісов).*

❖ **ҚАС-ҚАБАҒЫ САЛБЫРАУ** – ашулану, көңілсіздену, ренжу.

- *Аспанның қас-қабағы салбырап, алдындағы бар малынан айырылған жылқышыдай ашулы (О.Бөкей).*
- *Мұқаш қабағы салбырап теріс қарады (Т.Сәукетаев).*
- *Ренжігені көрініп тұр, қабағы салбырап, түсіп кеткен (Б.Тілегенов).*

❖ **ҚАС-ҚАБАҒЫН АҢДУ/ БАҒУ/ ҚАРАУ** – біреудің көңіліне, жай-күйіне қарау.

- *Ақынның қас-қабағын аңдып отырған жұрт жосықсыз қолпаштамай, сабыр сақтап, әңгіменің соңын тосты (Ж.Кәрменов).*
- *Қасындағы екеудің біреуі – бұларға таныс жалпақ бет қара Бегәлі де, екіншісі – жағына пышақ жанығандай тыриған, жылтыр көз, қара торы жігіт те жуан сарының қас-қабағын баққан сыңайы бар (М.Айымбетов).*
- *Тіпті қас-қабағыңа қарап үндемейін десем де қоймадың зой, өл де маған (М.Әуезов).*

❖ **ҚАСІРЕТ (ҚАЙҒЫ, УАЙЫМ) БАСУ (ТАБУ, ТАРТУ, ШЕГУ) / ҚАСІРЕТКЕ (ҚАЙҒЫҒА, УАЙЫМҒА) БАТУ / ҚАСІРЕТПЕН ҚАН ЖҰТУ (ҚҰСУ)** – қайғы азабына түсу.

- *“Неге... неғып келмейді?.. Оған бір нәрсе болған зой, құдай-ау!” – деп іштей ашына, қасірет шеге бастады (Р.Мұқанова).*
- *Бесіктен беліміз шықпай жатып, қасіретке батып, қайғы ойлаған жанбыз (Ш.Мұртаза).*
- *Жол-жөнекей қанша қасірет шексе де, сол былтырғы ұясына жетіп жығылу зор арман (Ш.Мұртаза).*

❖ **ҚАТУ (СУЫҚ) ҚАБАҚ** – ұнатпау, жақтырмау, суық қарау.

○ *Осы кездер ішінде Балсаяның Төлеутайға суық қабақ танытып, жақтырмай қарағанына Азаматтың өзі де талай-талай куә (А.Мекебаев).*

○ *Тағы да бір шешілмеген түйіндері бардай қату қабақ, түйіліп келіп түсіп жатыр (Ғ.Мүсірепов).*

○ *Күн қақтаған қара шалдың қатулы қабағының астында жатқан екі бас та ессіз (А.Алтай).*

❖ **ҚАТТЫ КЕЛУ** – ашулану, ұрысу.

○ *Сондай-ақ Кенесарының қолға түскен солдаттарға да бірден қатты келмейтіні өз жағына шығару саясаты екенін Жүсіп көп ай өткен соң барып бір-ақ түсінді (І.Есенберлин).*

○ *Әсіресе соғыстың басында қатты келді ғой (Т.Әсемқұлов).*

○ *Дегенмен осы жолы қатты келгені түксиген қабағынан-ақ байқалып тұр (Р.Мұқанова).*

❖ **ҚАТЫН-БАЛАСЫ ШУЛАУ** – бала-шағасы, үрім-бұтақ, зәузаты жылап қалу, қайғыға бату.

○ *Шешесі мен қатын-баласы ұлардай шулап, жылаған екен (К.Сегізбайұлы).*

○ *Әлсізді әлді басып алып, қатын-бала шулаған, жоқтау, сықтаудан құлақ тұнған зарзаман сесі келді құлаққа (С.Елубаев).*

○ *Жай кетпей, қатын-баласын шулатып кетті-ау! («Қаз.әйелдері»)*

❖ **ҚАҒАРЫНА МІНУ / ҚАҒАР КӨРСЕТУ (ҚЫЛУ, ТӨГУ, ШАШУ, КЕЛУ)** – қатты ашулану.

○ *Артынан анығын естіген Кенесары қағарына мініп, бес жүз сыпайын өзі бастап келіп, осы ауылды шабады (І.Есенберлин).*

○ *Обручев пен Лодыжинский қағарына мініп, жүріп жатқан бітім сөз бірден тыйылды (І.Есенберлин).*

○ *Бұрынғы ашу ашу ма, қаһарына әбден мінген, ауыл белсенділерін жинап, тегіс атқа отырғызды (Т.Әбдік).*

❖ **ҚАҒАРЫНА КЕЗІГУ (ТАП БОЛУ, ҰШЫРАУ, ІЛІГУ)**

– ашуға, кернеген ызаға душар болу.

○ *Ертеде-ертеде, Грекия деген елде, Зевс құдайдың қаһарына ұшыраған Сизиф дейтін сорлы, дәу тасты таудың етегінен басына қарай домалатады екен (Ш.Мұртаза).*

○ *Екеуміз де қаһарға ұшырағанбыз (Ш.Мұртаза).*

○ *Бұл өзі басында күштілер мен қорқаулардың қаһарына ұшыраған сорлы ауыл еді (Ш.Мұртаза).*

❖ **ҚАЯУ САЛУ (ТҮСІРУ) – ренжіту.**

○ *Сондағы осы шалдың бүкіл вагон ішіндегі жұрттың жүрегіне қаяу салып, шерлене күрсінуді бар (Ә.Нұршайықов).*

○ *Рысқұловтың осы бақытын қызғанғандай Сталин көңілге қаяу салып қойды (Ш.Мұртаза).*

○ *Мәкіштің көңіліне қаяу сала бермесін (С.Жүнісов).*

❖ **ҚАЯУ КІРУ (ТҮСУ) – реніш, күдік, көңіліне алу.**

○ *Жастардың өміріне бір қаяу кіргендей ойын-күлкі енді ерсі болғандай болды (Ғ. Мүсірепов).*

○ *Нетейін қанын жүктеп осы иттің деп, Анадай жерге лақтырып тастайды енді. Басылып Қодар көңілі болды баяу, Бір сұмдық көңіліне кірді қаяу («Баян Сұлу-Қозы Көрпеш»).*

○ *Бархан, міне, қырықтың бесеуіне келді – ертеңнен қара кешке дейін тыным таппай қаниша еңбектенсе де, буыны босап шаршаған да, көңіліне қаяу түсіп жалыққан да емес (О.Бөкей).*

❖ **ҚОҚАН-ЛОҚЫ ЖАСАУ – үркіту, күн бермеу, қорқыту.**

○ *Дағдылы әдетпен қоқан-лоқы жасап қорқытып, жалындырып, арада параға қалтаны толтыра жүріп, болыс, ояз чиновниктері мен тілмаштары партия басшыларына: «Тез бітім табыңдар» – деп әмір етті (М. Әуезов).*

○ Алдап, арбап, оған көнбегесін **қоқан-лоқы жасап қорқытты** (С.Досанов).

○ Әшейін қорқытып, **қоқан-лоқы жасап тұрғанын түсініп еді Сабыр** (Е. Мырзахметов).

❖ **ҚОЗДАҒАН ҚОЙДАЙ МАҢЫРАУ** – зарлау, еңіреу.

○ Артындағы елі **қоздаған қойдай маңырап қалды** (С.Елубай).

○ Дал қазір де сол ләззатты шақты ол ақыл-есінен айырыла аңсайды. Маңсарыдан соққан лепке аппақ төсін төсеп, **қоздаған қойдай маңырап**, жастықты құшақтап егіліп жылады (Н.Ораз).

○ Әмірге не бетімді айтамын? – деп, әркімнің өз қайғысы өзінде дегендей, күйеуімнің қаһарынан қорқып, **қоздаған қойдай маңырап** қоя бердім (С.Досжан).

❖ **ҚОЙДАЙ ШУЛАУ** – қайғы-зарға батып, азан-қазан болу.

○ Қозыдай жамырап, **қойдай шулады** (Ж.Аймауытов).

○ Сонау бір жылдары, Мәскеуден Колбин келіп қазақтардың зираттарының кірпіштерін санатып, бағалы көктастарын қайдан алдыңдар деп тергеп, **қойдай шулатты** емес пе?! (Ж.Елшібек).

○ Қаратал бауырында **қойдай шулаған** әйелдер үні қара дауылдай шулап тұр еді (С.Жүнісов).

❖ **ҚОЙНЫНА ЖЫЛАН САЛЫП ЖІБЕРГЕНДЕЙ ЫРШУ (ҚОРҚУ, ШОШУ)** – қатты тіксіну.

○ **Қойнына жылан кіріп кеткендей** тұла бойы тітіркенді. (Ш.Мұртаза).

○ Құр ғана қарамай кеткен жоқ, **қойнына жылан салып жібергендей** суық сөз айтқан (І.Есенберлин).

○ Қамсыз отырған сұлу келіншек **қойнына жылан салып жібергендей** ыршып түсті (Н.Ораз).

❖ **ҚОЛДЫ-АЯҚҚА ТҰРМАУ** – шырылдап жылау, елпілдеп тұру, бір орында тұрмау.

○ *Іңгәләп, бесікте жатқан сен талай рет сол жарылыстан қорқып, шыр етіп, қолды-аяққа тұрмай* безілдеп кетуші едің (Р.Мұқанова).

○ *Мұндайлар арыдан патша ағзамның, беріден кейінгінің аты-жөнін әредік-әредік қыстырып қойып мұрнын жаңадан тескен тайлақша, қолды-аяққа тұрмай* елпілдей бермек (А.Сүлейменов).

○ *Қолды-аяққа тұрмайтын* бейне бір құйын тәріздімін, бұзауды басып озып, жосылтып, о жағынан бір шығам, бұл жағынан бір шығам (Б.Соқпақбаев).

❖ **ҚОЛҚАСЫ ҮЗІЛУ (СУЫРЫЛУ)** – жан дүниесі, іші езіліп, киналу.

○ *Шешесінен ап-анық айырылғанын, қолқасы суырылып, анасымен бірге кетіп бара жатқанын енді аңғарғандай* (Р.Мұқанова).

○ *Қостарды аралап, жай-жапсарға қаныққанда қолқасы суырылып, жүрегі жидіп жүре берді* («Шешендік сөздер»).

○ *Осы сөзден кейін бұл сап тыйылған, қайта қолқа салған жоқ, Азамат екеуінің маңдайынан иіскеп, торы атына мініп, қайырылып қарамастан желдірте жөнелгенде, қолқасы қоса суырылып бара жатқандай сүлесоқ тұра берді* (А.Смайылов).

❖ **ҚОЛЫН ҚОЛ, БҰТЫН БҰТ ҚЫЛУ** – быт-шытын, тас-талқанын шығару, паршалап тастау.

○ *Қолын қол, бұтын бұт қып тартып алмасаң бұл енді менікі, – деді ол тістеніп* (У.Қалижанов).

○ *Шіркін-ай, аузыңды арандай ашып айқайласаң зой, жер бауырлап жата қалып жыласаң зой, қолыңды қол, бұтыңды бұт қалпында жұлып-жұлып алып, лақтырсаң зой жан-жаққа, он саусақты шеңгелдеп салып жіберіп, ішек-қарныңды қопарып алып шығып, шашып-шашып тастасаң зой* (Ә.Тарази).

○ *Тентек баланың қолына түскен қуыршақтай ел тізгіні қолына тиген бір сотқар басын жарып, көзін шығарып, бұтын бұт, қолын қол қылмай тынбас-ау!* (Ә.Нұрпейісов).

❖ **ҚОЛЫН ТӨБЕСІНЕ ҚОЙЫП КЕТУ, ДҮНИЕНІ ТӘРК ЕТУ** – түңілу.

○ *Троцкий екі қолын төбесіне қойып, шетелге қаңғырып кетті* (Ш.Мұртаза).

○ *Кей-кейде күллі дүниені тәрік қылып, екі қолын төбесіне қойған күйінде басы ауған жаққа безіп кеткісі келетін-ді* (Н.Келімбетов).

○ *Астанадағы үйі-күйін тастап, екі қолын төбесіне қойып беті ауған жаққа тентіреп кеткенде, алдынан тағы да қаһарын төгіп қарын, боранын, қара дауылын қаптатып несі бар* (Ә.Нұрпейісов).

❖ **ҚОҢ ЕТІНЕН ЕТ КЕСУ / ҚОҢ ЕТІН КЕСІП (ОЙЫП) БЕРУ** – өте жақсы көру.

○ *Біреуге иненің жасуындай жаманшылық ойлауды білмейді, өзім деген кісіге қоң етін ойып беруге дайын тұрады* (Б.Соқпақбаев).

○ *Шіркін, дүниеде достан артық, қоң етіңді кесіп берер жолдастан артық не бар?!* (С.Жүнісов).

○ *Мен өзім айналайын өкіметімнен жанымды да аямаймын, керек десе қоң етімді кесіп беремін* (С.Жүнісов).

❖ **ҚОҢЫР САЛҚЫН ҚАБАҚ** – ренішті суық жүз, рай.

○ *Салқын қабақпен алдындағы креслоны нұсқады* (Ш.Мұртаза).

○ *Бұл тілегіңізді орындай алмаймын, - деді Нейман бұл жолы салқын қабақ танытып* (Ш.Мұртаза).

○ *Жаңағы сөзін салқын қабақпен тыңдап тұрған көп кедейге қарады* (М.Әуезов).

❖ **ҚОС ҮРЕЙ БИЛЕУ** – қатты қорқу.

- *Рас, мен бойымды үрей билеп, көңілім сөгіліп бара жатқанын тірі жанға сездірмеуге тырыстым (Н.Келімбетов).*
- *Ажалдың қыл арқаны мойынға түсіп, қылғындыра бастағанда ғана адамды ажал үрейі билей ме? (Н.Келімбетов).*
- *Тек Кәлен бір қыр асып, көрінбей кеткесін үрей қайта биледі (Ә.Нұрпейісов).*

❖ **ҚОШ БОЛУ** – риза болу.

- *Риза, қош боп аттаныңдар!– деді (М.Әуезов).*
- *Кішкентай саусақтарымызбен әрең теріп, балғын табандарымызға найзаларын сұққанына қарамай әрең тапқан тары-талқанымыз көңілдерін қош болғызды (Қ.Шабданұлы).*
- *Міне, мен сені биік белден асырып, жерұйыққа жеткіздім, енді арманың жоқ шығар, жолыңды тап, ендігі көңілің қош болсын деп артына қарай-қарай кетіп бара жатқандай (Т.Әсемқұлов).*

❖ **ҚОЯН ЖҮРЕК** – қорқақ, үрейленгіш, секем алғыш.

- *Өй, өңшең ғана қоян жүрек қорқақтар! – деп, тісін шақыр-шұқыр от шығара қайрады да, білегіндегі сағатын шешті ... (О.Бөкей).*
- *Қоян жүрек қорқақтығы үшін басына әйелдердің тіз киімін орап, бетіне күйе жағып, ел алдында масқараға ұшырайды (Ә.Кекілбаев).*
- *– Мұндай қоян жүректі ұялмай ұлым деуден, ана сіз, жар деуден, Биғайша сен, қалай жұрт бетіне қарамақсыңдар?! – деп мына келін екеумізге бет бақтырсайшы! Өжет-ау, өжет! (З.Мұсаұлы).*

❖ **ҚОЯНШЫҒЫ ҰСТАУ** – долдану.

- *Күмістің қояншығы күрт ұстайды (Б.Соқпақбаев).*
- *Өзінің ойындағысы бола қоймағасын апамыздың бүгін қояншығы ұстап, жан-жағын жайпап отыр (Р.Мұқанова).*

○ – *Онда сен де хайуан болдың ғой. – Иә, мен де хайуанмын! Қасқырмын! — Кенет Ақсақ Темірдің қояншығы ұстап кеткен (І.Есенберлин).*

❖ **ҚУАНЫШЫ ҚОЙНЫНА СЫЙМАУ** – қатты сүйіну, қуанғанынан жүрегі жарылып кете жаздау.

○ *Мен деканға да, профессорға да рақмет айтып, қуанышым қойныма сыймай, деканаттан шықтым (Ә.Нұршайықов).*

○ *Үсті-басынан жауын сорғалап суға малшынса да, қуанышы қойнына сыймай келе жатқан Диканың көңілі қораның табалдырығын аттай бере су сепкендей басылды (С.Жүнісов).*

○ *Сардардың қуанышы қойнына сыймай, енді бір сөз бастайын деп тұрғанда, оның көзі Ойтал орманының терістігінен шыға жырылып бара жатқан бес-алты аттыға түсті де, түсі өзгеріп, көңілі су сепкендей басыла берді (Ш.Мұртаза).*

❖ **ҚУАРҒАН АҚ ШҮБЕРЕКТЕЙ** – сұп-сұр, қан-сөлсіз.

○ *Қу шүберектей боп, сіңіріне ілініп сөніп барады (С.Жүнісов).*

○ *Сұп-суық тарамыс қолымен тізесінен басып үстіне мал бауыздайтын қасапшыдай өңмеңдей төнген қожадан үрейленіп, жүрегі қозғалған бала, екі күннің ішінде қу шүберектей бозара қалыпты (С.Жүнісов).*

○ *Қу шүберектей жүдеу өңі төбеге қарап, ішке тереңдей енген шұңет көздің айналасы көкшіл тартып, кірпіктері айқасып қалған (С.Жүнісов).*

❖ **ҚУ ЖАНЫ ҚУЫРДАҚ БОЛУ.** 1. күйіп-пісу.  
2. елпектеп, жаны қалмай, бәйек болу.

○ *«Атасына нәлет, мен қу жанымды қуырдақ қылып қашып-пысып күнелтермін-ау (Ш.Мұртаза).*

○ **Қу жаны көкірегінде қуырдақ боп** шыжсырылғаннан кейін шыдамай, аргы жағында кептелген мұң-зарын ашына ақтаратынын ұғынды (Ә.Ыбырайымұлы).

○ Қандай көмек қажет екенін сұрап, **қу жаны қуырдақ болып**, елпең қағып тұрушы еді (Б.Мұқай).

❖ **ҚУ (ҚАСҚА, ҚЫҢЫР, СЫҒЫР, ШҮНАҚ) ҚҰДАЙ / ҚУРАП ҚАЛҒАН ҚУ ҚҰДАЙ** – қатты күйзелгенде, ашу-ыза кернегенде айтылатын кейіс сөз.

○ Тұншықтырып өлтірдің **зойсығырқұдай** (Б.Соқпақбаев).

○ Жасына жетпей көзіне ой тұңғиығы ұялаған жәдігерді **қу құдай** көп көрмесе екен, маңдайымды тайқитып, сорымды сорадай ағызып кетпесе екен деп, Рысқұл іштей шырылдады (Ш.Мұртаза).

○ Айтсаңдаршы, елім-ау, жұртым-ау, не қылдық **қу құдайға?** (Ш.Мұртаза).

❖ **ҚУҚЫЛ ТАРТУ** – қаны қашып сазару.

○ Лиза шешейдің **қуқыл тартқан** реңінен көз алмай, сөзінің артын баққан Оспан мен Райхан түсініксіз жайды бір жапырақ қағаздан іздеді (С.Жүнісов).

○ Мәкіштің екі көзі қызарып, өңі **қуқыл тартқанын** көрді де, жылаганын білді (М.Әуезов).

○ Оның үйрек мұрны тыжырайып, көзі ойнақшып, беті **қуқыл тартқан** еді (І.Жансүгіров).

❖ **ҚУТЫҢ ҚАҒУ** – қулана күлімдеу.

○ Ойыма осы келіп, қызықтап, беталдыма тұрған балаларға Жұмабай екеуміздің бойымыз бірдей екенін көрсетіп, **қутың қақтым** (Б.Соқпақбаев).

○ Тиыннан теңге тұғызып, бірді-бірге тасқабақтай қағыстырып **қутың-қутың етеді** (І.Жансүгіров).

○ Соның өзіне қуанып, **қутың қаққан** ол қатпарланған шалбарын көтеріп қойып, артына екі-үш тақтай байлаған белсебетіне отырды (К.Кенжеғалиқызы).

❖ **ҚҰДАЙДЫ ҚҰЛАҒЫНАН ҰСТАУ** – масайрау, көку.

○ *Енді қайтсін, күні кеше ғана құдайды құлағынан ұстадым деп, масайраған бай-манаптардың біразы сонау Сібірге жалаңаяқ қар кешуге кетті (Ұ.Доспанбетов).*

○ *Ғұмыр бойғы арманы жүзеге асқан Меңзипа шешейдің көңіл өсіп, құдайды құлағынан ұстағандай бір масайрап қалды (Ж.Елшібек).*

○ *Нағашысы билікке отырғаннан бері құдайды құлағынан ұстағандай аспанға атылып жүр ғой өзі (екі адамның әңгімесінен).*

❖ **ҚҰДАЙ ТАС ТӨБЕДЕН ҰРУ / ҚҰДАЙ ҰРЫП** – жолы болмау, сорлап қалу.

○ *...Мені құдай тас төбеден ұрған екен ғой... (Р.Мұқанова).*

○ *«Осы мені құдай қос қолдап тас төбеден ұрмаса игі», – деп іштей тәубалады... (Д.Досжан).*

○ *Әй, жатысың жаман осы сені құдай ұрып қалған жоқ па тағы да? (Қ.Жұмаділов).*

❖ **ҚҰДАЙ ҮШІН** – басына іс түсу, кіріптар болғанда өтіну, сұрау жалыну.

○ *«Құдай үшін айтып бер» деп мені ертіп әкелді! – деді (М.Әуезов).*

○ *Онда сол атты құдай үшін, өздерің алыңдаршы, маған түкке керегі жоқ (С. Жүнісов).*

○ *Құдай үшін жіберіңізші, – деп жұлқынады. Жігіт майлы шектей айналдырып айырылмайды (Т.Сәукетаев).*

❖ **ҚҰДАЙДЫҢ ЗАРЫН ҚЫЛДЫ (ҚҰДАЙҒА ЗАР ЕТТІ)** – діни. безек қақты, зар иледі.

○ *«Ақ тоқтыдан, ақ лақтан басқаны алмаймын» деп құдайдың зарын қылып көкке ұшып, жерге түскен өзің емес пе едің (С.Жүнісов).*

○ *«Бұл шабындықтың ендігі иесі өздерің, барып шауып, жинап алыңдар», деп, құдайдың зарын қылғанда*

*шіркіндердің біреуі ғана орағын арқалап, шабындыққа түскені (К.Сегізбайұлы).*

○ *Мектепте жүргенде-ақ «әй, осыдан іргеңді аулақ ұсташы» деп құдайдың зарын қақтым (Ә.Ыбырайымұлы).*

❖ **ҚҰДАЙДАЙ КӨРУ** – табыну, ерекше құрметтеу, сыйлау.

○ *Жетесіз неме екенсің, жәй айтқан әңгімесымағыма бола құдайдай көріп, құлдық ұрғаныңа жыным келеді (Б.Кірісбаев).*

○ *... Мейлі кім болса да, құрақ ұшып қонақ етіп құдайдай көріп сыйлап жіберуге дайын тұрады (Ә.Асқаров).*

○ *Поэзияны, музыканы құдайдай көретін парсылардың арасында Хырслан ақ қарға құсап көрінгісі келмеді (Р.Есенов).*

❖ **ҚҰДАЙДЫҢ ЗАРЫН ҚЫЛУ** – қатты ескерту, қоймай айта беру.

○ *Ана сүмелек Есіркепке мылтық әкеп бер деп құдайдың зарын қылғаным қашан! (Д.Исабеков).*

○ *Себебі ол тоғыз ай, тоғыз күн тербеген жөргегінде жата бергісі келіп, бұдан басқа қызығыңның, жарық дүниеңнің керегі жоқ деп, азар да безер болып, анасына құдайдың зарын қылатын көрінеді (А.Естенов).*

○ *Соңғы хаттарында Ақтарлан да, Сара да бұған оқуын бітісіменелгеқайт, осында да мектеп бар, қалаған жұмысыңды істейсің, деп құдайдың зарын қылған (А.Байтанаев).*

❖ **ҚҰДАЙЫН ҰМЫТУ** – тәкаппар, өзімшіл, өз бетімен кету асқақтау.

○ *Әбден қарны орта түскен соң, Ақжелкені де, құдайын да ұмытады (М.Әуезов).*

○ *Әй, құдайын ұмытқан кәззан! Сен жуандық көрсетпе! (Ұ.Доспанбетов).*

○ *Есігімде жүрген ессіз құл, құдайыңды ұмытқан екенсің. Бес қара бітті деп теріңе сыймай жүр екенсің ғой сен.*

*Қаңғыртып, қоңыз тергізіп жіберейін. Жылқымды қан сорпа қылып қуып, атымды барымта қылып ұстайтын сен қандай аулиесің! (М. Әуезов).*

❖ **ҚҰДАЯ ТОБА (ТӘУБА)** – діни. түңілуде, не ашу үстінде, не көңілі жай тапқанда айтылады.

○ *Бір сабақ жібіңнің керегі жоқ, сенен құтылғаныма құдая тәубә! (С.Жүнісов)*

○ *Қой емес, қозы емес, адам да жоғалады екен-ау, құдая тоба! (Ш.Мұртаза)*

○ *Бастан құлақ садаға! Қалған малымыз өзімізге бұйырса да құдая тәуба! (С.Жүнісов).*

❖ **ҚҰЙҚАСЫ ШЫМЫРЛАУ** – уайымдау, шошу, қорқу.

○ *«Апыр-ай, жаман айтпай жақсы жоқ. Әлиманың сырқаты ұзақтап барады. Күніміз не болады?» деп ойлағанда төбе құйқасы шымырлап кетеді (Л.Құрманева).*

○ *Бейіттөбе түнеріп, төбесінен тас тастап жібергісі келгендей төніп тұр. Мәжиттің төбе құйқасы шымырлап кетті де, іле жүрегінің тұсынан әлдене қысып-қысып қалғандай болды (Ж.Мусин).*

○ *Қамқа әжем ұсақ-түйек күйбеңді білмейтін адам, көбіне ірі сөйлейді, мына сөзі де маған аруақты естіліп, төбе құйқам шымырлап кетті (Т.Ахтанов).*

❖ **ҚҰЙҚА ТАМЫРЫ (ТӨБЕ ҚҰЙҚАСЫ) ШЫМЫРЛАУ** – қатты қорқу, шошу.

○ *Суық жүздің ызғарынан пеш үстінде жатқан Әлмұраттың да денесі қалшылдап, мұз басқандай төбе құйқасы шымырлады (Қ.Ысқақ).*

○ *Төбе құйқаны шымырлатып, зарлап боздап барады (С.Досжан).*

○ *Оған көзің түскен бойда-ақ, жүрегің қалтырап, төбе құйқаң шымырлап шошынасың (Ш.Елеукенов).*

○ Терезе тұсында тұрып, ойбайын салып бақырған мысықтардың даусы **құйқа тамырын шымырлатып** барады (С.Жүнісов).

○ Арқаламақ тұрмақ сәл қозғалтса құлындай шырқырап, **құйқа тамырыңды шымырлатады** (Ш.Мұртаза).

❖ **ҚҰЛАҚҚА ЖЫЛЫ ТИЮ** – жағымды естілу, ұнау

○ Бағанадан бері құлағына шу болып, шанишу болып тиіп отырған үйдің ішіндегі дабыр-дұбыр енді майда, көңілді, жүрекке жұмсақ, **құлаққа жылы тиіп** бара жатқан тәрізді (І.Жансүгіров).

○ Әсіресе, ең бастапқыда «Сұлужай» деген сөздер **құлаққа жылы ұялай** жұрт ықыласын одан әрмен оятты (Ұ.Доспанбетов).

○ Оның маған арнап айтқан әрбір сөзі жанымға жағып, **құлағыма жылы тиіп** барады («Қаз.әйелдері»).

❖ **ҚҰЛАҚ ҚҰРЫШЫ ҚАНУ / ҚҰЛАҒЫ ҚАНУ / ҚҰЛАҒЫНЫҢ ШЕРІ ТАРҚАУ** – мейірлену, тыңдап құмардан шығу.

○ Түн ортасында кернейшілер сап түзеп тұрып алып, манадан бергі тасыр-күсірдің есесін қайтарғысы келгендей, **құлақ құрышын қандыра** құйқылжыта күй шалып жұртты ұйқыға шақырды (Ә.Кекілбаев).

○ Қанша адамның **құлақ құрышын қандырдым** (Т.Әсемқұлов).

○ Әрбір кейіпкердің сөзі мен ісіне қапысыз түсініп, Жапардың **құлағының құрышы бір қанды** (Ә.Ыбырайымұлы).

❖ **ҚҰЛДЫҚ ҰРУ** – бағыну.

○ Себебі, сіздер де Құдайға **құлдық ұра** сенетін пендесіздер (Қ.Шабданұлы).

○ «Аңдуға келгендігінен» ант су ішіп ақталған Бердіқұл тұла бойымен домалап, «ең сенімді сарбазың болайын!» деп **құлдық ұрыпты** (Қ.Шабданұлы).

○ *Мамасы: «Алла, алла, не жаздық, не болды, құлыным?» – деп құлдық ұрып, құрақ ұшады, жарасына иод жағып, ақ дәкемен байлап береді (М.Қабанбаев).*

❖ **ҚҰЛАҚҚА (КӨҢІЛГЕ) ТҮРШДЕЙ ТИЮ** – ұнатпау, көңілді алаңдату, үрейлендіру.

○ *«Жетім» деген сөз құлағына түрпідей тиді. Қайда барса да осы бір сөз алдынан шығып, мезі етіп бітті (Т.Дәуренбеков).*

○ *Құлаққа түрпідей тиіп, көңілге үрей індеткен осынау сұрқылтай, суық сарынның тілі де Қапанға түсінікті (М.Қаниев).*

○ *Жанашыр мейір жоқ суық жандар келген жерден-ақ, Абай көңіліне түрпідей тиген (М.Әуезов).*

❖ **ҚҰМАР (ҚҰШТАР) БОЛУ** – көңілі кету, ұнату.

○ *Дика әскер киіміне өлгенше құмар болатын (С.Жүнісов).*

○ *Рысқұл атқа мұнша есі кетіп құмар болмас та ма еді, түнде түсінен, күндіз ойынан ат кетпейді (Ш.Мұртаза).*

○ *Ал кешкі кездерінде бұны қаланың ар жақ, бер жағындағы кедей-кепшіктері де қонаққа шақыруға құмар болатын (М.Әуезов).*

❖ **ҚҰМАРДАН ШЫҒУ / ҚҰМАРЫ ТАРҚАУ (ҚАНУ) / ҚҰМАРЫН (МАУҚЫН) БАСУ / ҚҰРЫШЫ (ҚҰШЫРЫ) ҚАНУ (ТАРҚАУ)** – көңілі жай табу, мейірлену.

○ *Бүгін ол жұртпен бірге көңіл сұрауға емес, сол бойындағы зәрін маған шашып, бір құмар тарқатуға келген тәрізді (Н.Келімбетов).*

○ *Нұрия екеуміздің ынтызарлығымыз кернегенде жай бір әндердің аттарын ғана сәлемдеме етіп бір-бірімізге жолдап, тұтас бір күн сөйлескендей құмардан шықтық (Қ.Шабданұлы).*

○ *Қараңғысайдың күн көзі түгіл, мардымды жарық та бара алмайтын тұңғиығында бұл түздіктер тобы бие*

сауымындай уақыттан соң ғана тоғысып, **мауқын басты** (Ұ.Доспанбетов).

❖ **ҚҰНЫ ПЕРЕН БОЛУ** – қатты күйіп пісу.

○ Сонда да жармасады-ау деп қауіптенгендеріне тас домалатып, қылыш сермеп, **құныперен-көктүтек болып отыр** (Қ.Шабданұлы).

○ **Құныперен болып**, құмыра үрлеп жатқан маған тесірейе қарап тұра қалды (Қ.Шабданұлы).

○ Осындай бір пәленбайскийлер қайдан тәрбие алып шығады! – деді шалекең **құныперен болып** (З.Тұрсынхан).

❖ **ҚҰРДАЙ (ҚҰЛДАЙ) ЖОРҒАЛАУ** – қорқып қызмет қылу.

○ Ақылдасар көмегі жоқ, сүйенер тірегі жоқ, аз ғана бөкешінің күш-қауқарына сене алмаған Күнту мына Ырғызбайлар келісімен-ақ, алдарында **құрдай жорғалады** (М.Әуезов).

○ Көксеңгірге келген күннің ертеңінде қасына Сарманов, Данияр сияқты өзі құрбы, өзінің алдында **құлдай жорғалайтын** жағымпаз чиновниктерді, тілмаштарды ертіп алып, Оразбай аулына келіп түскен-ді (М.Әуезов).

○ Асылбек **құрдай жорғалап**, халыққа жалпақтап, жалынып тұр (І.Жансүгіров).

❖ **ҚҰСА (ҚҰСТА) БОЛУ / ІШ (ҚҰСА) ҚҰСТА БОЛУ** – сары уайымға салыну, қайғыру.

○ Көз алдынан ғайып болып, жылдар бойы баласынан тірідей айрылған ана кеңсірігі қаңсып, аңсап үміттеніп, күн сайын жанары талып жол жиегіне көз салса, ата-анаға деген іштегі өкпеден **құса болып**, хабар күткен тірі жетім де әкешешесінің жылы бауырын іздеп, ұйқысыз жәутең қағады (Р.Мұқанова).

○ Танимын, ойланамын да, кейде ызамен **құса боламын** (М.Әуезов).

○ Дала жүзін көрмей, **ішқұса боп** іші жарылардай зеріккен, әрі ауру қажытып, құныстырып, шөктіріп тастаған шал болар (С.Жүнісов).

❖ **ҚҰТ БЕРЕКЕ КӨШУ (КЕТУ, ҚАШУ) / ҚҰТЫ КЕТУ, ҚҰТЫ (ҚҰТ - БЕРЕКЕСІ) ҚАШУ (КЕТУ)** – зәресі ұшу, қорқу.

○ «Жер тырмалап, қоныс-өрісімнің **құтын қашырған** сұмырайсыңдар» деген (М.Әуезов).

○ Жаңадан күш қосылғанына қарамай қазақ жауынгерлерінің **құты қашқан** (І.Есенберлин).

○ Бозарған таңның сәулесі түскеннен бе, немесе әлденеден зәресі ұшып қорқып отыр ма, өңі де боп-боз болып, **құты қашып**, аятты шұбырта береді (С.Жүнісов).

❖ **ҚҰТЫН АЛУ** – үрейін ұшыру.

○ Алдын ала **құтын алып**, үркіте беру қажет (М.Әуезов).

○ Ойбай-ау, бұның ертеден бері иманын ұшырып, зәре **құтын алып** біткен, өзі ойлағандай, ана жақтағы бақталас, бақастар емес, жаман жерлесі де емес, Жуан Жақайым да емес, кәрі құрылысшы ағасы да емес, бұның өзінің тісі болғаны ма? (Ә.Нұрпейісов).

○ Грининнің қалдықтары жоқ деп ойлайсыз ба?"деп ақырды, бұны көкіректен сұқ саусағымен нұқып, **құтын алып бітті**. Сұржекейдің жаны мұрын ұшына келді (С.Елубай).

❖ **ҚҰТЫ ҚАШУ** – берекесі қашу, қорқу.

○ Жап-жарық айдың мысы басып жұлдыздардың **құты қашып** тұр екен (Ә. Тарази).

○ Әмірші өзіне жақындаған сайын **құты қашты** (Ә.Кекілбаев).

○ Байғұс жүзіне әр кіріп, қан жүгіріп қапты. Кертөбел қашып барғанда **құты қашып**, «Сұмдық! Сұмдық!» – дейді байғұсым (Ж.Сатаев).

❖ **ҚЫБЫ ҚАНУ** – іштей риза болу, рахаттану.

○ *Нәзира әпкемнің өзіме осынша жалынып, жалбарынғанына **қыбым қанып**, рақаттанып қалдым («Жұлдыз»).*

○ *Мас есаулдың іште бой бермей, бақырып-шақырғанына **қыбы қанып**, сойған түлкідей ыржың-ыржың етеді (Ә.Сараев).*

○ *Ішкі пікірін ашып айтуға батылы бармайтын, ал зәуада жүрек жұтқан біреу табылып, көкейіндегісін дөп басып айтып берсе, **қыбы қанып**, қызығына қарап отыруға дағдыланған қайран жұрт-ай десейші (Қ.Жұмаділов).*

❖ **ҚҰШАҒЫН АШУ (ЖАЙЫП ҚАРСЫ АЛУ)** – шын ықыласпен қарсы алу.

○ *Алдында белгісіздікке толған тұманды күндері **құшағын жайды** (М.Әуезов).*

○ *Оспан келе бергенде бұ да **құшағын жайып** бетінен сүйді (М.Әуезов).*

○ *Күйме тоқтамастан, Абай бастаған жиын қарсы алдынан өздеріне қарай қозғалғанда, Әбіш тағы да тоқтап болмаған күймеден ытқып, секіріп түсіп, әкесіне қарай **құшағын жайып**, асыға жүгірді (М.Әуезов).*

❖ **ҚЫЗАРА БӨРТУ** – қаны бетіне шығу.

○ ***Қызара бөртін** ажарланып, күннен-күнге қарнын қампитып келе жатқан жәрмеңке – сол қазақ даласын торуға шыққан жайындай болатын (М.Әуезов).*

○ *Әубәкір келгенде Ақжелке мен тергеуші түскі тамақтарын ішіп алып, **қызара бөртін** кеңесіп отыр еді (М.Әуезов).*

○ *Оның да беті булана түсіп, **қызара бөртін**: «мені қайтіп жемейсің, мені қайтіп тастайсың?» деп келе жатқан сияқты (М.Әуезов).*

❖ **ҚЫЗЫҒЫНА БАТУ (БӨГУ, ТҮСУ)** – тамашалап ләззат алу, рақатына бөлену.

○ *Енді қайтсын байғұс, қалыңдықтың қызығына батам деп келген ғой (С.Жүнісов).*

○ *Көңілі көлдей тасып, белишеден өмірдің қызығына батып, басы аман, бауыры бүтін боп жүрген жандар үшін мұндай бақастықтың қажеті де жоқ шығар (Н.Келімбетов).*

○ *Бұл кезде мен жұмыстың қызығына түсіп кеткен едім (Н.Келімбетов).*

❖ **ҚЫЗЫЛ КЕҢІРДЕКТЕСУ / ҚЫЗЫЛ ӨНЕШ (КЕҢІРДЕК) БОЛУ** – жанжалдасу, дауласу.

○ *Құдай, аруақтан ұялдың ба?.. – дей түсіп, енді үлкен керіс үстіндегі қызыл кеңірдекке басты (М.Әуезов).*

○ *Өстіп қызыл кеңірдек болып боқтасып тұрғанда Мүбәрәк тобының жігіті Мардан машиналар арқалап арасынан өте бергенде оны анау топтың адамы ұстай алды (І.Жансүгіров).*

○ *Сөйтіп, кез келгені керілдеп сөйлеп, қызыл кеңірдек болып, талқыласып жатты (І.Жансүгіров).*

❖ **ҚЫҢЫР ҚАРАУ** – жақтырмау.

○ *Енді қыңыр қарағанын тізімдеп әкеле бер маған!... (Қ.Шабдан)*

○ *Көтерілісті жақтамай жайына қалған ауылдар да «біздікі дұрыс болған екен» дегендей бүлініп қалғандарға қыңыр қарасатын болды (І.Жансүгіров).*

○ *Кешегі ұрыстан бері көршісі бұған қыңыр қарауды шығарыпты. (М.Әуезов).*

❖ **ҚЫРАН-ТОПАН КҮЛУ / ҚЫРАН ЖАПҚАНДАЙ КҮЛУ / ҚЫРАН КҮЛКІ БОЛУ** – у да шу, қатты күлу, жаппай күлу.

○ *Үй ішіндегілер мына көрініске қыран-топан күлкіге көмілді де қалды (Н.Бектемірова).*

○ Жымда күліп қойған адамдарға жаза тарттырып, өлең айттырып **қыран күлкі болысты** (І.Жансүгіров).

○ «Ала жаздай нәр татпай іздегенім қыз болды, ойбай, қыз болды-ай! деп ойбайын салып, өтірік жылап, көзіне жас алғанда үйдің ішін **қыран-топан күлкі** кернеп кетті (С.Жүнісов).

❖ **ҚЫРҒИ (ҚЫРБАЙ, ҚЫРЫН) ҚАБАҚ БОЛУ** – өштесу.

○ Екі адамның, көп болса екі ауылдың арасындағы **қырғи-қабақ боп**, ұзаққа бармай, биікке өрлемей, тез арада-ақ бәтуаға келе салар еді-ау (С.Жүнісов).

○ Осы дауға, ел ішінің, ағайын арасының бүлініп, **қырғи қабақ болуына** екі жас кінәлі (С.Жүнісов).

○ Ел сөзін естіп, мына тақалған дауды басайық, ел керден кетсе де, діннен безбесін, мұсылман баласы бір-бірімен **қырғи қабақ болмасын** деп арашалайын деп келдік, – деп еді Ғабдрахман (С.Жүнісов).

❖ **ҚЫРЫН (ҚЫРЫС) ҚАРАУ** – ұнатпау.

○ Елге қосылып кетті деп ұлық **қырын қарайды** деп, тығылып отыр (М.Әуезов).

○ Бұл қабақты бұрыннан күтсе де, кеше Асыға келгеннен бері ұлық біржолата сезген, ел қабағы қарс жабылған, суық, **қырын қарайды** (М.Әуезов).

○ Сол себепті Жидебайдағы ауылға Құнанбайдың **қырын қарап** жүргенін әрдайым өзіне пайдалы көретін (М.Әуезов).

❖ **ҚЫРЫН (САҒЫН) СЫНДЫРУ / ҚЫРЫ (САҒЫ) СЫНУ / ЖҮНІ ЖЫҒЫЛУ** – беті қайту, көңілі жүдеу.

○ Бұрынғы еліріп тұрған ашу, екпіннен қайтып, **жүні жығыла** бастады (М.Әуезов).

○ Баймағамбет, Жансейіт те алдарында **жүні жығылып** жортақтап тұрған ұлықтарды көріп, енді не бұйырарды білмей, дағдарып қалып еді (М.Әуезов).

○ Ұсынса қол жеткісіз бәйтеректей болып тұрған зор кеуделі, тәкаппар пішінді, жат сырлы ұлық бүгін жалпайып жерге түсіп, абиыры ақтарылып, **жүні жығылып** қалғандай болды (М.Әуезов).

○ Ханның бір түндік «жас иіс» қызметіне ғана жарап, **сағы сынған** қыздардың пішіндеріндей емес Сұршақыздың тәкаппарлана қалған келбетінен ол қыз басына «бақ құсының» қонғанын аңғарып, шошып кетті (І.Есенберлин).

❖ **ҚЫРЫНА АЛУ** – жасыту, басыну, бағындыру.

○ Сондықтан Мамозы ендігі жерде орайын тапса, Керімбекті **қырына алу** жағына түрініп шыққан (Ж.Ахмади).

○ Әбіш **қырына алса**, осы жақпен келеді зой деп қауіп етеді Жақсылық (М.Әуезов).

○ «Бассыз үйдің иті осырақ» деп, аузыңа келгенді оттайсың. Бас ие табылмайды деп не ең?! Мүйізі қарағайдай болып отырған Бөбек тасаға бұғып жым болды. Оны жасыттым деп ұққан Ақкемпір енді өзгелерді **қырына алды** (Ә.Сарай).

❖ **ҚЫРЫҚ ПЫШАҚ БОЛУ** – ұрысу.

○ Қырық үйліні **қырық пышақ** қылып едің, Өз асың да бұзылды-ау, Өскенеке? - деп ем (М.Әуезов).

○ Таңның атысы күннің батысы екеуің **қырық пышақ** болып қырыласыңдар да жатасыңдар, тоқтайтын күндерің бола ма, тәйірі! («Аңыз адам»).

○ Солардың малы үшін **қырық пышақ болып** ұрсысып жатқандарын қарашы (С.Жүнісов).

❖ **ҚЫРЫҚ ҚҰБЫЛУ** – мінездегі өзгермелілік.

○ Ол тек Фатимаға табынатын, француз, неміс, орыс және парсы тілдерін күйеуінен кем білмейтінін, еркін өскен әрі шолжаң, әрі нәзік, әрі зымыян – әйтеуір **қырық құбылған** қызық мінездерін көрген сайын тамсана берді (Ә.Әлімжанов).

○ Әсіресе сол күні жынды әйел бабын таптырмай, **қырық құбылып тұрған** (Ә.Нұрпейісов).

○ Қараған сайын кісілердің жел қаққан жылтыр қара бетінде **қырық құбылған** шексіз қуанышты көреді (Ә.Нұрпейісов).

❖ **ҚЫСЫМ (ҒА) КӨРУ (ТҮСУ)** – жаны қиналу, азар көру.

○ Біз соның ең түбіне, есепсіз қатты **қысымға түскен** ұсақ жәндіктері сияқтымыз ғой тіпті (Қ.Шабдан).

○ Тергеушім, мұндай «әділетті замандарда» қылмыскер пенде **қысым көрмей** жүрмейді ғой (Қ.Шабдан).

○ Масқара, Мақпалдың қосымша хатында, бұл арыз іске аспай әшкереленіп қалса, өзінің бұдан да қатал **қысымға түсетіні**, дереу зорлық күшке тап болу мүмкіндігі ескертіліпті (Қ.Шабдан).

❖ **ҚЫТЫҒЫНА (ҚЫШУЫНА) ТИЮ** – ашуын келтіру, намысына тию.

○ Жәмеңке басындағы сөзін жұмсақтап айтса да, мына соңғы сөз **қытығына тигендей**, қинағандай еді (М.Әуезов).

○ Бәсе, сөйтпей болмайды. Жалғыз ұлық емес, **қытығына тисе**, ел де ұлықтан кем тимейтінін сездіру керек (М.Әуезов).

○ Бізді болса, оның басындағы сол алтын шоғын қызғанған «білімсіз надан» деп қойған жоқ па! – деп, Оразбайдың **қытығына тиіп**, өзінің мысқылшыл мінезіне басты (М.Әуезов).

- Л -

❖ **ЛАҒЫНЕТ АЙТУ (ЖАУДЫРУ)** – қарғыс айту, қарғау.

○ Қатты қаһарланып **лағынет айтты**, сабырға шақырдым («Ұлы жыршы туралы ұлағат»).

○ Басын айналдырып аздырып алған Жәркенге бұл дүниеде бар ең ауыр, ең ащы қарғыстың бәрін жаудырып, **лағынет айтып** еді (Е.Мырзахметов).

○ *Әрбір қиналған сәтімде ел мен жерді осындай күйге душар қылған дүшпанды қанша рет қарғап-сіледім, қаншама рет шашымды жайып, батысқа жүз беріп лағынет айттым (О.Бөкей)*

❖ **ЛӘЗЗАТ АЛУ (ТАБУ) / ЛӘЗЗАТЫН ТАТУ** – құмары қану.

○ *Өзі әлі өмірінде сол көп естіген мағшуқамен жүздесіп, тіл қатысып, ләззат алысып көрмесе де көңілімен аса нәзік сезініп, дем тартады (М.Әуезов).*

○ *Қызыл алмалар қалқып жүрген мөлдір айдында жастықтың, алаңсыз бақыттың буына алмадан бетер балбырап піскен балғын тәндер өне бойларын шөңілдетіп сүйген сұғанақ толқындардан әлдеқандай жұмбақ ләззат тауып, рақаттанып қалады (Ә.Кекілбаев).*

○ *Сонымен қатар, онымен кеңескенде немесе ол музыка тартқанда мен одан аса бір ләззат табам... (С.Мұқанов).*

- М -

❖ **МАЗАҚ БОЛУ / МАЗАҚҚА ҚАЛУ** – күлкіге ұшырау.

○ *Оразбайлар болса, әулігіп бастаған, батырсып, жуансыған дарақылығын енді бар елге паи қылып ап, масқара болған күйде мазақ болып қалып отыр (М.Әуезов).*

○ *Иә, ел көзіне мазақ болған жігітте не арман бар екен? – деп Жалмұқан қияқ мұрты дірілдеп, сұрлана түсті (С.Жүнісов).*

○ *«Жазықсыз едім, зорлықшылдың қолына түсіп, қор болдым, мазақ болдым, тіпті аты-жөнін білмеймін» деп ақталғанмен бетке түскен шіркеуді қалай жұларсың (С.Жүнісов).*

❖ **МАЗАҚ (ҚЫЛЖАҚ) ҚЫЛУ (ЕТУ)** – келекелеу.

○ *Оқу оқимын деп, егін оруды ұмытып қалған зой, – деп күлді әлдекім Бәйтенді мазақ қылып (Т.Әбдік).*

○ *Ар жақтағы балалар сыбағасын мықтап алғаны үшін енді Баймырзаны **мазақ етіп**, қарқ болып жатыр* (Б.Соқпақбаев).

○ *Қара бие оларды **қылжақ қылғандай**, бұлаң қағып, назданып, мойнын бұлғаңдатып, басын шұлғып қойып, бұталаққа салып жүр* (Ш.Мұртаза).

❖ **МАЗАСЫ БОЛМАУ** – көңіл қошы болмау.

○ *Асқар жаңбыр басталғалы бері сүйек сүйегі сырқырап, басы қаңғырып, **мазасы болмай** жүрген* (Т.Әбдік).

○ *Бүгін күні бойы әйелін ойлап, **мазасы болмады*** (Ә.Нұрпейісов).

○ *Төрге шыққасын да құрысқан аяғын біресе ілгері созып, біресе өзіне тартып **мазасы болмай отыр*** (Ә.Нұрпейісов).

❖ **МАЗАСЫ КЕТУ / ҚАШУ** – үрейлену, көңілінің тыныштығы бұзылу.

○ – ***Неғып мазақ кетіп** жүр, әкем? Бір жерің ауырған жоқ па?* (Б.Нұржекеев).

○ *Өлерінен бір күн бұрын менің **мазам қашып** өзімді біртүрлі сезініп жүрдім, оған біреулер кірген секілді болды* (С.Сматаев).

○ *Таң атқанша екі-үш тұрып, **мазасы кетіп** шыққаны жалған үрей секілденіп, енді көңілі тыныштанғандай еді* (Т.Иманбеков).

❖ **МАЙДАЙ ЖАҒУ** – қатты ұнау, қанағаттану.

○ *Соғыс өзге жұрттың реңін алғанымен бұл екеуіне **майдай жағады*** (І.Есенберлин).

○ – ***Майдай жағып** барады-ау!.. Көңіл жарасын қуғандай! Май сылаудай дәрім зой мынау?.. Дәрменім зой!..— деп, Базаралы ынтыға тыңдап отыр* (М.Әуезов).

○ *Өйткені мұндай жырлардағы құрғақ шындықтың өзі жанымызға **майдай жағып** барады* (Н.Келімбетов).

❖ **МАЙЛЫ КҮЙЕДЕЙ (МАЙЛЫ ҚАРА КҮЙЕДЕЙ) ЖАБЫСТЫ / МАЙЛЫ ІШЕКТЕЙ АЙНАЛДЫРУ** – іші-бауырына ене жылпылдау.

○ *Сен көшеге шықсаң-ақ ізіңе түсіп, майлы күйедей жабысты (Н.Келімбетов).*

○ *Інішек, сен өзің майлы ішекше айналдырып, қалай-қалай сөйлеп барасың? (Е.Рахимов).*

○ *Ертеңіне Жылқышыбекті майлы ішекше айналдырып, сыр тартып көріп еді, ештеңе естімеген, білмеген болып шықты (А.Естенов).*

❖ **МАЙЛЫ ҚАСЫҚТАЙ БОЛУ** – жағымпаздану.

○ *«Рафик» мінген екі жігіт майлы қасықша жылмаң қағады (Ә.Ыбырайымұлы).*

○ *Майлы қасықша жылмаңдаған қасқа бас біреу екен, қысқаша амандасқаннан соң кабинетіне асығыс енді (Ә.Ыбырайымұлы).*

○ *Ақ дастарқан жайған дәмге қайта-қайта шақырып, қатыны бір жағынан, өзі бір жағынан майлы қасықтай жылпылдап тұрушы еді-ау! (Ә.Нұрпейісов).*

❖ **МАҢДАЙЫНАН ШЕРТПЕУ ( ШЕРТКІЗБЕУ)** – еркелету, аялау.

○ *Ал жалғыз інісі Ерасыл дегенде, шығарда жаны басқа, маңдайынан шертпей, қатты еркелетуші еді (Қ.Жұмаділов).*

○ *Мәди ауруханада жатқанда Сағиға: «Айжанға өмірбақи қарыздармын, жазылып шықсам маңдайынан шертпей, айтқанын жасармын-ау» депті (А.Әшімов).*

○ *Балалары тегіс шетінен, әйелі мен екеуі сопа бастары қалған Қоңырбек Сырғашқа: маңдайыңнан шертпей өсірмін-ау, - деді. (Б.Шаханов).*

❖ **МАУҚЫ БАСЫЛУ / МАУҚЫН БАСУ, КӨҢЛІ КӨНШУ** – тынышталу.

○ Ол Әлібекпен әбден **мауқын басып** көрісіп болғаннан кейін де күліп жүріп жылаумен болды (Х.Есенжанов).

○ Құшақтары қайта айқасып, сағынысқан жүректер **мауқын басқаннан** кейін, Ботагөзді дәнекер ғып, айырылғаннан бері бастарынан өткен оқиғаларды қысқаша баяндап шықты (С.Мұқанов).

○ Темірбекті Ботагөз маңдайдан, беттен шопылдатып сүйді де, **мауқы басылғандай** түрегелді (С.Мұқанов).

❖ **МӘЗ-МЕЙРАМ (МӘЗ) БОЛУ** – қуану.

○ Жұрттың бәрі қуана дабырласып, **мәз-мейрам болысады** (Б.Соқпақбаев).

○ Әмірші жұртқа сыр алдырғысы келмей, күле алмады, сайқымазақтардың өздері ғана **мәз-мейрам боп** жүрді (Ә.Кекілбаев).

○ Бұрынғыдай жабыса-жармаса кетуге бір түрлі қаймыққанмен, ішінен риза боп, қайтадан **мәз-мейрам күйге түсті** (Ә.Кекілбаев).

○ Тіпті алінде біріне-бірі сыбырлап, **мәз болған** балалар оның әр қимыл-қозғалысын демдерін іштеріне тартып, кірпік қақпай қадағалаған (Ж.Елшібек).

○ Бірінің сөзін бірі қоштап қояды. Қаннен-қаперсіз, **мәз-мейрам** (Ж.Елшібек).

❖ **МӘРЕ-СӘРЕ БОЛУ** – қуану.

○ Осындай **мәре-сәре болып** жүргенімде бір күні Қайсар тағы келді (І.Есенберлин).

○ Өзен жағасына келсе Оспан, Смағұл бастаған көп кішілеу балалар салқын, мөлдір суда асыр салып, шулап, ойнап, **мәре-сәре боп** жатыр екен (М.Әуезов).

○ Әкім аға өзі басқарып, барлығы **мәре-сәре болды** да қалды (М.Мағауин).

○ Өмірден өткен ет-жакындарының рухтарына бағыштап ас беріп, екі-үш күн туған жердің аясында аунап-

қунап алаңсыз тыныққан Дәуана мен немересін Құдайбергеннің отбасы бүкіл тайлы-таяғымен Балқаштың жағасына дейін барып, **мәре-сәре боп** шығарып салды (Ж. Елшібек).

❖ **МЕЗІ БОЛУ (ЕТУ, ҚЫЛУ)** – ығыр болу.

○ Әскер қатарынан босап, отставкаға шыққанына жарты ғасыр болған қарт полковниктің мазасын алып **мезі еткен** бұл не пәле? (Ш.Елеукенов).

○ Құзғынбаев қазақтардың келуінен **мезі болды** (С.Мұқанов).

○ Бірақ қара суық **мезі қылғандықтан**, Ақшоқыдағы ауыл бұл күнде тегіс жылы тамға кірген (М.Әуезов).

❖ **МЕДЕУ ТҰТУ** – көңілге жұбаныш ұялату.

○ Кейде адам баласы бір нәрседен көңілі қалып, жаны жүдеп жүргенде алдынан қарсы кездескен мейірімді жанды өзіне жұбаныш көріп, көңіліне **медеу тұтып**, соның бауырынан жылылық іздейді (Р.Мұқанова).

○ Құдай маңдайымызға сондай шашы сербиген бір жаман қызды да жазбады ғой, тескентаудан өтіп кетсе де пәлен жерде ұрқымыз бар деп көңілге **медеу тұтып** жүретін (М.Мағауин).

○ Затынан мақтан сүйгіш бөспе Шымырбай Серғазының бұрынғысының бәрін естен шығарып, сыртынан мәз болып, **медеу тұтып**, сүйеніш, тірек санап, қарадай лепіріп, болып жүрді (Б.Тілегенов).

❖ **МЕЙІРІ ҚАНУ** – рақаттану.

○ Ол құду белді тас құшақтап, әлсін-әлсін аймалап, тар төсекте қомағай **мейірін қандыра** алмай жатты (Х.Есенжанов).

○ Келіншектің қолындағы сәбиді алып, **мейірі қана** иіскеп, маңдайынан сүйді (Б.Мұқай).

○ Ана **мейіріміне қанбай**, ананың жылы сөзін естімей

өскен Әсем іші-бауырына кіріп, айналып-толғанып өліп қала жаздайтын енесіне тез бауыр басты (Б.Мұқай).

❖ **МЕЙІРІ (МЕЙІРІМІ) ТҮСУ** – көңілі, ықыласы ауу.

○ Әке мен шеше алауыз болса балалардың бір-бірін сыйламайтындығын, бір-біріне **мейірі түсіп**, емешегі езіліп тұрмайтындығын Асылхан біледі (Б.Мұқай).

○ Әкелік **мейірі түсті** ме, әлде Қазиды бұл сапардан, енді қайтып оралмайды деп ойлады ма, баласы аттанар алдында ол жылап отырды (С.Мұқанов).

○ Осының бәрінде де оның өмір жолында кездескен кісілер – құй фабрикант, құй полицей, құй, мейлі, түрме начальнигі болсын, **мейірі түсіп** маңдайынан сипаған бір жан болмапты (Ә.Нұрпейісов).

❖ **МЕСЕЛІ ҚАЙТУ (ҚАЙТ БОЛУ)** – тауаны шағылу, көңілі қалу.

○ Және **меселіңді қайтарып тастаса**, жер болып қалмайсың ба деп ол ниетімнен басыламын (Ш.Елеуқенов).

○ Үлкен орындарда отырған тасмаңдай жаппарқұлдардың алдына талай рет барып, оп-оңай шешілетін мәселесі қиындап, ақыры су аяғы құрдымға кетіп, **меселі қайтып**, сан мәрте тауы шағылған (Б.Мұқай).

○ Олар да қуланып алды зой, кәзір: көлік және арба сұратып жіберсең, ілуде біреуі ғана болмаса, **меселіңді қайтармайды** (С.Мұқанов).

❖ **МИЫҒЫНАН (МҰРТЫНАН, МҰРТ АСТЫНАН) КҮЛҮ** – езу тарта жымию, мазақ қылып күлу.

○ Қонақтар не қалайтынын күні бұрын білетін өзінің әулиелік қасиетіне риза болғандай Назар Бәйділдаға басын иезп, **миығынан күлді** (Т.Әбдік).

○ Бұл соны естігенде **миығынан күліп**, ақымақ тобырдың көк ми есуастығына әбден айызы қанар еді... (Ә.Кекілбаев).

○ *Әрине, – деді Кәсен-Мүсен, мақтанғандай мұртынан күліп, – бір-ақ тасыдық!.. (С.Мұқанов).*

❖ **МИЫНА ДА КІРІП ШЫҚПАУ** – көңіл бөлмеу.

○ *Сондықтан Субайдың судыратып тұрған «үш жүз», «құрылтай», «партия» деген сөздері отағасының миына да кірмеді (І.Жансүгіров).*

○ *Жиналыста айтылған ескертулер бұның миына да кіріп шықпайды, тұрысын қарасайшы, төрт құбыласы түгел адамдай, - деп қынжылды нағашысы («ЕҚ»).*

○ *Бірақ: «Сол бірлік, сол татулыққа өзім не істедім екен?» – деген ой миына кіріп шықпайды (Ә.Кекілбаев).*

❖ **МОЙНЫНА ҚҰРЫМ ІЛУ** – қорлау.

○ *Ақ жібек шәлісінің үстінен бастыра мойнына құрым киіз іліпті-ау! (І.Жансүгіров).*

○ *Мойнынан ілген құрым киізден басқа оның көркем бойын кірлеп тұрған нәрсе жоқ (І.Жансүгіров).*

○ *Дәукен ат ойнататын адамша мойнына құрым ілген ақ келіншекті ақсаңдай басып жетелеп барады (І.Жансүгіров).*

❖ **МОЙНЫНА СУ КЕТУ (ҚҰЙЫЛУ)** – еңсесі түсу, жүні жығылу.

○ *Мен бұлай дегенде, ол олай дейді, ол олай дегенде, мен солай деймін, ол тағы да олай дейді, сол кезде былай деймін де, ол мойнына су кетіп, жағын ашпай отырып қалмақ (Т.Әбдіков).*

○ *Мойнына су кетіп, сүметіліп үйіне жеткен (Б.Мұқай).*

○ *Мойнына су кетіп, өзі қызына екі қойдырған Ғалиевтің алдына барды (Б.Мұқай).*

❖ **МОЙНЫН ІШІНЕ ТЫҒУ / МОЙНЫ ТҮСУ** – ұнжырғасы түсу.

○ *Оспан естімеген кісі болып, мойнын ішіне алып, көзін жерден көтерместен бұрылып кетті (М.Әуезов).*

○ *«Барған мектебін тағы сорлатпай ма» деген маған Шәкербай алара қарады да, Досан түксиіп, мойнын ішіне тыға салды (Қ.Шабдан).*

○ *Біrer айға дейін мойнын ішіне тыға жымыып, маған жуастау қарап жүрді (Қ.Шабдан).*

❖ **МҰҢ МЕН ЗАРЫН (ШЕРІН) ТАРҚАТУ / МҰҢ ШАҒУ (МҰҢЫН ТАРҚАТУ)** – көңілдегі шерін кетіру.

○ *Қыздың қабағының қыртысы жазылғанмен көзіндегі мұң тарқамай қойды (Б.Мұқай).*

○ *Біздіңше, туынды тасқын салдарынан кенже баласынан айрылып, қайғы-қасірет шеккен Зейнеп байқұстың мұң-зарын шертеді (А.Рақыш).*

○ *Бар-бар мұңын айтқысы келгендей, бар-бар шерін тарқатқысы келгендей (С.Сматаев).*

○ *Ойласам, не болғанымды білмей кетемін, – деп Дәулетхан бұған мұңын шақты. Ішінде түйін болған аңы зардапты бұл ешкімге, соның ішінде тіпті өзінің шешесіне де толық ашаған еді (Ж.Жұмақанов).*

❖ **МҰЗҒА ОТЫРҒЫЗЫП КЕТУ** – алдау.

○ *Жауыз талайды осылай тақыр мұзға отырғызды дейтін еді, мен де отырдым (С.Мұқанов).*

○ *Бір жерде Тақыр мұзға отырғызып кетіп жүрмесін... (С.Мұқанов).*

○ *Мұның аты сауда деп, көзімізді бақырайтып қойып, қанишауың қанишамызды тақыр мұзға отырғызып жүрсіңдер?! (Ұ.Доспанбетов).*

❖ **МҰРНЫН КӨККЕ КӨТЕРУ (ШҮЙІРУ) / МҰРНЫН ШҮЙІРУ (ШҮЙІРЕ ҚАРАУ)** – паңсу, өзін басқадан артық санау.

○ *Кенжетайдың айтуынша, ол мұрнын көкке көтерген тәкаппар (С.Мұқанов).*

- Одан өлсе барсын, – деді Итбай **мұрнын шүйіріп**, – Тұяқтың ұлы жететін зой, тұқымы одан кемімес (С.Мұқанов).
- Тіпті **мұрныңды көкке көтеріп** болар емессің зой... (Б.Имангазина).
- Әлгі шірік қатыны мұқымсып **мұрнын көкке көтеріп**, үнді шайынан басқаны татып алмайтын еді, енді бүкіл үйін кәнпескілегенде қайтер екен? (Е.Домбаев).
- Бекбосын ауылға келгелі бір-екі рет кездестіріп қалғаны бар. **Танауын көкке көтеріп**, тіпті менсінбей қарайды (Т.Мәмесейіттегі).
- Қыз бала болған соң, атын атап, түсін түстемей, жай ғана сынаған болып сипай қамшылап едім, қызару қайда «пішту» дегендей бетіме қарап, **мұрнын шүйірді** (Т.Сәукетаев).

❖ **МҰРНЫН ТЕСКЕН ТАЙЛАҚТАЙ (ӨГІЗДЕЙ) / МҰРЫНДЫҚТАҒАН ТҮЙЕДЕЙ** – кекесін. көңгіш, ырыққа ергіш, жуас.

- Кім көрінгеннің жетегіне **мұрнын тескен тайлақтай** бүлкілдеп ере берсе, оның әулиелігінің бәсі қанша? (С.Сматаев).
- Шаруадан басқаны білмейтін жуас күйеу, көк айыл әйеліне қарсы ештеме айта алмай, **мұрнын тескен өгіздей** жетегіне еріп жүре береді (С.Жүнісов).
- Аумалы-төкпелі заман туып, айрандай ұйып отырған халық қақ жарылған тұста да бөрі тигендей бөрліккен жұмысы жоқ елмен бірге жұмақ жер іздеп тау аса көшкенде де, **мұрнын тескен тайлақтай** елпеңдеп еріп кетпеген (О.Бөкей).

❖ **МЫРС ЕТУ / КҮЛҮ** – кекете күлу.

- Мен сенің қарауыңдағы солдатпын, сен менің бас қолбасшым, генералсың деп **мырс етті** (Н.Бектемірова).
- Аяған біраздан кейін, үлкен бір іске бел буып кірісердей құлшынып. Алдияр **мырс күлді** (Б.Мұқай).

○ Абай әлі де қысылмай, күле қарап Майбасарды мысқыл еткендей **мырс етті** де, арт жағында тұрған домбыраны алып, даңғылдатып тарта бастады (М.Әуезов).

○ Тершіген бет-аузын басындағы шүберек телпегімен сүрткіштеген Құдайберген қараптан-қарап, өз-өзінен **мырс етті** (Ж.Елшібек).

○ Шалының қылығына қайран қалған Қамар шешей еріксіз **мырс етті**: - Торғынды қатты сағыныпсың-ау (Ж.Елшібек).

❖ **МЫСЫ БАСУ (ЖЕҢУ) / СҮСЫ БАСУ** – қаймығу, тайсалу.

○ Айбарлы жанның **мысы басқан** ба аяғының сіңірі тартылып, алақанымен сипалап біраз отырды (С.Сматаев).

○ Әкесінің **мысы басқан** ба, қанша күйттесе де, Тынышбайдың бабы келер емес (С.Сматаев).

○ Елшілерді ауыл шетінен аттарынан қолтықтап түсіріп алған Жырғал тайшы бастаған төлеңгіттер қара жерге табаны тиісімен-ақ атақаздай мамырлап қалатын қазақтарды әлден-ақ **сұсы басып** тұрған ақ ордаға тарта жөнелді (С.Сматаев).

❖ **МЫШТАЙ БОЛУ** – жуасу, жым болу.

○ Кешегі айқайдан кейін жүгірмектер **мыштай болып-ақ** жүр зой («Қаз.әйелдері»).

○ Ашулы әкесінің таяғынан кейін ұлдары **мыштай болып** қалыпты! (Екі әйелдің әңгімесі).

- Н -

❖ **НАЗА БОЛУ** – ренжу, көңілі қалу.

○ Сүйген жаныңның ізі көз алдында неге сайрап жатпайды екен деп **наза болдым** (Ә.Нұршайықов).

○ Сақыпжамал кетісімен-ақ жаңа ғана **наза болып** тұрған жан-дүниесі жабырқап сала берді (С.Досанов).

○ *Құралай жанындай жақсы көретін аяулы әпкесінің төсек тартып жатып қалғанын естіп, **наза болды** (Б.Шаханов).*

❖ **НАЗ АЙТУ** – еркелеу, өкпелеген болу.

○ *Шашбауындағы жібек шоқты, ұзынша, қайқы біткен, аппақ саусақтарымен бір ширатып, бір өріп отырып, Абайға бас **назын айтты** (М.Әуезов).*

○ *Біраз қызыңқырап қалған Жомарт **наз айтқандай** сыңай байқатты (Ә.Ыбырайымұлы).*

○ *Ұзатылғалы отырған қайын сіңілім мені құшақтап, көздері жәутеңдеген күйі **назын айтты** («Қаз.әйелдері»).*

❖ **НАЗ КӨРСЕТУ (ҚЫЛУ)** – қылық байқату, еркелеу.

○ *Жанна сыртындағы қу томарға шылбыр байлаған Зәлиге құйрық бұлғақтатып итке тән **наз көрсету** дағдысынан да жаңылғандай (А.Мекебаев).*

○ *Күнделікті тірліктің өзінде де осы Айсұлу сәл нәрсеге де **наз қылып**, қабағын түйіп жүретін (Д.Исабеков).*

○ *Еркелеп күліп отырған Ұлпаны көрген соң, өтірік байбалам салып, әжесіне **наз қылғалы**, жылап келе жатқан Бақытты көрген соң, Злиханың жүрегі елжірейін деді білем, өз-өзінен ызаланып жылап жіберді (Б.Майлин).*

❖ **НАЗАРЫ ҚАЙТУ** – көңілі қалу.

○ *Бірақ көңілден базары кетпей, өмірден **назары қайтпай** жатқан қайсар кісілер қайғы-қасірет атаулыға аяқ шалдырмайды, ноқта салдырмайды екен (Н.Келімбетов).*

○ *Жастардың **назары қайтып**, ойын-күлкі енді ерсі болғандай болды (Ғ.Мүсірепов).*

○ *Бархан, міне, қырықтың бесеуіне келді – ертеңнен қара кешке дейін тыным таппай қанша еңбектенсе де, буыны босап шаршаған да, **назары қайтып** жалыққан да емес (О.Бөкей).*

❖ **НАЛА БОЛУ / НАЛА ҚЫЛУ / НАЛЫС ҚЫЛУ** – қапа қайғыда болу, қапа-реніш ету.

○ *Тәубә делік жайт: шерменделердің нақақ жаладан көңілі **нала болғанмен**, 37-жылдың қанды нәубеті қайталанған жоқ; соны да дес көрген «кінәлілер» бастан құлақ садақа – десіп, жер-жерден күнкөріс етер жұмыстар тауып алды... (М.Сәрсекө).*

○ *Міне, осылайша екінші күйеуімді де қара жердің қойнына беріп, екінші рет қара жамылып, **нала болып** жесірі қалдым (О.Бөкей).*

○ *Қасіреті мол жас зайып, Қараңғы ұзын түндерде, Үстіне қара жамылып, **Нала болып** жылайды (М.Жұмабаев).*

❖ **НАМЫС ҚЫЛУ (ШАҚЫРУ) / НАМЫСЫ ҚОЗУ** –

1. өзінен-өзі қорлану; 2. шамданып ашу шақыру.

○ *Бәрінен де бұрын **намысы қозатын** наразылыққа басайын десе, қол байлайтын нәрестесі және бар (С.Сматаев).*

○ ***Намысы қозған** елдің атойлаған арысы оққа ұшып, доппен тозатынын пайымдамаса, қырық кісілік ақылы бар хан боп несіне қақырайтып телпек кісін (С.Сматаев).*

○ *Оразбай сол үшін, көп үшін **намыс қылды** (М.Әуезов).*

○ *Ал, **намысы қозған** қазақтың қаталдығы қасқыр сияқты: қанын сорғалата, тірідей талап жеуден шімірікпейді... (С.Мұқанов).*

❖ **НАМЫС ҚЫСУ (БУУ)** – ұяттан қорлану, арланып қорлану.

○ *Шайтан азғырды ма, жалған **намыс бұды** ма, Көктұйғынды Ақмырзаның үйірімен қоса айдап кеттім (С.Сматаев).*

○ *Қай әміршінің **намыс бұған** көкірегінде тас қазаны қайнамаушы еді (С.Сматаев).*

○ *Бойымды **намыс бұып**, біраз уақытқа дейін өзіме-өзім келе алмай жүрдім (Ғаламтордан).*

❖ **НАМЫСЫН ҚОЗДЫРУ (ҚЫЗДЫРУ, ОЯТУ, ШҰҚУ)**

– арын түрту, ар-ұжданына, шабына тиерлік әрекет ету.

○ *Осы сөздер былайғылардың да **намысын қоздырғандай** ат бүйірін аяусыз тепкілетіп барады (С.Сматаев).*

○ *Қысқасы, қолына қалам алған қай қаламгер де мейлі ол қазақ болсын, орыс болсын, ұйғыр болсын, қай-қайсысы да ел рухын көтеру, ұлт **намысын ояту**, сөйтіп отаншылдық, патриоттық сезімін қалыптастыру жолдары қандай деген сауалға әр автор өзінше ой топшылай алуы тиіс (Ж.Кенжалин).*

○ *Өңшең «соқыр, таскерең мылқау» қоғамның мүшесі болғанды қойып, қолдан келгенше елдің **намысын оятып**, заңды бұрмалаушылыққа бірігіп күресудің күні туған сияқты (Ж.Кенжалин).*

❖ **НАРАЗЫ БОЛУ** – ренжу.

○ *Абай өзі үшін де, Ділдә үшін де **наразы боп** кетті, наразы ғана емес, ашулы еді (М.Әуезов).*

○ *Бұлар сонда кіре бергенде, жаңа тапқан қызығы шұғыл біткенге **наразы боп** қалған Оспан арттарынан бұғып кеп, дәл үйге кіре берерде Жиренишені қылтадан қатты шымшып алды (М.Әуезов).*

○ *Жастардың ыңғайын ертеден сезіп, іштей **наразы боп** жүрген Нұрғалидың жаңағы сөзді естігенде бұрқанталқан болғанын көрсең зой... (М.Хасенов).*

❖ **НАР БУРАДАЙ ШАБЫНУ** – ашумен шиыршық ату.

○ *Ал Қалдан Башықтының қаңтарда жараған **бурадай шабынып** келіп, сабылтып кеткенін баланың баласы ұмытпай жүр әлі (С.Сматаев).*

○ *Мақсаттың **нар бурадай шабынып** келген түрі қарсыластарын жусатып салғандай ма, бәрі моп-момақан күйге түсе қалыпты (Әл.желіден).*

○ *Жас батырдың **нар бурадай шабынып**, шиыршық атқан түрі қолбасыны біраз шабыттандырып келеді (ФБ).*

❖ **НАУРЫЗДАҒЫ ШАБЫНҒАН (БҰРҚЫЛДАҒАН) БУРА ТӘРІЗДІ** – ашуға, кекке міну.

○ *Еренбақ қатты ашуланып кетіп, үстелді сарт ұрды. Наурыздағы шабынған бурадай көздері де ежірейіп шыға келді (Ә.Орынбаева).*

○ *Жайық Батыраишқа қарай бұрылып наурыздағы шабынған бурадай көзі шатынап айқай салды (С.Жүнісов).*

○ *Әзір күресе тұрайын, – деп бурадай шабынып тұрған Добрый-Рабыйға келіп ұстаса кетті (Қ.Әбдіқадыров).*

❖ **НӘЗІМ ҚЫЛУ** – диал. мақтану.

○ *Шайтанның бір ойлаған дұшманлығын, Нәзім етіп білдірейін түркі тілмен (Ж.Шайхисламұлы).*

❖ **НӘЛЕТ АЙТУ** – қарғау, балағаттау.

○ *Соншама күйіп-пісіп, өз тағдырыма нәлет айтып, өмірден азар да безер боп жатсам да, көңілдегі үміт отын сөндіргім келмейтін сияқты (Н.Келімбетов).*

○ *Оқ тиген жылқылар, адамдар, жер бауырлап зарлаған әйелдер, бақырған балалар, айғайлап, нәлет айтқан еркектер (Ұ.Доспанбетов).*

○ *Тағдырына қаншама нәлет айтып, өмірден түңілген сәттерінде де ол өзінің өлердей ұнатқан Ингасынан бас тартпады (Ш.Елеукенов).*

- О -

❖ **ОЙБАЙ САЛУ** – айқайлап жылау.

○ *Сырлас почтальонға, осыны айтып ойбай салдым да, тез жеткіз дедім (С.Мұқанов).*

○ *Жалғыз ұлынан айрылған ана ойбайын салып жылаған күйі жер бауырлап жатып қалды (ФБ).*

○ *Терезе тұсында тұрып, ойбайын салып жылаған әйелдердің даусы құйқа тамырын шымырлатып барады (С.Жүнісов).*

❖ **ОЙ БАУЫРЫМ!** – жақын адамы қазаға ұшырағанда «ой бауырымдап» дауыс айтып, жылап келеді.

○ *Ағасынан шын айрылғанын енді сезінген сәтте «ой бауырымдап» ауылдастарының құшағына құлай кетті (Әл. жел.).*

○ *«...Генерал Акутиннің бүгін тағы екінші полкы Саратов жолының үстінде қаруын тастап қызылдармен ой бауырымдап құшақтасып табысып кетті... (Х.Есенжанов).*

○ *Ал, Шыңғырлаудан суыт жүріспен жеткен Ораз бен Хакімді көргенде ол, ой бауырымдап еңіреп қоя берді (Х.Есенжанов).*

❖ **ОЙДАН БАЗ КЕШУ** – көңілден түңілу.

○ *Өзін мұқым ел алдында айыпты санап, күйрек ойдан баз кеше алмай, әуре-сарсаң болып еді (С.Омаров).*

❖ **ОЙНАҚ САЛУ** – думандату, көңілдену.

○ *Жансыз жатқан құр сұлдер санама думан салып, көңілімді көркейтті. Кек алу арқылы ләззат алдым. Ойнақ салып әлдекіммен алыса түскім келеді... (Р.Мұқанова).*

○ *Ой-қырдан орғып-қарғып еріккенде, Алтайда ойнақ салып жүрген аңдай. Сол күнде бір ер бопты алты алашта, Қаны бір қалың елмен, жаны – басқа (М.Жұмабаев).*

○ *Түбіне теңге тастаса көрінетін мөлдір судан екеуі мүлде шыққысы жоқ. Олар біресе сүңгіді, біресе жүзді, біріне бірі су шашты, алысты, ойларына не келсе соны істеп ойнақ салды. Бір кезде бір тұстан ду-ду күлкі естілді (І.Жақанов).*

❖ **ОЙЫН КӨТЕРМЕУ** – өкпелеу.

○ *Ойын көтермейді екенсің, құрдас болып нең бар еді. – Жоқ, қайнаға, мен ойнап тұрған жоқпын, – деді уәкіл Кәрімбайға (С.Мұқанов).*

○ *Ойын көтермейді екенсің, Өлмей-ақ ел боларсың, басыңды көтер (М.Жұмабаев).*

- ❖ **ОЙЫН ТЕРБЕТУ** – сезімін ояту, жүрегін қозғау.
  - Таза ақыл, таңды тамаша білу – білімнің шыңы. **Ойын тербету**, көңілді ояту – соның жолы (А.Құнанбаев).
  
- ❖ **ОҚ ЖЫЛАНДАЙ КӨРУ (КӨРІНУ)** – ұнатпау.
  - Сол-ақ екен, қас пен көздің арасында дүние дүрілдеп кеше жөнелген, тажалдай төніп келе жатқан ақ шаңдақ қар құйынын көрді, төбесінен **оқ жыландай** атқыған дөңбектерді көрді (Қ.Ысқақов).
  - Ағыбайға жауына атылғалы тұрған **оқ жыландай боп** көрінді (А.Естенев).
  
- ❖ **ОҚТЫ КӨЗІМЕН АТА ҚАРАУ** – ашулану, жек көру.
  - Сау болыңдар, өңкей жындының ауылы!.. – деп бастық пен Ормантайға **оқты көзімен** соңғы рет **ата қарап**, есікті сарт жапты (Д.Исабеков).
  - Оған әйел беті бір көгеріп, бір бозарып **оқты көзімен ата қарап**, тағы да әлдене дейді. Сосын бір-біріне көздерін алартып, дауыстары қатты-қатты шығып, әңгімелерін жалғастыра береді, жалғастыра береді (Т.Әбдіков).
  - Ол Бақанның кемпіріне шаншыла, **оқты көзімен ата қарағанын** аңдамады, қозғалақтай түсіп терезеге бұрылды да: – Е, біраз бопты ғой, – деді (М.Сүндетов).
  
- ❖ **ОМЫРАУЫ ЖАСҚА МАЛЫНУ (БОЯЛУ)** – қайғыға бату, еңіреу.
  - Нюраныңда **омырауы жасқа боялған**. Бұларды Шолақ қол ажыратты. ана мен баланы күшке сап итеріп, сыртқа алып шықты да, түрменің шоқпардай темір құлыбын кілттеп, жапты (О.Бөкей).
  - Құнанбайдың өліміне бір айдай болды. Абайдың **омырауы жасқа малынды**. Өзі де жасқаншақ, көңілі құлазып, ойы қашып жүрген (М.Әуезов).

❖ **ОҢ ҚАРАМАУ** – жақтырмау.

○ *Оның сауығуына мұның оң қарамайтын да себебі бар зой!* (Қ.Шабданұлы).

○ *Аға сұлтандар ауысса да, Майыр ауыспаған. Ол да Құнанбайға оң қарамаған* кісінің бірі болатын (М.Әуезов).

○ *Екеуі ақыл қосып қамбаға енді. Шәңгерей оң қарамай сырт айналады. Сыралғы боп алған, екі жақтағалы келгенін сезіп тұр* (Ғ.Мұстафин).

❖ **ОПЫҚ ЖЕУ** – өкіну.

○ *Ойланбаған орға жығылады, опық жейді* (Ә.Нұршайықов).

○ *Комендант мені ерте мақтамасын, артынан опық жеп жүрер, – деді Бауыржан* (Ә.Нұршайықов).

○ *Сол ақымақтығыма міне «көсемнің» барлық сиқын өз көзіммен көргенде ғана опық жеп, өзімнен-өзім ұялып отырғандаймын* (Қ.Шабданұлы).

❖ **ОСЫРҒАН СИЫРДАЙ ҚЫЛУ** – әбден ұялту, масқаралау.

○ *Ақанның атағын ойласаңдар, оу, бүкіл қарауыл, күні кеше еліңнен бір сұлуды бұйыртпай, бәрің де серіні осырған сиырдай қылғандарыңды ұмыттыңдар ма?* (С.Жүнісов).

○ *Екі сөзінің бірінде «ел, ауыл» деп, зарлайды да отырады, сол елінде, сол ауылда құшақ жайып қарсы алатын ағайын, туганы отырғандай. Сол көксеген елі емес пе еді, осырған сиырдай мүйіздеп айдап шыққан* (О.Бөкей).

○ *Олай дейміз, былай дейміз, әйтеуір ретін тауып ақыр аяғында кім-кімді де осырған сиырдай қылып, ту-талақайын шығарып тынамыз* (Б.Жүсіпов).

○

❖ **ОТ БОП ЖАНУ (КҮЮ)** – қатты толқып, тебірену.

○ *Қатты дамыққанда, не қуанғанда қызыл шырайлы жүзінің одан әрмен от боп жанатыны бар* (Ұ.Доспанбетов).

○ *Ингасы есіне түскен сайын тағаты таусылып, жан дүниесі **от боп жанады*** (Ш.Елеукенов).

○ *Жастық мастығынан айырыла бастаған бейшара жүрек, бір алланың рахым туы астында дүрсілдеп соғуынан жаңылмаса да, қыз-бозбала кезіндегідей **от боп жандырмайды*** (Ш.Елеукенов).

❖ **ОТҚА МАЙ ҚҰЮ** – өшіктіру.

○ *Оңашалық пен тыныштық та мұндайда **отқа май құйғандай*** (Ш.Елеукенов).

○ *Қалтарыстан шыға келіп соқтыққан мына паңдар, ертең тұтанар **отқа май құя** салуға әзір тұрған жоқ па?* (С.Жүнісов).

○ *Бұл да **отқа май құйған** тәрізді бәрінің көкірегіндегі қыжылды, өшпенділікті одан әрі қоздырса керек* (Ұ.Доспанбетов).

❖ **ОТЫРҒЫЗЫП (ОТЫРТЫП) КЕТУ** – алдау.

○ *Жол бойы шақар шалды тақырға **отырғызып кетудің** алуан түрлі жоспарын жасады* (С.Балғабаев).

○ *Былтыр 60 тонна көкөністің ақшасын есеп-шотымызға сегіз айдан кейін аударып, теңге құнсызданып тұрған кезде тақыр жерге **отырғызып кеткен*** (Ә.Файзуллаұлы).

○ *Әлгі Нәл аға бізді ауызданбаған қозы деп жүр ме? – Ауызданбаған бөлтірік деп жүрген шығар! – Ауызданбаған соң қозы болсақ та, бөлтірік болсақ та бәрібір. – Ол бізді **отырғызып кетті**, ә? – Ауыздана келе, оны да отырғызармыз!* (С.Бақбергенов).

- Ө -

❖ **ӨГІЗДЕЙ (ӨГІЗШЕ) ӨКІРУ** – бақырып жылау.

○ *Ол **өгіздей өкіріп**, тоқтауға шамасы келмей, бар даусымен бастырмалата жылайды* (О.Бөкей).

○ «Ей, қайдасың, кірсеңші үйге!» – деген Еріктің **өгіздей өкірген** даусы күл-паршасын шығарды, шығарды да мүлдемге ұмыттырды (О.Бөкей).

○ «Адалыңды айтсаң ғана жаның қалады» деген сөзден дәмеленген, оның үстіне шегінер жері, бұлтарар тұсы қалмаған соң Дауылбай **өгіздей өкіріп**, алдыма құлап түсті (К.Сегізбайұлы).

❖ **ӨЗЕГІ ҮЗІЛУ** – өлердей жақсы көру.

○ Сахалин сапарында жүріп, Рысқұл туған елін, Ақсу-Жабағылының аршасын, Алатаудың ақ шыңдарын, жәдігері Тұрарын, тұлымшағы селтиген Түйметайын **өзегі үзіліп** сағынғанда, Избайшаны да аңсайтын болады (Ш.Мұртаза).

○ Әлгі **өзегі үзілгелі** тұрған аш көзбен махаббат шырағын жаққан гашықтар көзін қатар қойып салыстырғансың. Екеуі де ішіп-жеп барады. Екеуі де өмірге қызыға сөніп жанып, сөніп-жанып қарайды (А.Қаражәгітов).

❖ **ӨЗІН ҚОЯРҒА ЖЕР ТАППАУ / ЕШ ЖЕРГЕ (ЖЕР БЕТІНЕ) СЫЙМАУ / ӨЗІН ҚАЙДА ҚОЯРЫН БІЛМЕУ** – не істерін білмеу, торығу.

○ Сөйтті де ол орнынан тұрып, жүгіре жөнелген, **жандарын қоярға жер таба алмай** отырған басқасы да оның соңынан тұра ұмтылды (К.Сегізбайұлы).

○ **Қу жанын қоярға жер таппай**, Атбасар тресінің кеңсесінде қағаз қотарып отырған геологқа да Қазақстанға баруға рұқсат кешіккен жоқ, тіпті жеделхатпен хабарланған (М.Сәрсеке).

○ Егер ол қабілеттің көзін ашпасаң бала **өзін қоярға жер таппай** бұзақылыққа ден қояды (Ұ.Доспанбетов).

❖ **ӨКПЕСІ ҚАРА ҚАЗАНДАЙ** – реніші таудай.

○ Енесінің көңілінде тас болып байланған **қара қазандай өкпе бар...** (О.Бөкей).

○ Қытайға ауғандардың басымы мыңғырған малынан айрылып, бәлшебектерге **өкпесі қара қазандай** болғандар (Ұ.Доспанбетов).

○ Мезгілсіз уақытта шаруа тауып берген қаладағы ипподромға да, солардың сөзіне тақ тұрып, ойланбастан жайлаудан жылқы алдырған совхоз директорына да **өкпесі қара қазандай** болып, іштей алысып келе жатыр (Қ.Жұмаділов).

❖ **ӨЛГЕН ӘКЕСІ ТІРІЛІП КЕЛГЕНДЕЙ ҚУАНУ** – қатты қуану.

○ Айдалада, жападан-жалғыз келе жатқанда қарсы алдынан көзіне оттай басылып, бала кезінен бауыр басқан Қазанғап өзені шыға келгенде жас жүрегі атқақтай соққан бала **өлген әкесі тіріліп келгендей қуанды** (С.Досанов).

○ Қажасатын қара таппай, іші пысып, көрші-қолаңмен ұрсысқан жартылай молда, жартылай атбегі әңгімешіл нағашысы Дәуренді көргенде, бейне, баяғыда көкпарда аттан құлап **өлген әкесі тіріліп келгендей қуанды** (Д.Досжан).

○ Бархан совхоз екі мая шөп түсіріп бергенде соғыста **өлген әкесі тіріліп келгендей** қуанышы қойнына симаған (Ж.Аймауытов).

❖ **ӨЛМЕГЕНГЕ ҚАРА ЖЕР** – қатты ұялу, қысылу.

○ “**Өлмегенге қара жер**” деп бір бозарып, бір қызарған Аяғанның көз алдында күні кеше қабылдау емтиханнанында екі алып кеткен момақан жүзді түбіт мұрт жігіт биіктеп бара жатты (Б.Мұқай).

○ Омар қайтсін, амалы бар ма? Іші түтін, сырты бүтін, **өлмегенге қара жер**, күр сүлдері гана өрт сөндірген кісідей болып, жүріп, тойын қылып, құдасын түсіріп жөнелтті (С.Торайғыров).

○ Қайтсін, амалы бар ма, «**Өлмегенге қара жер**» солбырайып атына әзер мініп: Әй, бәлем - ай, сені ме? - деп, тістене - тістене Нұрым қайтты (С.Торайғыров).

❖ **ӨЛІП КЕТЕ ЖАЗДАУ / ӨЛІП ТІРІЛУ** – 1. сұғанақтану; 2. қатты ұялу; 3. өбек болу.

○ *Тіпті танауының демі борандай соғып ысқырп кетті дедім зой, шиқылдап бір жолата өліп кете жаздады дедім зой!... (Қ.Шабданұлы).*

○ *Сондағы өз қылығын еске алса, бұл қазір де осынау аңыраған ашық теңізде ақ қар, көк мұзда тұрып та ұяттан өліп кете жаздайды... (Ә.Нұрпейісов).*

○ *Ешқандай белгісін білмеймін, апай. Екі көзі жылтырап тұратын сияқты еді. «Қалқам, айналайын» деп кісінің асты үстіне түсіп өліп кете жаздайды екен (Ә.Нұршайықов).*

❖ **ӨМІРДЕН БАЗ КЕШУ** – түңілу

○ *Сүйгеніне қосыла алмайтынына әбден көзі жеткен кезде Сұлушап дүниеден түңіліп, өмірден баз кешіп, екі қолын төбесіне қойып кетті (“Қаз. әйелдері”).*

○ *О баста жиырма бес жыл қошқар бағамын деген ой қаперінде де жоқ еді, тіпті біреу-міреу сен енді сөйтесің, бүкіл өміріңді осы қошқардың соңында өткізесің десе, дүниеден баз кешіп, екі қолын төбесіне қойып, безіп кетуі де мүмкін еді; бірақ ол кезде мұның бәрі уақытша ғана нәрсе секілденген (С.Балғабаев).*

○ *Бұл өмірден баз кешіп кетсем де «тәуба» дейінші, бәлкім Бәкірдің сөзі дұрыс... (Ә.Ыбырайымұлы).*

❖ **ӨМІРІ ӨКСУ** – құса-қайғыда өмірі өту.

○ *Жылқыбайдан бір, Айдаболдан екі таяқ жеп, өмірі өксіді (Б.Мұқай).*

○ *Төбелес... таяқ... сөз болып па. Жұдырықпен бір қойғаны үшін сотталады да кетеді, ол бір жұдырықпен кек те қайтпайды, өз өмірі өксиді, қор болады (С.Мұратбеков).*

○ *Оған Сәндібаланың сол бір ауыр күндері көзі әбден жеткен. Бұлар бала болып күлмеді. Күңіренгендерді көріп өмірі өкситін. Бірақ тіс жарып, қарсылық білдірмейтін (С.Мәмет).*

❖ **ӨЗЕГІ ӨРТЕНУ / ӨЗЕГІН ӨРТЕУ** – 1. Іші күйу, қызғану; 2. Қасірет шегу, күйіну, қайғыру; 3. Жанына бату, күйіну.

○ *Оның өзегін өртеген өз ызасы, көкіреке сыймай кернеп келе жатқан өшпенділік оты қоңыраудың балгасындай маңдайына қайта-қайта ұрып, мазасын алған ашу тепкісі бар (Б.Тілегенов).*

○ *Бір гана өзекті өртеп, жаныңды шырқыратып, сыздататыны соңында қалып бара жатқан ата-ана, бауырыні, апа-қарындас (Р.Мұқанова).*

○ *– Жә, ез немелер! Әжібек төсегіне барып шалқасынан құлай кетті, өзегім өртеніп барады...Уһ.. не істесем екен? (С.Мұратбеков).*

❖ **ӨКПЕСІ ҚАРА ҚАЗАНДАЙ** – реніші таудай.

○ *Енесінің көңілінде тас болып байланған қара қазандай өкпе бар... (О.Бөкей).*

○ *Қытайға ауғандардың басымы мыңғырған малынан айрылып, бәлшебектерге өкпесі қара қазандай болғандар (Ұ.Доспанбетов).*

○ *Әрине, мұның да Әбілқайыр ханға өкпесі қара қазандай (Қ.Жұмаділов).*

❖ **ӨКПЕСІ АУЗЫНА ТЫҒЫЛУ** – айрықша толқудан тынысы тарылу.

○ *Бойын билеген таңғажайып жан рақаты, өлермен құмарлық, беймәлім қорқыныш көңілінде құйындай үйіріліп, өкпесін аузына тықты (Т.Әбдік).*

○ *Шілденің шыжыған ыстығында өкпесі аузына тығылып, тандыры кеуіп шөлдеген жан гана саялы бақ пен салқын судың ләззатын өзінің жан-жүрегімен толық сезе білсе керек (Н.Келімбетов).*

○ *Бала күніндегі асыр салып ойнаған мекенімен қайта қауышқанда, өкпесі аузына тыгылғандай тынысы тарылып кетті («ҚӘ»).*

❖ **ӨКСІГІН БАСА АЛМАУ** – жылауын тоқтата алмау.

○ *Бақтыбай көпке дейін өксігін баса алмай, үнсіз жатты да, әлден уақытта барып, басын көтеріп, көрпеге көзін сұртті (С.Жүнісов).*

○ *Қазір олар өксігін баса алмай «Папам қашан аймалайды» деп күтіп тұр (Н.Келімбетов).*

○ *Қазір ұққанымды қазір ұмытып қаламын. Сақила, - деді ол әлі өксігін баса алмай тұрған серігіне қарап (Ә.Нұршайықов).*

❖ **ӨКСІП ЖЫЛАДЫ** – қапалану.

○ *Анадай жерде көзі жаудырап қарап тұрған Жәлелдің тұңғыш ұлы Болат жүгіріп келіп, аяғына оралып, «ағамның пальтосын шеш, бұл ағамдікі» деп өксіп-өксіп жылап жіберіп еді (С.Жүнісов).*

○ *Тығылып-ақ жатыр екен. Өксіп-өксіп жылайды (С.Жүнісов).*

○ *Сізсіз – менің ұйқысыз түндерден, мазасыз күндерден іздеген Анашым! Қиялхан бетін Ақ апаның бауырына басып, балаша өксіп жылады (О.Бөкей).*

❖ **ӨКІНІШКЕ ӨЗЕГІН ТІЛДІРУ** – қатты өкіну.

○ *Өйтіп өкінішке өзегіңді тілдіріп, аһылап, уһілегенше, бір амалын қарастырмайсың ба (Ш.Елеуқенов).*

○ *Өткен істің өкініші өзегін тілгіледі. Бірақ Қызыл Жебеге қылған қиянаты жалқы емес екенін ойламады (Ш.Мұртаза).*

○ *Шалдың екі ай бойы меңдеген ауруынан бөтен, жүрегін шымылдатып, өзегін тіліп бара жатқан бір дерті бар. Ол – қайығының суға кетуі (Т.Нұрмағанбетов).*

❖ **ӨЛГЕНШЕ (ӨЛЕРДЕЙ) ЖАҚСЫ КӨРУ** – емірене, сүйсіне қарау, қадір тұту.

○ *Кітап атаулыны және ертеде жарғаққа жазылған жазбаларды өлердей жақсы көретін, Шамның барлық*

құпияларын білетін және Шам байларының бәрінің құпия-сырларын сақтаушысы халдейлік қарт сіздің үйді нұсқаған еді, – деді Әбу Нәсір (Ә.Әлімжанов).

○ **Өзінің өлердей жақсы көретін**, пір тұтып сыйлайтын тәтесін көргенде қатты толқып кетті («ЕҚ»).

○ Сол бір күздегі оқиғадап кейін **өлердей жақсы көріп кеткен** еді («ҚӘ»).

❖ **ӨЛЕ ЖАЗДАУ** – 1. жаны қалмай бәйек болу; 2. шыдамсыздану.

○ Ал, намысқа буынып **өле жаздаған** елдің ер-азаматтары шұғыл жиылып, басы – Байбақты Сырым, – мың қаралы адам, ал кеп қусын жауды! (Қ.Мұханбетқалиұлы).

○ Інісі табалдырықтан аттап үйіне кіргенше шыдамсызданып, **өліп кете жаздады** (К.Сегізбайұлы).

○ Онсыз да сен ұсталып кеткелі жаным қалмай, ішқұсалықтан **өле жаздадым** (Ұ.Доспанбетов).

❖ **ӨЛЕРДЕГІ СӨЗІН АЙТУ** – қарғанып сілену, таусылу.

○ Біздің қазақ осылай **өлердегі сөзін айтпаса**, болмай ма өзі?! – деп Тұрманбет би басын шайқап-шайқап қойып еді... (Қ.Мұханбетқалиұлы).

○ Ол кезде бұл өңір сол Жаркент уезіне қарайтын, Смағұлға бірге жүр деп еді, қажсы әкесі **өлердегі сөзін айтып** жібермеді (Ұ.Доспанбетов).

○ «Ала кетіңіз»деп **өлердегі сөзімді айтып** жалбарындым. Безбүйрек кісі екен, «жүгім ауыр» деп зу етіп өте шыққаны (О.Бөкей).

❖ **ӨЛІП КЕТЕ ЖАЗДАУ / ӨЛІП ТІРІЛУ** – 1. сұғанақтану; 2. қатты ұялу; 3. өбек болу.

○ Өзінің кешегі әрекетінен қатты қысылып, **өліп тірілді** (Қ.Шабданұлы).

○ *Меңтай қамқорлық танытып, менің сөзімді сөйлеген сайын, қысылғаннан өліп кете жаздаймын* (Ә.Нұршайықов).

○ *Қыздың сұлулығына сұқтана қараған жігіт қыздан көзін ала алмай, өліп кете жаздады* («ҚӘ»).

❖ **ӨҢ ЖОҚ, ТҮС ЖОҚ** – 1. бетінде қан-сөл жоқ;  
2. қорқу, үрейі ұшу.

○ *Әншейінде жұрт алдына жайраңдап шығатын маңғаз Қанекенде өң жоқ, жауар бұлттай түнерген қалтымен мінбеге келді* (М.Сәрсеке).

○ *- Ана, басым... шығып барады, – деді Хансұлу, өң жоқ, түс жоқ көзіне тері құйылып* (Ә.Кекілбайұлы).

○ *Есіктен аяғын сылбырлау басып, әрең кірді. Өң жоқ, түс жоқ, бір қапа басқан қайғылы адам секілді* (І.Есенберлин).

❖ **ӨҢІ (РЕҢІ, ТҮРІ, ТҮСІ) САЛҚЫН (СУЫҚ, СҰСТЫ) / ҚАБАҒЫ ҚАТУ** – ашулы.

○ *Шәкіртінің жаңағы сөзін ұнатпай қалған сыңайлы, қабағы қатуланып, жүзіне сұс кірді* (Б.Мұқай).

○ *Мына Шарлотта байғұстың да уайымға берілуі одан кем соқпайтындай өңі қуарып, екі ұрты суала қалыпты* (Елеуқенова Ш.).

○ *Нүрке кемпір өңі сынық, қабағы қатулы* (О.Бөкей).

## - II -

❖ **ПӘРМЕНЕ (ПӘРУАНА) БОЛУ, ІШКЕН АСЫН ЖЕРГЕ ҚОЮ** – жақсы көру.

○ *Досы үшін жанын құрбан қылуға әзір осы бір ақ көңіл жігіт сен дегенде ішкен асын жерге қояды* (Н.Келімбетов).

○ *Өгей анасы да бала дегенде ішкен асын жерге қоятын, ете мейірбан, елгезек адам болады* (Н.Келімбетов).

○ *Қайран әже пәруана боп, қазан-аяққа қарай жүгірді* (Қ.Жұмаділов).

❖ **ПҰШАЙМАН БОЛУ (ЖЕУ)** – қапа болу, мұңаю, өкіну.

○ Жұмысбасты боп кеткендіктен, шені өсіп – шекпені жаңарғалы мынау су жаңа генерал-поручик формасымен жұрт көзіне жарқырап бір көріне алмай, өзі де **пұшайман болып** жүрген (Қ.Мұханбетқалиұлы).

○ Бәсе, мұндай аты шыққан аруды бір емес, бәлен жер айттырып қойса да әлдеқашан алып қашып кетсе керек еді, мықтымсынған талай ер шын аруды көргенде аруағы қашып, аузына сөз түспей, айтарға уәж таппай **пұшайман болған** шығар-ау (Н.Қами).

○ Мыңдап жылқы айдамаса да не ішем, не кием дегенді білмей өскен өзі де белінен шыққан баласының аяғын бүтіндеп бере алмай **пұшайман болып** отырған жоқ па! (Н.Қами).

❖ **ПЫСҚЫРЫП ТА ҚАРАМАУ, ҚАПЕРІНЕ ДЕ АЛМАУ** – менсінбеу.

○ Қызы бұл үйден кетсе, Қапыш **пысқырып та қарамайды** (С.Жүнісов).

○ Мен одан қымсынып қалып едім, қауім бекер екен, маған **пысқырып та қарамады** ол (Қ.Шабданұлы).

○ Күреңге **пысқырып та қарамай** қолды бір-ақ сілтеді (Ә.Кекілбайұлы).

- Р -

❖ **РАЗЫ (РИЗА, ЫРЗА) БОЛУ** – көңілі тою.

○ Иә, үшеуің де азамат боласыңдар, - деді жігіт кішкене баланың жауабына шын **риза болып** (Б.Мұқай).

○ Тіпті өзің біле бермейтін кейбір жайларды әңгіме еткенде бүкпесіз ашық мінезіне іштей **ырза болып** отырасың (С.Жүнісов).

○ Әйтсе де, соның бірде-біріне иланбай, қаңқу сөзге құлак аспай, аяр немені іштей ғып, жанын жағасына келтіріп, үйден қуып шыққаныңа мың да бір **риза болдым** (Н.Келімбетов).

❖ **РАЙ БЕРМЕУ** – жылы қабақ танытпау.

○ *Ғалым ондай хабарды **рай бермей** үнсіз тыңдайды, қиналуды түнге қарай ұйықтай алмай дөңбекшігенде көреді (М.Сәрсекө).*

○ *Оның орнын басқа адамдар алмастырғанға ұқсайды, әлгілер жолдарын кес-кестеп онша **рай бермеді** (Ә.Бібырайымұлы).*

○ *Қонағын дұрыстап танып алғысы келді ме, жоқ әлде, ниет-ниғылын білуге ынталы ма, Алдекең кірпік қақпай тесіле қарап отыр. Жігіттің мадақ сөзіне еш **рай бермеді** (Б.Мұқай).*

❖ **РАЙДАН ҚАЙТУ** – ашуынан, қаһарынан қайту.

○ *Ақыры Ақылбектің де көңілі жібіп, жаны бусанып алғашқы **райынан қайта бастады** (Н.Келімбетов).*

○ *Аяқ астынан бұлқан-талқан боп ашуланып, қас-қағымда **райынан қайтатын** зілсіз жандарға құштармын (Н.Келімбетов).*

○ *Игенжан да дауылдың бұлты сияқты **райынан тез қайтып**, сабасына түсіп қалғандай (К.Сегізбайұлы).*

❖ **РАҚАТҚА (РАҚАТ ҚҰШАҒЫНА) БАТУ (БӨЛЕНУ) / РАҚАТ ТАБУ** – жаны жайлану, тыншу.

○ *Күні бойғы күйбеңнен тынығып, **рақатқа бөленеді** (Н.Келімбетов).*

○ *Ондағы мейірім, инабат, әдемілік жаныңды баурап, жаураған жүрегіңді беймағұлым **рақатқа бөлейді** (Т.Әбдік).*

○ *Көзі тас жұмулы, **рақатқа батқан** сыңайы байқалады (О.Бөкей).*

- С -

❖ **САБАСЫНАН ШЫҒУ / САБАСЫНА СЫЙМАУ** – ашу, ыза кернеу.

○ *Лейтенант Қайсаров маған қорлық істеді. Қайсаров атын атағаннан-ақ **сабасынан шыққан** Уәли сөйлеген сайын өршелене түсті (Т.Ахтанов).*

○ **Сабасынан шығып кеткен** Ударцев шаршар етті (А.Смайыл).

○ Әншейінде салмақты, **сабасынан шықпайтын** мығым кісі осы жылы ішіне сыймай баратқан бір нәрсесі бардай сабырсыздау көрінді (Т.Ахтанов).

❖ **САБЫР ЕТУ (ҚЫЛУ)** – басылу.

○ **Сабыр етіңдер**, артын күтейік,— деді біреулер (С.Мұқанов).

○ Белсенділікті аңсамай, **сабыр еткенің** жөн шығар, – дегеннен басқа Жұман көп ештеңе айта алмаған (К.Сегізбайұлы).

○ Тарығып келген екенсің шырағым. **Сабыр ет**. Шектен де асқан шығар, сонда от алып, қамысқа кіргенмен не табасың? (Ғ.Мұстафин).

❖ **САҒЫ СЫНУ (ҚАЙТУ) / ТАУЫ ҚАЙТУ (ШАҒЫЛУ)** – беті қайту, мою.

○ Түнеугі қатты бораннан кейін аяздың **сағы сынып**, күнге жан кіре бастаған (С.Жүнісов).

○ Бірақ ол **сағы сынып**, жүні жсызылған адамға ұқсамайды (Н.Келімбетов).

○ Бірақ сен мені «Аз күнгі азапқа төзбей, **тауы шағылып**, **тауаны қайтып** қапты» деп ойлама (Н.Келімбетов).

❖ **САЙ СҮЙЕГІ СЫРҚЫРАУ (ШЫМЫРЛАУ)** – тұла бойы тітіреу, жүйені босату.

○ Әйел болса ешкімді тыңдар емес, зарлы үнімен тұрғандардың **сай-сүйегін сырқыратып**, жоқтауын одан әрі соза түсті (К.Сегізбайұлы).

○ – Құлындарым-ай! Бесіктен белдерің шықпай жатып жаратқан иеме не жазып едіңдер?! – деп егілген шалдың қасіретке толы дауысы сыртқа шыққан көршілердің **сай-сүйегін сырқыратты** (Б.Мұқай).

○ *Арысынан айрылған арудай ағыл-тегіл жылап, аңыраған жесір аққудың жетім үні сай-сүйегін сырқыратқан Құмарбек жанарынан ыстық жастың қалай шығып кеткенін байқаған жоқ (С.Досанов).*

❖ **САҚАЛЫН ЖҰЛУ** – күйіп-пісіп ашуланды.

○ *Саған ақылдасқан мен де ақымақ деп, онан жаман сақалын жұлды (С.Торайғыров).*

○ *Құлагер мерт болды деп естігенде, **Жұлдым да сақалымды, ойбайладым (Ақан сері).***

○ *Жақсылардың баласы, Жаман болса, жараңдар, **Сақалын жұлып** жылайды. Әбден ыза болған соң (Д.Бабатайұлы).*

❖ **САЛЫ СУҒА КЕТУ** – үміті үзілу.

○ *Бұл кезде ақ арғымақ мінген аққу қыз мына топтан әбден күдер үзіп, **салы суға кете** ат басын кейін бұра берген еді (С.Досанов).*

○ *Қасындағы жансыз бұтадай қарауытқан Малтабар мен Кәшкеден басқалардың **салы суға кеткендей** мойындары салбыраңқы екенін байқайды (Ұ.Доспанбетов).*

○ *Бұл жолы да **салы суға кетіп** қайтты. Екі көздері төрт болып өзін күткен адамдарға қарауға бет жоқ (Ұ.Доспанбетов).*

❖ **САНАМЕН САРҒАЮ** – қайғылы ой азабына түсу.

○ *Ал, ауруханада **санамен сарғайып** жатқанда, ой түбіне жетпек боп, қиял қойнауының қатпар-қатпарын ақтара беріп, шақшадай басым шарадай болды (Н.Келімбетов).*

○ *Айықпас дертке шалдығып ұзақ жылдар бойы **санамен сарғайып**, өлі мен тірінің арасында сары төсек боп жатқан дімкәс жандардың талайымен ауруханада таныс, тағдырлас болдым ғой (Н.Келімбетов).*

○ *Ондағылар мен сияқты ертелі-кеш **санамен сарғайып**, шаңыраққа қарап, зерігіп жатпайды (Н.Келімбетов).*

❖ **САНЫН СОҒУ (ҰРУ)** – қатты өкіну.

- *Балуан да, Ғазиз да санын соқты (С.Мұқанов).*
- *Амал не, артыңша аңғал ел тағзы алданғанын аңғарып, санын соқты (Т.Қожакеев).*
- *– Ақсақал, Димаш Ахметұлы Алматыда жоқ. – Алла құдай-ай! – деп күйінген шал санын соқты (Б.Мұқай).*

❖ **САРЫ УАЙЫМ** – тұңғыық қайғы-қасірет.

- *Біреулер таусыла қайғырып, сары уайымға түсіп басын көтере алмайтын кәрі мысықша жүнжіп кетеді (С.Жүнісов).*
- *Ана Лиза шешең өзі ілбиіп, сүрініп жүрген арық неме, сенен хабар келмесе сары уайымға түсіп, өліп қалады (С.Жүнісов).*
- *Былтыр Жәлелім суыққа ұшып өлгенде мен енді ұзақ жасамаспын, сары уайыммен баламның соңынан мен де аяңдайтын шығармын деп ойлап ем (С.Жүнісов).*

❖ **САЯ ТАБУ** – жан рақатын көру.

- *Біз ауылға қайтадан оралдық. Әлгі үйге келсек, ақсақал шай ішіп болып қалған екен. Қолымды ұстап тұрып шынтақтап басып қалғанда жаным сая тапты-ау. Суық тер бұрқ ете қалды (Ш.Жандаев).*
- *Көзге жыл ұшырап көрінетін бетінде бұдыры жоқ сайын дала, көле жота, бел-белестер әбден көзқашты қылып келгенде, жүндес таудан сая тапқандай рахаттана дем алатын (О.Бөкей).*
- *Жәнібек бас жауы Әбілқайыр ордасын жеңгеннен кейін көңілі азырақ сая тапты (І.Есенберлин).*

❖ **СЕЛК (СЕЛТ) ЕТУ** – шошып қалу.

- *Телефон шалдыр ете түскенде, мен селк ете қалдым (Т.Әбдіков).*
- *Асқар Қамзаның сап-сау үнінен селк ете қалды (Т.Әбдіков).*

○ *Ой түкпірін ақтарып, бейқам тұрған Аяған оқыс шыққан үннен селк етіп, жалт қараған (Б.Мұқай).*

❖ **СЕҢ СОҚҚАН БАЛЫҚТАЙ БОЛУ (СЕНДЕЛУ)** – есеңгіреп, сандалып қалу.

○ *Ә дегенде мен сең соққан балықтай есеңгіреп, не істерімді білмей ошарылып қалдым (Н.Келімбетов).*

○ *Бірақ сол күнгі сөзі мені сең соққан балықтай есеңгіретіп тастады (Н.Келімбетов).*

○ *Раушан құдды сең соққан балықтай есеңгіреп, есінен айрылып қалғандай болды (Н.Келімбетов).*

❖ **СОҚПА ДЕРТ** – кездейсоқ қайғы, күйік.

○ *Әйел өлмес соқпа дерттен. Сауыға алмас сынған ер. Мен-көмірмін қалған өрттен, Енді рұқсат бізге бер (Абай).*

○ *Тұла бойым – соқпа дерт. Көбелектей түскендеймін отқа кеп (С.Ақсұңқарұлы).*

○ *Расында да, дүңген дегенің – бір соқпа дерт қой. Келгені қандай тез болса, кеткені одан да жылдам (Қ.Жұмаділов).*

❖ **СОҢЫНАН КҮЛ ШАШУ** – құтылғанына қуану

○ *Біз осылай болсақ, қатындарымыз артымыздан күл шашып табалар еді (С.Мұқанов).*

○ *– Мен сіздің не айтайын деп отырғаныңызды түсінбеймін, учитель. Бұл уалаят басшыларының істеп отырған игі ісін жерлеу ме, әлде хүкімет көшінің соңынан күл шашып қалу ма? (Х.Есенжанов).*

❖ **СОРЫ ҚАЙНАУ / СОРЫ ҚАЙНАП ҚАЛУ / СОРЫ СОРПАДАЙ (СОПАҚ АСТАУДАЙ, САҚАРДАЙ) ҚАЙНАУ / СОРЫ ҚАЙНАП, СОРПАСЫ ТӨГІЛУ** – қасіретке ұшырау.

○ *Анасының алды-артын орап, бірін-бірі қуып, сүрініп-қабынып домалаңдап жүрген қос күшік, енді бір кезде соры қайнап ашулы сырттанның үстіне жабысты (С.Жүнісов).*

○ **Соры қайнап** сельпоның бастығы Тасқайыр төрт жылды арқалап кете барды (С.Жүнісов).

○ Әлгі Дика байғұс **соры қайнап** таяқ жеп қалды (С.Жүнісов).

❖ **СӨЗ ЕТІНЕН ӨТІП, СҮЙЕГІНЕ ЖЕТУ** – жанына қатты бату.

○ – *Құрттың-ау, балам! Енді қайттік?! Мына ойған суатың түнде қатып қалады. Ертең қолымызбен тоқпақ-таймыз ба? Әкесінің сөзі **етінен өтіп, сүйегіне жеткендей** (Ш.Смаханұлы).*

○ – *Сіз қыр көрсетіп отырсыз ба? Кімге көрсетіп отырсыз. Қайда отырғаныңды ұмытпаңыз. Жақ ашшы,кәне! Малқар жым болды. Аман айғайсыз, жәй сөйлесе де, **сөзі етінен өтіп, сүйегіне жетті** (Ғ.Мұстафин).*

❖ **СУҚАНЫ ҚАШУ (ҰШУ)** – зәре-құты, үрейі кету.

○ *Кемпірдің **суқаны қашып**, әркімнен амал сұрап, бәледен құтылуға тырысатын. Құдай-ай, сұмдығыңды сақтай гәр. Бұған не амал табамын, - дейтін (Б.Момышұлы).*

❖ **СУҚАНЫ СҮЙМЕУ** – жек көру.

○ *Әкесінің байлығына күпсінгеннен басқа, бойында іліп алар бір өнері жоқ, надан, өркөкірек, тыштықай Айдарбекті бұрыннан **суқаны сүймейтін** ол, жоқ жерден шатақ іздеген бай баласын, өзінің жақыны болса да, тап осы арада жайратып салғысы келген (С.Жүнісов).*

○ *Туасы көп сөзділікті **суқаны сүймейтін** келіншек, жігіт азасы жасқа келген шағында ақылынан адасып, алжасып жүрген келімсекті жақтырмағаны рас-ты (О.Бөкей).*

❖ **СУЫҚ (САЛҚЫН) АЖАР (ЖҮЗ, ҚАБАҚ, ТҮС)** – ренішті, кейісті пішін, зәрлі бет.

○ *Айналасына зәр шашып тұрғандай **түсі суық** (Н.Келімбетов).*

○ *Бүлк етуді білмейтін безірейген **суық жүзінен** оның алде домбыра тыңдап, алде өз ойына беріліп отырғанын аңғару қиын...* (Ә.Әлімжанов).

○ *Жүрісі суыт, **түсі суық** көрінді* (Қ.Шабданұлы).

❖ **СУЫҚ (КӨЗБЕН) ҚАРАУ (ҚАРСЫ АЛУ) / СУЫҚ ҚАБАҚ КӨРСЕТУ** – жақтырмау.

○ *Қапелімде не дерін білмей, шошына сұқтанған Тағанға сұлық та **суық қараған** қалпы: – Жүріңіз, шай ішіңіз, – деді* (О.Бөкей).

○ *Аман ұялғанынан қып-қызыл болып, Таймасқа **суық көзбен қарап** қойып еді, ол бұған қасақана қарамады. Өткір жігіт көмейіне келіп қалған сөзді бөгеген жоқ* (Ғ.Мұстафин).

○ *Жігіттердің осындай бір сүйкімсіз қылығын Шәминур ұнатпаушы еді. Өз сөзіне өзі мәз боп күлген Әділғазыға қабағын түйіп, **суық қарады*** (Н.Ғабдуллин).

❖ **СҰҒЫН ҚАДАУ (САЛУ)** – ұнатпай қарау.

○ *Сұғын қадап қырындап, сабақтың артынан алып қалып, зачет қоймай қызғылық салды емес пе* (О.Бөкей).

○ *Жаз, күз әуреленіп әрең үйген бұл байлығымызға сиырлар **сұғын қадап**, маза бермейтін болды* (Қ.Шабданұлы).

○ *Ең жақсысы, Текесарының інінен қазып әкелген астығымызға осыдан соң **сұғын қадай** алмай қалғаны болды* (Қ.Шабданұлы).

○

❖ **СҮЙЕГІ ЖАСУ** – қажу, мұқалу.

○ *Сендерге де айтарым сол, өз іштеріңді жегі құрттай жеп бітіре жаздаған мына сұмдарыңды өлтіргенім үшін жазаласаңдар, **сүйегімді жасытып**, Итжеткен айдап, әуре болмаңдар* (К.Сегізбайұлы).

○ *Періштедей баламды қор қылды, **сүйегін жасытты**. Итаяқтан сарысу ішкізіп отыр. О заманда бұ заман, ер баланы осылай қорлағанды қайдан көрдіңдер?* (Т.Әсемқұлов).

○ – *Езіле берме! Сүйегіңді жасытпа! Тарихшы, азапты күндердегі тағдырласың Асылдың айтқандары есіңнен шықты ма? (А.Қаражгіітов).*

❖ **СҮЙЕКТЕН ӨТУ / СҮЙЕКТІ СЫРҚЫРАТУ / СҮЙЕККЕ ТИЮ** – жанына қатты бату.

○ *Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді» деп қазақ бекер айтпаған зой... (Ә.Әлімжанов).*

○ *Өйткені жабайы сөздер тек сүйектен өтетін болса, улы мысқыл оның аржағында бүйректен де тесіп өтуі мүмкін...» (М.Сәрсеке).*

○ – *Жә, зарлай берме, сай-сүйегімді сырқыратып. Үндемей жыла! – деп, Ерік зекіп тастады (О.Бөкей).*

❖ **СЫНЫҚ (ЖҮЗДІ) ЖАН** – мұнды, қайғылы, жабырқаңқы кісі.

○ *Нүрке кемпір өңі сынық, қабағы қатулы (О.Бөкей).*

○ *Күләннің қызыл шырайлы ақ жүзі сынық, белгісіз бір көңілсіздік байқала берді (Қ.Шабданұлы).*

○ *Сынық жүздің сұраулы қарасы отырғандарды еріксіз теңселтіп жіберді (М.Нұрпейісов).*

❖ **СЫРДЫҢ СУЫ СИРАҒЫНАН (ЖҮЛЫҒЫНАН) КЕЛМЕУ** – мән бермеу, менсінбеу.

○ *Бұрынырақта «Сырдың суы сирағынан келмей» жүрген диуана шағында үстінен трактор жүріп өтсе де, былқ етпейтін Таған соңғы ішуін тыйған уақыттан бермен, жоқтан өзгеден секем алып, қоян жүректеніп кетіп еді (О.Бөкей).*

○ *Маңдайыңа он шақты маңыраған мен бір-екі кісінеген бітіп еді, «Сырдың суы сирағынан келмей» қалды зой, –деп, Нүрекең Сәкітайды жеңіл әзілмен тоқтатқан (К.Сегізбайұлы).*

○ *Бұрынырақта «Сырдың суы сирағынан келмей» жүрген диуана шағында үстінен трактор жүріп өтсе де, былқ етпейтін Таған соңғы ішуін тыйған уақыттан бермен,*

*жоқтан өзгеден секем алып, қоян жүректеніп кетіп еді (О.Бөкей).*

❖ **СІРКЕСІ СУ КӨТЕРМЕУ** – көңіл-күйі болмау.

○ *Тағы бір гажабы, халық қатты қысылғанда әмсе сіркесі су көтермей қабақтары салбыраңқы жүреді деу бекершілік, шамасы (Ұ.Доспанбетов).*

○ *Ауыздары жарып ас ішпеген түлкі құрсақ жандардың сіркесі су көтермейді (С.Мәмет).*

○ *Үнемі сіркесі су көтермей отыратын бұның аурушаң енесі қаз-қатар тізілген қалың базарды бір сүзіп шықса, бар кеселінен айығып кететін (З.Жұманова).*

- Т -

❖ **ТАЗЫ ҚУҒАН ҚОЯНДАЙ** – қатты қорқу, сасқалақтау.

○ *Ең жаманы, екеуі бір жоғары оқу орнында оқиды, факультеті басқа болса да, кейде сыртынан көріп қалады, ондайда біздің батыр тазы қуған қояндай зыта жөнеледі (Д.Тұрлыбек).*

○ *Артынша палатаның есігі айқара ашылып кетті де, құдды тазы қуған қояндай ентігіп Раушан жеңгей кіріп келді (Н.Келімбетов).*

❖ **ТАҚАТЫ КЕТУ / ТАҚАТ ТАБА АЛМАУ / ТАҚАТЫ ҚАЛМАУ (ТАУСЫЛУ)** – тынышсыздану.

○ *Бірақ, сонда да, дәл осы қазіргідей боп Абайдың тақаты кетіп, жан ұшырған (М.Әуезов).*

○ *Ізтай атына жетіп, одан сайды өрлеп, ауылдың арғы өкпе тұсынан шыққанша тосқауылда жатқан бұлардың тағаты әбден таусылуға жақындаған (К.Сегізбайұлы).*

○ *Ол кідірген сайын Қаныштың тағаты таусылып, ойы ар саққа ауытқып мазасыздана бастады (М.Сәрсеке).*

❖ **ТАҚСІРЕТІН ТАРТУ** – азабын, күйігін көру.

○ Кедейлік **тақсіретін тартып** баққан сорлылар ыржақтап, мағынасыз күледі (Ғ.Мүсірепов).

○ Жас кезінде-ақ әке-шешесінен айрылып, жетімдік **тақсіретін тартқан** қаспан-қаңлы Ералы сол кездегі үгіт-насихат жетегінде өз еркімен Қызыл әскер қатарына жазылып, жан-тәнімен қызмет етті емес пе? (Ұ.Доспанбетов).

○ Үлкен ағай Нұрсейіт те сұрапыл соғыстың **тақсіретін тартып** өсті (Ш.Жандаев).

❖ **ТАЛАҒЫ ТАРС АЙРЫЛУ (ЖАРЫЛУ, КЕТУ)** – бұлан-талан боп ашулану.

○ Балалар көзінің **талағыңды соншалық тарс айырғаның** не? Әлі де қу күндестік жыны буып жүр ме? Айт шапшаң! – деді (М.Әуезов).

○ Ералыжан... Аманатқа қалғанын айтпадың деп, **талағы тарс айрылып** жүрсе, ол мынандай қарыны тойып ішер астың өзіне зарығып мүсәпір болып отыр екен ғой!.. (Ә.Кекілбайұлы).

○ Мектепте біреу бес алса да, қабырға газетіне тәуір өлең жазса да, қыздарға сөйлесе де, тіпті жаңа шалбар киіп келсе де күндеп, **талағы тарс айрылып** кете жаздайтын (Н.Келімбетов).

❖ **ТАМАША (ҚЫЛУ, ЕТУ, КӨРУ)** – сүйсіну, қуаныш ету.

○ Абай Алшынбай аулынан сыртқарырақ шыға беріп, Ерболмен бірге оңашарақ тоқтап, мынау кең жазықтағы ауылдардың қонақ күткен көрінісін **тамаша қылды** (М.Әуезов).

○ Абайлар да жастыққа сүйеніп, даланың тыныш тынған жайлау түнін **тамаша етті** (М.Әуезов).

○ Әбіш Дәркембай бойындағы қасиетті **тамаша етеді** (М.Әуезов).

❖ **ТАНАУ ҚАҒУ / ТАНАУЫ ДЕЛДИЮ (ҚУСЫРЫЛУ, ТАРЫЛУ)** – елеріп, ашу шақырып шыға келу.

○ *Астындағы бусанып тұрған, танау қаққан ақ боз атын айнала жалт-жұлт бұрып, шиыршық аттырып тұр (М.Әуезов).*

○ *Құйрығын шанышып алып, қос танауы делдиін, екі көзі дәл бір сойғалы жатқандай аларып, ежірейіп ап, жынданғандай жүйткіді (М.Әуезов).*

○ *Көзі күлімдеп, танауы делие түсіп, ызаланып алды да, бір-ақ түйіп, қысқа байлау айтты (М.Әуезов).*

❖ **ТАНАУЫМЕН КӨК ТІРЕУ / ТАНАУЫН КӨККЕ КӨТЕРУ (ШҮЙІРУ)** – ешкімді менсінбей дандайсу, мақтану.

○ *Былай, адаммен... тең дәрежеде дұрыс сөйлесе ме? Әлде танауын шүйіріп, биіктен қарай ма? (Ә.Ыбырайымұлы).*

○ *Кербұғы атылып шықты да, танауын шүйіріп бізге одырая қарады, сосын басын кекжситіп мүйізін арқасына сала ойқастай жөнелмекке оқталды да, мүйізі жоқ мұқыр екені есіне түскендей, жер иіскелей желе жөнелді (О.Бөкей).*

❖ **ТАҢ ТАМАША БОЛУ, ӨЗ КӨЗІНЕ ӨЗІ СЕНБЕУ** – таң қалу

○ *Бала емес пе, сиқыршының қолындағы жұмыртқа тауыққа айналып кеткенде Ринат таң тамаша болды (“Қаз әйелдері”).*

○ *Құлағынан күн көрініп, қашан көрсең де үзілгелі жүретін Айтұғанның адам танығысыз семіргенін көріп өз көзіме өзім сенбедім (Т.Нұрмағанбетов).*

○ *Ағыбай өз көзіне өзі сенбей, қолындағы ақшаға бір, қасындағы жиеніне бір қарай береді (Қ.Жұмаділов).*

❖ **ТАҢДАЙ (ТАҢДАЙЫН) ҚАҒУ (ҚАҒЫСУ)** – таңдану, таңырқау.

○ **Таңдай қаға** тамсана қараған Таған, ақсақалдың соңғы сөзін естіген жоқ, көз алдында табиғат құдіреті орната салған көркем көріністі қызықтаумен тұр (О.Бөкей).

○ Бір кесек етті асықпай шайнап, тамсанып **таңдайын қақты** (Т.Әсемқұлов).

○ Ақ елтірі ішігін желбегей жамылып отырып, **таңдайын қақты** (М.Әуезов).

❖ **ТАУСЫЛЫП (ТАУСЫЛА) АЙТУ (СӨЙЛЕУ)** – жалынып-жалбарыну.

○ Шырағым-ай, **таусыла сөйлемесең** де болатын еді (Ғ.Мүсірепов).

○ – **Таусыла сөйлегеніңе** қарағанда, тынысың тарылған-ау, балам! (К.Сегізбайұлы).

○ Өзі тапсырған маңызды шаруаны ол орындай алмай келгендей ренжіп, **таусыла сөйледі** (К.Сегізбайұлы).

❖ **ТАУЫ (ТАУАНЫ) ҚАЙТУ (ШАҒЫЛУ)** – сағын сындыру, бетін қайтару.

○ **Көңілі жасып, тауаны қайтып, тауы шағылған** Аяған көпке дейін Әсем тұратын жатақханаға беттей алмады (Б.Мұқай).

○ Екі араға елші жүрді. «Аз үйлі Үйсін» деп Балуанды ұстап әкетпек болған жау жағының **тауы шағылып, беті қайтты** (С.Мұқанов).

○ Ана жақ: «Құнанбайдың **тауы шағылды, тауаны қайтты**» деп, масайрап, жамырасып жатыр (М.Әуезов).

○ Диссертациясының бір тарауында осы мәселені бүгешігесіне дейін ашып, таратып жазып еді-ау... амал не, бұл әрекеті де саяси соқырлық, идеялық қателік деп табылып, **тауаны шағылды...** (О.Бөкей).

❖ **ТЕРІС ҚАБАҚ БІЛДІРУ / ТЕРІС КӨЗБЕН ҚАРАУ / ТЕРІС КӨРУ (ҚАРАУ)** – жаратпай, ұнатпай қарау.

○ Баршасы өз бастарын ойлап менен **теріс қарады** емес пе, тіпті салған кісің Құндақбайды таппайды да, ол қарақшың бәлкім Қытай асып кеткен шығар» деп құтылғансыды (Ұ.Доспанбетов).

○ Әкең **теріс көрмесе**, сен маған кел, шәкірт бол (Ө.Қанахин).

○ Оның үстіне күндестен туған Қалдан-Серенді (Галдан-Церенді) байының алдында сәтін келтіріп жаманатқа іліндіріп, **теріс қабаққа** бір көзеп бере алса, онда, құдай-ау, Лаузан-Шона алтын тақты жеке-дара иемденер еді зой! (Ә.Кекілбаев).

❖ **ТЕРІСІ ТАРЫЛУ (ТАРЫЛЫП КЕЛУ)** – ызасы келу, ашулану.

○ Айтқожаның құлығы сені елірткен. Бір дем салса, күшіктей соңына ерткен. Менің **терім тарылып** келе жатыр, бұрын кісім емес ең жалғыз шерткен (Абай).

○ Қараған сайын іші әлем-жәлем боп, **терісі тарылып** бара жатқан секілді (Н.Келімбетов).

○ Темірке орыс генералының осы жолы анау-мынау емес, бір ауыр салмақты өздерінің иығына артып жіберетін ыңғайын іші сезіп, осында келгелі **терісі тарылып**, қабағы түсіп, бүрісіп-тырысып... (Ә.Нұрпейісов).

❖ **ТЕРІСІНЕ СЫЙМАУ** – қатты ашулану, долдану.

○ Жәңгір **терісіне сыймай** ашуланды (Ә.Әлімжанов).

○ Көкбол **терісіне сыймай** отыр (Ә.Әлімжанов).

○ Бағанадан **терісіне сыймай** отырған Нарботаевтың талағы дәл осы жерге келгенде тарс айрылуға тиісті еді, бірақ өйтпеді (К.Сегізбайұлы).

❖ **ТОҚМЕЙІЛ ТАРТУ** – көңілі орнығу.

○ Жәшік ішінде шынтақтап жатқан Мұқтас **тоқмейіл** езу **тартты** (Ә.Сараев).

○ Бірақ сіз өз өрісіңіздің шегін нақты біле бермейсіз, екіншіден, асқарға шыққан мықтының өзі жеткен жерім осы-ақ екен деп тоқыраса, ең жаманы – болдым, толдым деп **тоқмейіл тартса**, сол, жеткен биіктен сырғып төмен түседі, мүлде құлдырап кетуі ғажап емес (М.Мағауин).

❖ **ТОРСАҢ ҚАҒУ** – бұртию, ерсі мінез көрсету.

○ Айғаным бұндайда бір ауыз сөз айтып, **торсаң қақпаса**, қонаққа барғанда ішкен асы бойына жұқпайтындай көреді (А.Байтанаев).

❖ **ТОЯТ БЕРУ (ЕТУ, ЖЕГІЗУ)** – ләззатқа кенелту.

○ Жеке басының, тәні мен жанының өзімшіл тілегіне тәтті **тоят берген** алғашқы адымында келіншек күйеуін жоғалтқан еді (М.Шоқайұлы, Б.Серікбайұлы).

○ Әміре даусының әр иірімін, әр сөзін **тоят алмай**, жұта берді (М.Шоқайұлы, Б.Серікбайұлы).

○ Бір қарға екі-үш шоқып, жемтіктен **тоят тапты** да, оның қалғанын әлдебір жерге апарып жасыра бастады (Ы.Кененбай).

❖ **ТӨБЕГЕ ЖАЙ ТҮСКЕНДЕЙ (СОҚҚАНДАЙ, ҰРҒАНДАЙ / ТӨБЕДЕН ТҮСКЕНДЕЙ)** – ыңғайсыз жайға ұшырау.

○ Тек әлгі әзірде ... жәйсіз хабар естіп, **төбемізден жай түскендей** ойсырап қалдық (Ш.Елеуенов).

○ Қатынқарағай ауданының секретары Төлегенов «Жапонияның шпионы» деген айыппен ұсталыпты дегенде, **төбелерінен жай түскендей** болды (О.Бөкей).

○ **Төбесінен жай түскендей** отырып қалған Қоңқай ауыз аша алмай тұқыра берді (Қ.Шабданұлы).

❖ **ТӨБЕГЕ ОЙНАУ / ТӨБЕСІНЕ ҚАМШЫ (ӘНГІР ТАЯҚ) ОЙНАТУ / ТӨБЕСІН ТЕСУ / ТӨБЕСІНЕ ШЫҒУ** – қорлау, басыну.

○ Кейін сенің жіберген көмегің мардымсыз, әрі кешігін жетті деп, алматылық дөкейлер мына бәріміздің **төбемізге әңгір-таяқ ойнатуда** (Ұ.Доспанбетов).

○ Қапыда қалдым... – Мақпал тағзы да босап, орамалын көзіне апарды. – Үйленгесін басыма **әңгір таяқ ойнатты** (Қ.Қараманұлы).

○ Сол себепті олар екі күн болса да қызмет буына елірді. Атқа мініп, ауыл үстіне **әңгір таяқ ойнатты** (Б.Майлин).

❖ **ТӨБЕДЕН СУЫҚ СУ ҚҰЙҒАНДАЙ** – есінен тану.

○ Біреу **төбесінен сар еткізіп сұп-суық су құйып жібергендей**, Жапардың жүрегі аяғының басына түсіп қала жаздады (Ә.Ыбырайымұлы).

○ Сонда да біреу **төбесінен суық су құйып жібергендей** тұла бойы қалтырап кетсін (З.Жұманова).

○ Маратқа бір міндет арта салғаны. Марат **төбесінен суық су құйып жібергендей** болды. Не ары, не бері жүрерін білмей, есіктің алдында тұрып қалды (Ә.Қалдыбаев).

❖ **ТӨБЕ ШАШЫ ТІК ТҮРУ** – қорқу.

○ Бас тергеушінің кім екенін естігенде **төбе шашым тік тұрып**, үрпие қалғандай сезілді (Қ.Шабданұлы).

○ – Әлі келмеді ме? – деп үдірейе қалғанында **төбе шашым тік тұрды...** (Қ.Шабданұлы).

○ Қоштасқан найзагер достар, бірін-бірі қимай әзер айырылысқан сүйіскен жүректер, жылаған бала, жоқтау айтқан әйел, қайғы-қасіреттен адамның **төбе шашы тік тұрарлық...** (І.Есенберлин).

❖ **ТӨБЕ ҚҰЙҚАСЫ ШЫМЫРЛАУ** – қорқу.

○ Бір оқып **төбе құйқам шымырлады** менің (Қ.Шабданұлы).

○ Сондайда пәруана сәбидің үнін естіген құлақтың **төбе құйқасы шымырлайтын** (Ә.Ыбырайымұлы).

○ *Жапардың төбе құйқасы шымырлады* (Ә.Ыбырайымұлы).

○ *Арбизан аша мүйіздің түбінен дырылдатып кескенде, мүйізім жоқ менің төбе құйқам шымырлап кетті, арқамды аяз қарығандай, өне бойым мұздап сала берді* (О.Бөкей).

❖ **ТӨБЕСІ КӨККЕ ЕКІ-АҚ ЕЛІ ЖЕТПЕУ (ТИМЕЙ ҚАЛУ) / ТӨБЕСІ КӨККЕ ЖЕТУ (ТИЮ) / ТӨБЕСІН КӨККЕ ЖЕТКІЗУ (ТИГІЗУ)** – қатты қуану, шаттану.

○ *Алдияр Ақпанұлы секілді атақты ғалымның үйіне барамын, қолтаңба қойған кітабын аламын деп ойламаған жігіттің төбесі көкке екі елі жетпей қалды* (Б.Мұқай).

○ *Өйткені менің екі ұлым, екі немерем бар екенін білгенде төбем көкке екі елі жетпей қалды* (Н.Бектемірова).

○ *Алқа-жиын тоймен келін түсіріп, апам байғұстың да төбесі көкке жетті* (Х.Ерғалиев).

○

❖ **ТӨЗІМІ (ШЫДАМЫ) ТАУСЫЛУ** – сабыры жетпеу, мазасыздану.

○ *Жұманның төзімі таусылғаны сондай, өңі сұп-сұр болып, Қожамбергеннің жанына жетіп келген* (К.Сегізбайұлы).

○ – *Содан көсемді көрдің бе? – деді әбден шыдамы таусылған Қасым* (К.Сегізбайұлы).

○ *Жұрттың ұйқысын бөлмей-ақ қоялық, таңға дейін өзара сабыр-сабыр десіп, екі қаралы әйелдің төзімінің таусылған жері осы екен* (Ұ.Доспанбетов).

❖ **ТҰЛА БОЙЫ ҚАЛТЫРАП КЕТУ (ҚҰРЫСТАУ, ТҮРШІГУ, ТІТІРКЕНУ, ШЫМЫРЛАУ, ШІМІРКЕНУ) / ТҰЛА БОЙЫ ТІК ТҮРУ** – қатты қорқу, сескену.

○ *Балуанға скрипка мен сырнайдың емес, жүрегiнiң қылы күй толғағандай боп, тұла бойы шымыр - шымыр етті* (С.Мұқанов).

○ *Құлақ салсаң болды — тұла бойың шымырлап, қолың өз-өзінен семсерге созылады* (Ә.Әлімжанов).

○ **Тұла бойымды түршіктірген қатер мен күдіктің мұздай суық желі сумаң қақты** (Қ.Шабданұлы).

❖ **ТҰЛАН ТҰТУ** – ашулану, бұрқан-талқан болу.

○ Содан соң-ақ Сүгір айғайды салып, от басын сабап, Бөкенші аруағын шақырып, **тұлан тұтып** кетті (М.Әуезов).

○ Әлия, **тұлан тұтып** түйіле шықты (Қ.Шабданұлы).

○ Кеше, оның осы екі атты қымай **тұлан тұтуы** жаман еді (К.Сегізбайұлы).

❖ **ТҰТАНА ТҮСУ** – ашулана түсу, күйіне түсу.

○ Қайтпасаңыз мағлұм боласыз, – деп қолындағы аса таяғымен жерді қатты түйіп қалды. Сармолла қып-қызыл боп **тұтана түсті** де... (Р.Бердібаев).

○ Бірақ Демежанның бұл ақылға көнетін сыңайы көрінбеді. Аққұба кесек жүзі күреңітіп, намыспен **тұтана түсті** де: – Жоқ, Бабалық, оның жөні келе қоймас, – деді басын шайқап (Қ.Жұмаділов).

○ – Күш сынасасың зой! Онда болсын. Болсын сол сен айтқан зорлығым! - деп түйілген кекпен **тұтана түсті** де, қатты дауыстап айқай салды. - Кімің бар! Әкетіңдер мынаны. Қабатын төбет болмақ! (С.Сматаев).

❖ **ТҮГІН БЕТІНЕ ШАШУ / ТҮГІН СЫРТЫНА ТЕБУ / ТҮГІ СЫРТЫНА ШЫҒУ** – ашу шақыру, түтігу, түнеру.

○ Осы қиырдағы Нұрбек бай, басқа да ауқаттылар аздаған ірі қараны, қой-ешкіні жасырып, нәпақа етуге жарарлық талшық жағын қамдаса, Дөнен бай ол жөнінде саусақ ұшын қимылдатпай **түгін сыртына теуіп** міз бақпастан отырған орнында шөкті (Ұ.Доспанбетов).

○ Тек әскербасы гана **түгін сыртына шығарып**, найзасын қысқа ұстап, Баллыққа қарап бедірейіп қапты (Ұ.Доспанбетов).

○ *Мен не болсам, сен де солсың» деп, ішінен дауласып кеткендей болды. Ұзын мұрты тікііп, түгін сыртына теуіп алды (М.Әуезов).*

❖ **ТҮРПДЕЙ ТИЮ** – өте қатты бату, ауыр тию.

○ *Бұл жай аса жоғарғы деңгейдегі басшылардың құлағына түрпідей тиіп, дереу оған басқа атау табуды бұйырыпты (Ұ.Доспанбетов).*

○ *Нұрмолда Мұқажанға селт еткендей, жалт қарады. Ол бұл сөзін ыржиып күле айтты. Бәрібір сонда да болса Нұрмолдаға түрпідей тиген еді. Жаңағы бір шымышудың орнын тырнап алғандай болды (С.Бақбергенев).*

○ – *Сәлем, жолдас стахановшы Ақмет, – деді. Бір қолы шекесінде, өкшесі сарт етті. Ол бұны құрмет деп тұр. Жас түгіл, үлкеннің көбі атамайтын өз атын өзі естігенде, Ақметтің құлағына түрпідей тиді. Бірақ, сыр мінез жігітке кек қылған жоқ (Ғ.Мұстафин).*

❖ **ТҮС ШАЙЫСУ** – қатты сөзге келу, ренжісу, ұрысу.

○ *Барымды ортаға сап, түс шайыспай-ақ үлесемін (М.Әуезов).*

○ *Мына жайлауда бөлінбеген бір елдің көдесі үшін түс шайысу тіпті жол емес!-деп тоқтады (М.Әуезов).*

○ *Абай мен Тәкежан түс шайысып қалғанда, Шұбар өзі қатыспай қалуды қисынды таппады (М.Әуезов).*

❖ **ТҮСІ БҰЗЫЛУ (ҚАШУ, СУУ)** – өңі өзгеру, бет-бейнесі құбылу.

○ *Ханның түсі бұзылып, қолындағы жіңішке алтын таяқшасымен тақтай еденді тарс еткізді (Ә.Әлімжанов).*

○ *Исатайдың түсі бұзылып көзінде ашулы от жарқ еткенін Махамбет байқап қалды (Ә.Әлімжанов).*

○ *Екі көзі атыздай болып түсі бұзылып кеткен, кәдімгі жын соққан адамның түрі (Ұ.Доспанбетов).*

❖ **ТҮСІ ЖІБІМЕУ** – мейірі түспеу, жылы жүз білдірмеу.

○ *Тек Еламанның түсі жібімеді: – Жә, шаруаңды айт (Ә.Нұрпейісов).*

○ *Құлмақ әлі де түсі жібімей, қиналған боп: – Иісіл болғанда қандай, ой, антұрғандар-ой, көш жерден біледі зой, кілем үстінде жатқандай, әне шынтақтай түсіп жайғасуларын қарашы, – дегенде, қара жігіт жаңа түсініп, оқыс баж ете күлді (С.Жүнісов).*

❖ **ТҮСІН БИЛЕУ** – жүз-шырайын ішкі сезімге жеңдірмей ұстау.

○ *Жасынан түсін билеп, сыр бермеген, Дәмеленсе, күндесе, білдірмеген.*

*Нанасың не айтса да, амалың жоқ. Түсінде бір кәдік жоқ алдар деген (Абай)*

○ *Мұның қанқұмар кескінін, қызыл көзін көріп Жақыптың өзі селк ете түсті. Әйтсе де, түсін билеп ұзақ отырды (Ж.Молдағалиев).*

○ *Нұрдәулет қанша жылы сөйлеп, жұмсақ жымығанмен оның сызылған сыпайы жүзінен әлдебір сынықтық байқалмай қалған жоқ. Нұрдәулет қанша түсін билеп, сыр бермегенімен сұңғыла... (С.Досанов).*

❖ **ТЫЗ ЕТЕ ТҮСУ / ТЫЗ ЕТЕ ҚАЛУ** – тез ашулану.

○ *Мұндай күтпеген жайтты көрген жігіттің өне-бойы алденеден тыз ете дуылдады (Ә.Ыбырайымұлы).*

○ *– Жо-жоқ, ешқандай да құпия емес! – Бәкір аяқ астынан тыз ете түсті (Ә.Файзуллаұлы).*

○ *Нақыпбек тыз ете қалды. Қырылдаған дауысына зіл салып сөйледі (С.Сматаев).*

❖ **ТЫРНАҒЫНА АЛМАУ** – түкке жаратпау, менсінбеу.

○ *Бірақ сені Абайдың бір сынық қара тырнағына алам ба екем мен! – деді (М.Әуезов).*

❖ **ТІЛДЕП ЖІБЕРУ** – ұрысу, балағаттау.

○ *Жеңгем енді бырқылдап ұрсып, Өмірбекті соңынан тілдеп жүр (Б.Соқпақбаев).*

○ *Едіге олардың арасынан тұра келді де ішіне ызасы сыймай булықса да, дәл бүгін марқұм Қазанғаптың аруағын сыйлағандықтан ғана, тілдеп-тілдеп жібере жаздап, өзін-өзі әрең тежседі (Ш.Айтматов)*

○ *Уақиға өрістей келе көрушілердің барлық қарғысы Көкенайға жауады. Кейбірі оның қыңыр сөзіне қарсы дау айтып, кейбірі тіпті ашық тілдеп жіберді (Қ.Шабданұлы).*

❖ **ТІЛІ БАЙЛАНУ / ТІЛДЕН ҚАЛУ / ТІЛ-ЖАҒЫ БАЙЛАНУ / ТІЛІ КҮРМЕЛҮ** – қорыққаннан сөйлей алмай қалу.

○ *Жо-жоқ, болды, қатты сөйлем, балаларды оятып жібересің, – Зәуреш тілін тістей қалды (Н.Бектемирова).*

○ *Сол күндерде қасындағы достарына ақын Абайдың да тілі күрмелін, барлық сазы сөнгендей (М.Әуезов).*

○ *Мұндайда балама не айтарымды білмей, тілім күрмелін қалады (Н.Келімбетов).*

❖ **ТІЛІН ҚЫШЫТУ** – ызасын келтіру.

○ *Күйеуі сөзін бітірісімен Тазагүл: – Әй, Қайырлы, тілімді қышытқан өзің, ендеше тыңда. Осы дүкенді ашқанға дейін жоқшылықтан көз ашпай, екбекақымызды айдан айға әзер жеткізіп күнелткенімізді ұмыттың ба? (Ж.Базаров).*

○ *– Төбемізде тайраңдамадың ба? – Иә, тілімді қышытпа, сен қатын. – Ойбай-ау, ол күндестігінен істесін, бәрінен бұрын сенің, сен мұндардың зәбірің өтті ғой. Көрінбеші көзіме! (Ә.Нұрпейісов).*

❖ **ТІРІДЕЙ ЖЕРГЕ КІРУ / ТІРІ МАСҚАРА ЕТУ / ТІРІДЕЙ ӨЛУ** – қатты ұялу, өлердей ұялу.

○ Ал егер ол менің масқаралығымның **тірідей өлгенімнің** куәсі болса ше?

*Бәрінен де жаныма осы қатты бата ма деп ойлаймын (С.Бақбергенев).*

○ – **Қап, мынау ит тірідей жер қылды-ау.** Ертең Гауһар келсе не бетімді айтамын, – деп еңіреген Бикеш жиылмаған дастарқан басында қала берген (Т.Қажыбаев).

❖ **ТІСІН ҚАЙРАУ** – жамандық жасау.

○ *Кісіге жақыннан көрген азар мен безер қаттырақ батушы еді зой; ендеше, тісін қайрап, жынына тиіп тұрған мына сұмырай басқа емес, бұның өз жақыны; тек быдық емес, оның қолынан жақсылық та, жамандық та келмейді; бәлкім, құрылышы азасы... (Ә.Нұрпейісов).*

○ *Көптен бері ашуланып көрмеген жүзі түтігіп, иегі сақылдап, жұдырығын түйіп үнсіз кіжінді, тісін қайрады (Ә.Кекілбаев).*

○ *Ішінен «ақымақсың, байқамайсың!» деп өзін де жерледі, «жер астынан жік, екі құлағы тік шыққан мыналарды көрдің бе!» деп уездің қызметкерлеріне де тісін қайрай түсті (Х.Есенжанов).*

- У -

❖ **У ШКЕНДЕЙ АҢ ҰРУ (БОЛУ)** – іші әлем-жәлем күйіп-жану.

○ *Пәле-жалаңды сен тияр болсаң, Алшын, мен тұрдым... тоқтадым айтқаныңа. Ал онда жанға жаныңды! Іш сөйтпін қанымды! – деп у ішкендей аң ұрып толықсып кетті (С.Сматаев).*

❖ **УАЙЫМ ЖЕУ** – қайғыру.

○ *Көңіл-күй әзірше осындай, уайым жеп түңілгеннен аманмын (М.Сәрсеке).*

○ *Сызрянға жеткен соң Мәскеуге жүретін поезға билет алып, оған ауысып міну де оңай болмас-ау, – деп Есім уайым жеген (К.Сегізбайұлы).*

○ *Қараптан-қарап қадірі қашқанына уайым жеді (Ә.Ыбырайымұлы).*

❖ **УЫН ІШУ** – қайғысын тарту.

○ *Тағдырдың қанша уын ішіп, запыранын жұтса да өмірден меселі қайтпаған осы екі жан майданнан мүгедек боп оралған Қаратай ағама ұқсап кетті (Н.Келімбетов).*

○ *Тағдырдың запырандай ащы уын ішіп, төрт тағандап жатқан мен үшін мұндай егес-күресте жығылу – өмірмен мәңгілікке қоштасумен бірдей болатынды (Н.Келімбетов).*

○ *Мына, Пам-Пама, Ларионыш та соның бір ұшқыны, бұл да тағдырдың уын ішкен пенде! (Ұ.Доспанбетов).*

- Ұ -

❖ **ҰЙҚЫ ҚАШУ (ҚАЛУ, БҰЗЫЛУ)** – тынышы кету, мазасыздану.

○ *Білдірмеген соң, іштей үгітіліп, ой меңдеп, ұйқы қашады (Т.Әбдік).*

○ *Көп күрсініп, дөңбекшумен ұйқы қашырған Абай да бұл түнді көз ілмей өткізді (М.Әуезов).*

○ *Еламан көзінен ұйқы қашып, әлі де болса ойы онға шауып жатыр (Ә.Нұрпейісов).*

❖ **ҰНЖЫРҒАСЫ (ҰНЖОРҒАСЫ) ТҮСУ** – көңілсіздену.

○ *Сасқалақтап, шарасызданып, ұнжырғалары мүлде түсіп кетті (Ш.Елеуқенов).*

○ *Біз Ингажан екеуміз өмірдің ұнжырға түсіретін қара бұлтын табанда серпіп тастадық (Ш.Елеуқенов).*

○ *Бір бейнетке шыдамай, осынша ұнжырғасы түсіп, осынша азғаны несі?.. (С.Жүнісов).*

○ *Айтқали екі иығы салбырап, ұнжырғасы түсіп, жер боп жайына кетті (Б.Тілегенов).*

❖ **ҰЯТҚА ҚАЛУ / ҰЯТ АРҚАЛАУ / ҰЯТТАН АТТАУ –** ұЯТТЫ ЖИЫП ҚОЮ.

○ *Өзіңді де, жұртты да ұятқа қалдырма (Ә.Әлімжанов).*

○ *Біздің халық әйелдерге ешқашан ауыр жүк көтертпейді, сіз мені ұятқа қалдырасыз...» – деген соң, амал қанша?! (М.Сәрсекелі).*

○ *Оның істеген ісіне өкпелі, тіпті, ағайын-туғанның алдында ұятқа қалып, бетімен жер басқанын ұғындырды (Ә.Ыбырайымұлы).*

- Ү -

❖ **ҮМІТСІЗДІККЕ САЛЫНУ (ҮМІТ ҮЗУ) / ҮМІТІ СӨНУ –** түңілу.

○ *Тіпті қара қағаз алғандарға дейін үміттерін үзген жоқ (Ә.Әлімжанов).*

○ *Әлде үміті үзілсе де, өмір дариясы тоқтамай аға бергені ме? (Н.Келімбетов).*

○ *Осылардың қайсысы басымызға ұжымақ орнатар дейсің. Әйтеуір амалсыздың күні де» деп үмітсіздікке салынады... (Қ.Жұмаділов).*

❖ **ҮРЕЙІ ҮШУ –** қорқу.

○ *Хаттың сөздерінен үйдегілердің, әсіресе Терентий Диякович пен оның әйелінің үрейі ұшты (С.Жүнісов).*

○ *Атының соңынан аяғына оралған ұзын желбегейіне шалынып жығыла жаздап, үрейі ұшқан Нұрбол келеді дедектеп жүгіріп (Ә.Әлімжанов).*

○ *Нұрбал үрейі ұшып, бұрышқа барып тығылды да, талайға дейін есіктен көз алмады, бірақ ішке ешкім кірмеді (Ә.Әлімжанов).*

○ *Ердалі де әне жарық дүниеден түңіліп, тіршілікпен қош айтысқандай құр сүлдері қалып, көрдің жиегіне тақалғандай үрейі ұшып, құты қашқан* (Б.Тілегенов).

❖ **ҮСТІНЕ ТҮСЕ КЕТУ (ТҮСП БАРАДЫ, ТҮСП КЕТЕ ЖАЗДАУ)** – іші бауыры елжіреу.

○ *Күйеуі сау кезінде өзеті үзіліп, үстіне түсіп кете жаздап тұрған кейбір келіншектерді күйеуі мүгедек боп қалғанда көрсең бар зой, танымай қаласың* (Н.Келімбетов).

- Ш -

❖ **ШАБЫНА ОТ САЛУ (ОТ САЛА СӨЙЛЕУ) / ШАБЫНА (ШАМЫНА) ТИЮ (ТҮРТУ)** – тиісу, түртпектеу, егесу, намысына тию.

○ *Ал үшінші курста оқитыным оның шамына тигендей боп, шытынап кетті* (Ә.Нұршайықов).

○ *Тек бара-бара ол жиналғандардың шамына тие бастады* (Ұ.Доспанбетов).

○ *Жаңа мен қамшылаған жігіттің сұлбасы мынау араны ашылып қомағайланған Сәрсеннің одан әрмен шабына тиері даусыз!* (Ұ.Доспанбетов).

❖ **ШАДЫМАН ЖҰРТ** – көңілді, қуанышты ел.

○ *Шат көңіл, шадыман жұрт ақынысың, Жүйріктің жұрт қуантқан жақынысың, Баласын бақытты елге, түс майданға, Халқыңның қайратысың, ақылысың* (І.Жансүгіров).

❖ **ШАҢЫН ҚАҒУ** – ұрысу.

○ *Қос басына келісімен жігіттердің шаңын қағуға бекінген. Алайда оның сабырға суарылған ақылы асығыс ашуға тағы да ара түсті* (М.Хасенов).

○ *Ой, айтқыштарай, ендеше шаңын қағыңдар Патшагүлдің! «Айлақтың дүкендерін армансыз аралап шықты зой Патшагүл!* (Қ.Жиенбай).

○ Содан Мүсекең қатты ашуланып, қарамағындағы сараң кілтшілердің **шаңын қағып**: «Ойбай-ау, бұлар да өзіміздің көзіміздің ағы мен қарасындай балаларымыз емес пе. Оларға тамақты кем беруге, нашарын беруге қалай дәттерің барады? Ой, сен өзің кіммен ойнап отырсың? Бұлар ертеңгі сот, прокурорлар емес пе?» деп қуырып, семіз қой сойғызып, студенттердің тамағын жақсартты (Қ.Аманжолов).

❖ **ШАНШУ БОЛЫП ҚАДАЛУ / ШАНШУДАЙ ҚАДАЛУ (ҚАДАЛА КЕТУ)** – өңменінен өту, өте жайсыз тию.

○ Енді міне сүйікті қызының осы бір сәттік көз тастауы оған **шанишудай қадалды** (Ә.Әлімжанов).

○ Жә, жә, жалғыз Рамберді ме? «Өзің не бітірдің?» - деген тосын сұрақ бүйіріне **шанишудай қадалды** (Ә.Нұрпейісов).

○ Қайта бүйірінен **шанишудай қадалған** бірбеткей жас жігіттің жайлауда ұзағырақ жатқанына қуанатын сияқты (К.Сегізбайұлы).

❖ **ШАП ЕТЕ ТҮСУ (ЕТУ, ЕТЕ ҚАЛУ)** – бір сөзге келмей тыз етіп ашулану, тап беру.

○ Е, маған неғыл дейсің?! – деп Асқар **шап ете түсті** (Ә.Әлімжанов).

○ Ақшолпан алғашында қатты сасып қалғанымен дереу есін жиып, қаша жөнелмек еді: «Стой!» деген өктем дауыс шықты да, қарулы еркек қолы шынтағынан жоғарырақ **шап ете түсті** (Ә.Әлімжанов).

○ – Тоқта, сен өзің қайдан келіп жүрсің, соныңды айтшы? – деп Медеу оған **шап ете түсті** (Б.Майлин).

❖ **ШАР ЕТУ / ШАР ЕТЕ ҚАЛУ** – бажылдап жылау.

○ Үй иесі әйел **шар ете түсті**, күйшілер далаға қарай жүгірді (Ә.Әлімжанов).

○ Дәруіш **шар етіп** домалай жөнелді (Ә.Әлімжанов).

○ Ол жаңа інісінің үйінен **шар ете қалған** әйел даусын естіп, тізесі дірілдеп, аяғын баса алмай тұр еді (Ә.Нұрпейісов).

❖ **ШАРАСЫНАН АСУ (ШЫҒУ)** – шамадан артып кету, асқынып кету.

○ *Ақ-қарасы әлі де айқын, таза, ұзынша көздері өзгеше боп телміре түсіп, шарасынан асып үлкейіп қарайды (М.Әуезов).*

○ *Ол Бөкеншінің шарасынан асып, бұрқ-сарқ етіп жатқан хабарын да есітті (М.Әуезов).*

○ *Көзі әлі де жаңағы Әйгерімді шошытқан күйінде шарасынан шығып, шатынай қарайды (М.Әуезов).*

❖ **ШАРАСЫНА ТҮСУ** – қалпына, сабасына келу, саябыр табу.

○ *Енді біразда Абай жаңағы ызалы қалпын басып, шарасына түскен шақта қағаз, қарындаш ұстай отырып: – Осы жаңағыларға айтқан дауымның кейбірін мен қағазға түсірсем керек! – деп, биылғы күз бойында өзі көп оралып жүрген еңбек жайын айтып еді. (М.Әуезов)*

❖ **ШЕКЕСІНЕН ҚАРАУ** – менсінбеу.

○ *Ол бұл тапқырлығыма һәм мырзалығыма не айтасың дегендей мәжілісті басқарып отырған Жұманға қизаштап, бір шекесінен қараған (К.Сегізбайұлы).*

○ *Жүнісбай, Қожақанға кемсітіп, шекесінен қарайтын (Б.Соқпақбаев).*

○ *Иығың салбырап, я ел адамының өзі болып барып көр, жауап алар ма екенсің, шекесінен қарап сөйлеседі (Б.Майлин).*

❖ **ШЕР(ЛІ) БОЛУ / ШЕР ЖҰТУ / ШЕР-ШЕМЕНГЕ ТОЛУ** – қайғы-мұң басу.

○ *Тексізді теңім деп етегінен ұстап, жайлы өмірді елінен емес, шеттен іздеп көңілді шер-шеменге толтырып кеткен тойғанына мәз қызыңның жүрісі анау... (Ж.Базаров).*

○ *Енді Борис пен Серік аман болсын! Солардың тілеуін тілейік. Біз жыласақ, біз қайғырсақ, бұлар да шерлі болып жүдеп кетеді (Қ.Қайсенов).*

❖ **ШЕР КӨКІРЕК** – уайымды, қайғылы кісі.

○ *Быт-шыты шыққан қобидай құрсауға илікпес шер көкіректің шемен боп қатқан күйігіне жылаймын-ай!* (М.Мақатаев).

○ *Жазылмас жарасы, жете алмас мүддесі бар шер көкіректей ауық-ауық қатты күрсінеді* (Ж.Саин).

○ *Әке-шеше, бауырынан, туган-туыс, ана топырақ иісінен сәби шағында ажыраған олардың қатыгез, тасбауыр, мейірімсіз боп өспеуіне кім кепіл. Шіркіндер, жасқаншақ шер көкірек болмағай еді* (А.Қаражігітов).

